

Философия ғылымының докторы, профессор  
Ғабитов Тұрсын Хафизұлының 75 жылдығына арналған

## «ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ»

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
международной научно-практической конференции

## «КАЗАХСКАЯ КУЛЬТУРА И ФИЛОСОФИЯ

### В ТЮРКСКОМ МИРЕ»,

посвященной 75-летию профессора,  
доктора философских наук  
Габитова Турсына Хафизовича


COLLECTION OF MATERIALS  
international scientific and practical conference

## «KAZAKH CULTURE AND PHILOSOPHY

### IN THE TURKIC WORLD»,

dedicated to the 75th anniversary of Professor,  
doctor of Philosophy Gabitov Tursyn Khafizovich

Алматы, 25 қараша 2022 жыл



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Философия ғылымдарының докторы, профессор  
Ғабитов Тұрсын Хафизұлының 75 жылдығына арналған  
«ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ  
ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ»  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

*Алматы, Қазақстан, 25 қараша 2022 жыл*

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
международной научно-практической конференции  
«КАЗАХСКАЯ КУЛЬТУРА И ФИЛОСОФИЯ  
В ТЮРКСКОМ МИРЕ»,  
посвященной 75-летию профессора, доктора философских наук  
Габитова Турсына Хафизовича

*Алматы, Казахстан, 25 ноября 2022 г.*

---

COLLECTION OF MATERIALS  
international scientific and practical conference  
«KAZAKH CULTURE AND PHILOSOPHY  
IN THE TURKISH WORLD»,  
dedicated to the 75th anniversary of Professor,  
doctor of Philosophy Gabitov Tursyn Khafizovich

*Almaty, Kazakhstan, November 25, 2022*

---

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2023

ӘОЖ 008+1/14 (574)  
КБЖ 71+87 (5Қаз)  
Ф 53

**Бас редактор:**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Мейірбаев Б.Б.**

**Редакциялық топ:**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканның ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары **Альчимбаева А.Б.**

Әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі, философия ғылымының докторы, профессор **Алтаев Ж.А.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты **Құранбек Ә.А.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі философия ғылымының докторы, профессор **Құрманәлиева А.Д.**

**Философия** ғылымдарының докторы, профессор Ғабитов Тұрсын Хафизұлының 75 жылдығына арналған «Түркі әлеміндегі қазақ мәдениеті мен философиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Алматы, Қазақстан, 25 қараша 2022 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 280 б.

**ISBN 978-601-04-6231-1**

«Түркі әлеміндегі қазақ мәдениеті мен философиясы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы (Алматы қ., 25 қараша 2022 ж.) түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесін, ұлттық сана мен бірегейлікті негіздеудегі қазақ философиясының рөлін талдауға, қазақ мәдениеті мен Қазақстандағы мәдениеттанудың өзекті проблемалары мен түркітанулық және қазақтанулық зерттеулер: мәдени-антропологиялық мәселелерін зерттеуге арналған баяндамаларды, мақалаларды және басқа да материалдарды қамтиды.

Басылым әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында мамандандырылған ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, магистранттар мен докторанттарға арналған.

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланады.

**ҚҰТТЫҚТАУ ХАТТАР**

**ПОЗДРАВИТЕЛЬНЫЕ ПИСЬМА**

**CONGRATULATORY LETTERS**

## **Құрметті Тұрсын Хафизұлы!**

Сізді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан және өз атымнан 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Еліміз ғана емес, дүние жүзінің ғалымдары Сізді қазақ философиясына зор үлес қосқан, ұлт топырағында мәдениеттану ғылымы мен мектебінің негізін қалаған ғалым деп таниды.

Ғибратты ғұмырын философия мен мәдениеттану іспеттес адам баласының көкірегіне адамшылықтың нұрын егетін рухани дінгекті зерттеуге арнап келе жатқан Сіздің есіміңізді халқымыз ғылым мен қоғамның дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, қайраткер азамат ретінде ардақ тұтады.

Философия ғылымының іргелі салаларындағы зерттеулеріңіз – Сізді халықаралық ғылыми ортаға танымал етті. Сол арқылы әлемдік ғалымдар қауымдастығы Қазақ философиясы мен ойшылына лайықты баға беру мүмкіндігіне ие болды.

Жарты ғасырдан астам уақыттан бері жалғасып келе жатқан өнегелі өмір жолыңыз, ғалымдық, ағартушылық, қайраткерлік қызметіңіз бүгінде саналы ұрпақ үшін үлкен өмір мектебіне айналды.

Сіздің өресі биік, құлашы кең зерделі еңбектеріңіз адамзаттық құндылықтар мен ұлттық дүниетанымның арасындағы дәнекерге айналып, руханиятымыздың тұғырын нығайтып, аясын кеңейте түсті.

Сіздің біліміңіз бен білігіңіз, кәсіби шеберлігіңіз бен тәлімді тәжірибеңіз әлі де халқымыздың рухани игілігіне жұмсалады деген сенімім мол.

Қадірлі Тұрсын Хафизұлы! Сіздің ғылымға жасаған адал қызметіңізді жоғары бағалаймыз және құрметтейміз. Өмір жолыңыз жастар үшін үлгі-өнеге! Мерейлі жасқа толуыңызбен құттықтай отырып, барлық бастамаларыңызға сәттілік отбасыңызға бақыт-береке, өзіңізге толағай табыстар, деніңізге саулық тілеймін).

**Ізгі ниетпен Саясат Нұрбек**

## **ҚҰРМЕТТІ ТҰРСЫН ХАФИЗҰЛЫ!**

Сізді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан мерейлі 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Сіз бұл белеске халқымыздың зиялы тұлғасы, көрнекті ғылым қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, ардагер ұстаз-ғалым ретінде үлкен абыроймен көтерілдіңіз. Шырайлы Шығыс өңірінен түлеп ұшып, қарашаңырақ Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, үлкен ғылым жолына түстіңіз. Сіз еліміздегі философия ғылымын жаңа бағытта зерттеп, Түркі әлеміне ортақ ғылыми еңбектер жаздыңыз. Іргелі зерттеулер жүргізіп, мазмұнды монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырып, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырдыңыз. Сіз қазақстандық мәдениеттану мектебінің негізін қалаушы ретінде бұл салаға ерекше назар аударып, елімізде мәдени антропология ілімін өркендетуге жол аштыңыз. 1997 жылғы профессор Ғалихан Ақмамбетовтың кеңесшілігімен «Қазақ мәдениетінің типологиясы» атты докторлық диссертация қорғауыңыздың нәтижесі осы ізденісіңіздің айғағы. Сіз ҚазҰУ-да мәдениеттану кафедрасын ашып, алғашқы меңгерушісі болдыңыз. Ғылым саласына бет бұрған жастарға тәлім-тәрбиенізді аямай, жастарға бағыт-бағдар көрсетіп, көптеген ғылым кандидаттары мен PhD докторларға жетекшілік жасадыңыз. Терең ізденістеріңіз бен бүгінге дейін қол жеткізген табыстарыңыз халықаралық ғылыми қауымдастықта мойындалып, жоғары бағасын алды. Сіздің еңбекқорлығыңыз бен жеткен жетістіктеріңіз ізбасар жас ғалымдар үшін үлгі-өнеге. Университетіміздің дамуына белсенді араласып, қайраткер ғалым ретінде білім ордасындағы игі бастамаларға үн қосып келесіз. Әрдайым жастардың жанашыр тәлімгері болып, шәкірттеріңізге өнегелі білім беріп, ел алдында мәртебеңіз биіктей берсін! Мерейлі тойыңызда Сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға құтбереке, еңбегіңізге табыс тілеймін!

**Құрметпен,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев**

## **ҚҰРМЕТТІ ТҰРСЫН ХАФИЗҰЛЫ!**

Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Жеке өмірде, кәсіби салада үлкен табыстар тілейміз!

Сізді халқымыздың сан ғасырлық философиялық ойын, тарихта қатпарланып жатқан мәдени және рухани мұрасын бір жүйеге келтіруге белсенді араласқан, өзінің ғұмырын іргелі ғылымға, оның ішінде философия тарихы мен мәдениеттану саласын дамытуға арнаған бүкіл түркі әлеміне белгілі ғалым ретінде танимыз. Сіз тек қана әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университеті ғана емес, сонымен қатар біздің Институт ауқымындағы ғылыми ізденістерге белсене қатысып келесіз және өзіңізге тиісті қызметтерді абыроймен атқардыңыз. Мәселен, «Мәдени мұра» мемлекеттік мұрасын жүзеге асыруда орасан зор еңбек еттіңіз, көптеген томдарды жасақтауға ат салыстыңыз. Өзінше ғылыми еңбек болып жарық көрген «Ұлттық тәуелсіздік және қазақ философиясы», «Қазақ философиясы және ұлттық идея», «Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер», 5 томдық «Қазақ философиясы тарихы» сияқты туындылардың белсенді авторысыз. Қазақ этикасы мен мифтері, мәдениеті мен түркілік философия туралы жазған ғылыми-зерттеулеріңіз шын мәнінде ұлттың рухани тарихында философиялық ойдың көрнекті үлгілері ретінде орын алады. Сіздің ғылыми еңбектеріңіздің негізі философия мен мәдениет, философиялық антропология, қазақ халқының дүниетанымы, этикасы мен философиясына арналған. Осы салалар бойынша дайындаған көптеген шәкірттеріңіз қазіргі кезеңде еліміздің түкпір-түкпірлерінде сапалы қызмет атқаруда. Сонымен қатар, қазақ қоғамындағы дүниетанымның эзотериялық келбетін зерделеп, оның өркениеттік сипатын анықтауыңыз, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуын талдадыңыз. Қазақстан Философиялық Конгресіне де сіңірген еңбегіңіз өзінше ерекше дүние. Сіз философия тарихының өзекті мәселелерін талқылаумен ғана шектелмей, қазіргі заман үшін маңызды «Адам-Әлем» қатынасының сан қырларын, адам болмысының мәдени кеңістіктегі орнын анықтауға тырысып келесіз. Сізге ғылым саласындағы ерекше еңбегіңіз үшін көптеген мемлекеттік марапаттар берілді, әсіресе, «Құрмет» орденінің иегері екеніңізді біздің әріптестеріміз жақсы біледі. Басқа да лайықты атақтарға жете беріңіз!

Құрметті Тұрсын Хафизұлы, Институттың ғалымдар қауымы Сізді жетпіс бес жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, өзіңізге және сіздің жақын-жуықтарыңызға ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, денсаулық тілейді!

**Құрметпен,  
Философия, саясаттану  
және дінтану институтының  
Бас директоры,  
ҚР Ұлттық Ғылым  
академиясының академигі**

**Серік Тұрарұлы Сейдуманов**

## **Глубокоуважаемый Турсун Хафизович!**

Разрешите поздравить Вас от имени философской общественности Кыргызстана с замечательным юбилеем. Мы знаем Вас как философа и педагога с несомненным лидерским именем и общепризнанным международным авторитетом. Ваши труды по истории философии, культурологии, антропологии, этике, по теоретическим и методологическим вопросам изучения тюркской и казахской культуры и духовности стали общепризнанными достижениями в области современной гуманитарной мысли. Ваши коллеги высоко ценят Ваш вклад в расширение горизонта социально-антропологического взгляда на человеческое бытие в исторической ретроспективе и в контексте современной цивилизации. Ваши теоретические исследования и учебники, переведенные на многие языки мира, имеют парадигмальный статус для Ваших коллег и нового поколения ученых-исследователей. Вы как настоящий патриот казахского народа и яркая личность тюркского мира внесли весомый вклад в возрождение национальной и тюркской идентичности, в осмысление традиционных ценностей центрально-азиатской духовной культуры. Ваши разработки по рубрике «Казахстанская национальная идея», в области «культурного наследия» отличаются высоким теоретико-методологическим уровнем, концептуальной новизной, перспективной проективной силой.

Дорогой Турсун Хафизович! Ваш славный путь в современной науке и гуманитарной культуре заслуживает высоких оценок и доброго восхищения. Мы разделяем огромную радость Ваших многочисленных коллег и читателей в эти юбилейные дни, когда Ваш труд обозрим как высокая вершина в нашем общем духовном пространстве.

Ваши идеи и деятельность, направленная на создание единства философской мысли тюркских народов, вдохновляют и обретают поддержку со стороны кыргызских философов. Будем едины в воспроизводстве наследия тюркских философов и продолжении преемственной нити развития.

**Жамгырбек Бокошов**

**Заведующий отделением философии Кыргызско-Турецкого Университета  
Манас, профессор, доктор философских наук, заслуженный деятель науки Кыргызской  
Республики, председатель кыргызского отделения Мирового философского форума,  
академик АСПН**



## **Құрметті Тұрсын Хафизұлы!**

Аса қадірлі Тұрсын Хафизұлы, Сізді бүгінгі 75-жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз!

Сіздің өнегелі өмір жолыңыз әрқайсымызға бағыт-бағдар беретін үлгі іспеттес. Ғылым саласындағы еңбек жолыңызды Қазақ мемлекеттік университетінде оқытушылықтан бастап ғылым докторы, профессор дәрежесіне жеттіңіз. Сіздің ерен еңбегіңізді қазақ қоғамы мен мемлекеті ерекше бағалайды, көптеген медальдар мен ордендер, алғыс хаттар, «ЖОО ең үздік оқытушы», «Үздік автор» атақтары осының айғағы. Сіздің қаламыңыздан шыққан ғылыми еңбектеріңіз бен шығармашылық ізденістеріңіз отандық ғылымымыздың алтын қорынан өз орнын алды. Сіздің ғылымға, еңбекке, ізденіске, даналыққа деген шексіз сүйіспеншілігіңіз бен шәкірттеріңізге деген ізгі ниетіңіз жас буын ғалымдарға рухани бағдар болып қала береді!

Сіз елімізде мәдениеттану саласының бастауында тұрдыңыз, Республикада алғаш ашылған мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі болдыңыз. Сіздің жетекшілігіңізбен 40-тан астам ғылым кандидаттары мен докторлар дайындалды. Сіздің қазақ мәдениетінің тарихы мен теориясына, этика мен мораль мәселелеріне арналған дәрістеріңіз әр шәкірттің жүрегіне жол тауып, санасына нұр шуағын септі. Сіздің еңбек жолыңыз ғылым жолындағы жастар үшін үлкен өнеге! Ғылым және білім саласындағы терең біліміңіз бен үлкен тәжірибеңіз еліміздің болашағы үшін адал қызмет атқаратын абыройлы азаматтарды тәрбиелеп шығаруға зор ықпал тигізетініне кәміл сенім білдіреміз!

Тұрсын Хафизұлы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ұжымының атынан бүгінгі 75-жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық, бақ-береке тілейміз! Абыройыңыз асқақ, мерейіңіз әрдайым үстем болсын!

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті  
университетінің проректоры Қ.Құрманбаев**

## **Құрметті Тұрсын Хафизұлы!**

Сізді жетпіс бестің белесіне шыққан мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Әйгілі Саққұлақ биден «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой» деген сөз қалыпты. Зейіні мен Зердесін жетілдіріп, ой – өрісін үздіксіз дамытқан адам ғана Парасат иесі атанбақ.

Сіз саналы ғұмырыңыздың бүгінгі төріне қалың жұрт ардақтаған ұлағатты ұстаз, әлемге танымал көрнекті ғалым, асыл азамат ретінде жетіп отырсыз. Философия саласында жазған құнды еңбектеріңіз әлемдік ғылыми айналымда лайықты бағасын алды.

«Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» дегендей Сіздің ғылым жолында атқарған қажырлы еңбегіңіз алдағы уақытта да мен секілді талай жанға шырақ болары анық. Өмірлік мол тәжірибеңіз бен терең біліміңізді ел игілігі жолында жұмсай бергейсіз.

Деніңізге саулық, әулетіңізге ырыс-береке, еңбегіңізге толағай табыс тілеймін!

Әрдайым мерейіңіз ұстам, мәртебеңіз биік болсын!

**Ізгі ниетпен, шәкіртіңіз Бауыржан Молдағалиев**

## **МНОГОУВАЖАЕМЫЙ ТУРСИН ХАФИЗОВИЧ!**

От имени Философского научного сообщества Узбекистана сердечно поздравляем Вас с юбилеем. Примите самые добрые поздравления и глубокую признательность за Ваш значительный вклад в дело развития образования, науки и философии Казахстана. Вы как патриот своей страны, профессиональный педагог и ученый свою жизнь посвятили служению родине, воспитанию молодого поколения и развитию национальной философии и получили признание не только в своей стране, но и в мире. Ваше творчество оригинально и заслуживает мировое признание. Вы как педагог подготовили десятки учеников, разработали национально направленные учебники и учебные пособия. Как ученый вкладываете все усилия в укрепление научных связей философского сообщества тюркского пространства, а также научной и образовательной деятельности научных центров тюркского мира. Ваш вклад в совершенствовании сотрудничества между тюркскими народами во имя сохранения, развития и популяризации культурных ценностей тюркского наследия является достойным примером для нового поколения молодежи. Ваше участие на международных конференциях позволяют интегрировать и развить творческие способности, лидерские компетенции и совершенствование профессиональных навыков ученых.

Философы Узбекистана уважают и ценят Вас как мудрого ученого современности, как неутомимого служителя родине и доброго учителя. Дорогой Турсин Хафизович, мы желаем Вам крепкого здоровья, неиссякаемой творческой энергии, семейного благополучия, душевного равновесия, счастья и новых творческих свершений. С днем рождения.

Председатель философского общества Узбекистана, заведующая кафедрой “Философия и основы духовности” главный редактор международного журнала “Философия и жизнь” доктор философских наук, профессор

**Председатель философского общества  
Узбекистана, заведующая кафедрой  
“Философия и основы духовности”  
главный редактор международного журнала  
“Философия и жизнь” доктор  
философских наук, профессор Шермухамедова Н.А.**

Доктору философских наук, профессору Казахского национального университета имени аль-Фараби, академику АСН РК, профессору культурологии, вице-президенту Казахстанского Философского Конгресса Турсуну Габитову исполняется 75 лет – отличный возраст для подведения очередных итогов творческой деятельности как философа и научных исследований как ученого.

Даже при столь длительной научно-преподавательской деятельности поражает воображение число научных публикаций и разброс творческих интересов этого, безусловно, выдающегося казахского философа и ученого. Достаточно познакомиться со списком трудов профессора Т. Габитова, чтобы понять, что он не замыкался рамками только своей страны или же одной узкой темы. И все же, если попытаться интегрировать наследие профессора, то можно сказать, что оно концентрируется вокруг казахской и шире тюркской духовной мысли, породившей самобытную цивилизацию с уникальной культурой.

К сожалению, не могу дать исчерпывающую оценку творчеству профессора Турсуна Габитова, поскольку близко знаком лишь с тремя его статьями, подготовленными для нашей интернациональной многотомной Библиотеки современной философии. Его статьи: «Категории «ТЕНРИ» И «QUT» в тюркских письменных источниках» в коллективной монографии «Философия истории: ретроспектива и перспектива» (2018), «Казахская культура в контексте традиционных цивилизаций Евразии» – «Национальная философия» (2019), «Универсалии этики и нравственные ценности казахского народа» – «Этика, эстетика, аксиология: эпистемологические проблемы» (2020) – стали важным вкладом в наше коллективное творчество, связывающее ученых и философов более чем 30-и стран мира.

Могу лишь отметить, что в первой статье предпринят масштабный и в то же время детальный анализ контекстов употребления понятия «ТЕНРИ» в орхонских, енисейских и турфанских письменных источниках, выявлена центральная роль этой категории в тюркской философской традиции, а также пять контекстов ее употребления. Столь же детально исследовано понятие «QUT» («счастливый», «благословенный»), широко представленное в древнетюркских письменных памятниках, что привело к глубокому проникновению термина в язык и культуру тюркских народов стержневым концептом их ментальности. Автор представляет два основных значения понятия «ТЕНРИ»: как жизненная сила и как благодать и реконструирует эволюцию этого понятия от более общего, абстрактного к более «приземленному», инструментальному концепту.

Изучение категориального ряда тюркской философии в историческом ключе позволило автору сделать вывод о его системности, при которой «ТЕНРИ» выступает главной онтологической категорией, а «QUT» – основной этической категорией.

Пять контекстов употребления понятия «ТЕНРИ» раскрываются профессором в следующих смыслах: «...онтологическом, когда Тенгри понимается как высшая сила; мировоззренческом, когда он обозначается как покровитель тюрков; политическом, как источник государственной власти вообще и власти каганов, в частности; прагматическом (инструментальном), как источник благодати, силы, разума, величия; религиозном, как божество, к которому направлены молитвы людей».

Автор обращает внимание на тесную связь понятий «QUT» и «ТЕНРИ», отмечая, что эта связь была непроявленной, таинственной в ранних (орхонских и енисейских) письменных источниках и явной в более поздних турфанских и казахстанских.

Во второй статье определяется место и роль казахской культуры в цивилизационном ареале Евразии и рассматривается выбор моделей социокультурного развития Республики Казахстан в условиях глобализации и локализации. Идентификация казахской культуры проводится в контексте ее взаимодействий с номадической, исламской, российской, центрально-азиатской и восточноазиатской цивилизациями. Анализируется роль культурных факторов в становлении постсоветских центрально-азиатских новых государств. Автор

подчеркивает, что культурный империализм – столь же проигрышная позиция, сколь и культурный национализм: национализм выпячивает различия, империализм их не замечает. Национализм от лица малых культур излишне усердствует по части суверенности (автономности, независимости, аутентичности). Империализм – а по сути, национализм от лица Большой культуры – отказывает малым культурам в каком-либо признании. Выход – в диалоге культур.

В заключении автор приводит ряд важных выводов. основополагающим фактором политической стабильности в странах Центральной Азии выступает национальная идеология и социальная идентификация. Вплоть до настоящего момента практически все центрально-азиатские общества развиваются в условиях определенного идеологического вакуума. В большинстве стран Центральной Азии государство пока не смогло предложить никаких серьезных основ для развития идентификации общества. Общество, в силу неразвитости так называемых «нации-государства» и гражданского общества, не располагает какими-либо готовыми идеологическими моделями, так как традиционные идеологемы в большинстве стран либо размыты, либо не прошли еще должной модификации для восприятия их в данном качестве. Очевидно, что существующий в странах региона идеологический вакуум должен быть чем-то заполнен.

Ускорить процесс формирования национальной идеологии и национальной идентичности могло бы развитие идеологии «нации-государства» и гражданского общества, но они пока фактически слабо развиты или даже не существуют. В таких условиях в центрально-азиатских обществах существуют только две альтернативные идеи – исламская доктрина и этническая идея. Причем протест против власти может привести только к их быстрому оформлению.

Наряду с религиозной идеей, в нынешнем социально-идеологическом развитии центрально-азиатских стран одной из определяющих продолжает оставаться этническая компонента. При этом она получает быстрое развитие в первую очередь в тех государствах региона, где вплоть до момента развала бывшего СССР практически половину населения страны составляли представители так называемых некоренных этносов со всеми вытекающими отсюда последствиями. По этой причине в начале 1990-х годов в этих странах произошла быстрая консолидация представителей коренного населения вокруг идеи независимости и возрождения этнического самосознания, культуры и языка.

Данный процесс продолжается и сейчас, когда социально-идеологическое развитие центрально-азиатских обществ происходит в условиях незавершенного формирования «нации-государства». Фактически процесс формирования «наций-государств» начался только в советское время, причем в наибольшей степени он проявлялся в Казахстане. В других странах региона ситуация намного хуже. Тем не менее, сегодня в центрально-азиатских странах идет активный поиск собственной идентичности, в первую очередь с опорой на исторические традиции и наследие.

Странам Центральной Азии требуется ускорить затянувшийся процесс смены парадигм своего цивилизационного развития: от суверенизации к реализации собственной модели модернизации. При этом рыночные реформы, демократизация системы властных отношений, строительство гражданского общества и «нации-государства» могут выступать не самоцелью, а только механизмами или способами построения такой модели.

В третьей статье автор идентифицирует моральные ценности казахского народа в контексте категорий современной гуманистической этики. Задачами исследования профессор определил характеристику морали в ее генезисе на определенном этапе человеческого общества или развития человеческого индивидуума, то есть в филогенезе и онтогенезе, показал ее формирование на трех ступенях становления человеческого "Я": а) ступень рода и культа, означающую единство человека с миром, неотделенность его от мира и от других людей, единство мироощущения с другими, проявляющееся в феномене "рода"; б) ступень этноса, отбора культурных форм в условиях разнообразия человеческой деятельности и человеческих индивидуальностей; здесь формируются естественные нормы

человеческих взаимоотношений, которые называются нравственностью, формируются основные нравственные ценности: свобода, добро, зло, справедливость; в) на третьей ступени цивилизации ценности добра, зла, свободы трансформируются в социальное понятие долга, социализируются в конкретном обществе и становятся уже социальными и правовыми нормами. Автором ставится задача определения значимости национальной этики, где она подчинена не интересам отдельного, частного человека, а интересам социума. Человек в этой этике выступает в качестве объекта воздействия на него со стороны общества, или иного социума (части общества или какого-либо социального института).

Исследование профессора Турсуна Габитова базируется на таких гносеологических принципах, как логический, принцип историзма, принципы целостности и взаимной дополнительности. Методологической основой исследования избран метод сравнительно-сопоставительного анализа, эпистемологические идеи герменевтики, позволяющие наиболее глубоко вникнуть в скрытые смыслы анализируемой и интерпретируемой с философских позиций этико-культурологической литературы. В исследовании использованы также компаративистский и типологический методы.

Данная статья представляет новый срез исследований, посвященных сопоставительному анализу принципов и категорий универсальной и национальной этик, гуманистическим концепциям добра, справедливости и счастья в сравнении с нравственными универсалиями казахского народа.

Выводы автора:

Сегодня в Казахстане существует множество проблем в создании системы гарантий свободы и прав человека, прежде всего этически оформленных. Однако, несмотря на данные проблемы, в обществе наблюдается множество позитивных изменений в сфере обеспечения нравственной свободы человека. Здесь следует отметить, что реализации естественных прав и свобод человека и граждан – это дело не одного дня. Так, формирование современных демократических государств осуществлялось в течение длительного времени. На этом пути встречалось множество трудностей, были взлеты и падения. Гуманистическим идеалам и плюрализму общество должно учиться постепенно. Начавшиеся процессы реализации свободы мнений обусловили необратимость демократизации казахстанского общества, что является важнейшим требованием создания стабильного перманентно развивающегося государства и плюралистического общества.

Хочу отметить, что многие идеи, выдвинутые в статьях профессора Т. Габитова, вдохновили меня на написание статьи об Азербайджане, которую я представил Оргкомитету.

Выражая свое восхищение плодами творчества профессора Турсуна Габитова, желаю юбилюру здоровья и новых успехов на поприще философии и науки Казахстана и мира.

**Али Сеидабас оглу Абасов**  
**доктор философских наук, профессор, заведующий отделом**  
**«Современные проблемы философии» Института Философии и Социологии**  
**Национальной академии наук Азербайджана**

**Доктору философских наук, профессору Казахского национального  
университета имени аль-Фараби, академику АСН РК,  
профессору культурологии,  
вице-президенту Казахстанского Философского Конгресса Габитову Т.Х.**

**Уважаемый Турсун Хафизович!  
От имени членов Дагестанского отделения Российского философского  
общества, студентов, аспирантов, сотрудников,  
профессорско-преподавательского состава вузов Республики Дагестан  
поздравляю Вас с юбилеем – 75-летием со дня рождения!**

Вы являетесь крупным учёным и организатором науки – Ваше имя, как одного из основоположников казахстанской школы культурологии, известно далеко за пределами Казахстана. В научном сообществе Вы известны своей творческой активностью и выступлениями с актуальными докладами во многих международных конгрессах, симпозиумах, конференциях за рубежом. Как автор более 80 индивидуальных и коллективных монографий, учебников и учебных пособий, энциклопедий, словарей, более 600 научных публикаций Вы вносите весомый, свой оригинальный вклад в теорию и гуманитарное образование.

Как известный научный и общественный деятель, как авторитетный провозвестник духовной культуры казахского народа, Ваше консолидирующее слово, Турсун Хафизович, значимо и в постсоветском и евразийском геополитическом пространстве – в Международном общественном фонде «Диалог Евразии», Фонде СЕП «Гражданское образование», гранта ЮНЕСКО «Культура мира» и др. В национальных республиках Северного Кавказа и в Дагестане научной интеллигенции близко и созвучно Ваше стремление к обоснованию цивилизационного единства народов на основе этнокультурной и исламской идентичности. Уверен, на этом пути у нас есть перспективы взаимопонимания и сотрудничества, установления устойчивых научных контактов вузов и академических учреждений наших регионов!

**Уважаемый Турсун Хафизович!**

Философское сообщество Дагестана желает Вам сохранения на долгие годы крепкого здоровья, личного и семейного счастья! Удач и успехов Вам, неиссякаемого оптимизма в многогранной и нелегкой, но благородной деятельности гуманиста и просветителя!

**Председатель Дагестанского отделения  
и член Президиума Российского философского общества  
Доктор философских наук, профессор М.И. Билалов  
Махачкала, 20 ноября 2022 года**

## **Құрметті Ғабитов Тұрсын Хафизович!**

Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз.

Сіз бүкіл өміріңізді білім беру саласында қызмет ету ісіне арнап, нағыз отаншылдық пен мақсаткерлік танытып, Қазақстанның жаңа толқыны үшін өнегеге айналдыңыз.

Сіздің білімиңіз, жоғары жауапкершілік пен біліктілігіңіз әріптестеріңізді тәнті етеді, Сіз олардың арасында зор беделге бөленіп отырсыз. Бүгінгі айтулы күнде Сізге зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, сәтті істер, қажымас жігер тілеймін.

Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде қазақ халқының игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас.

Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз.

Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей!

Шаңырағыңызда және туған-туыстарыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін! Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз!

**Ізгі тілекпен:  
Басқарма Төрағасы – Ректор М.М. Бегентаев**



## **Аса қадірлі Тұрсын Хафизұлы!**

### **Жеті асудың бел ортасы – 75 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын!**

Ұлтымыздың тарландары тәрбие мен білім алған киелі шаңырақ – Қазақ ұлттық университетінің түлегі атанған сәттен бастап, Сіздің болашаққа деген асыл армандарыңыз егеменді еліміздің философиясы мен мәдениеттануын зерттеп, оның дамуына үлес қосудан басталған еді. Тәуелсіз Қазақстандағы тұңғыш мәдениеттану кафедрасының ашылуына ұйытқы болып, отандық мәдениеттану ғылымы қалыптасуының негізін қалаушылардың көшбасшысы болдыңыз. Бүгінде Сіздің есіміңіз қазақстандық мәдениеттанушылар мектебінің негізін қалаушылардың бірі ретінде шетелге танымал.

Сіздің зерделі зерттеуіңізден туындаған ғылыми еңбектеріңіз, оқулықтарыңыз бен оқу құралдарыңыз бүгінде жас ұрпақтың жүрегіне жол тауып, көпшіліктің танымын байытар рухани қазына, мәдени-философиялық классикаға айналды. Бұл еңбектеріңізде Сіз, әлемдік өркениетке енген қазақ мәдениеті мен философиясының іргелі құндылықтарын терең зерделедіңіз. Философия мен этика тарихына арнаған еңбектеріңіз АҚШ, Германия, Ауғанстан, Иран, Әзірбайжан және Түркия елдерінде жарық көрді.

Ұлттық университеттің қабырғасында ұстаздық қызметте жүріп, елуден аса ғалым-шәкірт даярладыңыз. Сіз ұшырған қарлығаштар бүгінде еліміздің әр саласында жемісті еңбек етуде.

Тұрсын Хафизұлы, Сіз ғалым, ұстаз, көшбасшы бола жүріп, еліміздің тұрақты дамуындағы бірнеше мемлекеттік бағдарламалар мен іргелі ғылыми зерттеулерде жоба жетекшілігін абыроймен атқардыңыз. Соның нәтижесінде халқымыздың мәдени, ұлттық мұрасының алтын қорына зор үлес қосатын даналық жауһарлары дүниеге келді.

Тыңбай еңбектенудің арқасында Қазақстанның жоғары білімі мен ғылым саласына сіңірген еңбегіңіз үшін «Құрмет» орденімен марапатталып, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», «Үздік автор» байқауларының жеңімпазы атандыңыз. Бүгінде қазақ халқының рухани мәдениетіне зор үлес қосып келе жатқан танымал ғылым және қоғам қайраткерісіз.

Өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, ұлттық мәдениетімізді үкілеген Тұлға ретінде шаңырағыңыздың тамыры терең бәйтеректей тірегі, балаларыңыздың асқар таудай сүйеніші, немерелеріңіздің абыздай ардақты атасы болып жүре беріңіз. Осынау мерейлі мерекеңізде Сізге денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіңізге баянды бақыт тілеймін!

**Ізгі ниетпен,  
Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық  
өнер академиясының ректоры  
Азамат Сатыбалды**

**Әл-Фараби Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
Философия ғылымдарының докторы  
Ғабитов Тұрсын Хафизұлы!**

Қожа Ахмет Ясаун атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы атынан Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз бүгінгі мерейтойыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрар жетістіктермен келіп отырсыз. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және әріптестеріңіздің құрметіне бөлендіңіз. Сізді әріптестеріңіз ұлағатты ұстаз-ғалым ретінде жақсы таниды. Сіз, өзіңіздің бүкіл саналы ғұмырыңыздың 50 жылдан астам уақытын ұстаздық пен ғылым жолына арнадыңыз, Ғылыми-педагогикалық қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесінде осы күнге дейін 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы атандыңыз. Сіз жазған монографиялар, оқу, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми мақалалар өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып келеді.

Өмір жолыңызда білім беру саласындағы еселі еңбегіңізде – еңбексүйгіштікпен қатар, қоғамдық жұмыста белсенділікпен ерекшеленіп жүрген жансыз. Еңбек жолыңызды оқытушылықтан бастап, бірнеше жауапты да, маңызды қызметтерді абыроймен атқарып келдіңіз, Кеңес үкіметі тұсында Ауғанстан Республикасына арнайы іс-сапармен жіберіліп, 1986-1988 жылдар аралығында Кабул университетінің кеңесшісі қызметінде болдыңыз. «Еуразия диалогы» халықаралық қоғамдық қорының, «Зерде» мәдениет қорының, «Азаматтық білім беру» СЕП Қорының, ЮНЕСКО-ның «Әлем мәдениеті» грантының мүшесі қызметтерін де абыроймен атқардыңыз. Осының барлығы Сіздің әрбір іске деген мол жауапкершілігіңізді, еңбексүйгіштігіңізді байқатса керек.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру ісіне белсенді қатысып, «Әлемдік философиялық мұра» және «Қазақ халқының философиялық мұрасы», «Әл-Фараби мұрасы» секцияларының мүшесі, көптомдық еңбектердің авторы, ғылыми редакторларының бірі ретінде 50 томнан тұратын даналық жауһарларының қазақ тілінде жарық көруіне, жинақталуына зор үлес қостыңыз. Сондай-ақ «Қазақ мәдениеті» энциклопедиясы, «Мәдени-философиялық энциклопедия», «Мәдениеттану энциклопедиялық сөздігі», «Философия ғылымдарының екі тілдегі түсіндірме сөздігі», «Философиялық энциклопедия» басылымдарының бастамашыларының бірі болдыңыз. Ізденіске толы іскерлігіңізбен, әріптестеріңізге, ізбасар-шәкірттеріне үлгі бола білдіңіз.

Үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбекті талап ететін ғылым жолында талмай еңбек етіп келесіз. Бүгінге дейін көптеген талантты жастарға кеңес бердіңіз. Сіздің жетекшілігіңізде бірнеше шәкірттер диссертацияларын сәтті қорғап, республиканың түкпір-түкпірінде жемісті қызмет етіп келеді. Сіз, Ғылым жолында өз қолтаңбасы, өз соқпағы қалыптасқан жансыз.

Сізді 15 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Ғылым жолындағы бастамаларыңыз ел игілігіне қызмет ете берсін. Ізгі армандарыңыз бен алға қойған мақсаттарыңыз орындалсын. Мерейіңіз әрқашан үстем, жүзіңіз жарқын болсын! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін!

**Күрметпен,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
қазақ-түрік университетінің ректоры Ж.А. Темірбекова**

Түркістан-2022 ж.

## **Құрметті Тұрсын Хафизұлы!**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Медицина университетінің атынан Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Біз Сізді республикамызға танымал философ ғалым, академик, ұлағатты ұстаз, кемел ойлы азамат ретінде танимыз. Ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орнында қызмет жасап, кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті, ізденгіш те зерделі маман даярлау ісінде аянбай еңбек еттіңіз. Өз ісіне адалдық, терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және екінің біріне беріле бермейтін кісілік келбет Сізді зор құрметке бөледі. Қазақ халқы, ғылыми жұртшылық, ұстаздар қауымы, ғылым мен білім жолындағы барлық шәкірттеріңіз Сізді осы қасиеттеріңіз үшін құрметтейді.

Білім беру ісі мен ғылыми зерттеушілікті жоғары деңгейде дамыта қатар алып келе жатқан Сізді философия және мәдениеттану мәселелерін зерделеген мәні мен мағынасы терең мақалаларыңыз, монографияларыңыз, оқулықтарыңыз еліміздің ғылымының дамуына қосылған сүбелі үлес болып табылады. Сонымен бірге бұл еңбектер рухани жаңғыру мәселесі кең түрде көтеріліп отырған қазіргі кезеңде халқымыздың ұлттық рухын көтеруге сеп болады деп есептейміз.

Тағы да мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отыра, деніңіздің саулығын, толағай табыстар мен еңбегіңіздің игілігін, отбасыңыздың берекесін тілейміз! Ғылым мен ұстаздық қызметке бағышталған саналы ғұмырыңыз ұрпағыңызға үлгі болып, биікке шарықтай беріңіз!

**Басқарма төрағасы – Ректор А.А. КАЛИЕВ**

## **МӘДЕНИЕТТАНУ МАЙТАЛМАНЫ** **Армысыз ағайын. Ардақты әріптестер!**

Елімізде мәдениеттану ғылымының қалыптасқанына 30 жылдың жүзі болды. Осы уақыт аралығында да ауыз толтырып, мақтанатын жетістіктерде өте көп. Айтар сөз, жазар жазуда жетпес.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мәдениеттану ғылымын аяққа тұрғызып, қазақ тілінде алғаш рет оқулық жазып, сол жазған оқулығын өзі апробациядан өткізген мәдениеттанудың майталманы, ұстаз, профессор Тұрсын Хафизұлының орны ерекше.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім нәрімен сусындап – профессор Тұрсын Ғабитовтың дәрісін тыңдап, тәлім алып, шәкірт болғаным дән ризамын. Сабақ өткізу әдісі мен сол білімді студенттердің санасына ұялатуы да ерекше. Өзінің терең білімі мен интеллектуалдық қырымен студенттерді баурап алатын.

Профессор Тұрсын Ғабитов елімізде мәдениеттанушылар мектебін қалыптастырып, әлі күнге дейін тыңбай жұмыс жасап келеді.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» – деп Хакім Абай айтқандай қазіргі жеткен жетістігіміз, әрине ұстаздарымыздың арқасы деп білемін. Алаш жұрты жиналса, төр ұстаздікі демекші сіздің орныңыз әрқашанда төрде.

Еліміздегі философия мен мәдениеттану ғылымында ойып алар орныңыз, өз қолтаңбаңыз бар. Сүбелі еңбектеріңіз бен ғылыми мақалаларыңыз шәкірттеріңізге ұзақ жылдар бойы азық болары анық.

**Құрметті ұстаз!** Сізді мерейлі жасқа келуіңізбен құттықтаймын! Қаламыңыз мұқалмай әлі де жаңа еңбектеріңізбен біздерді қуанышқа бөлей беріңіз.

**Құрметпен,  
Рауан Кемербай**

## **Құрметті Тұрсын Хафизұлы!**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің ұжымы Сізді қоғам қайраткері, Қазақстандағы мәдениеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі, қазақ философиясы тарихының зерттеушісі, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан зерделі ғалым ретінде жақсы біледі һәм құрметтейді. Сіздің терең біліміңіз, зерттеулеріңіз бен ұстаздық тәжірибеңіз ғылымның өркендеуіне, халқымыздың гүлденуі мен Қазақстанның рухани тәуелсіздігін нығайтуға қызмет етіп келеді.

Сіздің жарты ғасырдан асатын ғылыми-педагогикалық қызметіңіз, ассистенттен профессорға дейінгі ұстаздық жолыңыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. 1971 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақ білімінің қара шаңырағы ҚазҰУ-дің Философия және саясаттану факультетінде жастардың зердесіне философия, мәдениеттану ғылымының қыр-сырын ұғындыра жүріп, өзіңіздің философиялық, мәдениеттанулық мектебіңізді қалыптастыра алдыңыз. Нәтижесінде, Сіздің жетекшілігіңізбен жүздеген шәкірттеріңіз ізденістерін сәттілікпен қорғап, ғылым мен ұстаздық, қайраткерлік жолына түсті.

«Мәдениеттің мәйегі – кітап» деген нақыл сөзді ескерсек, Сіздің қаламыңыздан туындаған ғылыми еңбектеріңіз, кітаптарыңыз, көптеген оқулықтар мен оқу құралдары, энциклопедиялар, сөздіктер, жалпы саны 600-ден асатын жарияланымдарыңыз ғылым мен білім жолында жүрген өскелең ұрпаққа оңтайлы бағдар беріп, рухани азық, нәр бола алатындығына сеніміміз мол. Сіз ұлтымыздың мол рухани ой-дүниесін, философиялық мұрасын жақын-алыс шетелдерде насихаттай жүріп, таныта алдыңыз. Оған әлемнің көптеген мемлекеттерінде оқыған дәрістеріңіз бен жасаған ғылыми баяндамаларыңыз айғақ.

Ардақты Тұрсын Хафизұлы! Сіз өзіңіздің ішкі терең мәдениетіңіз бен мейрімділігіңізбен, әріптестеріңізге деген ерекше құрметіңізбен, алға қойған мақсаттарыңызға жетудегі жігеріңізбен ерекшеленесіз. Сізді ғылым және білім саласының қайраткері, ұлағатты ұстаз, тұлғалық қасиеттерімен үлгі болған, Қазақстан азаматтарының дүниетанымы мен дүниетүсінігін қалыптастыруға еңбек сіңіріп келе жатқан ойшыл ретінде танимыз.

Құрметті Тұрсын Хафизұлы! Бүгінгі 75 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын! Сіздің деніңізге саулық, әулетіңізге бақ-береке, ғылыми ізденістеріңізге толағай табыс тілейміз!

**Құрметпен,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев**

## **АСА ҚҰРМЕТТІ ТҰРСЫН ХАФИЗҰЛЫ!**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының ұжымы Сізді елімізге танымал тұлға, білімді де, білгір философ-мәдениеттанушы және қоғамның саяси-әлеуметтік мәселелерімен, оның ішінде, түрік дүниесінің бірлігі идеясының тарихи және заманауи келбетімен терең айналысқан ғалым, өнегелі ұстаз ретінде аса құрмет тұтады. Сіз, өмір жолының жетпіс бесінші белесіне ерен еңбектің үлгісін көрсете жүріп жеттіңіз.

Тұрсын Хафизұлы, Сіз, ғылымдағы табанды ізденісіңіздің нәтижесінде қажырлы қайрат пен күш-жігеріңізді аямай сарқып, түрік-қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, әлемдік философия тарихы мен әлеуметтік философия, логика, құқық философиясы, этика, мәдени антропология, сияқты іргелі мәселелердің түйткілді тұстарын тереңнен толғап, еліміздің ғылыми дискурсында олардың жетілуіне қомақты үлес қостыңыз. Оған Сіздің қаламыңыздан туындаған 200-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 80-нен астам жеке және ұжымдық монографиялардың, көптеген оқулық пен оқу құралының, энциклопедиялардың, сөздіктердің, жалпы саны 700-ге жуық жарияланымдардағы ойларыңыздың ғылым мен білім жолын қуған өскелең ұрпақтарға бағдаршам болып, рухани азыққа айналғандығы куә бола алады.

Сіздің, Қазақ елінің философы-ғалым ретінде еліміздің тарихи-рухани мұрасын және бүгінгі келбетін алыс-жақын шетелдерге танытқан ғылыми мақалаларыңыз бен іргелі туындыларыңыз АҚШ, Германия, Ауғанстан, Иран, Әзірбайжан, Түркия және т.б. елдерде жарық көріп, осы елдердің ғылыми қауымдастығы тарапынан қызу қолдау тапты! Ғылыми жетекшілігіңізбен 40-тан астам ғылым кандидатын мен 6 ғылым докторын, 5 Философия докторын (PhD), жүздеген шәкірттерді дайындағаныңыз ұстаздығыңыз бен шәкірт арасындағы өнегелі байланыстың нәтижесін көрсетеді.

Сіздің еңбегіңіз қашанда мемлекет пен ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланып, әлемдік және отандық деңгейде қолдау тапқандығына Сізге табысталған 40-қа жуық халықаралық, аймақтық, республикалық, өңірлік масштабтағы марапаттарыңыз дәлел бола алады.

Сізді, Біз, бүгінгі таңда парасаттылығыңыз бен адамгершілігіңіз ұштасқан, зиялылық пен тектіліктің үлгісі бола білген, ғылым жолында даналық сатысына қарай өрлеген, жан дүниесі ізгілік пен игілікке толы парасат иесі ретінде қастерлейміз!

Қадірменді Тұрсын Хафизұлы! Бүгінгі кемеңгерлі 75 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға баянды бақыт, ғылыми ізденістеріңіз сәтті де, табысты болғай деп тілейміз!

**Ізгі ниетпен,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбек**

1- секция  
**ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК  
ӨРКЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

**ТҮРКІ-ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІНІҢ СӨНБЕС ШЫРАҒЫ**

**Жақыпбек Алтаев**

философия ғылымдарының докторы,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия кафедрасының профессоры  
Әл-Фараби орталығының ғылыми кеңесшісі

**Жадыра Қазиева**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия кафедрасының оқытушысы

Қазақстан үшін, қазақ ұлтының рухын жандандыру міндетін шешу үшін ең алдымен, өзіміздің шынайы тарихымызды, мәдениетіміз бен дінімізді терең пайымдап, сезінуіміз қажет.

Тарих, мәдениет, дініміз қандай? Әлемдік өркениетке қандай үлес қоса алдық? Төл философиямызбен психологиямыздың ерекшеліктері неде? Біздің ойымызша, тек осы сұрақтарға жауап табу арқылы ғана қазақ рухының қайта түлеуі турасында әңгіме қозғауға болады.

Бұл тұрғыда, ғалымдардың пікірінше, түркілердің әлемдік өркениет пен мәдениетке қосқан үлесі өте зор. Тек ол еуроцентристік көзқарастардың кесірінен көпшілікке беймәлім болып қалған. Түркілердің өркениет пен мәдениет қазынасына қосқан үлестерін жіктеп, қысқаша атап өтелік.

Тарих саласында соңғы бірнеше онжылдықтарда мәдениеттанушылар мен археологтардың сенсациялық ашулары көрсеткендей, сондай-ақ, көптеген атақты әлемдік түркологтардың еңбектерінен біз түркілерді әлемдік деңгейдегі бай тарихы бар екендігін енді ғана біліп жатырмыз. Бұл еуроцентристік және таптық концепциялардың ұзақ жылдар бойы үстемдік құруынан. Біз оқитын ресми тарихқа келетін болсақ, онда төл тарихымыздан гөрі басқалар туралы көп жазылған.

Бұл турасында Мұрат Уәли былай деп ақиқатын жазады: «Бумын қаған мен Кенесары ханға қарағанда, біз көне Рим императорлары мен Киев Русінің княздары жайлы көп білеміз. Алыстағы жапон самурайлары туралы, Жоңғар шайқасында ерлік көрсеткен батырларымызға қарағанда көп білеміз. Олимп құдайлары мен Көне Грекия батырлары туралы әрбір адам хабардар, ал тәңіршілдік туралы хабарымыз жоқтың қасы. Шетелдіктерге арналып жасалатын сый-кәделеріміздің өзі Қытайда жасалады. Қазақ халқының соңғы 200 жыл өміріне көз жүгірте отырып, өзіміздің тарих көшіне әлдеқайда артта қалып қойғанымызды көреміз. Бұл ұлы көшпенді халықтың Ресей қарамағында, түз далада арып-ашып жүрген кезіміз болатын. Бірақ 3 мың жылдық тарихы ұлы көшпенділер үшін, бұл 200 жылдық құлдық түкке тұрмайтын нәрсе».

Шындығында бүгінгі таңда белгілі болып отырғанындай, көптен күткен тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен соң, өз тарихымызды толықтай қайта қарастырудың арқасында ондағы еуроцентристік және таптық әдіснаманың тасасында қалып қойған

талай ақтаңдақтарымыздың беті ашылды. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың да лайықты бай тарихы болғандығын білдік. Бүгінгі таңда олардың әлемдік мәдениет пен өркениетке сүбелі үлес қосып қана қомай, сонымен бірге, әлемдік тарихтың дамуына да белгілі бір мөлшерде ықпал еткендігі белгілі болып отыр. Осы арада, қазақ халқының тарихы ресейлік империялық тарих негізінде емес, «түркілер», «түркі халықтары» ұғымдарының басын қосатын түркілік тарих негізінде жазылуы тиіс. Осы негізде біз өзіміздің жалпы тарихымызға, жалпы тамырымызға үлкен құрметпен қарауымыз керек. Бұл – түркі халықтары өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізіп, ұлттық тарихы мен ұлттық ерекшеліктерін тануға тырысып жатқан бүгінгі күнде үлкен маңызға ие. Өз тамырын, негізін, өз тарихын тану жастарды патриоттыққа тәрбиелеу тұрғысында да үлкен мәнге ие. Өйткені, патриотизм, Отанға деген махаббат өз халқына деген мақтаныш сезімнен, осы халық арқылы жазылған оның тарихындағы ерлік істерге деген құрметтен құралады.

Бұндай сезім адамға өз халқының өткені мен бүгінгі жетістіктерін толық білгенде ғана пайда болады. Бұл ретте ұлы мадақ пен құрметке ие болуға тиіс түркі халықтарының ұлы тарихы, өкінішке орай, әлемдік тарих пен өркениетте өзіндік бағасын ала-алмай келе жатыр.

Мәдениет саласында бүгінгі күні белгілі болып отырғандай, түркілер сол заманда алдыңғы қатарлы болған мәдениет пен өркениетке ие бола отырып, (соңғы кезде археологтар прототүркілер мен түркілердің әлемдік өркениеттің ең көне ошақта, тұрғызғандығын дәлелдеуде) әлемдік өркениет пен мәдениеттің дамуына елеуі ықпал жасаған. Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі туралы өмірінің соңында белгілі ресейлік тарихшы-түріктанушы, академик А.П. Окладников та мойындап кеткен. Ол былай деп жазады: «Көне түркілік Сібірдің Батысқа қарағанда, Шығыспен байланысы тығыз болған. Оның тарихы өте терең. Байкал мен Ленаның жағалауында Шығыс пен Батыстың көне мәдениеттері біте қайнасып жатты, осының арқасында сол кездегі күшті мәдени ошақтар өмір сүрді. Бұларсыз біз Еуразияның тарихын толық тани алмаймыз. Байкалдан табылған археологиялық мұралар бұл байланыстарды Дон мен Дунайға дейін алып барады». (М. Аджи. Азиатская Европа. М., АСТ. 2008, с 207).

пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды. Тарихи және географиялық кеңістік түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды. Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты [1].

Сөйтіп әлемдік өркениет Шығыстан бастау алып, оның түркілер қалыптастырған бағыты көшпелілер өркениеті деген атпен тарихқа енгені белгілі. Түркі халықтарының өмір салты мен мәдениетінің өркениет дәрежесіне жетуіне олардың таным дәрежесі мен атадан-балаға мұра болып қалып отырған құндылықтары ықпал етті.

Көне түркілердің көрші елдермен мәдени және экономикалық тығыз байланыста болғаны тарихтан белгілі. Ол туралы Альфред Вебер: «Орта Азиядан шыққан көшпелі халықтар Қытай, Үнді және Батыс елдеріне баса көктеп еніп (жылқымен) жоғарыдағы үш атырапқа да ықпал етті. Ат үстіндегі көшпелі халықтар дүниенің кеңдігін таныды. Қиын-қыстау тіршілікпен қауіп-қатерлі мол жорықтар арқылы дүниенің жалғандығын түсінді. Ол үстем нәсіл ретінде дүниеге ерлік пен трагедиялық сананы орнықтырып, оны эпос түрінде паш етті...» дейді.

Еуразия кеңістігінде, оның ішінде түркілердің алтын бесігі саналатын –Алтай жеріндегі дала өркениетін жасаушылар біздің ата-бабаларымыз болып табылады.

Көне түркілер ерте заманнан бері әртүрлі құрылымдағы мемлекеттерді, яғни Еуразияны билеп тұрған Дала империясын құрған болатын. Тарихтың әр кезеңінде тұран тайпаларының одағы, массагеттер, сақтар, ғұндар, одан кейін түркі тайпалары құрған мемлекеттер ғасырлар бойы Қытай, Үндістанға және Еуропа халықтарына билік жүргізген. Олар Еуразия құрлығының тарихын жасауда және өркениетті дамытуда үлкен үлес қосты [2, 11-б.].

Ұлтты қалыптастырып біріктіретін оның тілі, нәсілі, елі, мемлекеті және діні болса, идея оның негізі болып саналады. Ұлттық идея дегеніміз, халықтың әріден алғанда дәуірлік, беріден алғанда ғасырлық мұратын айқындайтын, келешек ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ болатын заманауи рухани философия. Оның негізгі міндеттері –ұлт пен түркі халықтарын біріктіру арқылы қоғамды тұрақты дамытатын стратегияны анықтау, ұлттық зиялылар мен өнертапқыштар, өз ісінің мамандары ішінен ұлттық элита қалыптастыру.

Қазақ идеясының қайнар көздері мен рухани негізі –тарихымыз бен мәдени мұраларымыз екендігі белгілі.

«Күлтегін» және «Білге қаған» бітіктас жазуында түріктер өздерін «Көк түріктері» деп атады. Мұндағы «көк» космостық –аспан мағынасын білдіреді. Олар билеушілерін «қаған» деп атады. Қаған –«хандардың ханы», немесе император деген мағынада. Сондықтан қағандықтың баламасы империя болмақ. Алтайда, Дулығалы шоқының іргесінде 100 жылдай бағынышты болып жүрген Ашина (аспан) түріктері 552 жылы Жужандарды талқандап, тайпалық көсемдері жабғу Бұмынды «Ел қаған» жариялаған көшпелі дала билігіне жаңа жұрт – түркілер келеді. Олар бірте-бірте ұлан-ғайыр территорияға өз билігін орнатып, көшпелілік өркениетті қалыптастырады .

Бабаларымыз өздерінің бастан кешкен тарихы мен кейінгі ұрпаққа арналған өсиет сөздерін тас бетіне қашап жазды: «Тізеліні бүктірдік, бастыны жүгіндірдік...» «Бек ұл ұрпағың құл болды, сүлік қыз ұрпағың күң болды...» «Түрік халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым...» «Өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды қылдым. Шығай халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым» -деп жазған [3, 5-6 бб.].

«Шөлі бар халық –зор халық» -дейді Ж.Руми. Рухы биік, қайсар мінезді және шыдамды халық қана шөлді аймақтың қатаң табиғатына төтеп береді. Сондықтан да адамзат өркениетінің рухы –дүниежүзілік діндер немесе олардың пайғамбарлары шөлді аймақты мекендеген халықтардың ішінен шыққан. Көне түркілердің Тәңір діні соның ішінде бірегейі және дүниежүзілік діндердің бастамасы.

«Тарих кітабындағы барлық беттері белгілі емес халық бақытты» деген екен Т.Карлеиль. Тарихы түгелдей зерттеліп бітпеген халық оны білуге ұмтылады. Осы ұмтылыс ұлттың сана-сезімін оятып, оның ақыл-ой, ар-намысын шындап, ұлттық сезімді «қалғып кетуден» сақтайды [2, 13-б.].

«Дала империяларының» авторы Рене Груссе көшпенділер туралы: «Олардың отырықшы халықтарға он үш ғасыр бойы белгілі ритммен және әрқашанда оқтын-оқтын табысты жасаған шабуылдары табиғи, заңды құбылыс. Қоршаған қатал өмірге бейімделген, ақылды, салмақты және құнтты түріктер мен моңғолдар билікке жаралған еді. Көшпенділер материалдық мәдениеттің дамуын тежегенімен, олардың қолында әрқашан да күшті әскери билік болды» дейді. Бірақ көшпенділерді тек әскери күш ретінде қарау, олардың тарихын біржақты көрсету болып табылады. Себебі түркі халықтары өз заманында материалдық өркениеті дамыған Құшан патшалығы, Еуропадағы ғұн империясы, Мамлүктік Египет, Алтын Орда, Ұлы Моғол мемлекеті сияқты ұлы мемлекеттерді құрды және түркілердің жүздеген әулеті соңғы екі мың жылдан астам уақыт бойы адамзат өркениетінің дамуына елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, түркіден шыққан ұлы ғалымдар, ойшылдар мен ақындар орта ғасырлардағы «Шығыс немесе Мұсылман Ренессансының» негізін қалауға атсалысып, дүниежүзілік сәулет өнерінде, поэзияда және ғылымның дамуында өшпес іс қалдырды [2, 14-б.].

Көшпенділер өркениетінің негізін қалаған түркі тектес халықтар мемлекетті басқарудың дала демократиясына сүйенген ерекше жүйесін жасады. Ерте замандардағы төл түркілік сакралдық ұғымдар, дәстүрлер мен мотив-символдарды анықтаудың маңызы зор. Себебі онда біздің шығу, қалыптасу және даму тарихымыз жатыр. Таңба мәселесі Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мұхаметжан Тынышпаевтың еңбектерінде де жазылған. Этнограф ғалым Ж. Артықбаев: «Еуразия даласы көшпенділердің мәдени жетістіктерін толығымен бойына сіңірген қазақ қоғамы өзінің ішкі құрылымы жағынан да, сыртқы құрылымы жағынан да, мән-мағынасы жағынан да ерекше құбылыс болып табылады. Көшпелі қоғамның өмір сүру негізінде қабылданбайтын, өзгелермен салыстыруға келмейтін өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда Батыстың да, Шығыстың да мәдени өлшеміне сай келмейтін ерекше мәдениет қалыптасқан. Осы ерекшелікті сезіну – методологиялық парадигманы өзгертуге негіз болуы тиіс. Бәрінен бұрын тарихи таным өзегіне материалдық көрсеткіштер емес, рухани құндылықтар: қоғамдық сана, әлеуметтік-мәдени құндылықтар сияқты факторлар қойылуы тиіс» – деп жазған еді. Міне, осылайша, Қытай, Иран, Византиялық өркениеттермен тоғысқан түркілер жаңа мемлекет типін қалыптастырды. Егер, бірінші түркі қағанатында соғды тілі үстем етсе, екінші түркі қағанатында руна жазуы тарады. VII-VIII ғғ. Моңғолия мен Алтайда, Хакасия мен Тувада, Шығыс Түркістан мен Жетісуда Көне түрік алфавитімен жазылған 200-ден астам тас ескерткіштер қалды. Ал біздің жыл санауымыздан бұрын V ғасырда өмір сүрген сақтардың Есік жазуындағы 17 әріптің 13-і көне түркі руникалық алфавит екені белгілі болды. Д.Клеменец көне түркілерді «тамаша халық» деген еді.

VI ғасырда түркілердің әдеби тілі қалыптасты, көрші Шығыс мәдениеті игеріле бастады. Кенес шығыстанушылары ортағасырда жеті тұрақты тарихи-мәдени орталықтар Еуропалық, Араб-исламдық, Орта Шығыстық, Оңтүстік Азиялық, Орталық Азиялық, Қиыр Шығыстық, Оңтүстік Шығыс Азиялық орталықтары қалыптасты – деп есептейді. Сонымен Алтайдан Донға, кейде Дунайға дейін жеткен бұл өркениет – 2000-2500 жылдың тарихы бар өркениет.

Бүгінгі Қазақстан өткен замандардан ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің саналуандығын мирас етті. Ел аумағында тұратын жүз отыздан аса этностық топтың өкілдері азиялық және еуропалық компоненттерді үйлестіретін бірегей мәдени нақышты құрайды [4].

Бұдан біз бабаларымыздың үлкен мемлекет құрып, оны дамытып, кейінгі ұрпақтарына үлкен мұра қалдырғанын байқаймыз және сол мұралар ретінде қазіргі бізде бар рухани және материалдық мәдениетіміз бен құндылығымызды танимыз. Біздің міндет – осы бай мұраларымызды ары қарай зерттеп, зерделеп, жас буынға таныту, оның ұмыт қалмауына үлесімізді қосу болып табылады.

Қорытындылай келгенде, әлем мәдениетінің, жалпы адамзат өркениетінің қалыптасуына ерекше әсер етіп, ықпал жасаған, өзіндік орны бар түркі мәдениеті жайлы көптеген мәліметке қанық болдық. Мұны түріктердің рухани мәдениеті мен Орхон-Енисей ескерткіштерінде бейнеленген Күлтегін мен Тоныкөктің қалдырған жазбаларынан-ақ көреміз. Түркі дәуірі қалыптасқаннан бері, өз алдына ерекшеленіп келе жатқан түркі мәдениетінің ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан ұлағаты мол дәстүрлер мен тығыз байланыстар, әсіресе мұның үміт күтер кемел келешегі бізді өте қатты таңғалдырды. Азия мен Еуропаны, Шығыс пен Батысты ұштастырған бұл мәдениет, көптеген өзге мәдениеттердің дамуына үлкен ықпал жасады. Қысқаша айтқанда сонау ежелде Қазақстан аумағын мекендеген отырықшы түркі тайпаларынан бастап түркі мәдениеті даму процесі барысында көптеген кезеңдерден өтіп, түрлі өзгерістерге ұшырады. Яғни түркі мәдениеті даму барысында түрлі сатылардан өтіп бүгінгі әлемге әйгілі өркениетке айналып отыр. Қысқаша айтқанда түркі мәдениеті жаһандық мәдениет ұғымының ажырамас ең негізгі бөлігі болып табылады.

Мәдениет өзінің көптүрлілігімен және мүмкіншілік молшылығымен құнды. Бүгінгі таңда әлемде көптеген діни бірлестіктер, секталар, конфессиялар және одан да мол тілдер, ұлттық мәдениеттер кездеседі. Ең бастысы, қай елде болмасын, қай мәдениетте болмасын ар-ождан еріктілігі қамтамасыз етіліп, бір – бірімен тепе-тең сыйластық рухындағы сұхбатқа түссе болғаны. [5].

#### **Әдебиеттер:**

1. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы, ҚР Президентінің ресми сайты, 21 қараша 2018.
2. Әкім Жанұзақ. Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. – Алматы: Өлке, 2007. – 303 б.
3. Ә. Сарай. Көк түріктері. – Алматы : Мереке, 2014. – 685, [2] б.
4. Түркі әлемінің алтын бесігі. 08.10.2013. Дерек көз: baq.kz.
5. Т. ҒАБИТОВ Ж. МҮТӘЛПОВ А. ҚҰЛСАРИЕВА МӘДЕНИЕТТАНУ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындары студенттеріне оқулық ретінде ұсынған Толықтырылған 3-басылым Алматы «Раритет» 2004.43 бет.

## **ТҮРІК РУХАНИЛЫҒЫНДАҒЫ ТӘҢІРШІЛДІК ИДЕЯСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ БАҒДАРЛАРЫ**

**Айымжан Рыскиева**

философия ғылымының кандидаты,  
Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті,  
дінтану кафедрасы меңгерушісі

**Берік АТАШ**

философия ғылымының докторы,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
философия кафедрасының доценті

Түрік халқының салт-дәстүрі мен ереже-тәртіптерінің негізі, түрік дүниетанымындағы адам мен әлем қатынасы мәселесі Тәңіршілдік идеясымен тығыз байланысты. Тәңіршілдік терең күрделі құбылыс ретінде түрік халқының рухани өмірімен қоса әлемдік мәдениетте де айрықша із қалдырды. Түрік халқының дәстүрлі мәдени дүниетанымдық қайнарларын зерттеу қазіргі таңда ғылыми мән-маңызы өте зор мәселе.

Көне түрік мәдениетіндегі осы тәңіршілдік идеясын саралау барысында отандық ғалымдарымыздың пікірлеріне шолу жасап өтуіміз қажет. «Түрік мәдениеті қоғамдық санада, дүниеге көзқарас, дүниетаным, рухани-материалдық іс-әрекет, түріктік көркем өмір және символикалық образдар мен метафораларда, заңдарда шифрланған, адамның әлеммен терең этикалық байланысын бейнелейтін түрік мәдени тәртібінің түріктік формасында өз бейнесін тапқан феномен болмай тұрып көптеген даму кезеңдерін басынан өткізді. Түріктердің мәдени кеңістігі ең алдымен «Тәңірі – адам» онтологиялық иерархия

логикасының өзі әлеммен және Құдаймен байланыс жасауға мүмкіндік жасаған сұхбаттық кеңістік ретінде құрылған. Түріктердің салт-дәстүрлері ешқашан қайта құруға ұшырамаған берік мәдени құндылықтар парадигмасын жасады және де бұл догмашылдық күшімен емес, этикалық басымдылықтар арқылы мәңгілік, ізгі құндылықтарға ие болды» [1].

Тәңіршілдікке қатысты мәселелерді жан-жақты зерттеу қазіргі күн талабы. Бұл дүниетаным бізге ата-бабаларымыздың рухани болмысын зерделеуге, ұлттық ойлау дәстүріміздің тереңде жатқан қабаттарын тануға әкелетіні хақ. Өткенімізді ой елегінен өткізу, бүгінгі тірлік-қарекетімізді сараптауға, болашағымызды айқындауға жол ашады.

«Дәстүрлі түрік дүниетанымының негізгі ұстындары Тәңірлік діни танымнан бастау алған. «Түріктің Тәңірі» аталар жолын, дәстүрін белгілеп берген. Түрік ұстындарында Тәңір – ғарыштың «иесі» мен «киесі», ал «Тәңірлік бастама немесе Тәңірлік ақиқатқа» ұласудың кеңістігі – адамның кіндік қаны тамған туған жері. Дәстүрлі түрік өмір салтында *туған жер* –Тәңірлік жаратудың алғаш жүзеге асырылған уақыты мен кеңістігінің қайталанған ортасы, әрі Тәңір тарапынан берілген құт... Тәңірдің құтының шоғырланған жері – «Жерұйық». Ежелгі түрік аңыз-эпсаналарында Жерұйық «орталық, кіндік» мағынасындағы символдарымен берілген.

Бұл ойлаудың байырғы жүйесі бойынша көк аспан киелі, өйткені ол:

– Тәңірдің мекені әрі сипаты;

– «жер мен су» қасиетті, тіпті ол – Тәңірдің құты, несібесі;

– ел-халық қастерлі, олар – Тәңірдің жердегі аманаты;

– адам өз тағдырын өзгерту мүмкіндігіне осы дүниеде-ақ ие;

– қаған (хан) киелі, ол – Тәңірдің еркін білдіруші. «Тәңір» идеясы — *қағида, заң, тәртіп, құдірет, кие және Ие* ұғымында түріктік көзқарастарды топтастырды, толықтырды» [2].

Тәңірі туралы пікірлер түрлі бағытта көрініс тапты: Тәңірі жердегі барлық тіршілік иесі мен әлемді жалғыз жаратушы ретінде монотеистік идеяға жақын келсе, көкке, яғни аспанға және ең жақын көмекшілері күн мен ай, жұлдыздар, сонымен қатар табиғат құбылыстарына құрметпен қарау тұрғысынан діни сипат алғандай болды.

Қазіргі таңдағы зерттеулер Тәңіршілдікті мәдениет феномені ретінде мәнін айқындауға қарай бет бұрып келеді. Бұл еңбектерде тәңіршілдік түрік халқының тұтас дүниетанымы мен санасы барлық формасында көрініс тапқан негізгі ұғым, күрделі тарихи мәдени-дүниетанымдық жүйе деп саналады. Мүмкін, арғытүрік дәуірінен жалғасқан мифологиялар бойынша Тәңір кей сәттерде, Ұмай Анамен бірге аталады және Еркілік персонажы қоса қамтылады. Ал XIX ғасырда батыс ғалымдары мен орыс зерттеушілері Тәңірдің өзіндік діни танымын ескермей, оны пұтқа табыну дінінің бір түрі, көпқұдайлыққа, шаманизмге жақын деп Тәңірі, Аспан туралы анимистік көзқарасты ұстанды. Ол туралы басқа да тұжырымдарда күрделі діни жүйе ретінде политеистік, монотеистік, не болмаса оның аралығындағы дін деп санады. Енді бірқатар зерттеушілер оны онтологиялық концепциямен, космологиямен (үш әлем туралы концепция), мифология және демонологиямен (ата-бабалар мен табиғат рухтары) байланыстырады. Кейбір пікірлерде шаман тәңірлік діннің абызы деген қағида келтіріледі. Шындығында, мұны анықтау қиынға соғады.

Терістеуші логика бойынша, шамандықтың пайда болған уақыты тым әріде жатыр, шамамен 30 мың жылдық, өйткені, Солтүстік және Оңтүстік Америкаға кезінде қоныс аударғандар арасындағы үндіс тайпаларындағы шаманизм мен Алтайлық шаманизм арасында байланыс бары анық. Шамандық Австралияда да кездеседі және кейбір ұқсас белгілер сақталып қалғандай. Ал Тәңіршілдік одан кейінгі, өйткені, Австралия, Оңтүстік Америка халықтарында тәңіршілдік элементтері кездеспейді. Оның үстіне шамандық діни толеранттылықты ұстанады және басқа діндерді де қабылдай береді, қазіргі Сібір халықтарының кейбірі шаман-христиандар, тіпті шаман-буддистер де кездеседі. Қазақстанда да, «шаман-исламистер» деп атауға болатын бағыттар болған.

Шындығында, Тәңіршілдік абыздары бақсылар болған деген пікірді қуаттайтын болсақ, онда Алтайдағы тәңіршілдік кейіннен кемелденген немесе басқа халықтардағы тәңіршілдік элементтері бірте-бірте ұмыт болған. Немесе, Алтай жеріндегі шамандық тәңіршілдікті туғызған, сондықтан, тәңіршілдік пен Шамандық ассимиляцияланып кеткен болуы ықтимал. Сондықтан, арғытүрік халықтарында тәңіршілдік пен шамандық детерминантты, бірінің бірі атрибутына айналған.

Көк Тәңірі аспан еркін ғана хабарлайды. Жаратушы көк Тәңірі адамдардан белсенділікті талап етеді. Сондықтан Тәңірлік дінде әлем мен адам үйлесімділігі, адамшылық-этикалық идеялар тереңірек ұялаған. Дегенмен оның басты ерекшелігін монотеизмге жақындығынан байқауға болады. Сондықтан тәңіршілдікті негізінен алғанда кең дүниетаным ретінде қарастыруға болады: діни сенім, дүниеге көзқарас, философиялық таным, өмір стилі, эзотериялық құбылыс т.б. ретінде қарастыруға болады.

Француз ғалымы Жильберт Дюранд «Көшпелілерге монотеизмге (бірқұдайшылдыққа) деген ұмтылыс тән, олар көз жетпейтін, көңіл арбаған көгілдір кеңістіктен қуат алады, ал қоғамға қауымдасуының патриархалдық негізде ұйымдастырылуы олардан Құдай-әкені талап етеді.....» [3] – деп ой тұжырымдайды. Ал «Жан Поль Ру мен Мирча Элиаденің түріктердің мәдени-дүниетанымдық ұстындарына берген тұжырымдары біршама ықшамды әрі нақтылығымен ерекшеленеді: «... Патриархалдық ерекшеліктер басым, отбасында еркектің орны мен рөлі үстем. Қандастық-генетикалық туысқандықтың негізі берік қаланған. Экономикалары аңшылық пен мал шаруашылығына негізделген көшпелі мәдениет. Діни тұрғыдан «ұлы көк Тәңірі» сенімі өте маңызды. Дәстүрлі қоғамда Тәңірдің елшілерінің (қаған, қам) рөлі үстем, оларға өте үлкен мән беріледі. От – қасиетті, аттың да діни маңызы мен қоғам өміріндегі орны ерекше. Жеке меншік басты рөл атқарады. Көне түріктерде «жанның мәңгілігі» сенімі қуатты болғандықтан да аталардың аруақтарына тағзым етіледі» [4] – деп байырғы түріктер дүниетанымын айшықтайды.

Дегенмен, мұндай шет елдік ғалымдардың пікірлері қайткенмен де, еуропаэзектік призмадан қарап жазылғандықтан, бізде екі таңдау бар: біз де тәңіршілдікті осылай батыстық логоцентристік категориялық аппараттар бойынша түсіну парадигмасында қаламыз немесе олардың түріктік-сенімдік қабаттарына бойлай ену үшін көне қазақи пайымдауларды, байырғы мифологиялардың тәржімаларын негізге аламыз. Мәселен, «Боги» ұғымы көне Гректердің политеизмін түсінуге сай келеді, яһудилік, ислам діндеріндегі «құдай» түсінігінен басқаша. Сол сияқты Тәңірді – Құдай деп түсіну, екеуін тура сәйкестендіруге болмайды. Өйткені, біздіңше, парсы тілінен «Құдай» сөзі енбестен бұрын, «боги» орысшадан келместен бұрын, көне грек тіліндегі «teos» ұғымы басқа мағынадағы құдай, нақтырақ айтқанда, мынадай мазмұндармен байланыстыра аламыз: «антропоморфтанған құдайлар», «пайғамбар типтестер», «физикалық қуатты, магиялық та қасиеті бар, жолы болғыш ерекше адамдар», «тым көне замандардан қалған жай ғана архетиптер» іспеттес мән жамайды. Бұл тұста, патшаларын құдайландырып жіберген деген «евгемеризм» теориясымен де дәйектеуімізге болады.

Сәбетқазы Ақатай Тәңірді кеңістік, уақыт, форма және олардың қозғалыс түріндегі өзара қатынасын білдіретін тарихи-философиялық категория деп Тәңірдің онтологиялық жүйесін бес аксиоматикалық принциптерге бөліп көрсетеді:

1. Жаратылған құбылыс бар болса, онда жаратушы да бар.
2. Барлық жаратылған нәрсеге форма тән.
3. Барлық нәрсе орнымен жаратылған.
4. Жансыз жандыны тудыруы мүмкін емес.
5. Адам негіз, ғалам орталығы» [5].

Шындығында, бұл мағлұматтар біріншіден, тым абстрактілі болғандықтан, Тәңірдің шынайы болмысын аша алмайды, екіншіден, қандай негізге сүйенгендігі туралы ойлау жолының сатылары көрсетілмегендіктен, дәйексіз сияқты болып көрінеді.

Тәңіршілдікті түрік халқының рухани мәдениетіне сәйкес келетін діни мифологиялық тұрғыдан ғана емес, дүниетанымдық жүйе ретінде негізгі белгілері мен сипатын бөліп

қарауға болады. Табиғат туралы көзқарастары, мәдениет дәстүрінің жалғастығы, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың сақталуы, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы және қоғамдық құбылыстарынан дүниетанымдық сипаттарын айқындауға себепші болады. Осыған орай Василий Бартольд «Халықтың психологиясын түсіну үшін оның діни сенімін білу маңызды... Бұл орайда аспан мен жерге табыну туралы айтылғанда, кей кездерде «түрік аспаны» және «түрік жері мен суы» деген сөздер қолданылады. «Тәңір» деген бір ғана сөз материалдық аспан мағынасында да және табынып, пір тұту жағынан алғандағы құдай мағынасында да (яғни идеалды мағынасында да) қолданылады. Жер мен Су (ар суб) туралы айтылған жерлерден жер мен су рухтарының жинақтамасы емес, бүтіндей құдай туралы сөз болатындығы жайында қорытынды шығаруға болады...» [6] – деп құнды пікір айтады.

Бұл тұста, алдымен, материалдық объект, яғни, Жер планетасынан тыс кеңістіктің барлығы, әрине, бұрынғы кезде «аспан» деген атаумен аталғандығын ескеру керек. Сонда мынадай түйін жасалады: «Аспан – Көк – Тәңір» ұғымдары синонимдес деп те айтуға келеді, дегенмен, изоморфты деп түсіндірген дұрысырақ шығар. Бірақ «Көк Тәңірі» деген ұғым кездеседі, бұл біздіңше, қазақ тіліндегі таным мен морфологияның заңдылығы іспеттес, яғни, мағыналас сөздердің қатар қолданылып, бір мағына беруі немесе жалаң түрде де қолданыла беруі. Мәселен, «Жалған дүние» ұғымы кейде жай ғана «жалған» деген сөзбен беріледі. «Көк шөп» кейде, «көк» деп те айтылады.

Тәңіршілдік күрделі дүниетаным ретінде жалпы сенім, әдет-ғұрыптар мен мифологиялық сюжеттерден тұрады. Бұл жүйеде, әсіресе Тәңірі культі маңызды орын алады. Мұнда Тәңірі тек қана сезімдік тұрғыда қабылданатын ақиқатты тану емес, ол жер мен көкті жаратушы Бір Тәңірі ретінде қабылданды. Діни санада Тәңірі болмысы абсолютті ақиқат болып, өмір мен игіліктің белсенді күші ретінде танылды. Тәңірінің мұндай дүниетанымын ежелгі қытайлар мен шумерлердің діни жүйесінен кездестіруге болады. Тәңірі культінде Универсумды символдық дүниетаным ретінде қарастырады.

Тәңіршілдік табиғат пен ата-баба рухын дәріптеуден шыққан. Бұл сенім байырғы түріктерге білім мен табиғат рухын сезінуге әрі гармонияда өмір сүруге мүмкіндік туғызды. Байырғы түріктер сан-қилы мәдениет пен өркениеттер арасындағы жан-жақты сұхбаттың негізінде терең өзіндік дүниетанымға ие болды. Олар манихей, зороастризм, брахманизм, буддизм діндерімен жақсы таныс болған. Көшпелі түріктер дәуірінде тәңірлік сенім ресми маңызды саяси рөл атқара отырып, басқа да этномәдени құрылымдардың идеологиялық жүйесіне қарсы тұра білді. Осыған сәйкес Лев Гумилев «түрік қағанаты өзінің тұрақты, қатаң саяси идеологиялық жүйесімен, басқа жердің дінін мойынсұнатын ұлт емес еді» [7] – деп жазған пікірін орынды деп санаймыз.

Көк Тәңірі сенімінде космогониялық, абстрактілік пен нақтылықтың бірлігінде ойлаудың ғажайып үлгілері бар. Мұны Орхон ұстындарынан да аңғаруға болады. Әлемнің төрт тарабын анықтау, күн, ай, жұлдыздар қозғалысындағы заңдылықтарды білу, тәңірлік мәңгілік күнтізбе, жыл маусымдарының ауысуын қадағалау байырғы түріктерге осының бәрін біреу билеп, басқарып, олар деген жалғыз Құдай – Көк Тәңірі идеясына алып келген. Яғни нақты бір пұтқа табынбай, әлемдік мәні бар жалғыз Тәңірді мойындаған. Түріктердің барлық рухани күш иесі Көк Тәңірі деп есептеген.

Күлтегін жазуында «Тәңірі күш бергені үшін әкем-қағанның әскері бөрі сияқты еді. Жаулары қой сияқты еді. Ілгері-кейін шапқылап [халықты] жинады, көтерді...» [8] – деген жолдар бар. Отанын қорғау мұратын түріктер рухани болмыстың қасиетті қағидасына айналдырды. Оның мәңгілік сипатына Тәңірі кепіл. Жаратушы Тәңірі түріктердің қорғаушысы болды. Тәңірі шапағатын тигізіп, олардың халық болып қалыптасуына себепші болды. «Елді халық едім, елім енді қайда? Кімге елдік құраймыз?» – деп басқа қиын іс түскенде, «қырылайық, жойылайық» десіп, ажалға бет бұра бастағанда, [сол кезде] жоғарыда Түрік Тәңірісі, киелі Жері, Суы былай депті: Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп аян береді. Соның нәтижесінде «Тәңірі жарылқағаны үшін елдікті елсіретпеді, қағандықты қағансыратпады. Жауын баз қылды. Тізеліні бүктірді, бастыны жүгіндірді. Әкем қаған анша,



ел төр орнатып ұша барды... Ол төрге Ағам қаған отырды. Ағам қаған отырып түрік халқын қайта көркейтті, игі етті» [8]– дейді.

Қазіргі таңда тәңіршілдіктің байырғы түріктердің қоғамдық жүйесіндегі мәдени дүниетанымы сол қалпында сақталған жоқ, себебі тарихтың келесі даму кезеңінде оның орнына ислам діні келді. Дегенмен, түрік халқының Тәңірге сыйынуының ертеден қалған рәсімі, ежелгі сенімінің элементтері күні бүгінге дейін халқымыздың салтында, дәстүрлі санасында сақталып қалды. Оның белгілері тұрмыстық өмірде жиі кездеседі. Сәбина Аязбекованың пікірі бойынша «осындай культтің ықпалы қазақтардың әлем суреттемесін ғарыштық тұрғыда қалыптастырды» [9]. Мәселен, дүниеден қайтқан адамның сүйегі шығарылғаннан кейін өлі дене жатқан жерге жеті күнге дейін шырақ жағып қоятын. Ол Тәңір дінінің бір атрибуты, бір ерекшелігі құрғақшылық жылдары мал шалып, тасаттық беретін салт, жаңа туған айға қол жайып, тілек айтатын, демеуін тілеу сияқты ниеттер ел ішінде сол нанымдық құдыретімен сақталған. Дегенмен, тәңіршілдікті зерттеуші қазіргі ғалымдар, ел ішіндегі зиялы қауымдар исламға қатыссыз салт-дәстүр мен әдет-ғұрып институтын тұтастай алып, оның барлығын тәңіршілдіктің көріністері ретінде танып, ол тек ырым-тиымдардың жиынтығы ғана емес, өмір сүрудің өзіндік тәжірибелері жинақталған жалпылама бағдарлары мен қисынды-құбылатын формуласы іспетті деп бағамдайды.

Байырғы түріктердің дүниетанымында бір ғана құдай, яғни монотеистік сипаттағы – Көк Тәңірі болғанына көз жеткіземіз. Тәңірі – көктегі құдай. Жалпы түріктер аспан көктегі құбылыстардың барлығына, демек Күн, Ай, жұлдыздарды қадыр-қасиет тұтты. Байырғы түріктер күннің алғашқы шығып келе жатқан сәулесін қасиетті деп санады. Ертеде Саян тауын мекендеген угралардың туысы игасандарда күнге табыну бертінге дейін сақталған. Олардың түсінігінше, көк аспан ең үлкен құдай, күн қызметші, күн сәулесі – сансыз жіп, әлемдегі әсемдіктерді қоректендіріп, оны аспан құдайымен байланыстырып тұрады.

Тіпті, көптеген әдет-ғұрыптар мен салт-жораларда ханды таққа көтергенде күн қозғалысын есепке алып жасады. «Ақ киізге салып, жоғары көтеріп күн қозғалысы бойынша айналдырды» [10]. Күннің жарығы ерекше өзіндік символдық мәнге ие болды. Оның алғашқы бастауы ғұндардан келген десек болады.

Адамның ішкі жан дүниесі, рухани құрылысы құпия сырлы да, сан қырлы, күрделі әлем. Адам руханилығының мәніне үнілу, ішкі сырын, құпиясын тану ешқашанда толастамайтын, таусылмайтын үрдіс. Адам экзистенциясының мақсат, мұраттар ұмытылысы мәнділік пен мәңгілік өлшемдеріне байланғаны хақ. Жарық дүниедегі адамның рухани жарығының мағынасы осы мәңгілік мәнділікке барып тіреледі. Рас, адам болмысынан мәңгілік мәнділік іздеу адамзаттың рухани мәдениетіндегі ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан, әркез адамзаттың алдында қайталап қойылып отыратын және оның интеллектуалдық, адамгершілік ұстанымдары мен рухани дамуын байқататын дүние. Бұл мәселе дәстүрлі түрік мәдениетінің философиясында айрықша мәнге ие. Түрік руханиятында мәңгілік пен мәнділіктің ішкі кілтін табу адам өмірінің басты мақсаты. Бұл сауалдың бейнелері қазақтың ауызша мәдениетінде тұнып тұр. Қанат Нұрланованың пікірі бойынша, қазақ болмысының түп-тамыры – Жарық дүние. Бұл символикалық түсініктің негізінде «адам мен әлем біртұтас» деген идея жатыр. Яғни, дүние суреттемесі адам мен әлем арасындағы үйлесімділікті (гармонияны) бейнелеуден бастау алады [11].

Түріктердің келесі бір ғибадаты отаны мен туған жеріне деген кәміл сенімі мен махаббатынан туындап, ол Жер мен Суды культ ретінде қарауға алып келді.

Жер-Суға байланысты зерттеуші-ғалымдар тарапынан үш түрлі көзқарас қалыптасқан

– Жер-Су – «жер мен су рухтарының» қосындысы, бірлігі. Байырғы түрік терминіне мұндай анықтаманы алғаш Вильгельм Томсен ұсынды. Оның анықтамасы дінтану аспектісінде кейін түрлі талдаулар мен түсіндірмелердің бастамасы болды.

– Жер-Су – отан, туған жер туралы абстрактілі ұғым.

– Жер-Су – түріктердің басты құдайының бірі.

Жан Поль Ру, Василий Радлов, Платон Мелиоранский, Ия Стеблева секілді зерттеушілер бірінші және үшінші тұжырымды дәлелдесе, Сергей Малов, Леонид Потапов,

Мырзатай Жолдасбеков, Қаржаубай Сартқожаұлы, Сәбетқазы Ақатай, Нығмет Аюпов сынды ғалымдар отан, туған жер туралы ұғым деген пікірді қуаттайды.

Ортаңғы жер әлемінің құдайын «Удук Йир-Суб» (қасиетті Жер-Су) басқарды. Оның культі таулармен, өзен-көлдермен, жер рухтарымен, табиғатпен, отанмен байланысты. Қасиетті таулар мен биік ағаштар (Йир-Суб) Жер-Суға табынудың атрибуттары болды.

Сонымен, Тәңіршілдік көптеген ғасырлар бойы өзінің рухани кодтық жүйесімен ұлы даланың халқының этникалық санасы мен әлеуметтік өміріне сіңді. Тәңіріні ежелгі түріктердің бірегей мәдени құбылысы ретінде қарастыра отырып, мынадай тұжырым шығаруға болады: Тәңірі ежелгі түріктердің мәдениетінің, ділінің тұғыры, негізгі күрделі біртұтас дүниетанымдық жүйесі, рухани мәдениет типі болды. Мұндай дәйектеме, дәлелдер арқылы байырғы түрік дүниетанымының шоқтығы биік екенін көреміз. Осындай ой-тұжырымдарға байланысты байырғы түріктер табынған наным-сенімді түріктердің «Тәңірлік дәуірдегі философиясы деуге негіз бар» [12].

Ал осы дүниетанымдық жүйенің басты мәселесі – Адам мен Әлем тұтастығы. Шын мәнісінде, түріктер дүниетанымында адам әлеммен біртұтастықта болғанда ғана құтқа жетеді. Ол қазіргі таңда да әлеуметтік өмірде жалғасын тауып түрік халқының мәдениеті мен тұрмыстық өміріне терең ықпал етті. Игілікті қайырымды нәрсенің барлығы Тәңір атымен байланыстырылды. Мәселен, «Тәңір жарылқасын», «Тәңірберген», «Көк соққыр» деген сөз тіркестері қазақтың наным-сенімдерінде бүгінгі таңға дейін қолданылады. Демек, біз Көк Тәңірін түрік халқының менталитетінің, рухани мәдени болмысының негізгі өзегі деп сенімді түрде айта аламыз.

Тәңіршілдік мәселесін қозғаған кезде қазіргі кездегі қоғамымыздағы Тәңіршілдікке, түріктің рухани мұрасы мен мирасына және ислам дініне қатысты әртүрлі көзқарастар мен пікірталастарға соқпай кете алмаймыз. Олардың біріншісі қазақтың төл мұраларын жоққа шығарып, «таза ислам» жолына үндеу, ислам діні келгенге дейінгі құндылықтарды, ұлттық дәстүрлерді терістеу.

Екінші, тәңіршілдік феноменін зерттеу бар да оған оралуды ұсынушылар бар. Осы ретте «дәстүрлі түрік дүниетанымының болмыстық, құндылықтық, категориялық құбылыстарына жеке-жеке тоқталу – қазақ мұсылмандық түсінігінің ерекшеліктері мен өзіндік табиғатын, болмысы мен тарихи сабақтастығын пайымдауға негіз болады. Сондықтан дәстүрлі қоғам адамының рухани кеңістігін, яғни Тәңірмен байланысын нақтылап алу қажет... Дәстүрлі түрік дүниетанымындағы Тәңір түсінігі мен Оның сипаттарын анықтау — халықтың дүниетанымы, мінез-құлқы, психологиясын танудың басты кілті болып табылады» [13] – деп пайымдайды Досай Кенжетай.

Екіншіден, тәңіршілдік дініне оралу керек деген ұстанымдағылардың араб басқыншылығын әсірелеп көрсету арқылы ислам діні күшпен таратылған деген негіздемеге сүйенетіндігі аңғарылады.

Сонымен бірге тәңіршілдік ислам дінімен астасып, түріктердің рухани сеніміне дәстүрлі рең берген сияқты болады, екінші бір қырынан, біздіңше, тәңіршілдік пен исламның «рухани-психологиялық күрес майданы» деп атауға болатын үдерістің мыңдаған жылдық тарихы бар, қазір де солай.

Өйткені «қазақ халқының тұрмыс-салт тіршілігіндегі орындалатын әдет-ғұрыптар мен ырым-тыйымдардың басым бөлігі байырғы түрік дәуірінен бері үзіліссіз жалғасып келе жатыр. Тәңіршілдік кезеңінен қалған салттардың өміршеңдігі соншалық – тіпті олар Ислам діні келгеннен кейін де жойылып кетпеді. Керісінше, жаңа өркениетпен синтезделіп, мазмұндық жағынан байи түсті. Мысалы, келін түскенде жасалатын беташар дәстүрі Исламға дейін де болған. Сондықтан бұл ғұрып бірде-бір араб елінде жоқ. Кей кездері исламшыл топтардың беташар дәстүріне қатысты жиі дау туғызатыны сондықтан. Исламның ықпалына түскен соң, байырғы түрік мәдениетінің ішкі мазмұны Құран мен сүннетпен кемелденді. Бірақ, сыртқы сипатында түріктік формасын сақтап қалған. Тап осылай, сыңсу, жоқтау, көңіл айту, сәлем салу, үйді аршамен, адыраспанмен аластау, жеті атадан қыз алыспау, ат тергеу, үкінің қауырсынын тағу, жеті шелпек тарату, өлген кісінің жетісін, қыркын, асын беру сынды ғұрыптардың барлығы Ислам діні келгенге дейін де бар еді.

Исламға дейін де осы дәстүрлер көшпелі түрік тайпаларын тылсым дүниемен байланыстырып, олардың рухани сұранысын өтеді. Араб экспансиясы кезінде түріктің төл жазуы ұмытылғанымен (кей мәліметтерде ислам басқыншылары тарапынан әдейі мәңгілікке жойып жіберу мақсаты болған-мыс), тұрмыс-тіршілігіндегі салт-дәстүрдің көпшілігі сол күйінде сақталып қалды. Түрік нәсілінен шыққан дін ғұламалары, халық арасында дін таратқан дәруіштер мен сопылар көне дәстүрдің барлығының формасын сол күйінше қалдырып, мәні мен мазмұнын Құран рухына қайшы келмейтіндей үндестіруге ұмтылды. Қазіргі қолданыстағы қазақ салт-дәстүрлері екі мәдениеттің тоғысынан синтезделіп туындағандықтан, ерекше көркем, айрықша мазмұнды» [14].

Кеңес дәуірінде түріктердің ислам дінін мойындауындағы «қылыштың жүзімен қабылдау» символын олардың ұрпақтарының санасына күштеп тықпаласа, тәуелсіздік алған жылдардан бері кейбір дін идеологтары бұл тұжырымдаманы керісінше айналдырып, барлығының оп-оңай үйлесім тапқаны жөніндегі әпсананы ұсынып келеді. Сенім тайталасының тарихи оқиғаларын ой санасынан өткізсек, бұл тұрғыдағы үдерістердің ешқашан да тезінен даңғыл жолға түсіп, бірден сабақтастықта үйлесе кетпейтінін бағамдаймыз. Ортақ тұстары мен ұқсастықтары болғанымен де, бұл үшін қанша өсиет айтылып, ақыл-парасат пен ерік-жігер жұмсалып, қаншама тер төгілгеніне бізге жеткен тәмсілдер мен жазылған тарих беттері куә. Ағын Қасымжановтың пайымдауынша: «Тәңірлік дін мен ислам тек дүниетанымдық жүйелер ғана емес, олар – өмірлік бағдарлар. Міне, сондықтан өзара кірігу мен келісім, симбиоз болғанға дейін алдымен қақтығыстар туындады. Әңгіме бір жағынан үйреншікті торуға сәйкес қабылданған жүріс-тұрыс нормаларын және екінші жағынан, шариатта канондалған нормаларды реттейтін менталитет бөлігі туралы болып отыр. Оның үстіне кейде діннің ірі символдарына қарағанда, оның кез келген ұсақ айырмашылықтары қызу әрі өткір» қабылданады. Исламның жергілікті наным-сенімдермен араласуы ғасырларды қамтыды» [15].

Ал Зира Наурызбаева қазіргі кезде ислам діні мен Тәңіршілдікке қатысты туындаған мәселенің түйінін былайша тарқатады: «Біздің мемлекетімізде исламды тазартумен (қайта қарау) айналысқалы жатқандар мен тәңіршілдікті «жаңартумен» айналысатындарға ортақ қате олардың дінді адам өресінің туындысы деп қана қарауында болып тұр, ал дін адамның күші жетпейтін, Құдайшылдық жаңа дүние, кейіннен рухани сабақтастық тізбегі бойынша жалғаса береді. Олар өздерінің бұл салада білікті еместігін, өкілетті еместігін сезінбей жүр. Дәстүрлі қоғамда миссионерлер тарапынан тарап жатқан жаңа дін алғашқыда жоғары, мемлекеттік деңгейде – патша сарайында немесе хан ордасында қабылданған болатын. «Тәңіршілер» көптеген ғасырлар бұрын мемлекеттік дін ретінде исламды қабылдау ісін жай саясаткерлер ғана емес, сонымен қатар әскери басшылар қызметін атқарған халықтың көсемдері, дәстүрлі қоғамда қалыптасқан тәңіршілдіктің рухани сабақтастық тізбегінде өз орны бар, рухани кемелденген адамдар шешкенін ұмытып жүр. Яғни бұл шешім көшпелі дәстүрдің рухани беделділері тарапынан өзгерген уақытты ескере отырып қабылданған болатын. Түрік көшпелілері арасында таралған ислам формасы бұрынғы дәстүрдің рухани көшбасшылары мен исламның рухани көшбасшыларының миссионерлікке деген келісімін алған жаңа дәстүрдің миссионерлері арасындағы пәтуа нәтижесі болды. Ислам мен тәңіршілдіктің өзіне тән синтезі пайда болды. Осы синтез де заңды болды, себебі ислам бұрынғы дәстүрдің жаңа жағдайда жаңаруын білдірсе, ал тәңіршілдік бұрынғы дәстүрдің бұтағы саналады. Исламның жаңаруы туралы сөз қозғағанда, синтездің осы нүктесіне қайтуы туралы сөз қозғалады, яғни оның рухани беделіне сүйене отырып, өзгерген тарихи шарттарды есепке ала отырып, қазақтың мұсылмандық дәстүрін түсіндіру керек» [16].

Осы орайда, Тұрсын Ғабитов ислам дінінің түрік мәдениетіндегі орнына салмақты да маңызды, ең бастысы негізді баға береді:

«Егерде ислам дінін арабтар түріктерге күшпен қабылдатқан деген маркстік-кеңестік тезистің құрсауынан шығып қарастырсақ бұл мәселенің бірнеше аспектілерін бөліп көрсетуге болады:

а) Ислам діні түрік халықтарының мәдениетінде өркениеттік қызмет атқарды.

ә) ислам дінінің негізінде IX-XII ғасырлар аралығында түрік халықтарының мәдениетінің өркендеуі болды, бұл кезеңдегі түрік философиясы әлемдік философиялық үдерістегі алдыңғы қатардан көрінді;

б) Ресей мен Қытайдың бодандығында болған кезіндегі түрік халықтарының мәдениеті осы империялардың ассимиляциялық саясатына ислам діні қарсы тұрып этносты сақтап қалушы қызметін атқарды;

в) арабтілді философия арқылы түрік халықтары антик философиялық мұрасымен танысты.

Ислам діні түрік халықтарының рухани мәдениетіне аса күшті ықпал етсе, түрік неофиттері ислам дінінің күшеюі мен таралуына өз үлестерін қосты. Осы орайда, Қарахан мемлекетінің, Ұлы Моғол империясының, Осман мемлекетінің және т.б. ислам дінін қорғаудағы рөлін еске алудың өзі жеткілікті» [17]. Сонымен бірге «ислам парадигмасы адамгершілігінің түрік әлеміне түрікке тән әлеми қатынастың руханилығын біріктіретін сенімді бекіте түсті. Түрік әлемінің ислам құндылықтарымен өзара әрекеті түркілік рухани-онтологиялық негізде дамыған әмбебап-өркеніеттік сұхбаттық байланыс ретінде көрініс тапты» [18].

Қорыта келе, мынадай тұжырымдарды жүйелеуге болады: түрік халқының салт-дәстүрі мен ереже-тәртіптерінің құрылуы, жалпы түрік қоғамындағы адам мен әлем мәселесі Тәңіршілдік сенімімен тығыз байланысты. Тәңіршілдік сенімінің негізі Дүниені жаратушы бір ғана күш, бір Тәңірі деген идеядан келіп шығады. Түріктер Тәңіршілдік дінін ұстанып, оны халықтық дүниетаным, мемлекеттік идеология дәрежесіне дейін жеткізген; Тәңіршілдік сенімі – байырғы түрік дүниетанымының негізгі тұғыры, өзегі, ал оның негізгі ұстанымы адамның табиғатпен, әлеммен үйлесімділікте, бірлікте болуды анықтайды. Тәңіршілдік түріктердің дүниеге қатынасының ерекше арнасын қалыптастырған рухани-діни жүйе деп ой түйеміз; Тәңіршілдік идеясы түрік этносының адам мен әлемді тануындағы және шындықты рухани-практикалық игеруінің негізгі сенімдік символы.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. – Алматы, 2014. – 42-43 б.
2. Молдабеков Ж. Қазақтың халық философиясы. // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2006. Т. 7. – 544 б.
3. Durand G. Les structures anthropologiques de l'imaginaire. – Paris.: Dunod, 1992. – 625 p.
4. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 1: Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. – 225 б.
5. Акатай С.Н. Философия тенгризма // Қазақ өркениеті. – 2001. – № 1. – С. 64.
6. Бартольд В.В. Сочинения. В 9-ти т. – М., 1966. – Т.5. – С. 26-27.
7. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 374 б.
8. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 187 б. (Сонда. 186-187 б.)
9. Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОиН РК. – С. 42.
10. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.-Л., 2000. – С. 229.
11. Нурланова К.Ш. Человек и мир. Казахская национальная идея. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 1994. – 48 с.
12. Нысанбаев А., Аюпов Н., Габитов Т.Х. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006, – С. 4.
13. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 1: Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. – 80 б.
14. Салт-дәстүр сөйлейді. Отбасы хрестоматиясы / Авторлар: Б. Бопайұлы, С. Керімбай, М. Төлеген, Ә. Нәби, А. Тасболат. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2014. – 141 б.
15. Қасымжанов А.Х. Дала кеңістігі // Әлемдік философиялық мұра: 20 т. – Алматы: Жазушы, 2009. – Т. 20: Қазіргі түркі философиясы. – 233-234 б.
16. Наурызбаева З. Изначальный ислам – Тенгрианство в наследии жырау и национальная идея // <http://otuken.kz/index.php/mythzira/42-2010-06-19-07-35-07>
17. Нысанбаев А., Аюпов Н., Габитов Т.Х. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006, – С. 133-134.
18. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. – Алматы, 2014. – 43 б.

## ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯСЫ

**Төребаев Омар Әкімбайұлы**

философия ғылымының кандидаты,  
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының доценті

**Садықов Дарын Кәукенұлы**

тарих магистрі, Семей қаласының Шәкәрім  
атындағы университетінің оқытушысы

Өз заманының адамгершілік кодексі болған «Құтағду білік» басқару даналығы, тұрмыстық және адамдармен қарым-қатынасты үйрететін жол көрсетіп, бағыт сілтейтін этикалық дидактикалық тұрғыда жазылған шығарма. Бірақ-та «Құтты білік» өзінің моральдық бағытталуына қарамастан, кей-кездері айтылып қалып жүргендей, тек қана құрғақ этикалық дидактикалық ілімдер мен үйретулердің кітабы болып қана саналуы немесе болуы мүмкін емес. Бұл – адам өмірінің мәні мен мазмұнын екшейтін, қоғамдағы адамдардың мінез-құлық нормаларымен міндеттерін анықтайтын философиялық шығарма – деп А.И. Кононов өз бағасын береді [1, 43 б.].

Сондай-ақ профессор Ағын Қасымжановта өз пікірін былай деп білдіреді: «сонымен қатар «Құтты білік» тек қана саяси трактат емес, ол сол ғасырдағы әртүрлі ғылым мен мемлекет салаларындағы дамуды да көрсетті. Бұл еңбек автордың өмірді көрсетудегі философиялық пайымдауының тереңдігін, адам құқының сол замандағы дамуын көрсетеді» [2, 60 б.].

Әлеуметтік философияның маңызды бір мәселесіне қоғамдық әлеуметтік жіктелу талдау жатады. «Құтты біліктің» әлеуметтік-саяси философиясының мәні неде деген сұрақ қойсақ, онда оны адамдық ізгілікті, ынтымақтастықты дәріптеу деп жариялауға әбден болады. Ынтымақтастыққа негізделген қоғамда мемлекет көркейіп, гүлденеді. Мұндай мемлекетте адам құқығы аяқ асты болмайды: елі бай, қазынасы толы, халқы бейбітшілік пен береке-бірлікте өмір сүреді.

Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік философиясында, яғни оның шығармашылығы мен қазіргі заман талаптарының арасындағы белгілі бір үндестікті көреміз. Байлық пен руханилықтың қайшылығы дастанда дәулет, қанағаттың пікірталасы ретінде келтірілген. Және бұл парадигманың негізінде сол кездегі ислам әлеміне тән қайшылықты бағдарлар тұр. Бір жағынан, дін фәни дүниедегі пендешіліктен арылып, мәңгі бақи дүниеге тақуалықпен тіпті, кей жағдайда сопылық аскеттікке ұмтылуға шақырады. Екінші жағынан, исламдық философия мен білімдік перипатетикалық бағытының өкілдері өз ізденістерінің адамдардың күнделікті ақыл-парасаттық қызметіне қарай бағыттады. Адамның тіршілікке келуі мен өмірлік мағыналары бұл дүниеден бас тартуы емес, керісінше, осы өмірден нағыз, шынайы бақыт, құт іздеуімен бағаланады, ал адамның өзі болса болмыстың құнды бір бөлігіне жатады. Түркі дүниетанымы мен қазақтың дәстүрлі рухани мәдениетінде қанағат өмірлік маңызды принцип ретінде қабылданған. Адамның шын байлығы – оның әлеммен, адамдармен, мәдениетпен қарым-қатынасындағы игілігінде, барлық сезіміндегі ашық-жарқындығында, әдемілік пен үйлесімділік, жақсылық пен әділдік атаулыға ұмтылысында болып табылады. Адамды қатыгездік пен әділетсіздіктен азат ету әрекеті өмірден қашып, жетілу әлеміне баруда емес, оның өмірдегі адамдық толық қалпында сақталуында жатыр. Бұл мұратқа жету жолында тарихи жан әлеуметтік кедергілердің – қатыгездік пен езушілік, біреудің бай, біреудің кедей болуы жағдайының бар екені рас, әрине. Бірақ бұл құдыретті шектеудің аржағында адам қайтіп және қалай өмір сүреді, ол өзінің қажеттіліктерін неде деп біледі деген мәселелер тұр. Бақытқа рухани және денелік күштердің үйлесімді дамуының, тұлғалардың моральдық жетілуінің, әділеттіліктің сақталуының нәтижесінде қол жетпек. Жүсіп Баласағұнның байлықты әділеттілікке қарсы қоятын әлеуметтік принциптен шыға білген. Тіпті ХХ ғасырдың өзінде әлемнің үштен бірін қамтыған социалистік жүйенің байлықты әділетсіздік деп уағыздап, кісілік, адамгершілік, әдептілік құндылықтарынан шығарып тастағаны белгілі. Бұл жағынан алғанда, «Құтты біліктің» авторы тереңірек

пайымдайды. Жүсіп бойынша, Дәулет (Айтолды) Әділеттіліктің (Күнтуды) басты уәзірі, ақылшысы болған. Оларды бір-бірінен бөліп қарастырған сыңаржақтыққа жатады. Бұл туралы Қ. Бейсенов өз ойын былай түйіндейді әділеттіліктің ақ туы іспеттес, күнтуды Елік-орталық, кіндік тұлға. Себебі, ізгілікті қоғамның мәңгілік арқауы-әдептілік. Ол-ана сүтімен сүйекке сіңген қасиет. Ал, ақыл да, дәулет те, қанағат та, сезім де туылғаннан емес, жүре бітер қасиеттер және тұрақты болмайды. Дәулет баянсыз, тұрақсыз, түлеп, жаңғырып тұрады. Ақыл адалға да, арамға да бітеді, қанағат сараңдықпен де шектесуі мүмкін. Олардың әрқайсысы жеке дара алып қарағанда дүниеге тұтқа болмайды, адамды бақытқы жетектей алмайды. Бұлар әділеттің төңірегінде топтасса ғана үміт оты көрінеді. Әділет, бақ, ақыл мен қанағат диалектикалық бірлікте болған жағдайда ғана халық бақытқа кенеледі. Себебі, бектің бақыты-халықтың бақыттылығында. Бақыт жеке басқа тән ұғым емес. Ол-халықтық сипаттағы ұғым. Өз халқын бақытқа жеткізген билеуші ғана бақытты болмақ. [3, 136]. Міне, қысқаша тұжырымдағанда, «Құтты біліктің» айтпағы осы. Біз бұл арада ұлы бабамыз әл-Фарабидің Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары деген еңбегінің заңды жалғасын, көркем сөзбен өрнектелген нұсқасын көріп отырғандай әсер аламыз [4, 13 б.]. Демек, мәселе оның диалектик болғанында емес, хас хаджиб Қарахандар мемлекетіндегі барлық әлеуметтік топтардың орны мен маңызына бекер тоқталмайды. Қоғамның әрбір мүшесі өз орнына сай болып, толыққанды, жасампаз әрекет еткенде ғана құт пен бақытқа жетуге болады.

Түркі данасы өз еңбегінде адам мен қоғам өміріндегі әділеттілік туралы оны заңға негізделген қоғам ретінде түсіндіреді. Бұл қағиданың үлкен теориялық және өмірлік мазмұны бар. Әдетте, философиялық әдебиетте әділеттіліктің 4 түрін атап өтеді: 1) жазалаушы әділеттілік; 2) теңдік ретіндегі әділеттілік; 3) мүмкіндіктер әділеттігі; 4) адам құқықтарына негізделген әділеттілік. Әрине, осыдан қаншама ғасыр бұрын Жүсіп Баласағұн әділеттіліктің қазіргі озық түсінігін береді деп отырғанымыз жоқ. Сонда да, хас хаджибтің еңбегінде бұл бағыттағы талай құнды пайымдауларды кездестіреміз.

Асыл сөз бар, қыздырмасын елді – кек!

Күшпен ұзақ ұстай алмас елді бек!

Зұлымдық өрт, тисе өртеп қырады,

Заң – тіреу, қойсаң өніп шығады.

Елді дана келсе ұзақ билегің,

Заңды ұстап, бұрсын елге бүйрегің!

Әділ заңмен ғалам жайнап, ел сүйер,

Күш қысқанда – ғалам қайнап, ел күйер [5, 17 б.].

Бұл сөз жолдарынан тура бүгінге күндегі қызу талқыланып жатқан талай пікірталастың нышаны айқындалып тұрғандай. Бұл жағынан алғанда, X-XII ғасырларда өмір сүрген түркі даналарының дүниетанымын азаматтық философия деп атауға толық негіз бар. Осы дәуірдің бастауын әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаттарынан көреміз. әл-Фарабидің азаматтық философиясында басты зерттеу объектісі қала (әл-Мадина) болғандығы және қала деп ол әлеуметтік-мәдени топтарды айтқандығы белгілі. Бұл дәстүр Жүсіп шығармашылығында жалғасын тапқан. Аталмыш түсініктегі қалаларды ізгілер және терістер деп бөлуде жалпы мұсылманды Шығысқа тән құбылыс. Жүсіп үшін де әлеуметтік топтарды құндылық негіздері бойынша сараптағандағы ең басты принцип-ізгілік, мейірімділік. Мейірімділік туралы «Құтты білікте» мынадай жолдар бар:

Мейірімдісің, өмірден көп тоқыдым,

Өсиет қып жаздым, өзің оқыған.

Мейірімді жан не дегенін, қарағын,

Мейірімділік – кісіліктің жанары.

Мейірлі жан сөзі майдай жағымды,

Құт дарытып, сылап-сыйпар жаныңды.

Мейірбанның адал ойы, жөнінде,

Әділ сөзі, көтереді көгіне [5, 19 б.].

Ойшыл адамның мейірімділік қасиеттерін мақтан көтеріп жазған, өйткені ол үшін ең бастысы – рахымдылық принципі болды.

«Құтты білікте» теріс қылық надан адамдар ісі деген Сократ пен Платонның ой түйіні айқын сезіледі. Білім жамандықтан қашып, қайырымдылыққа қарай қадам бастырады, білім адамның саналы әрекет аясын кеңейтеді, сөйтіп білім парасатты толысқан жеке адамның қалыптасуының негізі болып табылады.

Баласағұнның әлеуметтік-этикалық концепциясының кіндік идеясы, барлық мәселені ар соты алдында әділ шешу. Жоғары парасаттылыққа жеке адамның рухани толысуы нәтижесінде бәрінен де бұрын ақыл-ойдың дамуы және білімге ие болу арқылы қол жетеді.

Ғұлама ақынның айтуынша, адамды білім арқылы, қайырымдылықты жаттықтыру арқылы қайырымды іске баулуға болады, өйткені білім арқылы білімсіз ғалымға, ауру емдеу арқылы сауға айналып жатқан жоқ па? Дәл осы сияқты білім, тәрбие, өзін-өзі ұстай білу арқылы салауаттыққа, моральдық және рухани толысуға әкеледі. Ал, бұлар бақытқа жету үшін қоғамдағы адамға қажетті дүниелер. Жүсіптің білімсіздік – тәрбие, ағарту арқылы жазуға болатын әлеуметтік ауру деген пайымдауы Ибн-Синаның әлеуметтік іліміне мейлінше жақын. Баласағұнның парасаттылық, ізгілік идеялары, жақсылық пен жамандық ұғымдары мұсылман қағидаларында айтылатындай, негізінен құдайға емес, қайта адамның өзіне, оның парасатты сенімдеріне, көзқарастарына қатысты дүниелер.

Жүсіп Баласағұнның айтуынша, адамның ақыл-ойы, білімі сияқты қайырым көзінің көмегімен адамның мінез-құлқын анықтайды. Ағартудың өз жолы, жөні бар. Ізгілікті қоғамдағы барлық адам өздерінің қоғамдағы алатын орнына қарамастан өз бақытын табуға мүмкіншілік беретін осы жол. Кім қайырымды болып, жамандық атаулыдан безсе, соны бақытты адам деуге әбден болады. Нағыз бақыт адамдардың ынтымақ-бірлігінде және халыққа қызмет етуінде.

Тектілік қоғамдағы қалыптасқан ақсүйектік өлшемдерді сынай келіп, Жүсіп өз әрекетінің арқасында, ақсүйек тұқымына жатпай-ақ, кез-келген адам ізгі бола алады дейді. Қайырымды адам қоғам мүддесін жеке басының қамынан жоғары қояды. Адам толық жетілуге тек қоғамда, қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынаста өз елінің игілігі үшін пайдалы жұмыс атқара жүріп қана жетеді. Адам қоғамға пайда әкелуі керек – дейді Жүсіп Баласағұн.

Адам жасаған игіліктер келесі ұрпақта қалатын және жалғасатын болғандықтан, қоғамның әрбір мүшесі жақсы ісі, екіншісі-үлгілі сөз айтады. Пенделік бақытты дәріптей отырып, ол адам игілігін одан да іздемейді.

Жүсіп Баласағұн тәрбие және білім беру мәселелеріне көп көңіл бөліп, оны бүкіл ата-аналардың бірінші кезектегі міндеті, парызы деп білді. Заттар болмысы көк тәңірісімен қалай байланысты болса, тұлғалардың парасатты қасиеттерінің қалыптасуы да ата-аналарға, қоршаған ортаға сондай қатысты дейді ғұлама.

Хақ иесі жанды-жансыз ғаламның,  
Құлы соның бәрі жақсы-жаманның.  
Ұл мен қыздың өнегесі ата-ана,  
Бәрі бізден-дұрыс па, әлде қата ма.  
Атасы-мен, бетім әрі қарады,  
Ұлым шикі. Кімге телмең қағады?!  
Қақым болса, сіңсе ісім халыққа  
Өтеуіне-баламды оңға бағытта.  
Қамқор боп, сал өнер-білім соңына,  
Қонар құт боп білікті ел қолына [5, 28 б.].

Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік философиясындағы қоғам және адам мәселесі жөніндегі топшылауымызды, ақынның әлеуметтік өмірдің теріс жақтары жөніндегі ойларын саралаумен аяқтайық. «Құтты білік» жай ғана этикалық-дидактикалық поэма емес, оны сол заман утопиясы деген пікір де шолақ. Жүсіп өз дастанында белгілі бір әлеуметтік-мәдени тұтастықтың шынайы парадигмаларын аңғарып, оларды жоғары адамгершілік тұрғысынан

шешуге немесе өрістеу бағдарларын айқындауға ұмтылады. Бұл сипатта «Құтты білікті» Данте Алигьеридің «күдіретті комедиясымен» салыстыруға толық негіз бар. Екі тамаша туынды да руханият дамуында жарқ еткен кісілік қасиеттермен бірге, қоғамдық өмірдің теріс белгілеріне шығармашыл баға берілген. Кінә мен күнәһарлықтың сан алуан түрлеріне адамзат атынан айып тағылған. Бұл жерде құдай мен адамиат жақын мағынада қолданып тұр.

Дүниенің жарық, жарқын қырларымен қоса, оның көмескі, таса, шолақ жақтарына назар аудару жалпы түркі халықтарының дүниетанымына тән құбылыс. Мұнда, мәселен әл-Фарабидің қайырымсыздар қалалары, Қорқыт қайғысы, зар заман, Асан қайғы... т.б. айтуға болады. Бұл мәселе «Құтты білікте» Қанағаттың атынан Ақылға айтылған дүние айыптары туралы бәйттерінде арнайы көтерілген.

«Құтты білік» дастанының бақытты, құтты қоғам түзету басты мақсат болғандықтан, ақын-ойшыл Платон, Аристотель, әл-Фараби ілімдерінен нәр алып, идеалды мемлекет идеясын қолдайды. Жүсіп Баласағұнның айтуынша, идеалды мемлекеттегі әртүрлі қарым-қатынастар гармониялық түрде болуға тиіс. Сол гармонияға жетудің негізгі алғышарты ретінде ойшыл адамды алады. Саясаттың субъектісі де, объектісі де-адам. Олай болса, жеке адамның да әлеуметтік топтың мүдделері мен мінез-құлқын жете білу қажет. Шайыр халқының атынан сөйлеп саясат жүргізіп, ал өмірде оны ұмытып кетуден сақтандырады. Тарихтың көзі де, өзі де – адам, дамудың ыстық жүрегі де адам. Табиғаттың жаратқан құбылысының ең күрделісі де, құпияға толы әлемі де адам-деп Жүсіп Баласағұнның басты идеясын тұжырымдайды Қ. Назханов. Бұл қағида «Құтты білік» дастанының антропоцентризмдік, гуманистік сырын ашып береді.

Ал енді Жүсіп Баласағұнның ел басы туралы көзқарастарына келсек, олар оның басқару жөніндегі ілімінің маңызды бөлшегі болып табылады. Сондықтан кейбір ғалымдар «Құтты білікті» басқару ілімі деп те атаған.

Дастанның кіріспесінде Жүсіп Баласағұн төрт маңызды ұғымдарды айтып өтеді:

Бірі оның – шындық жолы Әділет,

Екіншісі – құт пен ырыс, дәулет.

Үшіншісі – ақыл менен парасат,

Төртіншісі – ұстамдық, Қанағат [5, 5 б.].

Әділдікті күнтуды Елік деп атайды да, оны ел басқаратын бекке теңеп, ақын-ойшыл өзінің негізгі идеясын танытады: ел басының негізгі қасиеті-әділеттілік. Соның арқасында Күнтуды Елік елін басқарып, заңды түзу жүргізіп, біліктілікті пір тұтып, халқын құтқа жеткізеді. Өз халқын осындай дәрежеге жеткізген ел басы қандай болу керектігі «Құтты білік» дастанында екі түрде айтылған: біріншіден, Оғдүлміш (ақыл) елікпен сұхбаттаса отырып, әңгіме барысында ел басы туралы пікірлерін ортаға салады; екіншіден, аталмыш мәселе бүкіл шығарма көлемінде өз шешімін табады. Жүсіп Баласағұн бектік істі Алла-тағаланың бұйрығы, сыйы деп түйіп, оның династиялық қалыпта болуын қалайды. Әрине, биліктің атасынан ұлына берілгені ХІ ғасыр заманына сай келеді, өйткені қоғамның тұрақты болуына, алға басуына, дамуына ықпал жасайды.

Сонан соң Жүсіп Баласағұн ел басы болуға лайықты бек қандай болу керегіне көп көңіл бөледі. Жоғарыда айтқандай, «Құтты білік» дастаны да сопылық мол мазмұнды арқау еткенімен, негізінде айтар ойы-адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуін, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, құтты ету деп жазады М. Әліпхан [6, 6 б.].

Жүсіп Баласағұн кісілік сирек кездеседі дей отырып «Бәрін таптым, тек кісілік таппадым, кездессе егер, жүзін көру – баққаным» [5, 5 б.] деп оны құрметтеп, пір тұтады. Осы жәйт туралы М. Әліпхан былай деп жазады: «әділет-бектік, бектік тірегі ғана емес, әр адамға кісілік боп қонатын қасиет, адамдық сипат. Ол бірде кісіліктің өзі, кейде кісілікті құрайтын негізгі үш қасиеттің бірі болып көрінеді. Әділ кісі – кісілердің сарасы саналады. Әділетті аңсау, әділетті насихаттау дастанның өзекті де жетекші желісі. Ақын қайталау әдісімен әр жағдайда, әр қырынан келіп, әділетті көп айтады» [5, 6 б.].

Сонымен қатар Жүсіп Баласағұн әділетті құтқа, бақытқа жетудің жолы деп санайды: Сол жолда бектің есімі әділет арқылы мәңгілікке қалуға мүмкін:



Әділ болсаң қараға – ақ, аққа – жақ,  
Ұрпақтарың жақсы атыңды сақтамақ [5, 5 б.].

Түйіндеп айтқанда, ақын-ойшыл әділетті бектің негізгі қасиеттерінің біріне жатқызып, Сократ, әл-Фарабидің дәстүрін жалғастырып, оны жалпы адамзаттық құндылықтар деңгейіне көтереді.

Әділеттілік қасиетімен қатар Жүсіп Баласағұн ізгілік қасиетін пір тұтады. Дастандағы төрт кейіпкерлердің бәріде ізгіліктің жолына түскен адамдар. Тіпті, Жүсіп Баласағұн ізгілікті жоғары қойғаны соншалықты, ол оны діни-моральдық мәселелермен байланыстырады. Ізгілікті оң деп, ессіздікті сол деп есептеп, оңын – жұмаққа, солын – тамұққа теңеп, ақын ізгіліктің екі дүниеде де болатынын айтады. Олай болса, ізгілікті адам, оны аты өлмейді, ұрпақтарға өнеге бола алады. Сонымен қатар, Жүсіп Баласағұнның білімді, танымды ең жоғары дәрежеде бағалауы бір қызықты салыстырма жасауға мәжбүр етеді. Неміс-американ философы Эрих Фромм адам өмірінің болу немесе иелену деген іргелі қайшылығын зерттеу барысында болуды жақтап, иеленуге қарсы болып бір жақты шешімге келеді. Ал, Жүсіп Баласағұнды алсақ оның білім туралы пікірлерін былай түйіндеуге болады: білім – байлық, сондықтан оған ие болған адамдар, жалпы қоғам құтқа, бақытқа жетеді. Яғни, білімге ақылға еге болу адамша өмір сүрудің белгісі болып табылады. Сөйтіп, ақыл, білім ел басының әділеттілік, ізгілікпен бірге ең қажетті қасиеттердің біріне жатады.

**Әдебиеттер:**

1. Кононов А.И. Грамматика языка тюркских рунических памятников: VII-IX вв. – Л. – 1980
2. Қасымжанов А.Х. Ұлы дала зиялылары. – Алматы, 1996
3. Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. А., 1994.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973
5. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986
6. Әліпхан М. Құттың кілті кісілік. – Түркістан: Мұра, 1997

**ФИЛОСОФИЯ МОРАЛИ В ЭСТЕТИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДАХ  
ЮСУФА БАЛАСАГУНСКОГО И НИЗАМИ ГЯНДЖЕВИ  
(«КУТАДГУ БИЛИГ» И «ЛЕЙЛИ И МЕДЖНУН»)**

**Йигитоглу Назмия Агали**

PhD по филологии,  
руководитель структурного подразделения  
Национального музея Азербайджанской литературы  
имени Низами Гянджеви

**Annotation.** In the article investigated the philosophical and didactic issues in the artistic heritage of two great poets-philosophers of the XIth – XIIth centuries of the Turkic world Yusif Balasagunlu (1017-1077) and Nizami Ganjavi (1141-1209).

We had come across comparative analyzes in this aspect in the studies of the well-known Azerbaijani scientist Nushaba Arasli. However, we felt the need to continue the research, taking into account that there are many concords between the "Khamsa"s poems (five poems) and the work "Qutadqu bilik" ("Knowledge that brings happiness") both in terms of content and form.

From this point of view, the chapter "Aydoldu advises his son Oqdulmush" in the work "Qutadqu bilik" by Yusif Balasagunlu is compared with the didactic chapter "Admonition to my son" in the poem "Leyli and Majnun" by Nizami Ganjavi.

**Keywords:** the poem, didactics, Eastern philosophical literature, Yusif Balasagun, Nizami Ganjavi

В истории Туркестана и Ближнего Востока XI—XII века наблюдаются как период возрождения, сопровождающийся развитием науки, художественно-философской мысли и литературы. Такие ученые и поэты как Абу Рейхан аль-Бируни, Ибн Сина, Махмуд Кашгарский, Юсиф Баласагунский, Низами Гянджеви, Афзаледдин Хагани, входят в число интеллектуалов-энциклопедистов того времени в области медицины, философии,

математики, теологии, дидактики, государственного права и других областях науки. Их творчество ныне широко известно и изучается во всем мире.

Юсуф Хасс Хаджиб Баласагунский (1017-1077) и великий азербайджанский поэт, мыслитель Низами Гянджеви (1141-1209) занимают высокое место среди таких ученых, принадлежащих к ренессансу средневекового тюркского мира.

Основной целью предмета, привлеченного нами к исследованию, является изучение идей гуманизма, справедливости, человеческой жизни и счастья, которые являются ведущими аспектами в философских воззрениях обоих мыслителей.

Юсуф Баласагунлу, живший в 1017-1077 годах во времена первого тюркско-исламского государства, Караханидов (840-1212 гг.), родился в городе Баласагун, также известном в Восточном Туркестане как Гуз-Орду.

«Судя по косвенным данным, этот город следует искать в Семиречье (Казахстан), на берегах реки Чу, неподалеку от нынешнего города Токмака (Киргизия). Юсуф родившийся в Баласагуне, творил в Кашгаре: «bu kitabni Kaşgar ilinde tükel kılıp» (Арат 24-25) «эту книгу он закончил в стране Кашгар» [Кононов, 1970: 5].

Из всемирно известного произведения писателя, «Кутадгу билиг» («Знания, приносящие счастье»), воспевающего идеальное общество и идеальную личность очевидно, что он был сведущ во многих науках своего времени.

Юсуф Баласагунский был выдающимся поэтом, философом, учёным-энциклопедистом, владел всеми тонкостями арабской и персидской поэзии и тюркского фольклора; он был сведущ в астрономии и математике, в медицине, в игре в шахматы, народных спортивных играх. Являясь назидательным, этико-дидактическим сочинением «Кутадгу билиг» было создано в 1071 году. Когда поэма была закончена, автору было приблизительно пятьдесят четыре года.

«Кутадгу билиг» не только книга советов, но и памятник, несущий традиции тюркской философии. Ссылаясь на слова известного исследователя Юсуфа Баласагунского ученого-тюрколога, языковеда Рашида Рахмати Арата: «Со своим трудом Юсуф проанализировал смысл жизни человека и сформировал философию жизни, определяющую роль человека в обществе и одновременно в государстве» [Арат, 1979: 5]. Указывающее пути высокого гуманизма, «Кутадгу билиг», получила высокую оценку в истории под такими именами, как Эдебюль-мулук «Правила благочестия царей», Амин ул-мемлеке «Благополучие государства», Зинету'л-умэра «Украшение эмиров», Шахнаме-и-Турки «Тюркская книга царей».

Просторный мир идей гениального поэта-философа, Низами Гянджеви, жившего в древнем городе Гянджа в 1141-1209 годах, является ярким примером созвучия идеям «Кутадгу билиг». Как яркий представитель Восточного и мирового ренессанса своими уникальными произведениями, поэт-мыслитель заложил основу большой литературной школы. Основное сочинение Низами Гянджеви – «Пятерица», состоит из 5 поэм: «Сокровищница тайн», «Хосров и Ширин», «Лейли и Меджнун», «Семь красавиц», «Искандарнаме». Сохранилась также часть лирического дивана. «Характерные для творчества Низами энциклопедизм, новизна тематики, высокие идеалы, новые герои, а также новаторский художественный стиль и оригинальные поэтические находки, благодаря силе своего воздействия стали образцом для художников слова многих народов» [Араслы, 2021: 7].

Эти произведения по сей день являются актуальным предметом исследования мировой филологии благодаря их глубокому, смыслу, и поэтическому совершенству. Как начитанная личность Низами был знаком не только с турецкими, персидскими и арабскими источниками. Как он сам отмечал, поэт был осведомлен о различных христианских и еврейских источниках.

Низами Гянджеви жил и творил в тот период, когда персидский язык был доминирующим литературным языком в Азербайджане. Однако, несмотря на это, во всем его поэтическом наследии доминировал дух тюркизма. Тематика поэм поэта охватывает обширную географию Ближнего и Среднего Востока и основана на череде событий,

происходящих в Иране, Азербайджане, на Кавказе, в Афинах, Китае, Индии, Саудовской Аравии и других странах. Изучение тюркских мотивов в творчестве поэта всегда было в центре внимания азербайджанской филологии. Один из выдающихся исследователей этой обширной темы, политический деятель, публицист, литературовед Мухаммад Амин Расулзаде, писал: «... наверное, нигде и ни в каком другом произведении написанном на персидском языке понятие «тюрк» не выражено с такой любовью и логикой как у Низами» [Расулзаде, 2012:163]. Как прямом, так и метафоричном смысле в «Хамсе» мастер не раз употребляет слово «тюрк» в таких мировых значениях как «турок» — красивый, смелый, богатырь, знаток; «Тюркизм» – красота, добро, чистоплотность, героизм и т.д.

Обладающий широкой эрудицией и мировоззрением, поэт, при создании своих произведений опирался на многие художественные, философские и научные источники древнего Востока, одним из которых является «Кутадгу билиг» – «Благодатное знание». Проводя исследования по этой теме, мы обнаружили несколько научных статей, в которых анализировался мир идей Юсуфа Хасс Хаджиба и Низами Гянджеви. Одним из них является труд известного азербайджанского ученого-низамоведа, профессора Нушабы Араслы «Кутадгу билиг» и «Низами». В своей статье ученый приходит к выводу, что «хотя Низами ни в одном из своих произведений, не упомянул Юсуфа Хасс Хаджиба, тщательное сравнение показывает, что философ-поэт не только знал о существовании такого произведения, но и духовно был связан с Баласагунским по многим вопросам» [Араслы, 2021: 130]. В своей статье ученый-востоковед обращает внимание на переключение некоторых вопросов в «Кутадгу-билиг» и «Хамса» по содержанию, идее и форме.

Очередным исследованием, посвященным обсуждаемой теме, является статья доктора философских наук, профессора Газиза Телебаева «Философские миры Низами Гянджеви и Жусупа Баласагуни». Ссылаясь на поэму Низами «Сокровищница тайн» ученый акцентирует внимание на философские размышления о происхождении человека, о первом человеке, Адаме; об идеальном образе жизни; о духовном предназначении человека; о превращениях жизни; о значении старости в жизни человека; об отношениях человека и животных: мистический символизм розы и т.д.

В своей работе ученый аналитически подходит к многослойности смысла и метафоричности художественного языка Низами. «В философской поэме «Кутадгу билиг» множество категорий, которые отражают специфику тюркского мировоззрения. Как и у Низами, у Баласагуни категории в «Кутадгу билиг» многомерны, многогранны, многозначны. С одной стороны, это «очеловеченные» метафизические образы, они воплощают собой человеческие качества, с другой – это философские категории, которые отражают тюркскую философскую традицию, одним из основателей которой был Баласагуни. И здесь мы видим метафоричность философского языка Баласагуни, как и у Низами» [Телебаев, 2022: 158].

Заметно, что фундаментальные анализы обоих ученых раскрывают ценные научные результаты, а также вызывают необходимость продолжения сравнительного анализа. Так как, если сравнительно подойти к идеям и содержанию обеих поэм можно наблюдать пересечение некоторых дидактических вопросов. «Кутадгу билиг» философско-дидактическое произведение, представляющее духовность, политические и правительственные взгляды тюрков. Век спустя Низами Гянджеви, живший в древней Гяндже создал свою бесценную «Хамсу» (пять поэм). Слово «бесценную» мы употребили здесь не зря. Поэт-ученый классической эпохи Абдуррахман Джами (1414-1492), так пишет в своей антологии «Бахаристан»: «Никто не способен творить такие приятные и тонкие произведения, как Низами. Это за пределами досягаемости человечества».

Такие гуманистические взгляды как идеальный человек, справедливый и мудрый правитель были ведущими идеями не только в дидактической «Сокровищнице тайн» поэта, но и в поэмах «Хосров и Ширин», «Лейли и Меджнун», «Семь красавиц», «Искендер-наме» («Книга об Александре») где ситуации развивались по конкретной композиции. Например, в одном из самых впечатляющих любовных романов древневосточной литературы «Лейли и Меджнун», мы находим политические взгляды Низами Гянджеви о справедливом обществе.

«Трагедия «Лейли и Меджнун» зародилась в конце VII – начале VIII в. н.э. среди североарабских племен бедуинов. Письменное оформление этого предания относится к началу X века» [Алиев, 1981: 11]. Пользуясь письменными источниками легенды Низами в 1188 году создал свой месневи (поэма большого объема, написанная двустихиями).

Однако, как и в других месневи поэта, в этом произведении затрагивается проблема правителя и общества. В одном из рассказов, посвященных теме справедливости автор пишет: «У правителя-тирана был трудолюбивый, умный слуга. Людей, допустивших ошибку шах, как правило, наказывал, забрасывая их бешеным собакам. А добрый слуга при каждом удобном случае кормил этих собак. Однажды гнев царя обрушился и на этого слугу. И король приказывает бросить его собакам. Но в лице мальчика, узнав своего покровителя, собаки не трогают его. Услышав об этом, царь очень удивляется и отправляется в темницу к мальчику. Спрашивает его о причине выживания».

Посредством образа поэт-философ выражает свои гуманистические взгляды, вестником которых являются такие моральные категории как дальновидность, верность, доброжелательность:

Тот молвил: «Причина этого в том, что до моего заключения  
Я несколько раз угощал псов своими милостынями.  
За то, что они ели мои подношения,  
Они замкнули свои пасти передо мной любовно.  
Десять лет я служил тебе, как раб,  
И за это вкусил от тебя подобный плод благодарности.

[Алиев, 1981: 221]

В этом и в остальных дидактических рассказах, афоризмах мы узнаем автора как мудрого философа, открывающего двери скрытым смыслам. Поэт пишет: «Держи, подобно колючке, копьё на плечах, дабы охавками захватывать урожай роз» [Алиев, 1981: 84].

В отличие от многослойного, многозначного и метафоричного стиля Низами Юсуф Баласагунский выражает свои гуманистические мысли более ясным и доступным языком:

У подданных, если к ним беки добры,  
Уверенны мысли и чувства бодры.  
И если у беков сияющий взгляд,  
У подданных очи и речи блестят.

[Баласагунский, 1983: 73]

Несмотря на отличие художественных стилей идеи авторов в обеих поэмах об идеальном человеке, о счастливом обществе совпадают несколько раз.

Профессор, низамиевед Нушаба Араслы, проведший обширное исследование по этой теме, приходит к выводу, что ««Низами был хорошо знаком с произведением «Кутадгу билиг» и с любовью относился к этому древнему образцу тюркской культуры. Творчески пользуясь произведением своего тюркского предшественника поэт по содержанию в оригинальной форме употреблял достойные образцы тюркско-народной одаренности» [Араслы, 2021: 16].

В данном исследовании причиной, по которой мы включили в сравнительный анализ «Лейли и Меджнун» из поэм «Хамсе», является часть «Назидание своему сыну Мухаммеду Низами».

В классических поэтических произведениях мы не раз встречаем главы, где автор с наставлениями обращается к своему сыну. Как известно, «Кудатгу билиг» построена на беседах четырех символических образов. «Первая – Справедливость, вторая – Счастье, третья – Разум, четвертая – Непритязательность, и каждой из них по-тюркски наречено имя. Справедливости дано имя Кюнтогды-элик, это властитель; Счастье воплощено в имени Айтолды, это – везир, Разум олицетворен в имени Огдюльмиш, это – сын везира; Непритязательность носит имя Одгурмуш, это – брат везира. И меж ними происходят беседы – произносятся вопросы и ответы» [Баласагунский, 1983: 7].

Нравоучение отца сыну раскрывается в наставлениях везира Айтолды сыну Огдюльмишу.

Пожилой Айтолды так отворачивает двери духовной сокровищницы своему сыну:

Служи всемогущему, прям и правдив,  
Пекись о грядущим, не будь нерадив.  
Будь честен в деяньях, в делах – справедлив,  
Поистине, лишь справедливый счастлив!

[Баласагунский, 1983: 122]

Чуждайся дурного, будь добрым всегда,  
Все блага найдут к тебе путь без труда.  
Терпи, не спеши, волей сдерживай пыл –  
Желанное лишь терпеливый добыл.  
От скверны язык и глаза защити,  
Ешь мало, стремись дозволения блюсти.

[Баласагунский, 1983: 124]

Подобные ценные поучения на протяжении всего произведения автор доносит до читателя. Именованье «Кутадгу билиг» как «Довлет-наме» («Книга о государственности»), пожалование поэту высокое придворное звание «хасс-хаджиб» (министра двора Тавгач-Богра-Карахана) связано именно с тем, что этот труд богат светскими мудростями. Диалоги Айтолды с сыном и нравоучения мудрого везира создают перед глазами цельный образ идеального человека. В этой главе анализируется смысл и значение человеческой жизни и определяются обязанности и нормы поведения человека в обществе.

В поэме «Лейли и Меджнун» Низами Гянджеви строит сюжет на истории печальной любви двух молодых людей. Однако поэт-философ по обстоятельству использует лирические отступления дидактического содержания. Одним из которых является «Назидание своему сыну Мухаммеду Низами». «Хотя эти главы не имеют прямого отношения к самой теме поэмы, они приобретают огромное значение при изучении творчества и мировоззрения поэта» [Алиев, 1981: 18].

В отличие от бесед о совершенном человеке Айтолды и Огдулмуша назидания Низами лаконичны, но многозначны.

Здесь поэт больше всего толкует о способах завоевания достойного места в обществе, нежели о манерах поведения и нравственных качеств:

Не сиди беспечно, ибо теперь не время для игр,  
Сейчас время доблести и возвышения.  
Стремись к знаниям и учись величию,  
Дабы изо дня в день тебя видели лучше и лучше.  
Если ты будешь стремиться к счастью, соблюдай правило:  
Соблюдай правила приличия с божьими людьми.  
Познай ты линии своего нрава,  
Ибо познание это успокаивает душу.

[Алиев, 1981: 75]

Как видно в произведениях обоих тюркских поэтов-философов идеал о счастливом обществе, справедливом правителе и достойном человеке занимает особое место. Благодаря именно этим мировым, гуманистическим идеям и их бессмертному художественному влиянию, философско-дидактическое наследие Юсуфа Баласагунского и Низами Гянджеви не теряет своей актуальности и в XXI веке.

#### Список литературы:

1. Алиев Р. Лейли и Меджнун, Баку: «Элм», 1981, 385 с.
2. Араслы Н. Низами Гянджеви и турецкая литература. Б.: «Элм и тахсил», 2021, 462 с.
3. Арат Р.Р. Кутадгу билиг. Анкара, 1979, с. XXV
4. Баласагунский Ю. Благодатное знание. М.: «Наука», 1983, 539 с.
5. Кононов А.Н. Слово о Юсуфе из Баласагуна и его поэме «Кутадгу билиг» // Советская тюркология, № 4, Баку, 1970, с. 3-12
6. Расулзаде М. А. Азербайджанский поэт Низами // Рисале, сборник исследований, № 8, Баку: «Элм и тахсил», 2012, с. 157-197
7. Телебаев Г. Философские миры Низами Гянджеви и Жусупа Баласагуни // Место «Хамсе» Низами Гянджеви в системе восточно-западных литературно-культурных связей и новые направления. Международная научная конференция. Баку: «Элм и тахсил», 2022, с. 158-161

## ҰЛТТЫҚ САНА МЕН БІРЕГЕЙЛІКТІ НЕГІЗДЕУДЕГІ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

### ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ РӨЛІ

**Байтенова Н.Ж.** филос.ғ.д., профессор  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

**Камалова Ф.Б.** «Дінтану» мамандығының  
PhD докторы, Қ.А.Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті  
**Қантарбаева Ж.О.** филос.ғ.к., доцент

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Батыстың зерттеуші ғалымдары киелі орындарға барудың екі қырын көрсетеді: біріншіден, бұл белгілі бір құбылыстар өткізілетін қоғамдық кеңістік ретінде қарастырылса, ал екіншіден, адамдардың шығармашылық елесін, символикалық және архетиптік бейнесін қалыптастыратын кеңістік ретінде айқындалады деген (Steve, 2009b: 10). Зерттеулерге сүйенетін болсақ, «киелі жерлерді» үш категорияға бөліп қарастыруға болады:

- біріншісі – дінмен байланысты адамдармен жасалған «қасиетті орындар»;

- екіншісі – табиғат факторларымен пайда болған – емдік сулар, емдік балшықтар, дөльмендер және тағы басқалары.

- үшінші категориясы екі категорияның араласуынан пайда болған «киелі жерлер». Қазақстан территориясында орналасқан киелі жерлер осы категорияларға сәйкес келеді. 2004 жылы Қазақстан Республикасы қабылдаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін жаңғырту, дамыту істері жүзеге асырылды. Осы бағдарлама аясында мемлекеттік, әлемдік маңыздылығы бар киелі орындар мен киелі жерлер анықталып, қалпына келтірілген болатын. Мемлекеттік тұрғыда бекітілген киелі орындарға – Арыстанбаб кесенесі, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Қарахан кесенесі, Айша бибі кесенесі, Қорқыт Ата кесенесі, Сунақ ата кесенесі, Бекет ата кесенесі және т.с.с көптеген мазарлар мен кесенелер, мемориалды кешендер жатады. Қазақстанның төрт бұрышында да киелі жерлер мен қасиетті орындар көп, бірақ халық арасында үлкен сұранысқа ие болған ол – Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі киелі орындар. Әрқайсысына жеке тоқталайық. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан мекені – кіші қажылық мекеніне айналды. Түркістанның тарихы өте бай. Ол Қазақ хандығының бірінші астанасы. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолының мәдени, діни және сауда орталығы болған. Қаланың ескі аты – Яссы. Бірақ қазір Түркістан қазақ даласының киелі аймағына айналды. Адамдар бұл мекенге рухани азық алу үшін, сауығу үшін, жан азабынан арылу үшін келеді. Шын мәнінде Түркістанға баратын адамдар тобын екіге бөлуге болады: біріншісі – зиярет етушілер, олар Арыстанбаб, Қожа Ахмет Ясауи, Гаухар ана кесенелеріне табыну үшін; Бесік төбеге зиярет ету (аңыз бойынша Бесік төбе құрсақ көтере алмай жүрген әйелдерге аналық қуаныш сыйлайды екен); Қасиетті Құдықтан су алуға (халықтың айтуы бойынша бұл Құдық ниеті түзу, жүрегі таза адамдарға ғана су береді екен) барса, ал екінші топ адамдар тарихи ескерткіштерді көруге, тарихи мұраларды өз қолымен ұстауға, киелі орындармен, кесенелермен, ескерткіштермен байланысты аңыз-әңгімелерді тыңдауға, ата-баба ескерткіштеріне құрмет көрсетуге және рухани азық алу үшін барады. Оған қоса, сол Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңірінде де мекен еткен бірқатар киелі

адамдардың, кемеңгер ойшылдың кесенелерін кездестіруге болады. Олар: Қорқыт ата мемориалды кешені, Бегім ана мұнарасы, Оқшы ата кесенесі, Сунақ ата (Хисамидин әз-Сығанақи) кесенесі, Қорасан ата кесенесі мен Төлегетай-Қылышты ата кешенді-мазарына да зиярат етушілердің саны күннен күнге ұлғаюда. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстанның Тараз өңірінде де зияратшылардың біршама тобын кездестіруге болады. Олар Тектұрмас кешеніне, Қарахан кесенесіне, Айша бибі кесенесі мен Бабажы Хатун мазарына зиярет ету үшін келеді. Айта кететін бір жәйт, әлемде махаббат символын білдіретін екі кесене бар, олар: Үндістандағы «Тәж-Махал» кесенесі мен біздің Тараз өлкеміздегі «Айша бибі» кесенесі. Қазақ жеріндегі тағы бір киелі орындардың бірі – Маңғыстау өңірі. Маңғыстау – Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі ірі аймақтарының бірі. «Ұйқыдағы ару» атанған бұл өлке еліміздің мұнайы мен газын беріп отырған қазына түбегі. Маңғыстау өңірі туралы көптеген ғалымдар зерттеген. Бірақ соның ішінде ерекше атап кететін, Серікбол Қондыбайұлының «Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» атты кітабы, ол «Маңғыстау» сөзінің этимологиясынан бастап Маңғыстау өңірінің тарихи-мәдени ландшафттарын зерттеген. Әсіресе осы өлкенің киелі орындарының мәнін мифологиялық көріністер арқылы түсініктемелер берген. С. Қондыбайұлы бойынша Шығыс түркі (ұйғыр, салор, тува, алтай, шор, т.с.с.) және моңғол мифологиясында «маңғыш» (маңғыс, мангус) айдаһар, керемет құбыжықтар дегенді білдіреді. Түркілерде құбыжықтар жақсы және жаман қасиетке бірдей ие. Серікбол Қондыбайұлы Е.Қойшыбаевтың тұжырымдамасын негізге ала отырып әртүрлі дәлелдер келтіреді. «Біріншіден, Маңғыстауда тұрған халық «дай, алан» жыланды, айдаһарды немесе басқа бір үрейлі мақұлықты қасиетті, киелі (тотем) деп санауы ықтимал. Оның үстіне Маңғыстау облысында кездесетін Отман, Маната, Маңсуалмас, Манашы, Маңғар, Ақман, Қараман жер су аттарының болуы және олардың өз бойында мифтік аңыздық сипатын басқа топонимдерге қарағанда көбірек сақтауы аталған пікірге тоқтам жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, геологиялық уақыт бойына ғана емес, сонымен қатар VII–XV ғасырлар аралығында Маңғыстау климаты қазіргіге қарағанда өзгеше болған. Табиғат климатын ескеретін болсақ, Маңғыстауда алып жыландардың, алып кесірткелердің, тіпті қазір жойылып кеткен аңдар мекендеген деп болжам жасауға болады. Қазақ халқының «адам көрмесе жылан қырық жылда айдаһарға айналады» деген сөзі негізсіз болмас. Үшіншіден, Қаратау жоталары (Таушық, Батыс және Шығыс Қаратаулары) солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай созылып жатыр. Ақтау биігінен көз салып қарасақ сұрқай сары далада қарайып созылып жатқан таулар өте алып жыланға, айдаһарға ұқсайтынын байқау қиын шаруа емес» – дейді (Қондыбай, 2008 : 10-11). Сонымен, Серікбол Қондыбай бойынша «Маңғыстау – айдаһартау» дегенді білдіреді. Маңғыстау өзінің 362 әулиелерімен танымал. Аймақ тұрғындары «362» деген санның өзін киелі ретінде қабылдайды: мысалы пәтер таңдаған кезде «362» деген санды таңдауға тырысады, авто көліктеріне «362» деген нөмірді тағады. Мұндай практика киелі орындардың, ата-баба аруақтарының үнемі қолдап жүреді деген сенімінен туындаған. Маңғыстау жеріндегі 59 қорымдар мен жерасты мешіттері: Оғыланды жеріндегі Бекет ата, Шопан ата, Көне Бейнеу және Бекет-ата, Қараман ата, Масат ата, Шақпақ ата, Сұлтан-үпі. Әрбір киелі жер мен қасиетті орындар туралы аңыз-әңгімелер, сол аймақтың танымалдылығын қалыптастыруда маңызды орын алады. Аймақты тартымды етеді. Қазақстан территориясындағы киелі орындар Республикалық бақылауда. Зиярат ету тәртібі мен ережелері жазылған және зиярат етушілер оны ұстануға тырысады.

Сонымен «киелі жер» табиғи құбылыс па? Әлде адамдардың ойдан шығарған практикасы ма? Киелі жердің қалыптасуы туралы әртүрлі пікірлер бар. Киелі жерлердің қалыптасуы туралы тарих ғылымдарының докторы, қазақстандық шығыстанушы А.Қ. Муминов өзінің «Родословное древо Мухтара Ауезова» атты еңбегінде жақсы түсіндіріп өткен. Кітабында қожа әулетінің мәдени әлемі мен Мұхтар Әуезовтің байланысын сипаттай отырып, қазақ даласындағы киелі жерлер мен орындардың маңыздылығын ерекше атап өткен. Әшірбек Құрбанұлының айтуы бойынша, қожа әулетінің мәдени әлемінің басым бөлігін киелі орындар (мазарлар, қадам-жайлар, зираттар, киелі жер, муккадас джай) алып

жатыр дейді (Муминов, 2011 b: 120). Киелі орындардың көлемі мемлекеттік деңгейде немесе белгілі бір аймақтың негізінде өлшенеді. Маңғыстау өңірінде 362 киелі орын бар. Олар бұл 362 санды Құранның аяттарын оқығанда қолданады және күнделікті тұрмыста да қолданып жүреді. Муминов айтып кеткендей, кең көлемде танымал киелі орындар «мұсылмандардың рухани басқармасымен» ресми тіркеуге алынған және олар аймаққа, өлкеге қажылыққа келушілердің арқасында үлкен көлемде қаржы әкелетін табыс көзі болып табылады.

Ә.Муминов өз кітабында киелі орындардың типологиясына жасаумен айналысқан кеңес дәуірінің этнографы Г.П. Снесаревті ерекше атап өтеді. Г.П. Снесарев қасиеттілер, киелілер туралы аңыз-әңгімелерді зерттей отырып, негізгі төрт типін бөліп көрсетеді:

- бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар;

- библиялық-құрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары жатады;
- ортағасыр сопылары – ерте кездегі, жалпы танымал және жергілікті;
- мазарлары инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері.

Иемденген киелі орындарына байланысты тағы бір топтамасын ұсынады:

- ежелгі батырлар;
- пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер;
- ислам дінінің таратушы миссионерлер;
- Мұхаммед пайғамбардың ізбасарлары;
- сунниттік имамдар;
- сопылар;
- ру тотемдері;
- киелілердің «жаңа ұрпақтары».

Мазарлар танымалдылығына және әйгілігіне байланысты бірнеше топқа бөлінеді:

- барлық Орталық Азияға танымал;
- бір өлкеге немесе толық бір аймаққа танымал;
- шектеулі жерге ғана танымал (Муминов, 2011c: 121-122).

Муминов айтып кеткендей киелі орындардың танымалдылығы бірінші орында сакралды аңыз-әңгімелерге байланысты.

Сонымен қатар киелі орындар қарапайым адамдар арасында өзінің емдік қасиетімен, сиқырымен, құпиясымен танымал болып жатады. Барлық мұсылман әлемінде үлкен қажылық – ол Меккеге бару. Бұл барлық мұсылмандардың киелі орны. Сондай-ақ, қазіргі кезде «кіші қажылық» деген ұғым кездеседі. Ол жергілікті, аймақтық, өңірдегі киелі орындарға барып сыйыну, зиярат ету. Көп жағдайда бұл емделу, тазалану үшін жасалады. Қазіргі кезде қарапайым адамдар арасында киелі орындарға барудың үлкен бір себебіне айналған мәселе – ол ұрпақ тілеу. Сәби сүйе алмай жүрген отбасылар өздерінің әулетімен байланысты арғы ата-бабаларының немесе сол әдеттен шыққан ұлы тұлғалардың мазарларына, кесенелеріне барып тілектерін айтып, бата жасап, құрбандық шалып жатады. Ел танымайтын өз ата-бабасының мазарына барып тағзым ету Р. Отто айтып кеткендей нумизондық сезімдердің кешені. Сол арқылы сол мазар немесе зиярат діни іс-әрекеттің негізінде танымал бола басталады және құдіреттілігі анықтала бастайды. «Киелі орындардың тағы бір құдіреттілігі – олар өздерін қорғай алады» – дейді Ә.Қ. Муминов (Муминов 2011d: 124). Шынымен де, қарапайым адамдардың ішінде ауыздан ауызға тарап жүрген әңгімелерге сенетін болсақ, киелі орындарды ешқашан ешкім қирата алмайды. Адамдардың айтуы бойынша киелі орындардың иелері хайуан, аруақ немесе жын түрінде көрініп, өз орнын қорғап тұрады. Ә.Муминовтің кітабында айтылғандай, бірнеше киелі орындар бірігіп бір үлкен территорияны құрайды. Оңтүстік Қазақстан киелі орындар санынан, және олардың танымалдылығымен, құдіреттілігімен ерекше орынға ие. Сакралды аймақтарға Түркістан, Тараз, Жаңақорған, Сыр өңірі, Созақ және Отырар жатады. Бұл аймақтар «кіші қажылыққа» келушілердің көлемімен анықталады. Киелі орындар қатарына Жезқазған өңірін де жатқызуға болады. Біріншіден, Ұлытау аймағы. Ол Асан-қайғы жырлаған «Жер ұйық». Қазақ даласының ұлы данасы Асан Қайғы халқына қолайлы жер іздеу мақсатында желмаясына мініп, қазақ даласын аралап шыққан. Әрбір жүрген жері мен басқан тауын ол киелі, қасиетті



деп санаған. Халыққа жайлы жер іздеген Асан-қайғы Ұлытау аймағын ең қолайлы киелі жер деп атап кеткен. Сонымен қатар тарихтан белгілі Ұлытау қазақ хандарының бас қосқан мекені. Екіншіден, Жезқазған өңірі көптеген қасиетті адамдардың мазарлары орналасқан жер – Алаша Хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі өздерінің құдіреттілігімен және зәулім архитектуралық құрылысымен танымал. Қазақ жеріндегі киелі орындарды зерттеуші тағы бір ғалым, қазақстандық мәдени антрополог Ұлан Биғожин өзінің зерттеу жұмыстарында Ван дер Вираның «Діни ұлтшылдық» еңбегін негізге ала отырып, ұлтты құрудың негізгі элементі ретінде дінді қарастырады. Биғожиннің айтуы бойынша мемлекет сопылық мазарларды дәстүрлі исламның органикалық бөлігі ретінде қарастырады. Сонымен қатар ұлттық бірегейлікті құрастырушы құрал ретінде де қарастырады. «Қазақтардың діни наным сенімі ата-баба культіне негізделеді. Қазақтардың діни көзқарасының маңызды бөлігі – киелі орындар» – деп санайды Ұ. Биғожин (Биғожин, 2015с).

Қорыта айтқанда, Қазақстанда киелі орындарға қызығушылықтың артуының себебі: біріншіден, адамдардың кіші қажылық негізінде киелі орындарға барып зиярат ету. Екіншіден, қазақтың ертеден келе жатқан наным-сеніміндегі ата-баба культінің маңызды орын алуы. Үшіншіден, әртүрлі аурулардың таралуына байланысты адамдардың ем іздеп баруы. Орталық Азияға қызығушылық танытушы еуропалық, америкалық ғалымдар көп. Әсіресе егемендігін алған, өзінің жаңа тарихын қалыптастырып жатқан Қазақстан барлық ғалымдар үшін үлкен зерттеу объектісіне айналып отыр. Қазақ жері көшпелі және отырықшы мәдениетті біріктірген жер. Үлкен тарихи оқиғаларды басынан кешірген жер. Сакралды аңыз-әңгімелердің негізінде, осындай киелі орындарымыздың арқасында еліміздің танымалдылығы арта береді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Биғожин У. (2015). В Казахстане сейчас идет бум святых мест // [Электронды ресурс]. URL: <http://caanetwork.org/archives/5947>. (айналым мерзімі: 05.11.2015)
2. Биғожин У. (2015). В Казахстане сейчас идет бум святых мест // [Электронды ресурс]. URL: <http://caanetwork.org/archives/5947>. (айналым мерзімі: 05.11.2015)
3. Биғожин У. (2015). В Казахстане сейчас идет бум святых мест // [Электронды ресурс]. URL: <http://caanetwork.org/archives/5947>. (айналым мерзімі: 05.11.2015)
4. Қондыбай С. (2008). Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Алматы: «Арыс» баспасы, 288 б.
5. Муминов А.К. (2011). Родословное древо Мухтара Ауэзова. Алматы: Жибек жолы, 304 с.
6. Муминов А.К. (2011). Родословное древо Мухтара Ауэзова. Алматы: Жибек жолы, 304 с.
7. Дюргейм Э. (1915). The Elementary forms of the Religious life. Лондон, 314 с.
8. Отто Р. (2008). Das Heilige. Über das Irrationale in der Idee des Göttlichen und sein Verhältnis zum Rationalen, 1917 /пер. А.М. Руткевича – СПб: Изд-во Санкт-Петербургского ун-та, 272 с.
9. Stump Roger W. (2008). The Geography of Religion: Faith, Place, and Space. New York: Rowan & Littlefield, 441 p.
10. Steve Brie, Jenny Dagers and David Torevell. (2009). Sacred Space Interdisciplinary Perspectives within Contemporary Contexts. Cambridge Scholars Publishing, 206 p.

## **ТАРИХИ ӨЗІНДІК САНА ЖӘНЕ РУХАНИЛЫҚ\***

**Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы**  
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының бас ғылыми қызметкері,  
философия ғылымдарының докторы, профессор

Түркі әлеміндегі қазақ философиясы мен мәдениетінің өзіндік орны бар. Еуразия алып аймағының әр түкпіріне тараған түркі тілдес халықтар Атажұртта мәңгі қоныс етіп қалған қазақ халқының тарихи өзіндік санасы мен мәдени кодын рухани бір субстрат ретінде қабылдайды. Қазіргі жаһандану заманында ұлттық және мәдени бірегейлік мәселесін ғылыми зерттеуге өзек етіп, терең де мазмұнды еңбектерімен танымал болған отандық

ғалымдарымыз баршылық. Олардың қатарынан «мәдениеттану майталманы» атанған ардақты ұстазымыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы, ҚР ӨҒА академигі, Қазақстан Философиялық Конгресінің вице-президенті Тұрсын Хафизұлы Ғабитовтың орыны ерекше. Өз шәкірттеріне деген өзгеше қамқорлығын аямайтын абзал ағамыз соңғы жылдары тарих философиясымен де арнайы айналысты.

Тарих – бұл қашанда өткеннің бейболмысқа енуінің қайтымсыз үрдісімен сипатталатын «уақытшалықтың» энтропиялық үдерістерімен күрестің жаңа ұмтылыстарының тәжірибесі. Осы орайда адамзаттың шапшаң алға жылжуға кесірін тигізетін әлеуметтік-мәдени жүк ретіндегі тарихтың анықтамасы да ойға оралады. Өзінің «мәңгі қайта айналу», билікке деген ерік» идеяларымен батыстық философия тарихында иррационализм мен имморализмнің негізін қалады деп есептелетін немістің ұлы ойшылы Фридрих Ницшенің «Тарихтың өмір үшін пайдасы мен кесірі» деп аталатын еңбегінде жады мәселесі жаңа қырынан көтеріледі [1, 191 б.].

Сол сияқты М. Мамардашвили де, нәрселердің шынайы мәнін түсінуге кедергі болатындықтан, өткен шақ ойдың дұшпаны деп тұжырымдаған еді [2, 31 б.]. «Тарих, – деп жазады атақты француз ақыны әрі академигі Поль Валери, – бұл интеллект химиясының жасап шығарған ең қауіпті өнімі. Оның қасиеттері бізге жақсы таныс. Ол армандауға мәжбүрлейді, ол халықтарды масаттандырады, жалған еске түсірулерді тудырады, ескі жараларды қоздырады, демалыс кезінде оларды азапқа салады, ұлттарды ашкөз, тәкәппар, шыдамсыз әрі өзімшіл етіп, олардың өркөкіректігін өсіреді. Тарих барлығын да ақтап ала береді. Ол ештеңеге де үйретпейді, өйткені оның бойында бәрі де бар, барлығының да үлгісін бере алады».

Алайда дара және әлеуметтік тәжірибені сүзгіден өткізу (ревизиялау) өткен, бастан кешкен нәрселердегі жағымды мен жағымсызды, рационалды мен мағынасыздықты еске түсіру, жіктеу және құндылықтық бағалау арқылы жүзеге асырылады. Өткенді толығымен теріске шығару физиологиялық және әлеуметтік-мәдени сырқат – толық амнезияға душар болу қаупін тудырады.

Танымал жазушы Шыңғыс Айтматовтың (оған дейін дәл осы сюжеттегі тақырыпты қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаевтың жазғаны белгілі) романдарында есті немесе жадыны жоғалтудың жан түршігерлік технологиясы туралы аңыз келтіріледі. Оқырман қауымға кеңінен таныс операцияның нәтижесінде көне жужань тайпаларында қолға түскен тұтқындардан адамның өзіндік Менінен, өзіндік санасынан, өткені мен есінен, тарихы мен еркіндіктен жұрдай, тек иесінің жұмсауына ғана көнетін құлдық сананың иесі – мәңгүрттер даярланады. Мәңгүрттер өзінің шығу тегі, отбасы, балалық шағы, жалпы өзінің өздігі туралы түсініктерден, басқаша айтқанда өзіндік санадан да, азаттықтан да ада болды. Аңыздан туындайтын түйінге келер болсақ, өзінің тарихын мүлдем білмейтін, мәдени немесе тарихи есін жоғалтқан адамда өзіндік сана да, шығармашыл еркіндік те болмайды. Жеке адамның ғана емес, тұтастай халықтар мен мәдениеттердің, тіпті жалпы адамзаттың тарихи жады туралы мәселе бүгінгі күні де өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Ойлауды, ойды Мартин Хайдеггер зейінмен байланыстырып, оны болмыстың жады деп бағалайды, ал қазіргі жағдайда «үйсіздік әлемнің тағдырына айналды» дейді [3, 94 б.]. «Мағына жоқ, мәні жоқ белгіміз біз, Тілден тіпті айрылдық бөтен жұртта», деп неміс ақыны Гельдерлин айтқандай, қоғамдық өмірде кең орын алып отырған жатсыну құбылысы да өткен тарихы мен дәстүрден ажыраған адамзатты тамыры жоқ, түгі жоқ айдалада жел айдаған ебелекпен салыстыруға жетелейді. Қазіргі санадағы бұл сарынды Ленобльдің айтатын «қазіргі адамдардың мазасыздығы» деген құбылысынан, Жак Мононың адамдарды «өзіне бөтен әлемде оқшау қалып, ғаламның қиыр түкпірлерінде кезіп жүретін тексіз кезбелер – сығандармен» салыстыруынан, Освенцимнен кейінгі «постмодерндік ахуалдан» (Т. Адорно, Ж. Лиотар), постмодернизм өкілдері Делез бен Гваттаридің номадологиясындағы тамырсыз, өзексіз «ризом» ұғымынан және т.б. көптеген ойлардан осындай «ессіздіктің апофеозын» аңғаруға болады. Осындай салдарлармен сипатталатын жатсынудың

себептерін көптеген зерттеушілер қазіргі әлемдік өркениетке арқау болып отырған батыстық мәдениетке тән индивидуализмнен, капиталистік өндіріс тәсілінен, дәстүрден ажыраудан, адамның табиғатқа қарсы қойылуынан, табиғатты игерудегі ғылым мен техниканың қарыштап дамып, адамды «алып тетіктің бұрандасына айналдырып» жіберуінен және т.б. іздейді. Табиғаттың сырын ұғып, онымен сұхбатқа келуге үндейтіндей көрінетін ғылым, ендігі жерде «ойланбайтын ғылымға айналып» (Мартин Хайдеггер), жаратушысы «адамның өзін ноқталап алып, алға шабуға мәжбүрлеп отыр» (Р.У. Эмерсон).

Әлеуметтік ес қоғамның жинақтаған білімі мен құндылықтарын біріктіре отырып, қашанда болған. Ал қазіргі кезде бұл тіпті өзектілігімен көзге түсіп отыр, өйткені адамзат өзінің тарихи дамуында да, логикалық дамуында да мәдени-технологиялық прогрестің белгілі бір айналымынынан өтіп, дамудың жаңа кезеңінің алдында тұр. «Тарихтың ақыры», клондау, нанотехнология және т.б. қызу пікірталастың өзегіне айналып отыр.

Тарих – бұл уақыттық үдеріс, ол қайтымсыз, өткен шақтан болашаққа қарй ағады. Өткен шақ, осы шақ және болашақ әлеуметтік жадыда қорытылады. Қазіргі заман кеңістіктік-уақыттық континуумның бір сәтінің шоғыры ретінде үздік-үздік шексіздікті білдіреді, өйткені тарих көптеген нақты-тарихи оқшау замандардан тұрады. Қазіргі заман – бұл өз бойына өткен шақты да, болашақты да енгізетін осы шақ болғандықтан, әлеуметтік жадыға деген қызығушылық ғылымда үлкен орын алып отыр. Қазіргі әлеуметтік инженерия болашақты болжау мен рационалды конструкциялау мақсатында жады туралы барлық білімді жинақтауға ұмтылуда. Осы қажеттіліктің нәтижесінде мұражайлар, кітаптар, ескерткіштер, техника мен технология түріндегі «жадының индустриясы» пайда болды. Әлеуметтік-тарихи ақпарат пен мәдени мұра индустриясы бүгінгі күні маңызы өсе түскен туризмнің өскелең талаптарын қанағаттандыруда.

Тәуелсіз Қазақстанда кеңестік алып империя ыдырағаннан кейін еуропацентристік көзқарас пен коммунистік идеологияның қысымында қалған әлеуметтік жадыны жаңғырту мен тарихи ақтаңдақтарды ашып, тарихи айғақтарды реконструкциялау арқылы тарихи сананы лайықты қалыптастыруға деген мүдде мен қызығушылық күрт өсе түсті.

Бүгінгі күні тарихи сана мен дәстүрді қайта жаңғырту мен оны модернизациямен үйлестіру өзекті мәселеге айналғандықтан өзіндік тарихи сананың түпкі субстраты мен өзіндік сара жолды анықтау барысында қазақстандық зерттеушілер ұлттық тарих пен мәдениеттің өте ертедегі қабаттарына дейін үңілуде. Еуразиялық дала мен Орталық Азия территориясындағы негізгі этностық және лингвистикалық субстрат түрінде көрінетін түркі дәстүрімен қатар, прототүркі және ирандық компоненттердің тарихи сана мен дәстүрлі мәдениетке ықпалы зерттеу нысандарына айналуда. Мифологиямен қатар, тәңірілік, шамандық діндердің шығу тегі мен олардың мәні, сондай-ақ «мұсылман ренессансы» деп аталатын араб-парсы-түркі өркениетінде ислам дінінің таралуы мен әсері, Шыңғысхан шапқыншылығы мен оның идеологиясы, ресейлік империялық отаршылық саясатпен қатар ұлы орыс мәдениетінің тарихи санаға тигізген әсері әртүрлі ғылыми еңбектер мен диссертацияларда сөз болды. Ал кеңестік дәуірде тоталитарлық режим тұсындағы коммунистік идеология мен қазіргі мәдени вестерн экспансиясының дәстүрлі мәдениетті өзгеріске ұшыратудағы тегеуіріні соңғы онжылдықтардағы ғылыми әдебиет пен мерзімдік басылым беттеріндегі өткір көсемсөздің рухани азығына айналды десе де болғандай.

Қазақстандық қоғамның қазіргі қалыптасқан ахуалы мен оның болашақ дамуының рухани бағдарын анықтаудағы барлық бұрынғыдан арылып, бәрін жаңадан бастауды дәріптейтін «батыстық жолға түсу» стратегиясы өзін-өзі ақтмайды. Батыс өзінің дәстүрлі еуроорталықтық көзқарастарынан бас тартып, шығыстық рухани құндылықтарға иек артып жатқан тұста өз-өзінен жеріген халықтар ұлттық апатқа ұшырауы сөзсіз.

Қазақтың кәсіби философиясының өте көрнекті өкілдерінің бірі Ағын Қасымжановтың сөзімен айтқанда, «мәдениеттердің ұлттық ерекшеліктерін жонудың, оларды қандай да болмасын экзотикалық, архаикалық құбылыс ретінде «кері итерудің», «қыркудың» түрлі үдерістерімен сипатталатын әлемдік өркениеттің қазіргі дамуы барлық халықтар үшін, олардың тұрмысы, өмір сүру тәртібі, қоршаған ортасы үшін біркелкі болып келетін

ортақтандырылған бір «бұқаралық-техникалық» мәдениеттің түзілуіне әкелетін үрдіс белең алып отыр. Көбіне бұл «әлемдік өркениеттілік», қарапайым мысал үшін айтар болсақ, кинодағы Голливудтың үлгілері сияқты, басқа «мәдениеттің» үлгілерін таңуды ғана білдіреді. Біздің ойымызша, жалпыадамзаттық бұл – әрқайсысы адамгершілікке өзінше бір үлесімен үн қосқан барлық халықтардың мәдениеттерінің бастаулары мен қойнауларынан тарихи тұрғыда келе жатқан құбылыс. Руханилық халыққа тіршілік етуге мүмкіндік беретін, өмір сүруге деген құқығын бекітетін өзек болып табылады. Халықтың руханилығы тарихи тұрғыда сынаққа түседі, шығынға ұшырайды, тоқырауға түседі, бірақ ол өмір сүргендіктен, халық та өмірін жалғастырады. Руханилық – саналылық пен бейсаналылықтың қоспасы, халық болмысының адамгершілік қабаты. Әрине, руханилық халықтың жалпы санасының терең тамыры ретіндегі, кәдуілгі сана мен пайым ретіндегі әртүрлі формаларда да, интеллектуалдар мен ақындардың абстракциялары мен арман-аңсарларының мейлінше биік формасында да көрініс табады. Ұлы тұлғалардың абыройын түсірушіліктің барлық ұмтылыстарына қарамастан, біз руханилық саласында, ой мен қиял саласында да шынайы және жалған ұлылық болады деп түйіндейміз» [4, 125 б.].

Халықтың тарихи санасының руханилығы – өмірлік құндылықтардың қайнар көзі ғана емес, жалпыадамзаттық құндылықтардың пайда болуының, дамуының және бекітілуінің ерекше тәсілі. Сондықтан біз әртүрлі халықтардың, оның ішінде қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихи дамуынан типологиялық ұқсастықтарды іздестірудің ықтималдығын тұжырымдаймыз.

Кеңестік дәуірде «тоталитарлық тарихи сана» үстем болғаны белгілі. Тарихи сананың мазмұнын құрайтын негізгі конституенттер, яғни тарихи сезімдер, тарихи таным мен тарихи білім бұл кезеңде саяси идеялар мен мемлекеттік идеологияның тікелей ықпалында болды. Тарихи сананың басты функциясы тоталитарлық мемлекеттің саяси мақсаттарын ақтау болды. Тоталитарлық тарихи сана да тарихи болмысты қабылдаудың ерекше бір типі болатын. Бұл типке тарихтың прогрессивті барысының қайтымсыздығына деген сеніммен, әсіресе «бақытты болашақ» деп түсіндірілетін коммунистік қоғамның келешегіне үмітпен сипатталатын мессиандық идея тән еді. Бұл тарихи сананың бұқаралық деңгейінде утопиялықтың басымдылығын бекітті. Бәрі де «жарқын болашақпен» сипатталатын қияли арман-аңсардың жетегінде болды.

Алайда, тоталитарлық тарихи сана өмірдің барлық қырын түсіндіріп беруге дәмелі болған әмбебап марксшіл-лениншіл дүниетанымның ықпалымен өткеннің тарихи тәжірибесін теріске шығарды. Осының салдарынан әлеуметтік тарихи дамудағы сабақтастық бұзылды. Тарихи мәдени тәжірибе үдерісіндегі ескі мен жаңа арасындағы объективті қажетті байланысты білдіретін сабақтастықтың үзілуі ескінің, яғни тарихи қалыптасқан қоғам үшін пайдалы ұрпақтан ұрпаққа беріліп және белгілі бір уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірибесінің жалғастығы мен жиынтығы – дәстүрдің тамырына балта шабылуы есебінен жүзеге асты.

Бұл үрдістің тауар, ақша, пайда құндылықтарын алдыңғы орынға шығарған батыстық қоғамдарда да қарқынды жүргенін ескеру қажет. Дәстүр мен қазіргі заман арақатынасы ХХ ғасырдың 70-жылдары көптеген зерттеулердің нысанына айналды. Бұл екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отаршылдық жүйенің күйреп, саяси дербестіктеріне ие болған дамушы елдердің дәстүрлі құндылықтарының батыстық либералды құндылықтармен қайшылыққа келуімен де байланысты болса керек. Капиталистік типтегі жаһандық модерндеу (жаңарту) үдерісінің әлемге таралуымен, онымен функционалды байланыста болған прагматикалық ғылым, әсіресе позитивті әлеуметтанудың бағыттары өткенге көз жұма қарады. Кеңестік қоғамда үстемдік еткен маркстік бағыттағы әлеуметтану болса, коммунистік жаңа формацияны қалыптастыру барысында дәстүр – ескішілдік, артта қалушылық, жетілмегендік рудименттері деп саналғандықтан, ол – жойылуы тиіс деп түсіндірді. Қалың бұқараның қалыпты өмірі мен әлеуметтік дамудың алғышартын қамтамасыз ететін дәстүр, осылайша, надандық пен анайылыққа теңгерілді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақстандық қоғамды модерндеу барысында туындаған қайшылықты үдерістерден, Г. Шалабаеваның пікірінше, мынадай тұжырымдар жасауға болады: «бүгінгі күні қоғамды жаңарту үшін жаңа технологиялар мен жаңа саяси және әлеуметтік құрылымдар қалыптастырумен салыстырғанда, рухани факторлардың маңызы бір де кем емес; қазіргі модернизация – ішкі де сыртқы да, тәлтума да, кірме де факторлар өзара әрекетке түсетін қоғам өзгеруінің күрделі әрі қайшылықты тәсілі; модерндік өзгерістердің нәтижесінде қазақстандық әлеумет үшін мәдениетті өндірудің, таратудың және сақтаудың жаңа типі пайда болады» [5, 139 б.].

Кеңестік кезеңде тарихи уақиғалар формация, тап, құрылыс сияқты мейлінше жалпы және абстрактылы категориялар арқылы түсіндірілді де, тарих тұрлаусызданып, өзінің индивидуалды белгілерінен айрылды. Бәрінен бұрын, адамдардың көңіл-күйі, ойлау қыртысымен, яғни менталитет деген жалпы терминмен атауға болатын нәрселермен түсіндірілетін адамдардың шынайы болмысының қыртысы, яғни рухани қырының, рухани мәдениеттің зор зардап шеккенін айта кету керек. Танымал философ Ағын Қасымжанов халқымыздың өзіндік санасының тарихына қатысты қазіргі аянышты жағдайының себептерін былайша түсіндіреді: «Қазақтардың рухани мәдениетінің тарихын түсіну және жаңғырту жұмысындағы жағдайды сипаттайтын мәселелердің біріншісі оқыту мен білім беру үдерісі үшін іргетасты құрайтын тарихи зерттеулердің жалпы бағдарымен байланысты, ал ол, дәлірек айтқанда, жоқ болып отыр. Екіншіден, жоғары оқу орындарының тарих факультеттерін есепке алмағанда, қазақтардың рухани тарихының ғана емес, қазақ тарихының жалпы мәселелері де оқу-білім беру пәндерінің жалпы тізіміне кірмей қалды. Басқа көп нәрселер туралы айтылды (бұл керек те), көне Рим мен ортағасырлық Еуропа туралы, Бабыл мен Жаңа дүниені отарлау туралы көп айтылады, ал өзімізге жақын төңірек туралы, өлкенің тарихы мен халқымыздың өзіндік санасы туралы мүлдем ештеңе айтылмайды.

Үшіншіден, жалпы алғанда тарихшылардың, жекелей алғанда мәдениет тарихшыларының күш-жігері «тарих дегеніміз өткенге қарай төңкерілген саясат» ұстынымен бағдарланды, яғни оларды тарихты ыңғайға қарай бұрмалап пайымдауға, партияның негізгі бағытындағы «тербелістерге» сәйкес «тарихты қайта көшіріп жазуға» бағдарлады. Адамдардағы айғаққа деген, жауапкершілікті жұмысқа деген, дербес ойлауға деген талғамды өшіріп тастады, оның есесіне «сізге не жағымды» ұстынына сәйкес жағымпаздықты, субъективизмді қалыптастырды» [4, 5 б.].

Кеңестік империяның ыдырауынан кейін оның бұрынғы территориясында тәуелсіз мемлекеттер достастығы қалыптасты. Кеңестік тоталитарлық жүйенің ыдырауы, дүниежүзін екі саяси лагерьге бөлген екі жүйе теке-тіресінен кейінгі жаңалықтар лебі, қоғамдық өмір мен адам болмысындағы терең өзгерістер посттоталитарлық немесе посткеңестік тарихи санадағы құбылыстарға да өз ықпалын тигізді.

\*Мақала AP09259275 «Дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары: өткені, бүгінгі мен болашағы» гранттық қаржыландыру аясындағы ғылыми жоба ауқымында жасалды.

**Әдебиеттер:**

- 1 Ницше Ф. О пользе и вреде истории для жизни // Соч.: В 2 т. Т. 1. – М.: Мысль, 1990. – Т. 1. – С.158-230.
- 2 Мамардашвили М. Картезианские размышления. – М.: Прогресс, 1993. – 352 с.
- 3 Хайдеггер М. Разговор на проселочной дороге. – М.: Прогресс, 1991. – 190 с.
- 4 Қасымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 197 б.
- 5 Шалабаева Г.К. Постигание культуры: мировоззренческие парадигмы и исторические реалии Казахстана. – Алматы: Ақыл кітабы, 2001. – 420 с.

## ЗНАНИЕ СТЕПНОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ И НАЦИОНАЛЬНОЕ САМОСОЗНАНИЕ

Мямешева Галия Хамзеевна

Кандидат философских наук,  
доцент Казахстанско-Немецкого университета,  
[myameshevag@dku.kz](mailto:myameshevag@dku.kz)

**Annotation.** The article deals with the problem of self-determination of the nation through the prism of the Steppe civilization and Steppe Knowledge.

**Ключевые слова:** Степная цивилизация, Степное Знание, национальное самосознание, идентичность, философская национальность.

В условиях турбулентности и неопределенности в мире вновь актуализируется проблема защиты «иммунной системы государства, народа, страны» (А.Х. Касымжанов). А также современные миграционные процессы повышают значимость культивирования чувства «укорененности» (М. Хайдеггер), сохранения идентичности и самоопределенности.

В книге А.Х. Касымжанова «Стелы Кошо Цайдама», на наш взгляд, синтезированы все взгляды по вопросам национальной философии и национального самосознания, политической философии Степи и геополитическим реалиям современности. Написана книга на основе лекций по Центральной Азии, прочитанных в Оклахомском государственном университете (США). В ней отражен не только общечеловеческий, но и личный жизненный опыт автора. «Стелы Кошо Цайдама», выпущенные в 1998 году, сразу стали библиографической редкостью. Кит Триббл готовил к публикации ее английский вариант под названием «Степь».

В мировой цивилизации существовала особая ветвь – «Степная» цивилизация, кочевая цивилизация. Первая кочевая империя от берегов Тихого океана до Средиземноморья – тюркский каганат VI-VIII веков или Туркестан – оставила свое культурное и политическое наследие в историческом памятнике – Стелах Кошо Цайдама. Современные тюркские народы, в том числе и казахи, с точки зрения А.Х. Касымжанова, являются прямыми потомками, наследниками древних тюрков. Цепь преемственности идет от древних тюрков через мыслителей – средневековья Аль-Фараби, Ю. Баласагуни, М. Кашгари, К.А. Ясави к казахским мыслителям Абаю, Чокану, Ибраю, Шакариму, и казахской интеллигенции XX века А. Букейханову, М. Дулатову, М. Жумабаеву, С. Торайгырову, М. Чокаеву, к нам, живущим в условиях независимого и суверенного Казахстана. Открытые в 1889 году российским ученым Н.М. Ядринцевым памятники орхоно-енисейской письменности, были расшифрованы гениальным датским ученым Вильгельмом Томсеном (1893). Они явили миру имена и ратные подвиги двух великих исторических деятелей древности братьев Кюль-Тегина и Бильге-Кагана. «Стелы Кошо-Цайдама» (716 г.) – памятник, запечатлевший тюркскую идентичность, мировоззрение и жизненные ценности, к которым можно и следует возвести региональную идентичность народов Центральной Азии, в том числе и казахского. «Честь, мужество, достоинство, общетюркская солидарность, наличие вдохновляющих идей и убежденность в божественном происхождении – таков мировоззренческий стержень, к которому в равной мере должны быть причастны как подданные, так и правители. Осознавать свою самобытность, дорожить ею и ни в коем случае не предаваться легкомысленно чужим ценностям и чужому образу жизни – вот основа основ свободы и независимости народа». [Касымжанов, 1998: 79].

В самоопределении казахов А.Х. Касымжанов выделяет два аспекта – идентичность и ориентацию на Запад. Последняя – рынок и демократия – понятна, очевидна, стала мировым стандартом, повсеместно, безмерно и безоглядно продвигается в диапазоне от рекламы до стандартов образования и экономической терминологии подражают, подобно обезьянам, вестерну. А как актуально звучат замечания мыслителя о том, что «Вестернизация» вместе с той же латиницей благо в определенных пределах, имеет свою меру» [Касымжанов, 1998: 48]. Кроме возможности «быть слугой Запада, «прельщаться» их ценностями и быть их «слугой», существует и другая. Всем известно, что арабские страны достигли

экономического и культурного прогресса за счет национального контроля над своей нефтью, многие официально придерживаются ислама, находятся вне конфронтации западной и коммунистической идеологии. КНР в 2019 году отметила свое 70-летие. Достижения Китая впечатляющие и реальные. В 2018 году КНР из реципиентов прямых мировых инвестиций превратился в мирового инвестора, войдя в тройку лидеров, наряду с США и Великобританией. При этом, традиционные лидеры стали сдавать свои позиции: за период с 2001 по 2018 год накопленные инвестиции США за рубеж сократились с 32% до 20,9%, а зарубежные инвестиции Великобритании упали с 12,4% до 5,5%, то показатели КНР выросли почти в 13 раз с 0,5% до 6,3% за тот же период. Если учесть такой формат финансирования как долговой, то Китай стал крупнейшим официальным кредитором четверти кредитов развивающихся стран, опередив Всемирный банк и МВФ. Сегодня китайские ссуды и торговые кредиты для стран со средним и низким уровнем доходов составляет 1,6 трлн. долларов (2018), что равняется почти 2% мирового ВВП [Додонов, 2019]. А ведь в Китае этот стремительный рост, как отмечает А.Х. Касымжанов, начался еще в 1978 вне «западных глобализацию ценностей», но при поддержке Запада, реальных западных инвестиций в китайскую экономику.

Второй аспект самоопределения – идентичность – расплывчат и не так очевиден, но именно он является «инстинктом самосохранения». При разрушении иммунной системы, как известно, любое живое существо становится уязвимым, расшатывается, теряет свою целостность и системность. «Идентичность и есть иммунная система государства, народа, страны» [Касымжанов, 1998: 49]. Необходимо четко видеть и отличать от современного Запада и идеологии западнизма. Год пребывания в Америке показал отечественному философу правоту многих положений известного социолога, философа А. Зиновьева «Запад. Феномен западнизма» (М.,1995), сорвавшего пелену эйфории по поводу либеральных ценностей Запада. Перспективы развития Казахстана связаны с внутренними и внешними обстоятельствами: мобилизация внутренних ресурсов для модернизации казахстанского общества с ориентацией на технологические, социальные, культурные, образовательные требования современности; благоприятный мировой фактор, геополитическая ситуация. Ценности западной демократии не стоит считать универсальными, поскольку социалистические идеи, например, в восприятии К. Ясперса и Дж.К. Гэлбрейта (конвергенции капитализма и социализма) живут и после развала СССР [Касымжанов, 1998: 38-39]. Социализм сегодня существует не только как идея, но и практика счастливых стран Скандинавии. Российский социолог Наталья Иконникова объяснила, что становление социального государства, построение государства благосостояния в странах Скандинавии связано с «профилактикой» революций, подобных Октябрьской революции 1917 года в России [Иконникова, 2019]. Как утверждает российский философ и социолог А.Б. Гофман, социализм бывает не только государственно-монополистическим советского типа, но и либеральным социализмом или капиталистическим социализмом, как в странах Скандинавии. Классовое общество сохраняется, но меняется характер системы. Наемные работники освобождаются от зависимости от небольшого числа работодателей, имея достойное качество жизни и потребления. Закон спроса и предложения, поиск работы на рынке труда никто не отменяет, но здесь предприниматели не стремятся к максимальной прибыли, а к минимальной прибыли, поскольку существует прогрессивное налогообложение, причем и капиталы и заработная плата держатся на высоком уровне. При капиталистическом социализме большую роль играет государственное предпринимательство, сильная и «мощная система социальной поддержки» [Гофман, 2020]. А на XX съезде Коммунистической партии Китая был заявлен новый путь социальной модернизации Китая – китаезация и модернизация марксизма. То есть существует социализм с китайской спецификой. Китайская модернизация осуществляется под руководством Коммунистической партии Китая, ориентируется на всеобщую зажиточность, открытость миру и взаимную выгоду, правильное понимание справедливости. [Цзян Вэй, 2022].

Модель оппозиции «коммунитас» и структуры, которую обнаружил Виктор Тернер при анализе традиционных обществ, по мнению А.Х. Касымжанова, вполне подходит для анализа оппозиций коммунистической и западной идеологий. «Коммунитас» – это не только равенство и отрицание частной собственности, но и сознание, и чувство принадлежности человечеству вне статусов и ролей – общине, коммуне, «опыт общности людей во всей их интегральной целостности и экзистенциальной полноте». В отличие от структуры с политической, правовой, институциональной и статусной расстановками, которые свойственны закрытому обществу, коммунитас представляет собой в определенной мере открытое общество, ориентированное на человечество. При нарушении меры – при абсолютизации коммунитас человеческая составляющая в отношении к человеку, к природе исчезает [Касымжанов, 2000: 91-92]. Модель «коммунитас», на наш взгляд, прочитывается и в китайской концепции «сообщества единой судьбы человечества», обращенной ко всей планете, мировой порядок на основе международного права, а не негласных правил Запада.[Цзян Вэй, 2022]

Проблема сохранения своего лица, своей идентичности Степной цивилизации отразилась в особом Степном Знании. Философская концепция Степного Знания представлена в А. Кодаром [Кодар, 1999, 2002]. Она появилась в условиях натиска западных и исламских ценностей, в ситуации выбора своего пути – духовного самоопределения и самосознания. В такое время принято обращаться к своим подлинным истокам и черпать силу и ценности именно там, тем более что национальной идеи и национальной идеологии в то время не было. Поскольку ядром духовной культуры любого народа является язык, то основное противоречие внутри современной казахской нации А.Кодар видит в противостоянии двух дискурсов- этнического и гуманитарного. Для казахов – эмпириков (носителей казахского языка) представляющих этнический дискурс – национальные приоритеты являются главными, они продолжают свое бытие-в-мифе, боятся, что иноязычие может перебить голос крови, поэтому их национальное самосознание даже нетерпимо – агрессивное. Казахи-маргиналы, получившие русское образование и воспитание, тяготеют к гуманитарному дискурсу- слышат «зов бытия», зов своего времени, для них не существует сакрального и табуированного. Они пребывают в бытии – в – мире. На каком бы языке не мыслили казахи, подчеркивает А. Кодар, они думают об одном и том же – о созидании национальной культуры и осмыслении национальной истории. При соответствующей обработке эти дискурсы могли бы дополнять друг друга. Казахская нация по языку двухкомпонентная нация, в одной части преобладает казахский язык, в другой – русский. Необходимо отметить, что на наш взгляд, эти идеи были услышаны и нашли отражение в концепции полиязычия и трехязычия, а ныне становятся реальностью в школах разного уровня – средней, высшей и т.д. Сложившаяся ситуация в отношении существования двух дискурсов неслучайна, она имеет истоки в Степном Знании. Концепция Степного Знания не имеет ничего общего с идеей евразийства, утверждает А.Кодар, поскольку последняя подменяет понятие Центральной Азии только тюркско-славянскими контактами и православием, забывая об остальных процессах.

Степное Знание ( Далалык Билиг) – это казахская интеллектуальная традиция. Это знание, возникшее в специфическом ландшафте (горы и степь) и при определенном образе жизни (кочевье), отличающееся от знания оседлых народов. Это номадическое знание, которое невозможно привязать к конкретному ландшафту, но возможно рассмотреть во временном измерении от эпохи ранних кочевников до периода Алаш-Орды. А .Кодар считает, что казахи как народ- это результат трех глобальных этногенезов- иранского( арийского), тюркского(тюркско-мусульманского) и монгольского( монголо-кипчакского). Родное племя (ата журт) казахов – это тюрки, материнское ( нагаши журт) – иранцы, брачное – племя жены ( кайын журт)- монголы. В формировании тюркского героического менталитета решающей оказалась именно арийская цивилизация. Здесь тюрки получили первый опыт приобщения к цивилизации, преданный забвению после исламизации и обретения собственно тюркского самосознания. Идеология Первого и Второго тюркских



каганатов – это результат обработки всех идей данного региона. Целостное понимание Центральной Азии и Азии вообще невозможно без видения двух векторов одной традиции – восходящей ведической и нисходящей шаманской. Арийская традиция или центрально-азиатская идея содержит модель общечеловеческого синтеза без утраты этнического своеобразия. Полифония языков, многоязычие – это судьба Центральной Азии. Все эти идеи весьма актуальны как в реалиях современного Казахстана, так и мирового сообщества в целом.

Турано-тюркские номады унаследовали примордиальную (изначальную, первозданную) арийскую традицию с культом шамана – руководителя ритуала. Кочевой образ жизни формировал соответствующий строй мышления номада. Номадизм представляет собой образ жизни децентрированного множества, которое не может быть единым целым. Власть открытого пространства формировала цельную фигуру номада, который был ориентирован на полное самообеспечение, поэтому в условиях Степи не цивилизация творила личность, а личность творила цивилизацию. Принадлежа к определенному клану и племени, номад одновременно – это свободный самоопределяющийся атом сообщества. Степень его свободы и одновременно незащищенности намного выше, чем у оседлого. Кочевники учили приспособляться к любым ситуациям, культуре выживания, которая спасала в экстремальных условиях. Отсюда был культ избранничества и личности. В ментальности номада нет понятия смерти. Оседлый человек более зависим от социальной машины (семьи, рода, племени, города, государства). Интересы номада не всегда совпадают с интересами сообщества, поэтому степные сообщества разного уровня легко распускались. Кочевники проявляют себя в звуковых символах вечного возвращения в мусических искусствах (музыке, поэзии), ибо орган восприятия времени – это слух. В то время как оседлые народы с доминантным зрением (как органом восприятия пространства) развивают пластические искусства (архитектуру, скульптуру, живопись). Бытие кочевников – это тоже бытие – в – мире, контакты с оседлой цивилизацией – с Другим кочевой цивилизации также способствовали формированию мировоззрения номадов. Мобильный номад видел много разных сообществ и мог сравнивать и сопоставлять их. А видение глазами Другого или Другой Взгляд мог касаться не только семьи, клана, государства, но и мироздания в целом. Так, например, произошло с тюркским богом Тенгри, когда ритуально-магическое поклонение сменяется этическими координатами.

Степное Знание- это: 1. Знание, сопряженное со своими носителями, не оторвавшееся от них. 2. Знание, принадлежащее устной культуре, передаваемое из поколения в поколение из уст в уста от Учителя к Ученику. 3. Открытое и гибкое знание, трансформирующееся в зависимости от передатчиков и окружения (людей, событий). 4. Катастрофически фрагментарное знание с лакунами в несколько столетий. Данный опыт мира, который формировался не так линейно и последовательно, как в культуре оседлых народов, появлялся как вспышки и выбросы в камлании шамана- знание как прозрение в измененном состоянии сознания, как прямой диалог с Богом Тенгри – Волей Космоса и Законом мироздания.

Территория распространения Степного Знания – хингано-карпатский четырехугольник степей. Носители, как говорилось уже ранее, ирано-тюрко-монгольские племена. Корпус Степного Знания, по мнению А. Кодара, образуют доавестийский период с солнечными культами, часть авестийских гимнов, отдельные фрагменты Ригvedы, мифы, сказки, легенды, предания, генеалогии, хроники, поэмы более позднего происхождения. Составными элементами Корпуса Степного Знания будут: 1. Устный сакральный свод (мифология, религия и обряды). 2. Устный эпический свод (героические и иные сказания, поэзия жырау). 3. Историко-литературный письменный свод (стихотворные хроники, и генеалогии, предания и легенды). Динамика Степного Знания (от архаики до XX века) включает в себя следующие модусы: 1. Сакральное. 2. Идеологическое. 3. Маргинальное с тяготением к Востоку. 4. Маргинальное с тяготением к Западу. 5. Интеллектуально – реставрированное.

Сакральное знание после контактов с другими культурами переходит в идеологическую форму и претерпевает эрозию, сохраняя свою наступательную, экспансионистскую основу. Суть Степного Знания А.Кодар видит в том, что оно не дает поглощать себя другими культурами, не поддается ассимиляции, существуя как бы над ними.

Сакральное Знание (Небесное Знание) – это мифоритуальное знание, консервирующее уже познанное и резко не принимающее, отвергающее чуждое и непознанное. Мир, этносфера и биосфера существуют в неотчуждаемом единстве. Каждый этнос считает, что он представляет все человечество. Сакральное знание не перепроверяет своих основ: абсолютизация, пиетет по отношению к одним ценностям, исключает любые альтернативы. Здесь должное довлеет над сущим, полностью поглощая последнее. Здесь бытие – в – мифе и переход в бытие-в-мире невозможен. Это классическое, ортодоксальное знание. Степное знание на данном этапе – это ритуально-магическое знание, другой способ познания мира, существующий параллельно рациональному. Степное Знание – это практическое, эмпирическое знание, не базирующееся на метафизических основаниях. Миф-это философия, мировоззрение племени, рождающая обязательные вербальные артефакты (тотемы, духи, боги) как часть ритуала. Внутренний порядок мифа лечит внешний хаос. Магия и ритуал становятся инобытием внутренней гармонии. Так стираются границы между внешним и внутренним. Бог как извечная данность мира, как невидимое условие видимого мира принимается и не нуждается в поклонении, кочевник занят обустройством вещного, земного мира. Любое явление мира рассматривается как знак и знаковая система, к которой взаимодействуют через магию заклятия, заговора и ритуал очищения. Кочевник живет в метареальности фантомов сознания и речи. Здесь власть символического универсума априорна. Тюркский шаман заботится о мире, он решает проблему символически, а не практически и теоретически, то есть выступает как пророк, провидец и толкователь снов. Миф-это способ спасение от метафизического ужаса, таблетка от ужаса. Будущее в мифе расписано так, что в нем исключается ужас. И в пространстве – горизонте бытия номада, и в вертикали времени как человеческом экзистенциале, существующем для живых, смерти нет. Сакральное Знание-это это знание первичной, аутентичной традиции, находящееся в синкретическом взаимодействии с последующими религиями.

Идеологическое Знание представляет собой следующий этап аутентичной традиции. Идеологическое Знание- это сознательно культивирование определенных ценностей. Здесь происходит некоторый отход от изначальных традиций, но следы, отзвук сохранены в искусстве. Фольклор и эпос создаются на этом этапе. Фольклор – это уже асакральное бытие мифа, секулярный вариант, который имеет больше художественное значение, нежели связь с культовыми основами и истоками. Идеологическое Знание – это своеобразная политическая философия, нацеленность на практику, на ситуативный успех, отсюда вытекает и способности тюрков к « большой политике» во всем: от элементов культурной мимикрии до инициации диспутов в сфере религии и огромных империй. Идеологическое знание не позволяет ассимилироваться среди других этносов, оно возвышает этнос в собственных глазах, дает ему возможность такой речи, такой самопрезентации, чтобы другие молчали и покорялись.[Кодар, 1999, 2002]

Как утверждает французский философ Жак Деррида, самоопределение, самоотождествление нации всегда имеет форму философии и имеет отношение к универсальности философской сферы. Он является противником позиции тех философов, которые полагают, что национальное в философии – нечто случайное, малосущественное и преодолимое. Философия как структура национальности, считает Ж.Деррида, не обязательно должна выглядеть как система, созданная профессиональными философами и в философских учреждениях. Философия может быть спонтанной, невыраженной философией как вид неэмпирического отношения к миру и как род универсального дискурса. А отношение между бессознательной философией, национальным началом и сознательной, новой философией круговое, циркулярное. Творчество нового – это «восхождение к истокам, круговое

возвращение к началу». А круг – это не геометрическая фигура, а союз, связь со своим собственным истоком, своим предназначением, своим происхождением, своим подлинным прошлым, своим бессознательным. Этот союз нужно заключить и обновить. Это зов, это призыв. [Деррида, 2007].

Аллюзию ницшеановского «вечного возвращения» можно прочесть не только у Ж.Деррида, но и Пауло Коэльо. Неслучайно события романа Пауло Коэльо «Заир» (Заир) происходят не только во Франции, но и в Казахстане. Кроме того, одним из главных героев романа является казах Михаил, который через культуру своих предков исцеляет душевные раны французов, представителей западной цивилизации. Михаил также становится духовным наставником главной героини романа Эстер, которая для разрешения своих проблем и обретения себя уезжает в Казахстан [Коэльо, 2005].

Таким образом, связь с собственным истоком нужна и важна всегда. Ведь история, как подчеркивал А.Х. Касымжанов, «это то, благодаря чему мы есть». [Касымжанов, 1998, 4].

#### **Список литературы:**

1. Касымжанов А.Х. Стелы Кошо Цайдама. Алматы, 1998.-113 с.
2. Додонов В. Изменение роли КНР в системе мировых инвестиционных потоков XXI века – от реципиента к основному источнику инвестиций.// Инициатива «Один пояс и один путь» и перспективы социально-экономического и общественно-политического развития стран Центральной Азии. Сборник материалов Международной научной конференции. Алматы: Научно-Исследовательский Институт Международного и Регионального Сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета, 2019 .-С. 83-86.
3. Иконникова. Н. Символы классового статуса. 27.09.2019.// Физики и лирики. [Электронный ресурс] URL <https://radiomayak.ru/podcasts/podcast/id/3341/> (дата обращения 24.02.2020).
4. Гофман А. Модуль 6. Экономика как социальный институт. Лекция 6.4. Капитализм и социализм как системы экономических институтов. Часть.1. Общая социология. Открытое образование ВШЭ [Электронный ресурс] URL [https://courses.openedu.ru/courses/course-v1:hse+GSOC+fall\\_2019/courseware/d2ca77d8cf6b4c91acab197e70a8cc0f/d20d3a217aab42ffb46572e7b83fcbf2/](https://courses.openedu.ru/courses/course-v1:hse+GSOC+fall_2019/courseware/d2ca77d8cf6b4c91acab197e70a8cc0f/d20d3a217aab42ffb46572e7b83fcbf2/) (дата обращения 24.02.2020).
5. Цзян Вэй. Приветственное слово и выступление.//Научная конференция « XX съезд Коммунистической партии Китая и перспективы казахстанско-китайского стратегического партнерства».2.11.2022. НИИ международного и регионального сотрудничества. Казахстанско-Немецкий Университет.
6. Касымжанов А.Х. Классика философии и современность.// Саясат, 2000, № 1.-С. 91-92.
7. Кодар.А.А. Казахская философия как диалог с традицией. – Алматы, 1999-34с.
8. Кодар.А.А. Степное знание.- Астана, 2002.-208с.
9. Деррида Ж. Национальность и философский национализм.//Деррида Ж. Позиции.- М., 2007.- С.126-151
10. Коэльо Пауло. Заир. – М., 2005. -274с.

## **ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ҰЛТТЫҚ САНА МЕН БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТРУДЫҢ ІРГЕТАСЫ**

**Кусайнов Дауренбек**

Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Абдуразакова Гаухар**

Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты

**Annotation.** Neither in the philosophical studies of the Soviet period, which took place yesterday, nor in our time today, little is written about the category of "worldview", it is the

source of national philosophy. In this article, speaking about Kazakh philosophy, we will focus on its importance in preserving national consciousness and identity. National philosophy as a category with a complex understanding, which is in the process of being formed in living, movement, change, in the worldview is not always uniform in its essence, in different manifestations, in communication from external and internal influences, many of its facets and secrets change, transform and set differently.

Қазақ еліне кәсіби философтар дайындайтын тұңғыш оқу орны Әбу Насыр әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің түлегі, елімізге жемісті еңбек етіп, философиядан, мәдениеттанудан көптеген монографиялар мен оқулықтар шығарған, автордың қолынан шыққан көптеген туындылары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған ұстаз бүгін 75 жасқа толған торқалы тойын әріптестерімен және шәкірттерімен өткізіп жатқан Тұрсын Хафизұлы Ғабитов ағамыз осы еңбектерінің жемісін көріп мемлекеттік марапаттарға ие болған көрнекті тұлға.

Қазақстандық мәдениеттану мектебінің негізін құрап, мәдениет тарихы мен теориясы мамандығы бойынша көптеген ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындаған, біз шәкірттері (КТК-көзі тірі классик деп атайтын) ұстазымыздың шығармашылығы көп қырлы.

Өз зерттеулерінде Тұрсын ағамыз ерекше көңіл бөлген, көшпенділер мәдениетінің бір бөлігін құрайтын қазақ қоғамының болмысына терең үңілу, ондағы жалпылық пен ерекшеліктерді көрсете білу, қазіргі мәдениет философиясының қалыптасуындағы өзекті мәселелердің бірі болып есептелетіні сөзсіз. Егер дүниені түсінудің философиялық сатысына сай мәселені дүниетаным дәрежесінде қалыптасуы десек, онда қазақ дүниетанымының негізі неден тұрады деген сұрақ заңды түрде пайда болады. Бұл сұрақтарға жауап іздесек көшпелі қазақ қоғамындағы дүниетаным туралы зерттеулерді, ондағы дүние сезім, дүние болмысы жайлы жинақталған білімге сүйене отырып жүргізуіміз керек. Әсіресе, адамды тану, сезіну, қабылдау, бағалау, түсінісе білу, көзқарасын, ойын түсіну, оларды бағалау жетістіктері мен ерекшеліктері қандай дәрежеде еді деген сауал бізді ең бірінші кезекте мазалап, толғандыруы керек.

Қазақ қоғамының басынан өткізген көптеген объективті жағдайларға байланысты, біздің философиямызда, мамандардың мойындауында, олардың назарларынан тыс қалған үлкен мәселелер бар: «Жасыратыны жоқ, қаншама жылдар «надан», «бейшара», «артта қалған», дамуы тек Ресейге тәуелді деген өріссіз пікір көп ізденістерді өз тұтқынында ұстап келді. Оны ресми саясатқа айналдыру қазақтың өзіндік рухани тарихының қайталанбас мәні мен ерекшелігін түсінбеуге апарғанын да айта кету жөн», - деп бұл мәселеге кезінде профессор К.Ш.Шүлембаев өз көзқарасын білдіріп еді [1, 21 б].

Әрине, қазіргі кезде, дегенмен де ұлттық дүниетанымымыздың негізінде ұлттық сананың қалыптасуы жайлы салиқалы әрі басы ашық, дау тудырмас тұжырымдар да жоқ емес. Ең біріншісі, ол қазақ дүниетанымының негізгі нысандары хандық дәуірде белгілі сипатқа ие болуы туралы Ахмет Байтұрсыновтың пікірі еді, оның айтуынша, ұлттың яғни қазақи ойлаудың жүйесі хандық дәуірінде қалыптасқан [2, 123 б].

Дәстүрлі қазақи дүниенің түп-төркіні көне түркі, одан арғы ғұн, сақ замандарына кетеді. Сол кезден бастап ол бірнеше даму кезеңдерін бастан өткерді және әрдайым өсіп-өркендеу, толып –жетілу үстінде болды [3, 27 б].

Бірақта қай кезде болмасын оған тән ең басты нәрсе – оның адамның күнделікті өмір тіршілігіне, тұрмыс қажеттілігіне қызмет етуге бағынуында, соған сәйкестелінуінде. Оған терең түсінетін болсақ, бұл халықтың ойлау мәдениеті көшпелі тұрмыс тауқыметімен, жағдайларымен шектеледі, соған тура тәуелділікте, одан бұлжымайды деген сөз емес. Біздің көңіл аударатынымыз- халықтың ойлау мәдениеті қоғамдық өмірдің барлық салаларымен байланысып, бірігіп, біте қайнасып жатты және соларда көрініс тапты. Сонымен қатар қоғам мүшелеріне түсінікті мысалдарда өмір сүріп қолданылды. Осы айтқан ойға дәлел ретінде тоқталсақ: «Біздің түркі тілдес халықтардың

дүниетанымының ежелгі формалары – миф, шаманизм, зоастризм, тәңіршілдік, суфизм, философия – ерте кезде басталған» дейді философия тарихының дүлділі, профессор А.Қасымжанов [3, 27 б].

Ал енді А.Нысанбаев пен Ғ.Есімовтың айтуынша: «Қазақ философиясы – өмір сүру философиясы, яғни рухани жағынан қазіргі әлемдік философияда өз орны бар экзистенциализмге жақындау. Халықтың «жалған өмір» туралы түсінігі тек діни бойкүйездікке құрылмаған, ол белсенді әрекетті де жоққа шығармайды. Қазақ «түстік ғұмырың болса, кештік мал жина» дейді деп қазақ философиялық мәдениетінің қалыптасуының тағы да бір қырын көрсетеді екі философ ғалым [4, 14 б].

Қазіргі кезде философиялық әдебиеттерде көшпенділердің дүниетанымы, дүниетанымдық синкретизм, дәстүрлі дүниетаным деп аталады. Оның негізінде өмірді тұтастай қабылдау жатыр. Ал енді жиі кездесіп жүрген философиялық ілімдер өмірді белгілі бір идеялар негізінде түсіндірсе, дүниетанымдық синкретизм оны тұтастай бірбүтін ретінде қабылдайды. Көшпенділер дүниетанымының ерекшелігі, ол өмір құбылыстарын сол күйінде қабылдап, сезінуге, түсінуге, ой елегінен өткізуге талпынады және оны ешқандай догмаға, теорияларға айналдырмайды. Ал философиялық ілімдер болса, дүниені түсіндіруге баса көңіл бөледі және оны белгілі бір идея, мектеп, бағыт ретінде түсіндіруді көздейді.

Қазақ дүниетанымы-тәңірлік, шамандық дүниетаным. Қазақтардың өмірді қабылдау, ұғыну, ойлау мәнінің, жалпы рухани өмірінің негізінде бабалар аруағына сыйыну, тәңірді құрметтеу, табиғаттың тылсым күштерін мадақтау жатыр. Қазіргі қалыптасып жатқан философиялық-мәдениеттік зерттеулерге сүйенсек көшпенділер дүниетанымы, олардың аңыздары (миф), ауыз әдебиеті үлгілерінде, өнерінде, әдет-ғұрпында, салт-дәстүрлерінде, менталитетінде, құндылықтарында, ырымдарында көрініс тапты.

Бұл мәселелер туралы кезінде көптеген зерттеулерін арнаған рухани ұстаз Қадыршат Шапағатұлының кейбір ойларына тоқтала кеткенді жөн көрдік: «Руханилық ол әлеуметтік ес, жады. Оны елемеген адам руханилықты да игере алмас. Әлеуметтік ес адамға оның өзін тануға көмектеседі. Сондай әлеуметтік естің өмір сүруін қамтамасыз ететін рухани құбылыс – аңыз. Расында да аңыз ертегі емес, ертегі тектес шындықты суреттеу. Аңыз- халық рухы, басқаша айтқанда, аңыз руханилық тарихы арқылы адам тарихын тануға көмектеседі. Аңыз ұрпақтар жады, тарих өзегі» деп айта аламыз [1, 23 б].

Көшпенділер өркениетінің мәдени-әлеуметтік тарихына көз жүгіртсек, олардың дүниетанымы – бұл тұрғыдан қарағанда өзінің бәрекелкілігімен, сабақтастылығымен сипатталады, басқаша айтқанда көшпенділердің даму тарихында олардың белгілі бір даму эволюциясын өткізгенімен, оның негізгі басты сипаты және бағдарлары күрделі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Қазақ халқы өзіне дейінгі көшпенділердің шаруашылық тиінің материалдық және рухани мәдениетінің заңды да табиғи мирасқоры.

Біздің заманымыздың ойшылдары әсіресе көшпелі қазақ қоғамындағы дүниетанымдық көзқарастарын ойлау үрдісінің протоқазақтардың дүниетанымдық жүйесімен тығыз байланысты болғандығын, олардың біркелкілігін және ұқсастығын салыстыра отырып дәлелдеу үстінде екенін біз диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізі болып есептелетін бірінші тарауда жан-жақты дәлелдеуге тырысқанбыз. Басқаша айтсақ, дүниетанымдық ортаның және құрамдас бөліктерінің көшпенділер тарихында аса күрделі революциялық өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзінің алғашқы негіздеріне беріктігін және тазалығын сақтап қалғандығы туралы терең ойлар қозғағанбыз.

Көшпенділер өмірінің негізі табиғатта өтті, сондықтан табиғат – көшпенділердің сырласы да, мұңдасы да еді, ол оған сенетін, оны құдірет көретін, құлшылық ететін. Осы себептерге байланысты қазақ сана-сезімінде, дүниетанымында, дүниетанымдық ұстамдары мен оның нақыштарында табиғатты, яғни қоршаған ортаны қорғау, қабылдау, сезіну, ұғып түсіну мәселелері негізгі болып табылады. Олар табиғатпен етене байланыс нәтижесінде қалыптасқан және сол туралы өзінің сезімі, ұғымы, білімі деңгейінен және дәрежесінен

келіп, қоғам, мәдениет, адам және адамдар арасындағы қатынастар, адамдағы адамгершілік туралы өз ой-сезімдерін, түсініктерін қалыптастыра бастады.

Табиғатты түсінуге, зерттеп білуге талпынған қазақ қоғамы үшін, табиғат тек сыйыну, сену, эстетикалық сезім объектісі болып қалған жоқ, сонымен қатар үлкен реттеушілік рөл атқарды. Көшпенділер табиғатты жанды және саналы деп түсінді. Әсіресе, аспан әлемі адамдарға жол сілтейді, дұрыс бағдар береді деп ұқты. Табиғат тәртібі, көк тәртібі, аспан тәртібі – жоғарғы әлем, бірден-бір дұрыс тәртіп деп бағалады. Ал енді бұл табиғатқа еліктеуді, оның әдіс-әрекетін қайталауға, соған ұқсауға деген талпынысты тудырды.

Қазақ дүниетанымының қалыптасуына табиғат тәртібіне еліктеу, соны қайталауға, соған еруге, ұқсауға тырысу, оған деген сүйіспеншілік және құлшылық үлкен реттеушілік рөл атқарды.

Егерде біз қазақ әдебиетінің әртүрлі бағыттағы бай мұраларын еске түсіретін болсақ, көшпенділер табиғат қозғалысын, оның ішкі заңдылығы мен тәртібін, өз әрекеттерінің тікелей негізі қылып алуға соны адамаралық қатынас орнатуға және оны зерттеуге қолдануға тырысты. Себебі, көк тәңір, жаратушы деп ұғынылды. Оның заңдары жеке адамның ғана емес қоғамның да негізінде жатыр деп түсінілді, адамды да, қоғамды да билейтін көк (табиғат) деп ұғылды. Осы себептерге байланысты көк тіртібін, табиғат тәртібін адам қоғам тәртібі қылуға тырысты. Кейбір мәліметтерге үңілсек, ежелгі түркілер, түркі қоғамының құрылымын ойлап тапқан тәңір деп түсінді [5, 137 б].

Басқаша айтсақ бұл тәңіршілдік дүниетанымының негізінде пайда болған көзқарастар. Ал енді сақтарда тәңір, көк папай, баба деп аталды. Яғни, ата-баба жолы дегеннің өзінде негізінде көк заңы, тәңір жолы, ойы жатыр, ал ата-баба жолын бұзу, тәңір жолын бұзу деп түсінілді.

Бұл жерде айта кететініміз, бір жағдайда тәңір ұғымынан бірте-бірте ата-баба ұғымы бөлініп шықты. Нақтырақ айтатын болсақ, тәңір, ата-баба, табиғат, көк ұғымдарының бір кездегі тұтас, құйма күйінде ортаө мағына, мәнге ие болуы, яғни олардың бір тұтастан, ортақ мағынадан таралғандығы. Ал бастапқы ұғым тәңірі алшақтап, ол да кейін жеке дара ұғымға, мағынаға ие болды. Ал енді, қазақ дүниетанымындағы ұлттық сана-сезімнің келесі тарихи бастауларының бірі – сахара халқының адам тану тәжірибесі еді. Қазақ қоғамында, адамды, оның қадір қасиеті мен қабілетін танудың, оны ұғынып, сезінудің, ескерудің, есептесудің, санасудың, бағалай білудің, қорғап қалудың белгілі бір деңгейі мен жүйесі қалыптасты.

Қорытындылай келсек бұл жерде айтайын деген ойымыз қазақ философиялық мәдениетінің алғышарты, төларналық бастамасы болып есептелетін қазақ дүниетанымында қаншама табиғатты терең білуге, оның заңдылықтарын түсінуге талпынғанмен, ең басты мақсат адамға көңіл бөлу, адамдағы адамшылық қасиеттерді зерттеу, көрсете білу, оны жоғары етіп көрсету, оны жетілдірудің жолдары мен әдістерін қалыптастыру, қоғамдағы гармонияны жүзеге асыру сияқты мәселелер еді, ал қоғамдағы гармонияны жүзеге асыру белгілі бір қарым-қатынастар мен қоғамдық өмірде саяси мәдениетті де қалыптастырады, сондықтан қазақ демократиялық интеллигенциясының дүниетанымдық нысандарындағы саясат және саяси мәдениет дегенде біз осы жоғарыда көрсетілген рухани-мәдени зор маңызы бар алғышарттарға тоқталдық.

Қазақ зиялыларының философиялық көзқарастарының негізі болып есептелетін қазақ философиялық мәдениетінің философиялық мазмұны мен оның даму қайшылықтарын ашу бізге біраз дүниенің мәні мен жайын көрсете алады.

Қазақ философиясын зерттеуге өзінің барлық саналы өмірін арнаған ұстазым-философия ғылымдарының докторы, профессор Ораз Аманғалиұлы Сегізбаев ғылыми ізденістерінде философия тарихына, философиялық ойлау мәдениетіне деген көптеген, әлі де болса бір ғылыми тұжырымға келмеген бағыттарға жаңа да тура, шыншыл да, ғылыми дәлелді идеялар айтып, ол идеяларын көптеген қазақ мәдениеті мен философиялық ойлау жүйесіне арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияларда қорғап отырды, жария етті.

Бүгінгі егеменді еліміздің одан әрі қарай дамып, өзінің мемлекеттік жүйесін күшейтіп отырған кезінде, мемлекеттік идеологияны жан-жақты жетілдіру барысында, қазақтың философиялық ойлау мәдениеті мәселелері өзінің зәрулік жағдайын одан да айқын көрсетіп отыр. Қазақ философиялық мәдениетін толыққанды зерттеу ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді және рухани құндылықтарымызды жаңғыртудың құрамдас бір бөлігі болып есептеледі. Бұл бағытта күнбе-күнгі өмірде кездесіп отырған қиыншылықтар сияқты, қоғамымыздың рухани материалдық өмірінде кездесіп отырған басқа да қиыншылықтардан кем емес, олар әлеуметтік-экономикалық, саяси мемлекеттік жаңғыру, жаңару процестерімен бірге ұштасып, байланысып жатыр, сонымен қатар ерекшелене отырып, күнбе-күнгі өмірдегі әртүрлі процестерде көрініс табуда.

Бұл бағытта белгілі жағдайда бөгет болып отырған мәселе кеңестік дәуірде және соңғы кездерде қалыптасқан, қазақ мәдениетіне, қазақи ой-санаға, дүниетанымға деген кері әсерін тигізіп отырған (империялық, европоцентристік, кеңестік, коммунистік, маргиналдык) көзқарастар болып есептеледі. Бұл дәстүрлер қазірдің өзінде де сыртқы және ішкі қолдаушыларға ие, әлі де тарихи факторлармен есептеспей өмір сүруде.

Философиялық мәдениет мәселелері жалпы контекстсіз түсінілуі мүмкін емес. Ол үшін біз жалпы контексті жалпы түсініктер аумағында- халық, мемлекет, тарих, мәдениет, философия деген түсініктер байланысын қарастыруымыз керек. Егер қазақ халқының тегіне келсек, бұрынғы әдебиеттерде қалыптасқандай, басшылығында дәстүрлі көшпенді халық. Осы жерден біз көшпенділерге деген сыртқы және соңғы кезге дейінгі ішкі қатынастарда қалыптасқан – жабайы, варварлар, басып алушылар деген, соңынан тек қана күлге айналған жазықтықтар қалдырды деген ойларды естіп келдік, өкінішке орай, қазірдің өзінде де қазақ зиялыларының белгілі тобында бұл көзқарас өзгермей отыр. Осыған байланысты далада өсіп жетілген халық үшін философиялық ойлау мәдениетінің шыңы қол жеткізбейтін биік деп әлі күнге дейін есептейтін отандастарымыз бар. Олардың көбінің түсінігінде еліміздің бүгінгі жетіп жатқан жетістіктері уақытша ғана, тарихи заңдылықтан ауытқу деп түсініледі. Бұл ойларды біз аспаннан алып отырған жоқпыз, соңғы кездегі көптеген ақпарат құралдарындағы мақалаларды талдасақ оған көзіміз әбден жетеді. Маргиналдык бағыттағы зиялылар қазақ тарихының, жер-су атауларының аттарын әлі күнге дейін дұрыс атағылары келмейді. Бұл ойға бір мысал келтіретін болсақ, әлі күнге дейін көптеген орыс тілді басылымдар Алматы қаласының атын бұрмалап, «Алма-Ата» деп жазып жүр. Сонымен қатар бұл қаланың тарихи бас аяғы 150 жыл, яғни Верный бекінісінен басталады дейді, ал осы қазан айында болған ғылыми конференциядағы Карл Байпақовтың баяндамасындағы материалдарға сүйенсек, бұл қаланың он ғасырдан артық яғни 1000 жылдық тарихы бар екендігін білеміз және оны дәлелдейтін тарихи жәдігерлердің көптеп табылғанына көзіміз жетеді.

Бұл жоғарғыдай мысалдарды айтып отырған себебім қазіргі қоғамымызда қалыптасып отырған рухани атмосфера мен ақпараттық кеңістіктегі аймақтық көзқарастар әлемін көрсету. Олардың бәрі бізге нақты тари-хымыз бен мемлекеттік төл тума мәдени мұраларымызды, барымызды бар етіп көрсете алмай отырғанымыздың куәсі. Қазақтың мәдениеті, әрине, мүлдем басқа, өзіндік реңге толы, ерекшелікке мазмұнға бай, өте тереңнен келе жатқан тамырлардан нәр алған әсем де қайталанбас, әрине осы салыстырмалар тікелей философиялық мәдениетке де қатынасты. Қазір қазақ философиясының тарихына белсенді зерттеулер жүргізіліп жатыр. Абу Насыр, әл-Фарабидің мұраларын зерттеуде көптеген жетістіктер бар, фольклор философиясынан, ақын жыраулар шығармашылығының философиялық астарларынан, би-шешендердің, ақын-жазушылардың шығармашылықтарындағы философиялық мәтіндер анықталған көптеген зерттеулер жарық көрді. Абай дүниетанымын игеруде көптеген жұмыстар жариялануда.

Бірақ бұл зерттеулердің көпшілігінде әлі де болса сандық көр-сеткіштер басымырақ, қазақ философиясының тарихынан жаңа тұлға-лардың аттарын, олардың еңбектерінің аттарын, олардың шешкен мәселелері мен қолданған әртүрлі әдістерін

түсіндіру сияқты ұлттық сананың қалыптасуы яки жетілуіне тікелей әсер ететін, әсіресе философиялық өзін-өзі түсінуді қалыптастыратын әсерлері мол шаралар. Әрине қазақ философиясының өзіндік бірегей бет-бейнесі, болмыс бітімі тек қана жоғарғы көрсетілген шаралармен шектеліп қалмауы қажет деп есептейміз. Сондықтан да бұл абыройлы істі одан әрі жалғастыру үшін, ауқымын кеңейту үшін, ізденістерді тереңдету үшін, біз іздену әдістерін белгілеп, талдауға түсетін қазақ философиясы мен философиялық мәдениеттің эталоны болып есептелетін гректік – европалық философиялық мәдениетке әрі ұқсастық жақтарын, сонымен қатар қазақ философиясын ерекшелендіріп тұрған, бірегей қажеттіктерін кең де жан-жақты зерттеп көрсетіп, оның бар екендігін дүниежүзінің ойшылдарына дәлелдеп беруіміз керек. Осыған орай соңғы кезде біз байқағанымызша көптеген қазақстандық зерттеушілер қазақ философиялық ой өрістерін зерттегенде кейде әдейі, кейде білім жеткіліксіздігінен, батыс философиясының категорияларын, бағалау критерийлерін, түсінік – аппараттарын біздің мәдени ареалымыздың зерттеулеріне қолданып жатады, басқаша айтсақ қазақтың философиясына гректің жейдесін кигізіп жатады, ол әрине басқа өлшемдерде болғандықтан шақ келмей жатады, грек ойының қатаң да шектеулі парадигмаларына, қазақтың кең даласын бейнелейтін шексіз-шетсіз ой үрдістері мен жан дүниесі қайдан сыйсын. Ал мазмұндық жағынан алсақ та қазақ ой-санасында қойылған «адам және әлем», «өмір және өлім», «тарих пен тағдыр», еркіндік құндылықтарының қатынастары, байлық, билік, өмірдің мәні сияқты мәселелер мүлдем басқа өлшемдермен бағаланады.

**Әдебиеттер:**

1. Шүлембаев Қ.Ш. Руханилық ынтымақтастық-өмірлік қажеттілік. Ақиқат. 1996. -№ 10. -21 б.
2. Байтұрсынов А. Ақжол. –Алматы: Жазушы: 2001. -463 б.
3. Қасымжанов А. Рухани тамырлар. Қазақ. Алматы.,2004, 127 б.
4. Нысанбаев Ә., Ғарифолла Есім. Халықтық дүниетаным. Егемен Қазақстан. 2011, 14 тамыз.
5. Аюпов Н.Г. Религиозная система древних тюрков. Алматы: 2009. -137 с.

## **«БИХЕВИОРИЗМ» ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Тунгатова У.А., Сеитнұр А.Б.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

e-mail: [ayazhan.seitnur@gmail.com](mailto:ayazhan.seitnur@gmail.com)

**Андатпа.** Мақалада «Бихевиоризм» терминіне түсініктеме беріліп өтілген. Сонымен қатар, ғалымдардың «Бихевиоризм» ұғымына берген сипаттамалары мен қатар жасалған тәжірибелері көрсетілген. Теория өкілдері оқытуды адам дамуының негізі деп түсіндіреді, ал психология пәні адам мен жануарлардың мінез-құлқы болып табылады. Олар белгілі бір мінез-құлық стратегиясын үйрену мүмкіндігін көрсететін көптеген эксперименттер жүргізді. Сонымен қатар, олардың көпшілігі жануарларға жүргізілді, ал қорытындылар адамдарға қатысты. Өйткені бихевиористер жануарлар мен адамдардың мінез-құлқындағы ерекше айырмашылықтарды ажыратпаған. Адамның мінез-құлық саласына қатысты барлық нәрсе жылдар бойы әртүрлі ғылыми бағыттардың зерттеу нысаны болды, олардың ішіндегі ең танымалдарының «Бихевиоризм» болды.

**Кілт сөздер:** Бихевиоризм, діни тұлға, мінез-құлық, механикалық детерминизм, физиология рецепторлар, рефлексдер, биопсихикалық, реинтеграция.

**Аннотация.** В статье дается объяснение термина «Бихевиоризм». Кроме того, показаны характеристики и параллельные эксперименты, которые ученые дали понятию «Бихевиоризм». Представители теории объясняют обучение основой развития человека, а предметом психологии является поведение человека и животных. Они провели множество экспериментов, демонстрирующих возможность изучения определенной поведенческой стратегии. Кроме того, большинство из них проводилось на животных, а выводы касались людей. Потому что бихевиористы не различали особых различий в поведении животных и людей. Все, что связано с областью человеческого поведения, на протяжении многих лет было предметом изучения различных научных областей, наиболее известными из которых были «Бихевиоризм».

**Ключевые слова:** Бихевиоризм, религиозная личность, поведение, механический детерминизм, физиология рецепторы, рефлекссы, биопсихика, реинтеграция.



**Annotation.** The article explains the term "Behaviorism". In addition, the characteristics and parallel experiments that scientists have given to the concept of "Behaviorism" are shown. Representatives of the theory explain learning as the basis of human development, and the subject of psychology is the behavior of humans and animals. They conducted many experiments demonstrating the possibility of studying a certain behavioral strategy. In addition, most of them were conducted on animals, and the conclusions concerned people. Because behaviorists did not distinguish between special differences in the behavior of animals and people. Everything related to the field of human behavior has been the subject of study of various scientific fields for many years, the most famous of which were "Behaviorism".

**Keywords:** Behaviorism, religiouspersonality, behavior, mechanicaldeterminism, physiology, receptors, reflexes, biopsychics, reintegration.

«Бихевиоризм»- түсінігі мінез-құлық пен оның қоршаған орта әсерлеріне тәуелділігін түсіндіру принциптеріне негізделген. Бихевиоризмнегізгі принциптері логикалық түрде жүреді: зерттеу әдісі ретінде интроспекция әдісін қолданудан түбегейлі бас тарту, зертханалық бақылау әдістеріне ерекше сенім арту, адам мен жануарлардың мінез-құлқын бағыттайтын механизмдердің сәйкестігін тану, жануарларға жүргізілген эксперименттерде алынған нәтижелерді адамның мінез-құлқын талдауға экстраполяциялау, мінез-құлықтың қалыптасуына қатысатын кез-келген ішкі факторларды үзілді-кесілді теріске шығару болып табылады.

«Бихевиоризм» термині ең алғаш 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың бас кезінде АҚШ-та пайда болған. Оның негізін салушылар Дж.Б.Уотсон мен Э.Торндайк болып саналады. Олар бұл бағытта қарама-қарсы әдістерімен зерттеген.

Дж. Уотсон адам мінез-құлқында туа біткен ештеңе жоқ және оның кез келген көрінісі — сырттан ынталандырудың өнімі деп айтты. Ол мінез-құлық ұғымына бір жақты ғана мағына берді. Ол ағзаның ортаға қатынасын «ынта-реакция» формуласымен анықтады.

Осылайша бихевиористер психологиялық ғылымды «психикасыз психологияға» айналдырды. Дж.Уотсонның 1925 жылы шыққан «Бихевиоризм» кітабының мағынасы мынандай: сыртқы тітіркендіргіштерге әсер ете отырып, кез-келген мінез-құлқы бар адамды «жасап шығуға» болады. Адамның өзіндік және туа біткен сенімдері ғана емес, оның қатынастары мен көзқарастары да теріске шығарылды. Бихевиоризмнің бұл бағдарламасы адамның ешқандай ерекшеліктерін ескермегендіктен антигуманды болды [1].

Сонымен бірге, оны «стимул-жауап» тұрғысынан талданған оқу процестері қызықтырды.Дж. Уотсонның бихевиоризмінің негізгі принципі «стимул және жауап» байланысын анықтау және зерттеу болып табылады.. Ынталандыру бір оқшауланған фактор немесе жағдайды қалыптастыратын факторлардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Бұл «стимул-жауап» қатынасын зерттеу байланыстырмай және мәселенің моральдық жағын бағаламай өтеді. Әрбір әлеуметтік дәуір бір мәдени дәуірге дейін өзгеретін бірдей әрекетті бағалаудың өзіндік критерийлерін белгілейді және ұстанады.

Мәдениеттануды оқытудағы келесі жаңашыл өзгерістер жаңа білім беру траекторияларын енгізу болып табылады, білім беру бағдарламаларымызда отандық мәдениет саласы үшін білікті мамандар даярлау көзделген, тек қазіргі заманғы мәдени зерттеулер саласында мамандар ғана емес, сонымен бірге халқымыздың мәдени мұрасын, түркі мәдениетін тереңірек зерделеуге, ұлттың мәдени кодын зерделеуге бағытталған «Мәдени антропология» саласында мамандар даярлауды бастадық, сонымен қатар қазіргі заманғы мәдени зерттеулер саласы бойынша сарапшы дайындауға, қазіргі өркениеттің сын-қатерлеріне жауап табуға және қазіргі заманның өзекті мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламаларды қолға алудамыз. Білім беру бағдарламаларының осындай бүртұтас жинағы ұлттық сана-сезімді жандандыруға, әлемдік тарих пен мәдениеттегі ұлттық мәдениеттің өз орнын анықтауға, өзінің тарихи орны мен мәдени мақсатын дұрыс бағалауға бағытталған. Сонымен қатар қаланың мәдени ландшафтын өзгерту бойынша жобаларды әзірлеуге, қалалық мәдениетті қайта құруға қабілетті, веб-жобалау, мәдени брэндінгіті қалыптастыру саласында дағдыларды меңгерген мамандарды даярлау процесін де қолға алудамыз.

Мәдениеттанулық білім жаһандану, мәдениетаралық коммуникациялардың қарқынды дамуы жағдайында өте маңызды және қажет, өйткені мәдени процестерді, мәдениеттің даму тарихын білместен, халықтың менталитетін қалыптастыру тетіктерін, оның өмір сүру салты мен мінез-құлық үлгілерін, халықтың құндылықтары мен дүниетанымдық бағыттарын білмей, мәдениетаралық және жеке қарым-қатынастарды дұрыс және объективті құру, сонымен қатар этносаралық қатынастарды қалықтастыру, толеранттылық мәдениетін дамыту, этносаралық және жеке қақтығыстарды жену, ынтымақтастық және т.б. мәдениеттің деңгейіне тікелей байланысты жағдайларды егжей-тегжейлі білу мүмкін емес.

Әлемдік ғылыми кеңістіктегі мәдени мәселелерді, қазақстандық мәдениет мәселелерінің өзектілігін зерттеу арқылы отандық мәдениеттанушылар соның ішінде кафедраның беделді ғалымдары тәуелсіз еліміздің тұтастығы мен тұрақтылығының сақталу жолын қалыптастыруға игі ықпалын тигізуде, ұлттық мәдениеттің бүгінгі таңдағы маңызды

қырларын, замана талабына сай мүмкіндіктерін зерделеп ел ертеңіне қалтқысыз қызмет етуде. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел ретінде Ақ Ордасын орнатып, дамудың сара жолып қалыптастыру барысында мәдениет құндылықтарының маңызды қырларын елеусіз қалдырған емес. Осы бағытта тер төгіп, мемлекеттік мәдени бағдардың жүзеге асуы жолында шығармашылық мүмкіндіктерін ортаға салған бүгінгі таңдағы мәдениеттанушылар еліміздің түрлі маңызды салаларында қызмет жасап, жемісті еңбек атқаруда.

## ТҰРСЫН ҒАБИТОВ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

**Әсет Құранбек**

философия ғылымының кандидаты,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия кафедрасының меңгерушісі

**Ерболат Қошқарбаев**

философия магистрі,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия кафедрасының аға оқытушысы

Философия ғылымының докторы, профессор Тұрсын Хафизұлы Ғабитов фәлсафада өзіндік өрнегімен танылған айтулы ғалымдардың бірі әрі бірегейі. Ол философияның әлеуеті мен сәулесін мәдениет аясынан бастап, құқық, экономика, тарих, жаратылыстану, техника секілді салаларға дейін тарқата білген ойшыл. Бұдан Тұрсын Хафизұлының философиямен қатар жалпы ғылымға үлес қосқан тұлғасын көреміз. Ғалым қызметі жалпы адамзатқа бағытталатынынан бет алсақ, Тұрсын Хафизұлы дәл осы санаттан. Ұлтының перзенті ретінде ғалым ұлт философиясы мен мәдениетіне қаншалықты үлес қосқан болса, әлемдік философияға да соншалықты үлес салып келеді. Еңбектері елімізде ғана емес, шетелдерде де қолданыста, назарда және сұраныста. Ал бұл тұстан Тұрсын Хафизұлының біріншіден, халқына қызметін, екіншіден адамзаттың рухани қызметіне қызметін аңғарамыз. Ғалымның қолтаңбасы, іздері, үлестері болашақ «Ғабитовтанушы» немесе «Тұрсынтанушы» ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып, өз жүйесін түзіп айтыла жатар. Біз мақаламызда ғалымның тұлғасы мен бірқатар ғылыми ізденістеріне тоқталмақпыз.

Философияның сипаты мен даму барысының деңгейі оның көтерер ауыр жүгі мен уәзипасы ойшыл тұлғалардың келбеті арқылы да айқындалса керек-ті. Философия сөз жоқ универсал мәнділікке негізделген. Бұл ретте философияны айқындауға кеңістіктік, уақыттық факторды телитін болсақ, қалтарыстағы мәнділіктер көріне бастайды. Уақыттық фактор ретінде ХХ ғасырдың соңғы декадасы мен ІІІ-ші миллениумның басын алсақ, ал бұл тұста оны кеңістіктік фактормен – посткеңес ареалымен матасақ, онда сол сәтте салыстырмалы тыныштық күйде болған әлемнің өзге бөлігіндегі философияға қарағанда посткеңес елдеріндегі философияда соны өзгерістер мен импульстар болғанын аңғарған болар едік. Посткеңес кеңістігіндегі философияны өзге елдермен салыстырмай-ақ, оның алдыңғы кезеңімен салыстырудың өзі-ақ өз ішінде түбегейлі алшақтық болғанынан хабар берер еді. Бұл, кезеңді бөліп тұрған критерий пайда болуына, әлеуметтік-саяси жағдайларға, өзгерістер мен толқуларға, қала берді тұтас идеология мен марксистік ілімдердің құлдырауына алып келген алып империяның құлауымен түсіндіріледі. Бұл жағдай жеке адам тұрғысынан оның ғұмыр кешкен дәуірі мен тағдырын көрсетсе, қоғам, тарих тұрғысынан болмыстағы субстантив тұжырымдарға қарағанда, процестік, құбылыстық мәнділікті негіздейтін саяси акциялардың нақты мысалы мен салдарын паш еткен релятив тұжырымның практикадағы мысалындай ғана. Қалай болғанда да хронологияда кезеңаралық 1991 саны нық орнықты.

Алдыңғы кезеңнің күллі идеологиялық қуаты, методологиялық арсеналы, бағдарлары мен құндылықтары бір-ақ сәтте өз әлеуетін түгесіп, күйреп түскенде мызғымас көрінген қоғамдар ұстыны берік тіреуінен, күшті сүйеуінен айырылғандай күйге түскен-тін. Осындай

жай-күйдің өзі заңдылыққа негізделсе керек. Терең тамырлы тарихқа, айбынды рухқа, кемелдік пен дәстүрге негізделмей, бейкәміл жасанды идеология мен жалған ұранға, насихат пен даурықпа лозунгтерге негізделген «мәнділіктердің» қай-қайсының болсын тағдыр пешенесі осы.

Хайдеггерше айтсақ бәрінің негізі, бәрінің тіреуі саналатын тіпті болмыстың құжырасы (тіл) бар. Ендеше, ұстанатын тіреу мен сүйенетін сүйеуден ажырағанның қандай екені кімге болсын белгілі. Өліара шақ, айнала өртең. Уақыт кезеңінің осы бір тұсында посткеңес кеңістіктің бір бөлігінде еліміздің іргесі қаланып, құрылымдары тізбектеле бастады. Онымен бірге, экзистенция мен когитоның қарымы да айқындалды. Басты қуат – тәуелсіз еліміз, одан туған жауаптылық және ел ертеңіне сенім.

Тақырыбымыз бен саламызға жақындата айтсақ еліміздің шаңырағын тіреп тұрған уықтар осы кезеңде орныққанына ешкімнің таласы болмаса керек. Ал олардың өздігінен орныға қалмай, тұғырлы тұлғалардың белсенділігі, қарекеті, еткен еңбегі мен төккен тері арқылы ғана мүмкін болатыны шүбәсіз. Сол кездегі сұлбалар бүгінде өз алдына жүйе құрып, құрылымданып, өзіндік келбет пен сипатқа ие болды. Әлбетте, арасында бұған дейін мүлде болмаған элементтер де болды. Жаңа кезең гипостазын енді әлемдік ой жауһарларынан (бұған дейін олар «буржуазиялық» желеуімен тыйымда болған ды), ұлт рухынан, халық даналығынан, діннен (бұлар да тыйымда болған), дәстүрден, нақты жағдай мен қажеттіліктен, 1917-дан да әріде жатқан қайнар бастаулардан іздей бастады. Міне, осындай ізденістерден бұл күні пәні мен әдісі, жүйесі мен мазмұны бекіген жаңа пәндер мен ғылым тармақтары пайда болды.

Осы тұрғыда құлабыздар қатарында философиямыздың «қалыптасуының» бастауында тұрған философия ғылымының докторы, профессор Тұрсын Хафизұлы Ғабитов есімінің ойға оралуы да заңды. Бағыт-бағдары біршама айқындалған бүгінгі кезеңге қарағанда, эскизі де, эталон-үлгісі, типтік нобайы, қала берді стандарты да болмаған, қалыптасу кезеңіндегі салалар түзілуінің жауапкершілігі қаншалықты ауыр болғанын түсіну қиын емес. Зор жауапкершілік пен мұрат-міндеттер ғалым Тұрсын Ғабитовты да айналып өтпеді. Ел деңгейіндегі: дәстүрлі дүниетаным, ұлт болмысы мен сипаты, діл мен дін, рухани қайнарлар, әдет-ғұрыптар, дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдық, құндылықтарды бағамдау, ішкі-сыртқы ықпалдар мен қауіп-қатерлер, космополитизм мен жаһандану туындатқан проблемалар Тұрсын Хафизұлын бей-жай қалдырмады. Толғандырды, қолына қалам алғызды, жаңа бағдарламалар мен оқу құралдарын, оқулықтарды жазуға түрткі болды, ойларын мерзімді басылымдарда да бөлісті. Мақсат-міндеттер ғалымды жазумен ғана шектемей нақты қадамдарға, атап айтсақ мәдениеттану кафедрасын ашып, осы кафедраға жетекшілік етуге бастады. Міне, сондықтан да профессор Тұрсын Ғабитов есімін жалпы философияға қосқан үлесімен қатар, тәуелсіз Еліміздегі мәдениеттану ғылымының қалыптасуымен байланыстыра айту әділ әрі ақиқат болмақ.

Жоғарыда аталғандармен қатар Тұрсын Хафизұлын елімізді өтпелі қоғамға, әсіресе дамушы қоғамдарға төнетін қауіптен сақтап қалған мәдениет апологиясы жауынгері деп бейнелеп көрсетсек әділ пайымның бірі болар еді. Шынында да, ғалымның төл мәдениетімізді батыстың ықпалды тегеуріннен қорғау, өзіндік сипаттарын сақтап қалу, 130 этностан тұратын елдің мәдени әртектілігін ұйыстыра білу, үйлесімді мәдени-саяси стратегияға қол жеткізу, постиндустриал ақпарат тасқында шайылып кетпеу, мәдени мұраларымызды түгендеу сынды келелі істердің бел ортасында жүргені рас. Сонымен қатар, профессор Тұрсын Ғабитовты екі уәзипаны көтеріп: жаһандық өркениет қазанында жұтылып кетпеу үшін құндылықтарды дәріптеуге және ұлттық айдентиканы сақтап қалуға барынша үлес қосқан ғалым ретінде сипаттасақ арнасын тапқан пайым болмақ. Себебі, жаһандық, планетарлық өркениеттің пайда болуы ғалымның өзі атап көрсеткендей «жай ғана Шығыс пен Оңтүстік қоғамдарының батыс өркениеті жетістіктерін сіңіруі емес» [1, 25]. Бұл күрделі феномен. Ұлттық айдентиканы сақтап қалуға Полиция, Прокуратура, Сот та қауқарсыз. Нәзік иірімдермен шарттасқан мәдениет пен руханият білім мен тәрбие арқылы ғана көктейді, көгереді. Мәдениет шекара мен кеденге бағынбайды.

Ғалымның ұлттық болмысты негіздеп жазған еңбектерінен және олардың әлем тілдерінде де үн қатуынан (мысалы: Габитов Т.Х. «Казакская культура: теория и история» (2020), Т.Н. Gabitov «Kazakh Culture challenges» (2020), Tursun Gabitov. «Actual Problems of Kazakh Culture. Kazakh Culture Challenges» (2016), Габитов Т.Х., Затов Қ. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі (2013), «Культура и цивилизация» (2006), «Қазақ мәдениетінің типологиясы» (1998), «Ежелгі көшпенділердің дүниетанымы» (2005), «Тюркская философия: десять вопросов и ответов» (2006), Казакская философия и ислам // «Ислам и философия» халықаралық симпозиумы. – Тегеран, 2001; Оригинальность тюркской культуры // «Тюркский мир. Иканос-38» халықаралық конгресі – Анкара: Ататүрік мәдени орталығы, 2007; Вестернизация и тюркская культура // Түркітілдес мемлекеттер әлеуметтанушыларының ІІ халықаралық конгресі, Стамбұл-Алматы, 2008; Национальная идея казахов и диалог культур // Мәдениеттанушылар халықаралық форумы, –Баку, 2008; Великая Шелковая путь как феномен культуры // Философия бойынша ІІ Азиялық конгресс, Икапа. – Стамбұл-Алматы, (2008) Tursun Gabitov, Özkul Çobanoğlu, Sacide Fikret Çobanoğlu. Kazak ve Oğuz Halk felsefesi. Halkbilimsel metaetik Temellendirme (2022) және т.б.) Тұрсын Хафизұлы Габитовтың әлемдік философиялық ойға ықпал етуші тұлға екенін аңғаруымызға болады. Осы секілді, «құрылымның түпнегізге бағыныштылығын қамтамасыз ететін центризмге этноцентризм де жатады» [2, 155] деген ұтқыр ойларынан ғылымның құбыласы тек батыс емес екені, этноцентризм арқылы еуропацентризмге тегеурінді сокқы бергені көрінеді.

Тұрсын Габитовтың мәдениеттанумен қатар, тарих философиясы, тіл философиясы, өнер философиясы, құқық философиясы, дін философиясы, түрік философиясы, қазақ философиясы, ғылым философиясы, техника философиясы, заңгер этикасы, бизнес этикасы және осы іспеттес өзге де еңбектерінен оның әмбебап, кеңінен зерттейтін ғалым ретіндегі қарымын аңғарамыз. Тұрсын Хафизұлының мәселеге кеңінен қарауы, оған тереңнен қарауды жоққа шығармайды. Қолданбалы ғылымдарда қабылданған кеңдікте тереңдік жоқ деген стереотиптік тезистің жаңсақ екенін Тұрсын Хафизұлы еңбектері мысалында жоққа шығаруға болады. Ешқандай жағдайда да көлемі кеңдікте тереңдік жоқ, тереңдікте кеңдік жоқ деген тезисті назарымыздағы ғалым келбетіне қолдануға болмайды. Себебі ғалымның кең спектрлі еңбектерінің қай-қайсысын алып қарасақ та мәселенің бабына да, байыбына да жеткенін бағамдай аламыз. Мәселен, ғалымның «әрбір діннің мәдениеттің сақтаушысы ретінде көрінетін ғасырлардан келе жатқан рухани құндылықтарынан тұратын тілі бар» [3, 400] деген бір ғана тұжырымында: дін-тіл-рух-құндылық-мәдениет орныға кеткен. Мұнда шеберлікпен берілген кеңдік қана емес, дендей енген тереңдік те жатыр. Бұл ғалымның эрудициясының нәтижесі.

Тұрсын Хафизұлы қазақ қоғамына қатысты зайырлы қоғам құндылықтары, ислам құндылықтары мен номадтық салттағы тәңірлік сенім синкреттілігі туралы да үйлесімді ойлар орнықтыра білді. Үлкен үш өркениет түйісінде жатқан елімізде негізгі құндылық саналатын тұрақтылық үшін сұхбаттың соншалықты маңызды екенін негіздей келе еңбектерінің көбінде діннің рөлі мен мәніне үнемі тоқталып жүреді. Осындай бір тұжырымында Тұрсын Хафизұлы «дін адамдарға жеке болмыстың тар шеңберінен шығудың ап-айқын және жеңіл орындалатын құралдарын бере отырып, «қасиетті мәтіндер», «кұтқару шеңбері» ретінде көрінеді» [4, 400] деп әділ белгілеп өтеді.

Ғалымның құқық философиясы хақындағы ойлары философияның ғана емес, құқықтың да түйткілді мәселелерін қозғаған. Зерделеуші субъектіні рефлексиялық ойларға жетелейді. Философтармен қатар заңгерлерге де бағыттаушы құрал деуге толық негіз бар. Құқықтық-философиялық еңбектердегі әлеуметтік нормалар ішіндегі құқық нормаларының ерекшелігі мен басымдығы, заңдылық пен әділеттік арасындағы коллизия сияқты мәселелер доктрина құраушы қуатқа ие. Құқықтағы қасаң санкциялар ғана емес, мораль, адамшылық, ерік, қазылық, әділдік мәселелеріне байланысты ғалымның ойлары аса құнды. «Адамдардың құқықтары мен бостандығы шектелетін болса, жеке біреудің қалауымен емес, қоғам мүддесі жолында шектелетіні, адамға деген әлеумет пен әлеуметтік институттардың ықпалы әрдайым

болатыны» [5, 131] және осы тектес философиялық-құқықтық ойлар ғалым еңбектерінің негізгі өзегі.

Міне осы сипаттағы жан-жақтылығымен, өміршендігімен, өзектілігімен, кеңдігімен әрі тереңдігімен ерекшеленетін ғалым еңбектері әркезде де рухани қазына болып қала бермек. Бір ғана ғалымның философия, мәдениеттану, дінтану, антропология, қазақтану (қазақ дәстүрі, этнографиясы, қазақ рухы, қазақ философиясы, көшпелілер философиясы, түрік философиясы, қыпшақ-оғыз философиясы т.б.), миф, рух, дүниетаным, семиотика, тіл, футуристика, қоғам, тарих, құқық, экономика секілді салаларды өндірте зерттеуі әркімге де тың мотивация, сондай-ақ бір жағынан ғалым Тұрсын Ғабитовтың қабілет-қарымының, екінші жағынан қазақстандық ғылымдағы философияның зор әлеуетінің аксиома көрінісі.

Қалай десек те, Тұрсын Хафизұлы Ғабитов зерттеулеріндегі лейтмотив оралым – мәдениеттану. Олай болса, Позитивизмді – Конттан, Феноменологияны – Гуссерльден, Прагматизмді – Пирстен бөліп қарай алмайтынымыз секілді, Тұрсын Ғабитовтан да мәдениет философиясын бөліп қарай алмайтынымыз анық.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ғабитов Т. и др. Культурология. – Алматы. Раритет, – 2001. – С. 25.
2. Ғабитов Т.Х. адам болмысын пайымдау тәжірибесі // Адам бол! Что это значит? – Алматы, 2006. – 292 с.
3. Ғабитов Т. Х. Духовное пространство казахской культуры. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 с.
4. Ғабитов Т.Х. Идентификация казахской культуры в контексте ислама // Материалы международной конференции «Алматы – столица исламской культуры 2015 года», – Алматы: 24-25 февраля, 2015 г. – С. 139.
5. Ғабитов Т.Х. Правовая культура казахов: учебное пособие / Т.Х. Ғабитов, М. Коменкова. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 131 с.

## **ҚАЗАҚ БИЛЕРІ САЯСИ ФИЛОСОФИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

**Раев Д.С.**

филос.ғ.д. профессор,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия кафедрасы

Ғылыми мақалада Қазақ хандығы тұсындағы ұлы билердің (Төле, Қазбек, Әйтеке) саяси және дипломатиялық қызметін отандық философия ғылымында алғаш рет концептуалдық және саяси философиялық тұрғыдан зерттеудің әдіснамалық негіздеріне талдау жасауға қадам жасалады. Жалпы, халықаралық саясат мәселесінің әдіснамалық негіздерін зерттеуде базалық ұғымдар ретінде – методология және эпистемология ұғымдары алға шығады. Эпистемология (грек. Episteme – білім) – таным теориясын белгілеу үшін қолданылатын философиялық термин. Методология (грек. metodos – таным жолы, *логос* – ілім) – қандайда бір ғылымда теориялық және практикалық зерттеу жұмыстарында қолданылатын танымдық әдіс-тәсілдердің, принциптердің жүйесі немесе танымның принципін, формасы мен әдіс-тәсілін құру жөніндегі ілім. Олай болса, елдің сыртқы саясаты мен саяси мәдени философиясы тұрғысындағы методология жалпы кешегі және бүгінгі сыртқы саяси үдерістің теориялық және тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыру мен түзудің түпкілікті ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде сұрыптап, жан-жақты талдап, олардың қолдану аясын, мүмкіндіктерін, олардың өзара байланысын, шындықтың өз қасиеттері мен заңдылықтарына сәйкестігін анықтап, тарихи-логикалық, танымдық-теориялық тұрғыдан негіздеп, таным мен қоғамдық, әлемдік тәжірибе философиясының әрі қарай дамуына жол ашады. Ғылыми таным тарихында методологиялық мәселелер мәдениет пен өркениет дамуының деңгейіне сай түрленіп, шешіліп отырды.

Бұл мәселені көтерудің себептерін бүгінгі әлемдік саясат философиясындағы кейбір әдіснамалық ұстанымдар мен заңдылықтардың өзгеріске ұшырауымен дәйектеуге болады. Ең алдымен, қазіргі әлемдік саясаттың кеңістіктік-уақыттық тұрғыда өзгеруі: жаһандық,

әлемдік саясат ұлттық, аймақтық, субаймақтық деңгейлерге жіктелуде, сонымен бірге, әлемдік саяси үдерістің тұрақтылығы бұзылуда және оның өзгеру жылдамдығының өсумен байланысты болып отыр. «Бұл құбылыс қазірдің өзінде «жаһандық дисфункция» деп аталады» [1], -дейді Президент. Екіншіден, елдің ішкі саясаты мен сыртқы саясатының аражігінің бірігу үрдісі халықаралық қатынастың кейбір негізгі ұғымдарын қайта қарауға итермелеуде. Мәселен, мемлекет егемендігі, тәуелсіз мемлекеттер, ұлттық мүдде т.б. Үшіншіден, әлі де болса мемлекеттер тарапынан халықаралық құқық нормалары мен моральдық принциптерінің бұзылуы арқылы көрініс тауып отырған халықаралық қатынастағы моральдық және құқықтық сана дағдарысының жалғасуы. Оған Ресей мен Украина арасындағы соғыс үдерісі мысал болмақ. Төртіншіден, бүгінгі әлемдік саясат кеңістігіндегі жаһанданумен қатар ұлттардың өзіндік идентификациялану үрдісінің орын алуы халықаралық қатынас философиясындағы этникалық және діни факторлардың рөлін күшейтуде. Бесіншіден, соңғы кезде «жауласу мен қақтығысу», «қиғаш келу мен текетірестік», «күш көрсету мен қоқаң-лоқы жасау», «лаңкестік пен экстремизм» сияқты індеттер күш алып, сондай-ақ, «әлемдік идеологиялық дағдарыс», «субдержавалық амбиция», «әлемдік тәртіп пен басқарудың бұзылуы», «әлеуметтік қақтығыс – қазіргі басты әрекет образына айналуы», «мақсат – қақтығыс нысанына айналууда», «қақтығыстық мінез доминанты», «қақтығыстық сананың қалыптасуы» «әлемдік қауіпсіздік» ұғымының өзектілігі өсіп, маңызы артуда. Қазақстан Президентінің айтуынша, қазіргі жасампаз күш-жігерге қарамастан әлем қауіпсіз бола бермейтін көрінеді [1]. Осыдан туындап отырған қазіргі халықаралық саяси философиядағы өзекті мега-мәселелерін де атап өткен жөн. Олардың қатарына жататындар:

1. Әлемдік дағдарыстың екінші толқыны Орталық Азиядағы күшті қатердің генераторына айналуы қауіпінің болуы.

2. Жаһандық мәселе – әлемдік тұрақсыздық және аймақтардағы эпизоттық қысымның жиілеуі. Бұл мемлекеттілігі әлсіз аймақтар үшін тәуекелге айналуы мүмкін. Мәселен, «Қырғызстан және Тәжікстан. Бұл өз тарапынан Орталық Азиядағы саяси тәуекелді өршітеді де Қазақстандағы қауіптілік мәселесін еселей түседі» [1, 207-208 бб.] және «әлем мен аймақтағы революциялық трендтер әлемдегі тұрақсыздық трендін күшейтуде» [2, 210 б.] дейтін тұжырым жасалуда.

3. Еуропалық одақтың ыдырау қауіпінің туындауы, әлемдік саясаттағы Еуропа позициясының әлсіреуі. «Еуропадағы дағдарыс жаһандық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі» [2, 209 б.], -деп көрсетіледі.

4. Еуропасыз АҚШ экономикасы әрі геосаяси стратегиясы тұрғыдан әлсіреуі ықтимал дейтін болжамның орын алуы.

5. Саяси және экономикалық вектордың Азия кіндігіне қарай ойысуы туралы идеяның орын алуы [2, 209 б.] туралы ой 2016 айтылған болса, қазір ол «Азия адамзат өркениетінің дамуына зор үлес қосты. Мыңдаған жылдар бойы біздің макроөңірдегі мемлекеттер бүкіл адамзаттық қоғамның мәдени, технологиялық дамуының негізгі қозғаушы күші болды» [1], -дейді Қазақстан Президенті.

6. Батыстан Шығысқа қарай бағдар ұстану авторитарлық трендтің пайда болуына және оның күшеюіне негіз болады дейтін болжамның жасалуы.

7. Бүгінгі таңда табиғи және энергетикалық ресурстар үшін күрес айдан анық. Осыдан геосаяси күрес камертоны ұлғаюда, әсіресе «Орталық Азияда бұл ерекше байқалады, оған ондағы республикалардың өзара байланысының әлсіздігі және олардың арасындағы экономикалық және саяси қайшылықтардың орын алуы себеп болуда» [1, 214 б.], -дейтін пікірмен келісеміз.

8. Аймақтық геосаяси күрес және оның аймақтық елдер үшін тәуекелі қандай дейтін болсақ, Қазақстан осы өңірдегі геосаяси бәсекелестіктің басты нысанына айналууда дейтін болжам айтылуда [1, 215 б.]. Олай болса, мұны аймақтағы ықпалды күшке ие болу үшін бәсеке деуге болады. Бұл орайда Қытай мен Ресейдің ықпалдық күресте үміті басым деген тұжырым да жасырылмайды.

9. Аймақтық геосаяси күрес ақпараттық күреске қарай ойысты. Осыдан ақпараттық лаңкестік орын алуда.

Осылардан туындайтын әдіснамалық мәселенің бірі – ол қазіргі саяси эпистемасындағы «еркіндік», «тәуелсіздік», «жер тұтастығы», «мемлекет мүддесі», «жауапкершілік», «әділдік», «рухани үндестік», «қауіпсіздік», «өркениетті ел болу», «ел аралық сенім», «демократия», «әлемдік өзара тәуелділік», «ел аралық өзара ынтымақтастық», «толеранттық», «отансүйгішті», т.б. ұғымдарының аксиологиялық күзіреттік дәрежесі төмендеп, олардың методологиялық негіздік мәртебесі әлсіреуде. Сонымен бірге, еркіндік пен жауапкершілік, материалдық және имматериалдық факторлар, интеграция мен дезинтеграциялық үдерістер арақатынасы өте мықты өзгерістерге ұшырауда. Осы айтылғандарға дәлел ретінде саясат философиясының әдіснамалық (методологиялық) принциптеріне қатысты төмендегі трендтерді келтіруге болады: елдер арасындағы бір-біріне деген сенім дағдарысы; материалдық және имматериалдық факторлар арасындағы шекараның тұрақсыздығының ұлғаюы; Батыстағы демократиялық модель (принцип) дағдарысы, бұл принцип Еуропаны «қарызгерлік тығырықтан» шығуға көмектесе алмауда. Оған интеграция мен дезинтеграциялық процестер дихотомиясының өршуі; әлемдік саяси аренадағы өзара тәуелділік принципі рөлінің артуы; қазіргі саяси кеңістігіндегі еларалық «өзара түсіністік» пен «өзара ынтымақтастық» принципіннің әлсіреуі ықпал жасауда.

Олай болса, қазіргі кезде халықаралық саяси қатынас болмысын зерттеуде оның әдіснамалық негіздерін іздеу, оның саяси-этномәдени ортодоксальды ментальдық деңгейдегі мәселесінің маңыздылығы бірінші кезекке шығуда. Демек, саясат философиясының әдіснамалық аппаратының ұлттық мәдениеттегі этноәдіснамалық нұсқалардың өзіндік ерекшелігі мәселесі күнтәртінде тұрады деп айтуға негіз бар. Осыған орай біз мақалада жоғарыда айтылған этноәдіснамалық ұстанымдардың кейбіреуіне тоқталуды жөн көреміз.

Біздің пікірімізше, бұл мәселе қазіргі әлемдік саясаттағы жаһанданумен бірге, оның бүтінде дағдарысқа, яғни «жаһандық дисфункцияның» орын алуы **этносаяси бірегейлену** идеологиясы тенденциясымен, этномногодолиялық эпистеманы қалыптастырумен тығыз байланысты деп есептейміз. Себебі, қазіргі жаһандану үдерісінің өзі әр мемлекеттің ішкі рухани-құндылықтық стратегиясында жаһандық интеграциямен бірге ұлттық саяси өзін-өзі тану, ұлттық бірегейлік парадигмасын алға тартуда және ол мәселені зерттеудегі әдіснамалық негіздің біріне айналуға бұл жалғыз қазақстандық ғылымның ғана алдында тұрған өзекті мәселе емес, бүкіл ойкумендік саяси ғылымының, оның ішінде ұлттық саясат теориясы мен практикасында өткір тұрған дилеммалардың біне айналуға. Осының өзі зерттеушінің назарын мәселенің этносаяси әдіснамалық негіздеріне тоғыстырады. Этносаяси бірегейліктің (идентификация) этногенездік қорын сүреттеу арқылы оны өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдық-саяси сананың ретранслиттік феномені қатарына қоюға және зерттеушінің оның «ретранслиті» дәрежесіне жетелейтіні анық. Осы арқылы мәселені реконцептуализация форматында қарастыру мақсаты көзделеді. Этносаяси бірегейлену – ұлттың саяси-мәдени этногендік қоры, ұлттың тұтастану коды, халықтың бірігу этосы, бүтіндік өлшемі, жұмырлану қуаты, өркениеттік сапасы. Бұл, әрине, ғылыми зерттеу жұмысын интеллект-сену міндеттерді функционалды шешуге жұмылдырады.

Қазақ хандығы билерінің сыртқы саяси-дипломатиялық миссиясына талдау жасау арқылы олардың халықаралық саясат философиясындағы орнын анықтау мақсатының көзделуі әдіснамалық рефлексияны талап етеді. Егер жер бетіндегі елдердің өзара тәуелді байланыста болу аксиомасына сенетін болсақ, қазақ даласындағы хандық қоғам да халықаралық қатынас пен байланыс айналымынан тыс қалмаған деген методологиялық принципті негіздеу ғылыми мақаланың ішкі интенциялық қуатына айналады. Сонымен бірге, қазақ хандығы билерінің сыртқы саясатындағы «жерұйық» стратегияның саяси геостратегиялық маңызын, «жер тұтастығы», «ел тұтастығы» мен «ел бүтіндігі», «көрші елдермен тату тұру», «еларалық саяси толеранттық», «**этнодипломатизм**» концепциясының қазақ қоғамында басымдыққа ие болғанын ғылыми методологиялық талдаманың нысанын жасау әрі қазақ даласы қоғамының халықаралық саясат философиясының әдіснамалық



іргетас болғандығына көз жеткізу заман талабы деген ой жетегінде боламыз. Мысалы, Ханкелді Әбжанов: «Даланың ауызша тарихнамасы ұлттық тарихымыздың сырын ашып, шырайын кіргізетін қазына екеніне көзімізді жеткізеді» [3, 15 б.] – дегенге сенбеу қиын. Олай болса, жоғарыда көрсетілген саяси парадигмалар қазақ хандығы тұсындағы этногенездік, этноментальдық болмыстан хабар беретін ортодоксальды саяси толеранттық жүенің геостратегиялық логикасын этноәдіснамалық тұрғыдан айқындамақ.

Бұл сол кездегі «жерұйық» концепциясы шеңберінде этнотоғыстырушы әрі халықаралық қатынас аясында күштер балансын қамтамасыз ететін геостратегиялық матрицаның негізін қалағандықтың басты әлеуеті болғандығын дәлелдеу бүгінгі ұлттық идеологемдерді қалыптастыруда әдіснамалық маңызы зор. Өйткені, «жерұйық» концепті, біріншіден, қазақтың ішкі және сыртқы саяси этноментальды стратегиясындағы «концепт-құндылық» өңірін білдірмек.

**«Жерұйық»** – қазақ үшін өмір сүру ейкумені дейтін әдіснамалық ұстаным келіп шығатынына сенім мол. Екіншіден, оның хронотроптық сипаты әдіснамалық принцип қызметін атқаруы мәселені зерттеудегі рөлі жоғары деп есептейміз. Үшіншіден, «жерұйық» концептісінің тарихи сабақтастық этосы сипатының методологиялық маңыздылығын ескерген жөн. Төртіншіден, аталмыш концептінің дискурстық сипатына назар аудару әдіснамалық квант-өзек, қазақтың саяси-әлеуметтік-кво алаңы деп айтуға негіз бар. Бесіншіден, бұл концептінің метаәдіснамалық қызметі зор деп айта аламыз. Себебі, «жерұйық» категориясы мәселені зерттеудің ментальдық концептуалдық принципін анықтайды. Алтыншыдан, ол – қазақтанудың геосаяси негізі, геостратегиялық өлшемі. Өйткені, «жерұйық» қазақ үшін ішкі және сыртқы саяси таным жүйесі, отаншылдық сезім тұтқасы қызметін атқаратын метатеориялық ұстаным.

Мақаланың әдіснамалық негізін қарастырудың маңыздылығы сол кезде халықаралық қатынас аренасында зор саяси беделге ие болған билер институтының, оның ішінде үш ұлы бидің қазақ елінің сыртқы саяси-дипломатиялық қатынаста бірден-бір шешуші күшке айналғанын ғылыми-теориялық, әдіснамалық тұрғыда саралаудың қажеттілігінен туындайды. Бұл орайда билердің халықаралық қатынаста саяси шешендік амплуасы бірінші орынға қойылғандығын онтогенездік тұрғыдан қарастырудың теориялық-әдіснамалық маңызы артады. Өйткені, би-шешендердің сонау көне дәуірлерден (антикалық) бастап, ал шешендік өнердің шығу қажеттілігі мен қалыптасу этосы саяси сахна болғандығын саяси тарих дәлелдеп отыр. Оны Солон, Демосфен, Цицерондардың саяси мұраларынан білеміз. Мысалы Демосфен шешендердің саяси міндетін мемлекеттік мәселені шешумен байланыстырса, ал Цицерон: «шешеннің тағдыры – мемлекеттің тағдырымен төркіндес», - деп көрсетеді. Ал отандық саяси ой тарихына келсек, Абай Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов т.б. қазақ би-шешендерінің елдің ішкі-сыртқы саясатында шешуші буын болғандығын мойындап, шешендік өнердің бір түрі ретінде саяси шешендікті жеке шығарған. Одан кейінгі қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, Мәметова, Б.Адамбаев, Н.Төрехұлов, С.Негимов т.б. қазақ даласының билерінің қоғамдық салмағын саралап зерттеген. Мәселен Б.Адамбаев қазақ билерін ел құрасқан (XI-XVI ғғ.); ел қорғасқан (XVII-XVIII ғғ.) және т.б. топтарға жіктеген болатын. Бүгінгі ғалымдардың пікірі де алдыңғы ойды мақұлдай түседі. Олай болса, осыларды ғылыми тұрғыда саралап, бұнгі халықаралық қатынас жүесіндегі басым мәселені шешуде кешегі тарихтың саяси құндылықтарын әдіснамалық негіз ретінде басшылыққа алу үшін қажет деп есептейміз. Осы есепте, Кембридж университетінің профессоры, Лондондағы Қазақстанның бейбітшілік және келісім орталығының директоры Сидхард Саксенаның: «Қазақ халқы және оның көшбасшылары (лидерлері) жүздеген жылдар бойы халықты бірыңғай құндылықтардың және біртұтастық сезім негізінде біріктірді» [3], - деген пікірі мәселенің әдіснамалық негіздік санатын шыңдай түседі. Міне осы тезистің өзі ізденуші назарын саяси ғылыми методологиялық талдамаға жетелейді. Бұл ретте, біріншіден, аталмыш кезеңдегі қазақ ейкуменіндегі билер институтының сыртқы саяси қызметінің әдіснамалық принциптеріне назар аудару қажет деп есептейміз. Соның бірі – билер институты, оның өзінше бір ерекше саяси ментальдық феномендік сипатқа ие болуы. Оның

феномен-принциптік сипатының өзі әдіснамалық құзырға ие. Өйткені, билер институты, әзірше әлімдік саяси ғылым үшін беймәлім әлеует, өзіне теңдесі болмаған саяси-мәден өркениеттік құбылыс. Осы тұста отандық түркі өркениетін танушы және түркілердің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін зерттеуші әрі ғылымда мәшһүр етуші белгілі ғалым-философ С.Б. Бөлекбаевтың Батыс ғалымдарының көзқарасына батыл сын айтып, олардың европоцентристік ұстанымына қарсы келіп, түркілік оның ішінде дала өркениетінің әдіснамалық негіздерін зерттеудің ауадай қажеттілігі жөніндегі ұтымды тұжырымымен келісеміз [4, 15 б.].

Мәселенің әдіснамалық негізі қазақ билерінің сыртқы саяси-дипломатиялық тарихындағы тәжірибесін бүгінгі дипломатиялық әрекетте қолданудың маңыздылығының артуымен байланыстырылады. Демек, кешегі қазақ даласындағы сыртқы саясатта дипломатияның қандай түрлері болды, қандай дипломатиялық амалдар қолданылды, дипломатиялық тұрғыда ол амалдар қандай этнометалдық ұстанымдарға негізделді деген мәселелер бүгінгі Қазақстанның сыртқы саясатындағы методологиялық құндылықтық құзырын талдау ғылыми жұмыстың теориялық мәртебесін айқындай түспек. Мысалы, қазақ хандығы билерінің қатысуымен іске асырылған «ізгілік дипломатиясы» концептсферасы аясындағы «превентивтік», «саяси некелесу», «саяси құдаласу», «экономикалық дипломатия», «кепілдік беру» т.б. дипломатиялық концепттердің жүзеге асырылғандығын геостратегиялық тұрғыдан сарапқа салу қажеттілігі туындайды. Осының өзі біздің зерттеушілік назарымызды қазақ даласындағы «ізгілікті дипломатияның» рухани аксиологиялық негіздерін талдауға жұмылдырады. Тарихшы-ғалым Х.Әбжановтың Абылай хан тұсындағы билер мен мәмілегерлер елшілік және халықаралық мәселелерді оңтайлы шеше алды деген ғылыми көзқарасының әдіснамалық маңызы зор. Осы ретте қазақ билерінің «елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дейтін принципіннің әдіснамалық мәртебесі ерекше деп есептейміз. Бұл – әрі концепт, әрі методологиялық ұстаным. Концепт ретіндегі құзыры ол, біріншіден, билердің құрылымдық-қызметтік, халықаралық қатынастағы қоғамдық-тұлғалық, статустық-коммуникативтік, саяси-дипломатиялық қызмет болмысы дискурсын көрсетсе, екіншіден, сыртқы саяси қатынастың ұлттық металдық құндылық ретінде ерекшелігін айқындап тұратын концептсфера. Ал әдіснамалық негіз ретіндегі сипатын, «елдестірмек елшіден» концептінің бағыты мен атқаратын мақсат-міндетінен, оның уникалдық болмысынан, заңдылықтық құзырынан, универсумдық сипатынан байқауға болады. Ал қазақ дипломатиясындағы «саяси құдаласу», «саяси некелесу» сияқты парадипломатиялық феномендеріне келетін болсақ, бұлар да өзіне теңдесі жоқ қазақ ұлтына тән болған этнометалдық әдіснамалық шешімдер айтуға болады. Олар «саяси одақтасудың тәсілі болып есептеледі» [5, 69 б.], -деген пікірмен келісуге болады. Бұл дәстүр қилы замандарда, қазақ даласымен шектескен әртүрлі мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынастарды қыз алысып, қыз берісу арқылы нығайту, тарихқа ежелгі дәуірлерден бастап енгендігін, елдер арасындағы ежелгі саяси ымыраласу жолдарының бірі болғандығын көрсетеді. Сондықтан осы бір орнатылған екі жақты дипломатиялық қарым-қатынас, құрылған саяси және әскери одақ стратегиялық даналықты көрсетеді деп есептеуге болады. Осының өзі халықаралық саяси болмыс тұрғысынан қарағанда зор өркениеттік дәреженің көрінісі деп айтуға ғылым-әдіснамалық тұрғыдан негіз бар. Бұл – жер бетіндегі ойкумендік заңдылықтың метатеориялық-әдіснамалық қырын білдірсе керек. Бұл әлі өз зерттеуін күтіп тұрған саяси физиканың метатұстарын аңғартады және бір этнос шеңберіндегі саяси-холистік универсумды баяндай алатын феномен-құбылыс деп айтуға болады. Осыдан туындайтын әдіснамалық принциптерді көрсетер болсақ, біріншіден, қазақ табиғатындағы «күдіретті» көршілік әдепті ұстану танымында құрметтеу қажет. Екіншіден, таразының басын тең ұстау ататектік этикет-заңдылықтың заңдылықтың болғандың айтқан абзал. Үшіншіден, саясатта жалаң эмоцияға ұрыншақтық білдіру орны толмас қателікке апарды дейтін этномәден принципке жеңдірген саяси көрегендік стратегтік қарымды көрсетеді. Төртіншіден, саясаттағы стохастикалық құбылыс қазақ билерінің назарынан тыс болды деп айту да ғылыми болжамға келіңкіремейді деп санаймыз. Мұның өзі де метаәдіснамалық

ұстаным деуге негіз бар. Бесіншіден, саяси құдалық дәстүрінің орын алуы әрі тактикалық, әрі стратегиялық тұрғыдан ойластырылған саяси дипломатиялық шешім әрі саяси одақтасудың тәсілі ерекше **дипломатизм** ұстанымы болды деп есептейміз. Сонымен бірге, бұл шығыстық ортодоксальды саяси мәдениеттің ішкі нәзік метафизикасын әрі саяси руханият әлемінің трансценденттік мәнін көрсетеді. Бұл – жалпы Шығыс дипломатиясына тән универсум құбылыс. Осының өзі дипломатиялық символика мен семантиканың ежелгі дәуірлерден бері болғандығының және оның мемлекетаралық елшілік қатынаста пассионарлық қызмет атқарғанының дәлелі болмақ.

Жоғарыдағы айтылғандарды талдау жасай келе, саяси құдаласу Ұлы қазақ даласындағы мемлекет аралық қатынастағы ерекше саяси дипломатизм концептсфераны білдірсе керек. Халықаралық қатынас жүйесіндегі ментальды метатеориялық парадигма деп айтсақ артық айтпағандық. Саяси құдаласу, ең алдымен ел аралық қатынастағы туыстық фактордың шешуші рөлін дәлелдей түседі. Оны біз біздің дәуіріміздің әр кезеңдердегі мемлекет аралық қатынаста дәстүрге айлану тенденциясын байқаймыз. Ал саяси неке – мемлекет аралық қатынас мәселесін шешудің «дипломатиялық кілті» немесе дипломатиялық келісім символына айналған деуге болады. Бұл да жалпы дипломатия феноменінің метапарадигмасы, метакоды болды десек артық емес. Қазақ даласындағы саяси концепцияның перцептуалды шемім табуының универсум формасы. Ұлды дал кеңістігіндегі мемлекеттердің сыртқы саясаты мен дипломатиялық қызметінің, бүкіл ішкі және сыртқы саяси болмысының субмәдени ерекшелігін айқындайды. Бұл дәстүрдің дипломатиялық астарына үңілетін болсақ, ең алдымен, шығыстық саяси мәдениеттің өзіндік биігін көрсетеді. Екіншіден, екі мемлекет арасында саяси-әскери одақ құрудағы туыстық факторға арқа сүйеп, сенім арту тенденциясы байқалады. Үшіншіден, **шығыстық дипломатиялық** мәдениет жүйесінің ішкі ерекше рухани интенциялық қуатынан хабар береді. Төртіншіден, дипломатиялық қатынастағы саяси некенің халықаралық деңгейдегі мәртебесі мен маңыздылығын баса назар аударуды ұсынады. Бесіншіден, ұзатылған қызбен бірге жүздеген қызметшілері мен күтушілерін жібері шығыстық дипломатиялық этикет пен хаттамалық заңдылықты білдірсе керек.

Осының өзін ежелгі дәуірдегі халықаралық қатынас жүйесіндегі мегатрендтік, брендтік әрі саяси имидждік мәселе санатына жатса керек. Осыған байланысты саяси құдаласу мен саяси неке нәтижесіндегі ұзатылған **қыздарды** – **елші** деп тануға негіз бар деп есптейміз. Өйткені қазақ қандығы мемлекетінің сыртқы саяси және дипломатиялық тарихындағы ұзатылып алынған немесе басқа елге ұзатылған ханшалардың жәй әйелдік қызметінен көрі **саяси-дипломатиялық** қызметінің басым болғанын ашық айтуға негіз бар. Бұған **саяси әдіснамалық негіз** ретінде екі ел арасындағы құдаласу мен некелесудің ең алдымен, әскери-саяси одақтастық мақсаттың болуын айтуға болады. Осыдан туындайтын нәрсе – ол сол ұзатылған ханшалар арқылы барлық жағдайда елге саяси ықпал жасау міндетінің көзделуі және оның белсенді іске асырылу тәжірибесінің қалыптасуы. Сонымен бірге, осы елші-ханшалар арқылы ежелгі саясиполистерде дипломатиялық корпусның немесе елшілік институтының алғышарты қалыптасты десек артық айтпағандық болады. Хандық мемлекетінің дипломатиялық қатынастың **ерекше ментальдық формасын** саяси қатынас айналымына енгізгенін, яғни «саяси құдаласу» мен «саяси некелесу» дәстүрін қалыптастырып, оның халықаралық қатынас жүйесінде **саяси идеологем және саяси парадигма** ретінде орнығуы байқалады. Дипломатиялық келіссөздер техникасы мен технологиясының өзіндік **субмәдени** формасының және **дипломатиялық кәде** атрибутивтік символикасы мен семиотика жүйесінің алғышарттары мен түрлерінің қалыптасу тенденциясын аңғаруға болады. Сол елші-қыздар арқылы қазақ мемлекетінің экономикалық, техника-технологиялық және мәдени дамуына жол ашылғандығына тарихи деректер куә болады. Алайда жоғарыда айтылған тұжырымдардың әрқайсысы өз зерттеуін күтіп тұрған әдіснамалық мәселелер.

Сонымен бірге, жоғарыдағылардың бәрі қазақтың «**ізгіліктік дипломатия**», «**ізгі дипломатизм**» ұғымының уникалдық мәнін көрсетіп, **концептум өзегін** анықтаса керек.

Бұл да дала дипломатиясын ерекшелейтін әдіснамалық негіз бола алады. Осылардың өзі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның төл сыртқы саяси-дипломатиялық тарихын, саяси-рухани **камertonдық** эмпирикасын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Кембридж университетінің профессоры, Лондондағы Қазақстанның бейбітшілік және келісім орталығының директоры Сидхард Саксенаның: «Қазақстан әлемдік саясаттың дамуына зор үлес қосуда және бұл мемлекет Батыс пен Шығыстың қарым-қатынасында мыңдаған жылдар бойы қызмет етуде» [3], -деген пікірімен келісе отырып, оыс пікір қазақтың болмысындағы төлтума «дипломатизм» принципін ортодоксальды этногендік қасиет болғанын әдіснамалық тұрғыдан дәлелдей түседі. Бұл біздің тақырыбымыздың ұлттық әдіснамалық құзырын арттыра түседі дейтін тұжырым жасауға негіз болады.

Тақырыптың әдіснамалық негіздерін қарастыру оның зерттеу объектісінің саяси және геостратегиялық астарына үңілудің қажеттілігінен туындайтыны анық. Өйткені нысанаға алынған билердің сыртқы саяси тактикалық амалдарының астарындағы саяси әрі геостратегиялық «саяси тәуекел», «саяси көрегендік» сияқты ұлттық стратемидерінің саяси ғылыми әдіснамалық маңызын ашу мақсаты көзделеді. Мәселен, «саяси тәуекел» концептін алатын болсақ, қазақ даласы хандығы тұсындағы әрі саяси принцип, әрі саяси стратегиялық концептум болмақ. Себебі, оның өзі қазақ даласындағы әлемдік қоғамдық-саяси құбылысқа **стохастикалық** көзқарастың негізінде қалыптасқан метаәдіснамалық шешім деуге болады.

Бұл ұстаным мұсылмандық дүниетанымның **таухид** принципінен келіп шығады. **Таухид принципі** бойынша бүкіл әлемнің ішкі тұтастығы оның түпкі бастамасы – Аллаға келіп тіреледі. Олай болса, бүкіл болмыстың жаратушысы ретінде ғаламдағы шынайы ақиқат тек Аллаға ғана аян. Ал жоғарыдағы танымдық принципке келетін болсақ, адамға болмыстың түп көзі мен мәнін танып білу мүмкіндігі берілмеген болып есептеледі. Тағы да Балпық бидің айтқанына оралатын болсақ, ол: "Алланың қолындағы өмір сырын адам ашпақ емес", -деп ой түйіндейді. Бұдан біз қазақ би-шешендерінің кез-келген құбылыстардың сырын ашуда, сонымен бірге саяси шешімдердің, іс-әрекеттердің нәтижесін болжауда оны бір Аллаға тапсырған және ол істің бас-аяғын бір Аллаға басқартқан. Бұл процесті ислам діні арқылы енген "тәуекел" ұғымымен белгілеген. Сондықтан шешендік өнерде саясат көп жағдайда тәуекелге толы әрекет ретінде мойындалады. Қазақ шешендері саяси тәуекелді (риск) тек адамдағы әлеуметтік-психологиялық құрғақ-күдік ретінде емес, керісінше оны әлдебір белгісіздіктермен, беймағлұматтылықпен, неғайбылдылықпен онтологиялық байланыста болатын іс-қимыл деп таныған. Оны қазіргі егемен елдің кәдесіне жарату – ғылыми-практикалық тұрғыда теңдесі жоқ мәселенің бірі.

**Осыған** рухани негіз болған **«отаншылдық»**, **«мемлекетшілдік»** концептерін аталмыш мәселені зерттеудің **әдіснамалық** негізі ретінде қарастыруға болады. Аталып өткен концептердің алғашқысы халықаралық қатынас философиясындағы онтогенездік негізді көрсетсе, екіншісі этносаяси идеогемдік тұғырнамалық алғышартты айқындап тұр деуге негіз бар. «Ел барда, ер қор болмас», «Ер атағын ел сақтар», «Ер сыншысы – елі», -деген шешендік толғамдардан “елге” концептуальды кеңістік тұрғысынан берілетін бағаны және олардың әрі әлеуметтік, әрі саяси, әрі кеңістіктік, әрі уақыттық георталық ретіндегі стратегиялық парадигмасын ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан талдаудың кезеңі туғандығы тілге тиек етіледі. Жоғарыда келтірілген шешендік аналогиялар мәселені зерттеуде жүйелік ұстаным тұрғысындағы әдіснаманы білдірсе керек. Асан бидің:«Ата жұрты бұқара өз қолыңда болмаса, қанша жақсы болса да қайратты туған ер ғаріп» [6, 38 б.], -деген сияқты шешендік толғаудағы “Ата жұрты бұқара” концептінің геостратегиялық мазмұнына талдама жасаудың маңызы зор әрі ол тақырыптың әдіснамалық құзырын шындай түседі.«Жер-су иесіз болмауы керек. Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай. Көктен тәңірі баспаса, жер айырылып жатпаса – кім қорлар қалың түркі елін?!» (Күлтегін), – деген ұстаным қазақ билеріне рухани сабау болған әрі олардың геостратегиялық танымын шындай түскен деуге негіз бар. Осының өзі проблеманың методологиялық құзіретін анықтаса керек. Әйгілі француз жазушысы Альбер Камю:«Менің отаныма деген махаббатым әділеттілікке деген махаббаттан ажырамауы тиіс. ...Мен әділеттілікке қызмет жасай отырып, отаныма

қызмет жасағым келеді», -деп толғайды. Міне осындай саяси позиция дала билерінің геостратегиялық тұғырнамамында көрініс тапқан және оны ашып көрсету міндеті осы ғылыми жұмысқа жүктеледі.

Мәселені зерттеудің әдіснамалық негіз құзырына ие болатын құбылыстың бірі – ол қазақ би-шешендерінің келешекті болжайтын саяси **көрегендік** ұстанымын айтуға болады. Келешекті болжау шешендік сөз өнерінің басты **әлеуметтік қызметтерінің** бірі ретінде қарауға болады. Енді осы мәселеге жалпы ғылыми-саяси эпистемалық тұрғыдан қарайтын болсақ, келешекте болатын өзгерістерді болжап бағамдау және соған сай өз өмірін ыңғайлап бағыттау адам болмысына тән құбылыс. Бұл адамның өз болашағын алдын ала болжау үрдісін білдіретін **болжамдық принцип** деуге болады. Бұның адам санасында өмір сүруі әртүрлі формаларда көрініс тауып, өзі туралы мәлімет беріп тұрады: кейде **ойлау қағидасы** түрнде, кейде көркемдік образдар түрінде болып отырады. Осылар арқылы ол құбылыстар әртүрлі **идеяларға** бастап, **адам санасын үздіксіз жұмысқа** қосып отырады. Міне бұл жалпы көркем мәдениетінің, оның ішінде шешендік сөз өнерінің **«профетикалық қызметінің»** болатындығына негіз болса керек. Келешекті болжау сөзі күнделікті тұрмыстық сана деңгейіндегі мағынасы жағынан сонымен бірге, белгілі бір ғылыми анықталу статусына ие болу тұрғысынан да қазіргі кезде тілдің сөздік қорының белсенді бөлігі ретінде орнығуда және қоғамдық сананы іске асыруда **рухани күш** ретінде қатысуда. Осыған орай адамзат тіршілігінің дамуындағы көптеген негізгі мәселелерді конструктивті, іргелі және жүйелі түрде талдау жасау, қоғам дамуының жаңа сапалы кезеңдеріне қол жеткізу сияқты жұмыстар ғалымдардың айтуынша, осындай істің болашағын алдын ала болжай білу қасиеттер мен мүмкіндіктерге, сол арқылы алда күтіп тұрған өзгерістердің бейнесін алдын ала жасау немесе болашақ қоғамдық-саяси шаралар сценарийін құрып, алдағы әлеуметтік-саяси стратегияларды түзу сияқты істерге тікелей байланысты болатындығын айтқанымыз жөн.

Бұдан бір жағынан, алдын ала көре білу, **озық ойлау**, болжап білу, күні бұрын болжап айту сияқты ұғымдар, өмірді алдын ала озық бейнелеу жөніндегі ғылыми-философиялық теориясы арасында тікелей байланыстардың бар екенін аңғару қиын емес. Бұл концепцияның мәні таным процесі барысында шынайы болмыс заттары мен құбылыстарының бүгінгі күні адам санасында өткізінші өмірдің жай бір елеусіз жағдайы ғана болып бейнеленетін, бірақ келешек қоғамдық-тарихи даму барысында ол өзінше бір шындыққа айналып, тәжірибеде өз бекінісін тауып жататын қырлары мен қасиеттері өзінен белгі беріп, анықталып тұрады дейтін көзқарасқа саяды. Тірі организмнің сыртқы табиғи жағдайларға бейімделу заңдылығын айта келіп, П.К.Анохин бүкіл жан-жануарлар тарихы ежелден келе жатқан шындықты озық бейнелеу деген сияқты заңдылықты жандандыра түсетіндігін мойындайды. Келтірілген ғылыми тұжырымда көңіл аударатын мәселе, ол – автордың өзі ұсынып отырған тірі жаратылыстың сыртқы ортаға **икемделушілік реакциясының болу принципін** жасаудағы бейнелеу теориясының методологиялық маңызын арнайы көрстуі. «Алдын ала көре білу» және «озық ойлау» ішкі мазмұны мен мәні тұрғысынан алғанда синоним ұғымдар болып табылады. Бұл терминдердің бүгін де ғылыми шығармашылық пен саяси ізденістердің **әдіснамалық** негізі, заңдылығы болады деу шындыққа жанасады.

Біздің мәселені зерттеудегі тағы бір әдіснамалық негіз қазаққа тән ортодоксальды **толеранттық принциптің** маңызы зор деп айтар едік. Толеранттық мемлекетіміздің әлемдік саяси кеңістікте бір жағынан, тұрақты дамуының айқындаушы факторларының бірегейі, екінші жағынан, оның ішкі және сыртқы саясатындағы динамиканың өлшемі болады десек артық айтпағандық. Қазақ қоғамының сыртқы саясатында **толеранттық** принциптің негізге алынуы дала өркениетіндегі **еларалық ынтымақтастыққа** деген ниеттің **априорлық** нұсқасын көрсетпек, әрі қазақ қоғамының тереңде жатқан **трансформациялық коммуникативтік** табиғатын анықтамақ. Бұл категорияны дала қоғамының, қазақ халқының ұлы құндылығы, **саяси әдептік** мәдениетінің биік шоқтығы деп анықтауға болады. **Толеранттық** принципі «ел аралық өзара ынтымақтастық» ұстанымының **метарухани** негізі, кейінгісін іске асыру механизмі және дәнекері болмақ. **«Ел аралық сенім»**

**принципінің** константтық жағдайда болуының кепілі бола алады. Толеранттық – халықаралық саяси философиядағы «жауапкершілік» принципінің рухани тірегі. Олай болса, **толеранттық** – қазақ билерінің сыртқы саяси философиясында әдіснамалық база қызметін атқарғандығы **күмән туғызбайды**.

**Мақала шеңберіндегі зерттеу жұмысының міндеті.** Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** жүзеге асыру көзделеді:

- билер философиясындағы саяси шешендік амплуасына, оның саяси онтогенездік болмысына терориялық-әдіснамалық тұрғыдан талдау жасау;

- қазақ хандығы билерінің саяси философиясындағы «жерұйық», «ел тұтастығы» мен «ел бүтіндігі», «көрші елдермен тату тұру», «еларалық саяситолеранттық», «ізгі дипломатизм» т.б.принциптеріне этноәдіснамалық тұрғыдан талдау жасау және ұлттық стратемидік маңызын анықтау;

- қазақ билерінің сыртқы саяси тактикалық амалдарының астарындағы геостратегиялық «саяси тәуекел», «саяси көрегендік» сияқты ұлттық идеогемдерін ұлттық саяси әдіснамалық ыңғайда айқындап, дәйектеу.

#### **Әдебиеттер:**

1. Азиядағы ықпалдастық пен сенім тұғырнамасы. Қазақстан Президентінің АӨСШ кеңесінің YI саммитінде сөйлеген сөзі//EGEMEN QAZAQSTAN, 14.10.2022

2. «Сумеречная зона» или «ловушки» переходного периода. –Алматы, 2016. -256 с.

3. ӘбжановХанкелді Абылай хан – мәңгілік тұлға//Абылай хан мұрасы: идеялардың өзара байланысы және сабақтастығы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 10 желтосан 2013. -608 б.

4. Сидхарт Саксена Президенттің ғаламдық бастамалары//Almaty Aqshamy, 30.11.2017.

5. Булекбаев С.Б. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию. –Алматы: ТОО «BAViS systems», 2016. -316 с.

6. Ежелгі Үйсін елі. Қытай деректері мен зерттеулер/Құрастырған Шадыман Ахметұлы. ҚХР Шыңжаң халық баспасы, Үрімжі. -2005. -390 б.

## **РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІН ІЗГІЛЕНДІРУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

**Молтобарова Күмісбала Ишанқызы,**  
философия ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҚК Шекара академиясының профессоры  
moltobarova@mail.ru

**Annotation.** This article discusses certain aspects of the problem of humanization of education, for the solution of which it is necessary to rely on spiritual values. In this context, great importance is attached to socio-humanitarian disciplines, especially the humanistic, cultural and educational task of philosophy, which helps to comprehend the world of values and choose the right moral guidelines.

XXI ғасырдағы супертехнологиялық өркениет жағдайында білім беруді ізгелендіру мәселесі өзекті болып тұр. Өз ретімен бұл өскелен ұрпақтың бүкіл рухани әлемін қалыптастыру мен дамытудың жаңа бағдарламасын жасауды талап етеде.

Барлығымызға мәлім адам өмірі құндылықтар жүйесінде өтетіні. Бірақта түрлі объективтік және субъективтік себептермен байланысты адамдар бір-біріне ұқсамайды. Олар элеуметтік тегі және мүліктік жағдайы, отбасылық ахуалы және кәсіби ісі, мінезі және табиғи темпераменті, тағдыры және өмірлік мақсаттары жағынан әрқилы. Адамдар әртүрлі элеуметтік топтардың өкілдері орайында ғана емес, тұлға ретінде де әрқилы. Олардың рухани мазмұны, жан құрылымы, демек, сондай-ақ ішкі өмірлерінің әдісі мен бейнесі әрқилы. Сондықтан да адамға онтологиялық тұрғыдан тән шынайы адамилық орайында не тән екенін әр-бір адам жоғарыда аталған қасиеттермен байланысты өзі тандайды десекте бірақта соңғы ғылыми зерттеулерге жүрінсек, онда адамның өнегелігіне, руханилығына барлық адамдар жауапты. Өйткені «жіп» теориясын (теория струн) шығарған Леонард

Саскингтың дәлелдеуінше қандай да бір ақпарат Ғарышта сақталып, ешқайда кетпейді. Демек табиғат ақпаратты шифрлайды, бірақ оны ешқашан жоймайды.

Американдық физиктің «жіп» теориясы бойынша ғарыштық кеңістік үнемі тербеліс күйін кешкен бөлшектерден тұрады. Оның пайымдауынша ғарыштық кеңістіктің өзі үшөлшемді, ал ондағы болып жатқан үдерістер, оқиғалар, жалпы барлық біздің іс-әрекеттеріміз екі өлшемді голограммаларда бейнеленіп, Ғарыштың шетінде «үлдірде» пленкада сақталып тұрады. Демек біздің барлық іс-әрекеттеріміз, ойларымыз осы «үлдірде» сақталып, біздің болмысымызға әсерін тигізіп отырады. Сондықтан ешқайда кетпей Ғарышта сақталып отырған ақпарат біздің бүгінгі, болашақ ары кетсе өткен күнімізгеде әсерін тигізеді. Міне сондықтан барлық адамдар осы дүниеде болып жатқан нәрселердің барлығына, соның ішінде ойшылдық, руханилық, өнегелік қасиеттердің бәріне бірге жауапкершілік арттыру керек. Ойшылдықпен өнегеліктің аражігін ажыратпай, керісінше егіз үйлесімдік орнату керек. Осы орайда бекер емес замануи сұранысқа сай Батыс Еуропадағы постмодернизм бағытындағы көптеген ойшылдар номадизм мәселесіне бет бұрып отырғаны. Шынтауайтында сол номадизмнің көрінісін бір ғана біздің ата-бабаларымыздың дүниетанымына үнделсек айқын көріп, «дүниені тұтастай тану тән, бар нәрсенің бәрі қажет, сондықтан бірде бір нәрсені бұзуға болмайды» деген пікірді ашық айта аламыз.

Осы дүниетанымдық көзқарастар болып жатқан оқиғаларды сабырлы, даналықпен түсінуге мәжбүр етті. Мұны басқа халықтар және батыс ойшылдары шығармашылық қызметке бейім еместік деп білді. Көптеген шығыс халықтары – өздерінің тарихи ресурстарын, шығармашылық және интеллектуалдық күш-қуатын сарқып, даналық пен тұтастықтан алды. Енді оларды болашақта бір жақты жадағай даму күтеді деп есептеді. Өкінішке орай, бұл жерде көнбістік пен бойұсынушылықтың сапалық айырмашылығы есепке алынбады. Өмірді даналықпен біртұтас қабылдау, зұлымдықты жоюға болмайды деген ой қорытуға әкелді, оны тек басқа сапаға айналдыруға болады, жақсылық пен жамандық арасында тепе-теңдік орнатуға тырысу қажет деген түсінік қалыптастырды. Мұның барлығын еске сақтап әл-Фараби бабамыз айтқандай ақыл мен қатар тұлғаның сезімдік жан қасиетіне мән беріп, білімін артыру қазіргі кезде күн тәртібінде өзекті мәселе болып тұр. Өйткені білім – ол алдыңғы ұрпақтың жинақтаған тәжірибесіне, құндылықтарына, әлем туралы біліміне адамды тарту үдерісі мен нәтижесі.

Адам өмірінде жетістікке жету үшін, ең алдымен рухани білімге бай болуы керек. Сонда ғана жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар оза шауып, өмірдің биік шыңдарына жетуге болады. Ал рухани бай болу үшін, өмірдің түрлі қырларын тани білу керек. Ол үшін дүниетанымдық ой-өрісі кең, жан-жақты тұлға болуға ұмтылу қажеттілігі алға шығады. Өйткені адам бойындағы өзінің күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау ұлттың өміршеңдігінің негізгі көрсеткіші. Бұл тұрғыда гуманитарлық пәндер соның ішінде, әсіресе философия дүниетанымның теориялық негізі бола тұрып көптеген сұрақтарға жауап береді.

Жалпы барлық философиялық мәселелердің ішінде ортада түрлі қырынан алған адам мәселесі тұр. Сондықтан біз философияның гуманистік, мәдени-тәрбиелік міндетіне ерекше назар аударып, тындаушылардың өзіндік мәдениетін ең алдымен ойлау мәдениетін дамытуға бет алуымыз керек. Сонымен қатар философия арқылы теориялық тұрғыда құндылықтар әлемін саналауға бейімдеп, тындаушылардың өнегелік бағыт-бағдарларын таңдауға үлес қоса аламыз. Атап айтсақ оқыту кезінде синергетикалық тәсілді пайдаланып, тындаушыларды жалғыз логоцентристік қағидада ойлау қабілетін дамытып ғана қоймай, олардың рұхтанған ақыл-парасатына назар аудара аламыз. Сонда біз оларға қазіргі бағыт алған білім жүйесіні сай өзіндік жұмыс дайындығын жүргізуге, өзін-өзі ұйымдастырушы адам ретінде сезінуге мүмкіншілік бере аламыз. Бұл тұрғыда сабақ барысында тақырып бойынша мәселе қойған кезде әр-бір тындаушыны дискурста тартып сыншылдық көзқарастарын арттыра аламыз.

Мұндай жағдайда қойған мәселенің өзі бағалаудың катализаторы бола алады. Өйткені онда ашылған мән оңай болмау керек. Тындаушыда өзін ашу, өзін үшін ашу, өзін өзгерту

үшін ашу үдерісі іске асады. Жалпы сабақта нағыз жан өңдеу, жан мен жүректі өңдеу жүру керек. Нәтижесінде тындаушының тәртібі өзгереді, өз іс-әрекетінің мағынасын іздеу қабілеті дамиды, оның ішкі әлемі мен әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінің байланысы тереңдейді, тұтастай алғанда сабаққа және онда шығармашылық тұрғыда талдауға деген қызығушылық пайда болады, өзін өзі бақылауы арта түседі.

Ең тиімдісі тындаушының қуаныш сезімі сублимацияланып, оқуға деген құштарлығыда арта түседі. Енді олар әр бір сабақта қойған мәселе бойынша дискурса түсуге дайын тұрады. Ал бізге тындаушылардың сабақ үстінде дискурса қатысып, олардың барлығының өзара интеллектуалдық тұрғыдан өсуіне, ал талқыланған мәселенің, идеяның барынша өзекті, өміршең болуына ықпал етуге жағдай жасай алуымыз керек. Басқаша сөзбен айтқанда, дискурстар фигурасы әлдебір тәндік көрінісі бар динамикалық сурет немесе өмір қозғалысы, өмірге еліктеу кодының қозғалу, пайда болу, қалыптасу үдерісі болуына назар аударуымыз қажет.

Шынтуайтында, түсіну – ол сұхбатта болу. Экзистенционалды-рухани философ ретінде М.М.Бахтин, айтқандай: «Болу – қарым-қатынас сұхбаттастығы деген сөз. Сұхбаттастық біткенде бәрі де бітеді» [Бахтин, 1972: 146-147].

Расыменде бүгінде қарыштап дамып жатқан ХХІ ғасыр білімділер заманы екенін алға тартсақ, онда әрбір білім ошағы мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін жас ұрпақтың түсіну қабілетін дамыту қажет. Өйткені түсіну өнімді ойлауды қолдануда жетекші рөл атқарады және түсінудің негізінде сұрақ дұрыс тұжырымдалады, мәселе анық белгіленеді. Демек түлектердің мәселенің шешімін іздеудің ойлау міндеттерін бір бағытқа келтіріп, алынған нәтижелерді ұтымды түсіндіре алатын қабілеттері артады.

Бұл қабілет тікелей құндылық әлемімен байланысты. Әсіресе соңғысы замануи сұранысқа сай оқу үдерісінде жастардың сыншылдық ойлау қабілетімен тікелей байланысты. Білім үдерісін ізгілендіру дегеніміз жастардың осы қабілетін дамытудың фундаментальдық жәйі. Өйткені түсіну үдерісі, бастапқы ақпаратты бірнеше түрлендіруді қамтиды. Демек бұл материалда көрсетілген байланыстар тұрғысынан талдауды қате ететін ақпараттық бөлшектер арасындағы байланыстарды ашуды және алдын ала жиналған бар тәжірибе негізінде осы байланыстарды түсіндіруді қамтиды. Сонда ғана жаңаның оның алдында алған біліммен байланысы осы жағдайда қалыптасқан жаңаны белгілі ұғымдар тілінде тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Мұндай қарым-қатынас орната алмасақ, онда жаңа тақырып түсіндіру барысында сұрақ тұдыратын жағдайлар туындайды. Ұстаздық тәжірибе көрсеткендей оны болдырмау үшін ақпарат бөлшектері арасындағы байланысты орнатып, оны біртұтас түрде көрсетуге мүмкіндік жасау керек. Ал ақпаратты тұтастай жалпылау оны ұғымдар жүйесіне қосуға және осының нәтижесінде түсінудің жоғары деңгейіне өтуге мүмкіндік береді. Бұл ретте түлектермен қарым-қатынас сұхбаттастығын орнатуды да назардан тыс қалдырмай, кез келген жағдайда рефлексия кезеңі сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға белсенді түрде ықпал етіп тұру керек. Осы жерде түсіну қағидатымен байланысты мына бір өзекті мәселеге назар аудару керек.

Қазіргі кезде барлық жаңа ұғым атаулының өз тілімізді баламалары толық орныға қоймағанымен жанды жүріп жатқан және үнемі жүріп отыратын үдеріс. Сондықтан да бүгінде шетелдік терминдердің қазақша сәтті баламаларын пайдаланудан бас тартпауымыз керек. Мұның өзі ана тіліміздің тірі тіл ретінде ғылыми сұраныстарды да өтуге жарайтындығының бір көрінісі. Айталық, «концепция» терминінің қазақ тіліндегі баламасы «тұжырымдама» деп анықталғанына біраз уақыт өтті. «Тұжырымдама» бүгінде мемлекеттік ресми құжаттарда да пайдаланып, термин дәрежесіне жетіп отыр. Қазіргі кезде ұғымдарды, түсініктерді терминге айналдыру үлкен мәселе болып тұрған кезде бұл өте дұрыс қадам және қазақ тілі бай тіл екенін тағы бір дәлелдеп тұр.

Ойымызды әрі қарай жалғастырып, мұндай іс-әрекетіміздің өзінде де рефлексия арқылы өз бетімізше батыл шешім қабылдау және олардың орындалуына жауапты болу, жеке тәжірибені талдау, тындаушылардың сізді қалай сезінетінін және қалай қабылдайтынын



түсіну қабілетін дамыту, жалпы алғанда, жеке тұлғаның даралыққа деген ұмтылысын орындауға болады.

Ал өзінің дүниетанымымен дүниеқатынасына сындық рефлексия қабілетін қалыптастыралмаған адамның тұлға деңгейіне көтерілу мүмкіншілігі жоқ. Ал болмысқа, Ғарышқа дұрыс қатынас дегеніміз ол жетілген адамды, адам өмірінде жоғары бастауды қасыптастыратын нәрсе. Мұны біз гуманитарлық пәндер арқылы ғана дамыта аламыз. Өйткені онда білім мен ғылым, еңбек пен ерлік, надандық пен адалдық секілді рухани құндылықтардан және т.б тындаушылар нәр алады.

Бір ғана қазақ дүниетанымдағы ойлар халықтың ұлттық ұғымдарымен, қанатты сөздерімен ұштасып жатыр. Өйткені қазақтар дана халық, көреген халық, парасатты ұлт. Мұны қазіргі таңда кейбір азаматтар әлде де түсінбей, мәнгүрт жәйін кешіп жүр. Қазақтардың өмір салтының өміршең де жемісті болу себебі, бұл дүниетаным, тұрмыс-салт, дәстүр, жаратылыспен әбден үйлесім тапқандығында. Қазақ үшін өмір – болмыс пен тұрмыс философиясы әу бастан-ақ өзара тығыз еді. Әр нәрсенің көп мағынасы, дәлірек айтқанда, бірнеше қыры болады. Кез келген заттың міндетті түрде философиялық түсінік танымы, мән-маңызы бар.

Қазақ философиясының терең екенін, қазақ философиясының ғылыммен де тығыз байланысты екенін байқауға болады. Бұл туралы ұлы әл-Фараби да «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» деген еңбегінде қайырымды қалада (мемлекетте) ғылым мен мораль үзіліссіз бір-бірімен байланыста екендігінің көрінісін «теориялық ізгілік», «ойшылдық ізгілік», «практикалық ізгілік» категориялары арқылы көрсетеді [әл-Фараби, 2019: 214].

Ұлы ойшылдың айтуынша «ойшылдық ізгілік» өз бетімен «практикалық ізгіліксіз» іске аспайды. Әсіресе, оның көрінісі қазіргі кезде ерекше орын алып тұр. Көптеген ғалымдардың идеялары түрлі себептермен іске аспай жатады немесе керісінше қандай да бір «білімдардың» «асыл» идеяларының нәтижесінде жасалған істер қайран қазақ жеріне, оны мекендеген адамдарына зиянын тигізіп тұрады. Өкінішке орай барлығымыз сондай «данышпан идеяларға» және іс-әрекеттерге куәгер бола тұрып тосқауыл қоя алмаймыз. Ал, шындығына келгенде әрбір істің негізінде құндылық, мәндік негіз болу керек. Нағыз идеяға жан жүрегіңмен сенім артқанда ол іске асады.

Сондықтан болар Гегель ойлауды шығармашыл үдеріске тән құбылыс ретінде түсіндірді. Ал, қазіргі орта білім немесе жоғары білім ордасындағы жастар көбінде дайын жауапты интернет ресурстарынан алып, оны ой елегінен өткізуге күш салмайды. Ол олма, бір-бірімен дауысты тұрғыда тілдесуден де қалып, бір-біріне WhatsApp арқылы немесе смс-хабарлама және мұныда толған қатемен жазып жібереді. Сондықтан болашақ ұрпақтың да ойшылдық қасиеті мен қатар жан қасиетін дамыту үдерісіне тікелей қатысы бар мамандар араласып, толық қолға алмаса жазушы Шынғыс Айтматов «Ғасырдан да ұзақ күн» атты шығармасындағы бүгінгі таңда нағыз шындыққа айналып отырған мәнгүрттер саны одан ары арта түседі [Айтматов, 2015: 145].

Шындыққа келсек, онда ұлы қаламгердің кейіпкері Сәбитжан секілділер қазір бұрынғыдан да көбейді және олардың бүгінгі бейнесі аңызда сұлбаланғандай, анасының жүрегіне рахаттана жымиып тұрып садақ атқан мәнгүрт сияқты барынша құбыжық кейіп алып отыр. Ойлау және қасірет шегу қабілеттерінен айырылған олар сонымен қатар жадысынан әлемдегі ең асылын да жоғалтып алған.

Жоғары оқу орнындарында бұл үдеріске тосқауыл қойып, дұрыс бағыт-бағдар беретін мамандар баршылық. Олар ғалымдар – ұстаздар, жоғары оқу орнындағы оқытушының жаңа типі. Бұл ғалымдар ұлы К.Э.Циолковскийдің айтқан мына әйгілі сөздеріне жүгініп: «Орындаудың алдында – ой, нақты есептен бұрын – фантазия болу керек» [Циолковский, 2004: 86] деп, жоғары оқу орнындағы өскелен ұрпақты да өзінің білімін ғылымның таза судай ағып жатқан ағынындай сезетін қабілетін тудыра алады. Ол үшін жоғары оқу жолына аяқ басқан жастарға бостандық қажет.

Өйткені, шығармашылық – бостандықтың нақты іске асуы ретінде шығармашылықтың өзінің де, бостандықтың да қозғаушы күші ретінде көрініс табады. Шығармашылықтың қамтитын ауқымы – адамның бостандыққа қол жеткізуінің аса маңызды аясы. Алайда, бұл мағынадағы бостандық адамның қалыптасқан жағдайы немесе дәрежесі емес, қалыптасу мезеті екенін ескеру керек. Сонда шығармашыл тұлға шығармашыл ізденісте ғана емес, өзінің кәсіби іс-әрекетінде де осында-тап осы жерде, осы-сағат, осы-сәтте, Архимедтің атақты «Таптым!» деген айғайындағыдай спонтанды түрде шешім таба алады. Бұл – «салқын ақылмен бақылаудан», кәсібилік дәл есептен пайда болатын нәрсе. Мұнда ең бастысы – ең соңғы нәтижесінде, барлығы да пісіп-жетілген өзіндік әрекет жасауға жұмыс істейді. Осыдан шығатын түйін – адам баласы үшін бостандыққа қол жеткізудің бір мүмкіндігі шығармашылық болып табылады. Мұның нәтижесінде болашақ ұрпақты қазіргі кезде игерілмеген, тың болып тұрған қазақстандық ғылымның түрлі бағыттарына бейімдей алып, білім мен ғылым жүйесінде жаңа ой, жаңа көзқарастың пайда болуына мүмкіншілік тудырамыз.

Ал, білім мүмкін болатын қауіп-қатердер мен дағдарыстардан адамзатты құтқарудың ең зор тәсілі. Кен мағынада қарастырсақ қазіргі заманда білім ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең негізгі ресурсы. Сондықтан жас маманды тәрбиелеу жүйесі Отан тағдыры үшін жауапкершілігін сезінетін ерекше тұлға типін дайындауға бет бұру керек. Мұндай тұлға өз ретімен терең өзіндік рефлексияға бағыттталып, Отан сүйгіш қасиетке ие болады. Осы ретте өте бір маңызды жағдайды еске сақтау керек, атап айтсақ, жастардың әлеуметтік деңгейі тек өзіндік өмірде ғана емес, қоғамда да сезіліп, іс-әрекетінің стилі кәсіби элитаны қалыптастыруға әсерін тигізу керек. Сонда ғана жастардың білімін артырып, болашақ кәсіби мамандыққа деген қызығушылығын дамыта аламыз.

Мұндай Отанға деген сүйіспеншіліктің рухани мәні Отанға деген махаббаттың туындысы. Әр-бір тұлғада Отанға деген осындай сезім өмірдегі, қоғамдағы орнын өзі белгілей алғанда іске асады. Ал оның рухани қайнар көзі ұлттық рухтан бастау алады. Сондықтан қоғамның рухани-өнегелік императиві оны құратын тұлғаның рухани жайында бейнеленеді.

Бұл тұрғыда тұлға ұлттың үлкен үміті, қорғаушысы. Оның жаны, басқа сөзбен айтқанда адамдылығы, ішкі бастауы таза, рухы демек жасампаздық бастауы жоғары болса, онда оның даналығыда арта түседі. Осындай дені сау рух өзімен бірге өткеннің құндылықтарының салмақты жүгін алып жүруден қорықпай, алға ұмтылады. Ол «өзінің ерік-жігері» арқылы әрқашанда жасампаздыққа дайын болады. Ал жасампаздық қасіреттен құтылудың және өмірді жеңілдетудің ұлы жолы.

Осы ойларымыз Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасымен де расталады. Онда ұлы психолог «адам тарихи-эволюциялық үдерістің қатысушысы, әлеуметтік рөлдердің тасымалдаушысы ретінде әрекет етеді және табиғатты, қоғамды және өзін өзгертетін өмірлік жолды таңдау мүмкіндігіне ие болады» дейді.[Выготский, 1983: 204]. Бұл ретте жоғары білім беретін оқу орындары кәсіби білім берудің ерекше ордасы болғандықтан бұл мәселеге ерекше назар аудару керек. Себебі білім – ғылыми хабарлау, әлеуметтік және кәсіби тәжірибенің, тұлғаның қалыптасуы, оның дүниетанымын, мәдениетін табыс ету және игерудің бірегей механизмі.

Бұл ретте білімнің қалыптастырушы міндеті ең негізгі болып шығады. Өйткені, әр-бір тұлғаның болашақ кәсіби іс-әрекеті динамикалық, қайшылық, және әр алуан өзгешелікке ие болғандықтан, жоғары оқу орнындағы білімдік үдерісте болашақ маманның қалыптасу жүйесінің құрылуын жан жақты қарастыру керек. Әрбір заттың мәніне терең үнделу үшін оған оперативтік тұрғыда ойлайтын, ынталық қасиеті бар креативті тұлға болу талабын алдына қойып, жанының тереңінен шығу қажет.

Осы тұрғыда, біздің мақсатымыз «әлемнің шашылған мағыналарын» жинап, өтпелі үшін, әлемдегі өтпелі болмыс пен мәңгілікке қатысы бар оқиғалық құнды салмақ алатын сезімдік эквивалент пен құндылық ұстанымдарын жасап шығаруға атсалысуды көздеуіміз қажет. Мұны болашақ маманның сана сезіміне жеткізіп, ой елегінен өткізіп, оның

экзистенциалдық таңдау кеністігінде дұрыс бағыт-бағдар алу қабілетке, кәсіби қызметте ақталған өнегелік императивке ие болуға бағыттай аламыз.

Әсіресе, қазіргі кезде білім беруді ізгелендіру мәселесі өзекті болып тұрғанда ұлттық мәдени кодтың негізінде тұлғаның өзіндік сана сезімін дамытып, рухани-өнегелік сезімдерін оята аламыз. Ал бұл қазіргі жаһандану жағдайында рухани тәуелсіздікті сақтап қалуға әсерін тигізетін ұлттық ойлау мәдениетін қалыптастырудың ғылыми алғышарттарын орнықтыруға өзіндік үлесін қосады. Сонымен қатар өмір-болмыс мәнін, екпінін айқын көрсетумен қатар, адам санасының, таным мүмкіншілігінің, соның ішінде, мәдени философиялық танымның түп төркініне бойлап, әлем халықтарының рухани бітім, мәдени құндылықтарын ұғынуға көмектеседі. Ал осыны түсініп, оған жақындау – ғасырлар бойғы мәдениеттің барлық жетістіктерін айналысқа түсіріп, ғылыми тұрғыда рухани ізденістерді білім саласында үйлесімді жүргізудің болашағы бар деген сенімді арттырады. Өйткені, табиғат жаратқан заттардың бәрі үйлесім заңымен өлшенеді. Табиғат та өзі жаратқан заттардың бәрі кемел болуына ұмтылады. Бұған үйлесімсіз қол жеткізу мүмкін емес, онсыз бөлшектердің жоғары деңгейдегі бірлігі ыдырап кетеді. Осы сұрқайлық қазір қоғамға қатер төндіріп, ізгі мұраттарды мансұқтап, жаппай жүгенсіздікке жол ашып, адамсүйгіш қасиеттерді аяққа таптап отыр емес пе?!

**Әдебиеттер:**

1. Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. -М.: Художественная литература, 1972. -146-147 б.
2. Айтматов Ш.Т. «Ғасырдан да ұзақ күн». Аударған Ш.Мұртаза. Алматы: Атамура, 2015. – 145 б.
3. Әбу Насер әл-Фараби: 7 томдық жинағы. 1 том. – Алматы: Халықаралық клубы, 2019. -214 б.
4. Циолковский К.Э. Космическая философия. М.:Сфера, 2004,- 86 б.
5. Выготский Л.С. Шығармалар жинағы: Алты томдық. Т.3. Психиканың даму мәселелері / Ред. А.М.Матюшкина / Л.С.Выготский – М.: «Педагогика», 1983. – 204 б.

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫ ЕМЕС – РУХАНИ МҰРАСЫ (САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ, АЙТЫЛУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ ФОРМАЛАРЫ)**

**Кемелова Калипа Шахизадаевна**

Отырар мемлекеттік археологиялық  
музей-қорығының аға ғылыми қызметкері,  
мәдениет саласының үздігі  
Шәуілдір, Қазақстан  
Halipa.Kemelova@mail.ru

**Annotation.** The article deals in detail with the customs and traditions of life in connection with handicrafts, which are based on the assimilation of national values.

**Keywords:** Kazakh people, customs, traditions, spiritual wealth, features, types.

Сыйлау мен құрмет тұтуды мақсат ететін ұлттық салт- дәстүріміздің қандай түрі болмасын халқымыздың тұрмыс – тіршілігіне, кәсібіне, наным –сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан – ұрпаққа жетіп, өзгеріп, жаңарып отырған. Осындай ерекшеліктерден туындап қалыптасқан қасиеттер ұлтымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын өмірге әкелді. Жеке адамды сыйлаудан бастап, тұтас халықты құрметтеуге дейінгі үлкен азаматтық ұғым- ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық дүние танымның, тарихи тәжірибенің жемісі.

Ұлт дегеніміздің өзі – адамдардың тарихи қалыптасқан жері, тілі, діні, салт-дәстүрі, мәдениеті болып табылады. Салт-дәстүр – белгілі бір халықтың, белгілі бір жүйеге байланысты және ұстанатын дініне, діліне, мәдениетіне байланысты қалыптасқан белгілі бір уақытта қайталанып отыратын халықтың ұлттық құндылығы. Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтарын әлем жұрты материалды емес (рухани) мәдени мұраларға жатқызады. Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай ел. Ата – ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау,

адалдық, әдептілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады. Бұл-оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы.

Халқымыздың осындай ізгі дәстүрлі мәдениетіне, тарихи-этнографиялық тұрмыс тіршілігінің байлығына назар аударып, қызыға зерттегенін көптеген ғалымдардың, шетел зерттеушілерінің еңбектерінен де көруге болады. Адамдардың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын оның қасиетін қастерлеу ең алдымен олардың бір-бірімен сыйласуынан басталатыны ақиқат. Мысалы: Жасы үлкен адамға «Армысыз ата-әже деп» – сәлемдесудің өзі халқымыздың өзгермейтін мәдени рәсімі. Бұл жердегі «Армысыз» сәлемін алушы жақ, «Басыңыздан бақ кетпесін», «Мақсатыңа жет», «Бақытты бол қарағым» т.б. ұғымда жауап беріп, оны өзіне көрсеткен құрмет деп санайды [Арғынбаев,2005:68].

Сонымен қатар, Орта Азия мен Қазақстан жеріне ислам дінінің енуі халқымыздың дәстүрінің дамуына, кейбір әдет-ғұрыптың өзгеріске түсуіне себепші болғаны тағы бар. Осындай өзгеріске түскен құрмет ұғымдарының бірі – сәлемдесуге байланысты рәсімдер. Елімізге ислам діні енген кезеңнен бастап, халқымыздың көпшілігі (оның ішінде ер адамдар) мұсылман дәстүрімен «Ассалаумағалаейкум» деп сәлем беретін болса, «Уағалейкумассалем» деп жауаптасып сәлем алатын болды. Араб тілінен енген бұл сөздердің алғашқысы «Сізге Алланың саулық сәлемі болсын» деген ұғым берсе, соңғысы «Сізгеде Алланың саулық сәлемі болсын» деген мағынаны білдіреді [Жалын, 2004:61]. Ер адамдар осылай амандасатын болса, ал әйелдер мен қыз-келіншектер сәлем беру барысында бұл сөздерді қолданбай, жасы үлкен адамдарға «Сәлеметсіз бе» деп қана амандасады. «Сөз анасы – сәлем» демекші сәлемдесудің түрі көп-ақ, бірақ әр сәлемнің өз үлгісі мен ерекшелігі бар екенін ескеруіміз керек.

Қазақтың әдет-ғұрыпында жол-жоралғы деген ұғым бар. Бұл – әр адамның еңбегіне, ата-тегіне, туыстық қатынастарына сай жасалатын алыс–беріс, сый–сияпат ретінде берілетін тарту-таралғы. Мысалы, алғаш рет келген құрметті қонаққа, батырға, ақынға, ел ағаларына, құда-құдағиға көрсетілетін жол бар. Мұндай тартуға ат-шапан, кісе белбеу, ер-тұрман, қару-жарак, қалы кілем, құндыз бөрік, домбыра, күміс қамшы т.б. жатады. Жол жөн-жосық, кезек беру, арқылы да көрсетіледі, мысалы; бата беру, бас ұстау, жоғары отыру. Жас ақын аға ақынға, жігіт қызға жолын береді дегендей, өйткені «қыздың жолы жіңішке» деген ұғым бар. Жалпы, қазақ баласы қай жерде де, қай істе де жол-жоралғысыз аяқ баспайды. Ел ішінде күн сайын кездесетін жол алу, жолын беру, жоралғы жасау жөн –жосық міне осыдан басталады. «Орамал тон болмаса да, жол болады»,-дегенде атам қазақ: «Үлкен- кіші болса да, сыйлай біл, арзан –қымбат болса да, жолы мен жөнін көрсете біл»,-деп ескерткен. «Е, құдайым тіземнен сүріндірсең де , тілімнен сүріндірме, аттан құласам да, жолымнан құлатпа!» – деп тілеген ел жолдан жығылуды ар санап, сол жолдан таймаған. Демек, тұрмыстағы салт-дәстүр, өмірдегі әдет-ғұрыптың бәрі осы жол-жоралғы арқылы жасалады. Жолды ұстай білу – биік адамгершіліктің, ұлттық парасатымыздың биік тұғыры[Несіпбаев, 2012:130].

Ежелден келе жатқан дәстүріміздің бірі, қонақтың әрбір шаңырақта «Бөлінбеген еншісі бар» деген ұғым бар. Осы ізгі қағиданың халық арасында кеңінен сақталғаны сондай, ерте кезде алыс сапарға шыққан жолаушы жолға шыққанда азық-түлік алып жүрмеген. Жолаушы жол-жөнекей кездескен кез-келген ауылға ат басын бұрып түсетін болса, үй иесі қонақты сыйлап, шамасы келгенше дастархан жайып, күтіп шығарып салатын болған. Тағы бір ертеден келе жатқан салт-дәстүріміздің бірі – ерулік жайында, ол қазақтың алыс-жақынына қарамай, бірін-бірі қонақ етіп, дастархан жайып, асқа шақырып, араларын жақындастыра түсетін рәсім. Ұлттық салт-дәстүріміздің бұл түрі ауылда ғана емес, үлкен қалаларда да кездеседі. Сонымен қатар, жаңадан көшіп келген көршіні ерулікке шақырып жатады. Мұның мағынасы жаңа адамдарды бөтенсінбей өз ортасына тартудың, сыйласудың үлкен белгісі болып саналады.

Ұлттымыздың рухани мәдениетінің дамуында музыка өнерінің алатын орны ерекше. Себебі музыка халық өмірінің әр кезеңінің тыныс-тіршілігінен хабар береді. Халық ән-күйдің әуен-сазы арқылы өзінің күнделікті өмір салтын, тарихи оқиғаларды келесі ұрпаққа осы өнер

арқылы жеткізіп отырғаны белгілі. Сондықтан халқымыз қонақ күту барысында, олардың рухани қажеттілігін ескеріп, жыршы – жыраулармен, әнші – күйшілерді қатты құрметтеген. Мұның өзі халқымыздың әнді-әуенді жақсы көріп, кез-келген сәтте оны көңіл қойып, тыңдай білетіндігінің дәлелі. Қалың көпшілік мұндай бас қосудан кейін рухани жағынан байып, жақсы тәрбиелік қасиеттерінен үлгі алатын жағы тағы бар. Бұл жайында белгілі этнограф, ғалым Х.Арғынбаев; «Қазақ отбасында балалар жастайынан қонақжайлылыққа тәрбиеленеді. Өйткені халық дәстүрі бойынша келген кісіге қонағасы берілген соң, қонақты әңгімеге тартып өнері болса, ән салғызып, күй тартқызады. Қонақ әңгімесіне балалар әрқашан құмар болады. «Адам болар бала қонаққа үйір» – деп де халық тегін айтпаған. Себебі әр қонақтан естіген жаңалықтарын есіне сақтай білген жастың таным – түсінігі кеңейіп, дүниеге деген көзқарасы қалыптасады», – деп қонақжайлылықтың тәрбиелік мәнін, атадан балаға мирас болып қалатынын осылайша атап көрсеткен [Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары» 1 том, 2005: 201].

Қазақ халқының ұлттық мәдени ерекшелігін айшықтай түсетін нәрсенің еңбастысы – киіз үй құру өнері. Төл өнеріміздің қас шеберлері жасаған қолөнері мен дарыны, дүниетанымы мен сұлулық туралы талғамы, киіз үйдің бойынан айрықша айқын танылады. Ұлттық ұғымда осы киіз үйдің және оның әрбір құрамдас бөлшектері қасиетті болып саналады, соған орай ата – бабаларымыз әрбір затқа ұлықтау, теңеу сияқты ойлы ұғымдармен бірге тәрбиелік қағидалы, қанатты сөздер шығарған. Ол сөздер киелі мүлік, тұтас отбасы дейтін ұғымды бейнелейтін шаңырақтан басталады. Дәлірек айтсақ, киіз үйге жаратылған киізден, кілемнен, қымбат бағалы кездемелерден, бау – басқұрдан, ағаштан ойып, сүйектен, бояулы өрнектермен әсемделген үй жиһаздарынан біздің ұлттық мәдени ерекшеліктеріміздің дәстүрлі нұсқаларын көруімізге болады.

Халқымыздың киіз үйі елмен бірге өмірге келіп, өмір бойы бірге жасасып келе жатқан тұрмыстық мәдениетіміздің көрінісі. Ал, қазір заман өзгерді, ел де, жер де жаңарып, жасарып көшпенділік дәуір әлдеқашан артта қалған. Бұрынғы киіз үйлердің орнын қазіргі таңда малшылардың тұруына, көшіп қонуына ыңғайлы етіп жасалған ақ шатырлы үйлер басқан. Малшы ауылында қолданылып жүрген кейбір киіз үйлердің өзі де жасау-жабдығы жағынан көп өзгерген[Уеллер, Бабасова,Сайлауов, 2003:3]. Оның себебі, қазіргі таңда киіз үйдің күнделікті қолданысқа зәру еместігімен қатар, қолөнер шеберлерінің жүннен жасалған бұйымдарды көз майын тауысып, көптеп тоқымауында болса керек. Бірақ соңғы кезде қайта келген дәстүрлі мерекеміз Наурыз мерекесі халқымыздың көне мұрасы – киіз үйдің сақталып қалуына көп әсерін тигізуде. Осы бір аппақ шатырдай киіз үйлерді қатарластыра тігіп, жылда жоғарғы дәрежеде аталып өтетін Ұлыстың Ұлы күні Наурыз діни мереке емес, дәстүрлі мереке деп есептеуіміз керек. Себебі, Наурыз дәстүрінің өзі, қазақ даласына мұсылман дінінен жүздеген жылдар бұрын орныққан дәстүр екенін ескергеніміз жөн [Жәнібеков,1992:18].

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз – біздің дәстүрлі мерекеміз болғандықтан бұл той ақындар айтысымен, спорт ойындарымен және алтыбақан тебумен т.б. өтетін болған. Ақындар қақтығысында олардың әрқайсысы шартты түрде жақсы мен жаманның, инабаттылық пен зұлымдықтың, имандылық пен әзәзілдіктің, жаңа жыл мен өткен жылдың кейпіне кіре айтысатын. Ал спорт ойындарына келсек: «Аударыспақ» кезінде ат үстіндегі екі жігіт бірін-бірі аударып түсіруі, кілем үстіндегі қазақша күресуі оның біреуі қарсыласын атына теріс отырғызып үлгерсе, жеңілген жігіт жұрттың күлкі- қалжыңына қалатын. Бір сөзбен айтқанда, халқымыздың өрнектемей сөз сөйлемейтін, оюламай зат ұстамайтын, қонақсыз қолаңсып қалатын, той жасап бар жиған тергенін шашқысы келіп отыратын, сол тойында ат шаптырып, палуан күрестіретін, ақындарды айтыстырып жыр-терме ұйымдастыратын әдеттері қазақты басқа ұлттардан ерекшелеп көрсетеді. Қорыта айтсақ, «Халқым қандай десен, салтымнан сынап біл» демекші, салт -дәстүрлерден этностың мінез – құлқы, үлгі-өнегесі, зейін- зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл – ойы, сондай- ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Жалпы, ұлттық салт – дәстүр дегеніміздің өзі—

халықтың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі. Халқымыздың рухани өзегі болған, мәдениетіміз біздің елде ғана сақталған-деп айта алмаймыз, себебі жер шарының әр жерінде мекендеген халықтардың дәстүрлі мәдениеті де түрлі-түрлі дәрежеде сақталған және өзіндік мәдени ерекшеліктері бар [7,6-10б.б.]. Халқымыздың ежелден бері қалыптасқан, ғасырлар бойы сақталған әдет-ғұрпының, салт-дәстүрінің, қолөнерінің кейбір түрлері ескіріп, өткен күннің еншісінде қалып, заманның ағымына қарай өзгеріске ұшырап, ерекшеліктерге ие болғанымен бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Сондықтан да қазақ халқының ана тілі, тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүлері де өте маңызды деп бағалаймыз. Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады.

**Әдебиеттер:**

- 1.Х.Арғынбаев. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы, 2005ж.-68б.
- 2.Жалын журналы №9 2004ж.-61б.
- 3.Б.К. Несіпбаев. Ұлт мәдениеті мен өнері.- Білім,2012ж.-130б.
- 4.«Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары» 1 том Алматы, 2005ж – 201б.
- 5.Р. Чарез Уеллер, Дина Бабасова, Ғалымжан Сайлауов. «Қазақ халқының ұлттық мәдениеті». Алматы, 2003ж – 3 б.
- 6.Ө.Жәнібеков. Уақыт керуені.-Алматы: Жазушы,1992 -18б.
7. С.Қалиев, М. Оразаев, М. Смайлова. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 1994ж. – 6-10 б.б.

## **ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ДИАЛОГА КУЛЬТУР В ГЛОБАЛИЗИРУЮЩЕМСЯ МИРЕ**

**Иманбаева Жулдыз Машинбаевна,**

заместитель заведующего кафедрой философии факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби по научно-инновационной деятельности и международному сотрудничеству

**Рамазанова Алия Хайруллаевна,**

ассоциированный профессор кафедры философии факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби, кандидат философских наук

Глобализация рассматривается многими специалистами как один из значимых факторов формирования и развития современной культуры. В свете такой постановки проблемы предметом исследования становится сущность процесса глобализации. Теоретики глобализации Бек, Гидденс, Робертсон, Бауман отмечали сложность и многомерность этого процесса.

Галоян считал, что взаимодействие культур может происходить двояким способом. При благоприятном сценарии происходит взаимообогащение культур. При негативном сценарии элементы одной культуры проникая в другую воздействуют деструктивно.

Правомерно ли ставить вопрос о формировании некоей общемировой культуры? Галоян отмечает, что в результате глобальной культурной интеграции происходит унификация культур. Значимые различия национальных культур, имеющие привязку к определенному территориальному контексту, стираются. Вместо этого имеет место «универсализация в смысле унификации стилей жизни, символов культуры и транснациональных форм поведения...» [1, р. 43].

Процесс глобализации подразумевает частичную утрату субъектности национальными государствами. Происходит некоторое размывание границ между государствами за счет того, что часть задач бывших ранее исключительно в компетенции отдельных правительств делегируются транснациональным институтам. В первую очередь это относится к сферам экономики и финансов. Поскольку все сферы общественной жизни существуют и развиваются в тесной связи друг с другом культура также испытывает на себе влияние глобализации. Распространение единых стандартов технологий и средств производства товаров массового потребления, сюда также относятся продукты духовной деятельности привело к интернационализации общественной жизни и сформировало

глобальную массовую культуру. Продукт развития информационных технологий, виртуальные сообщества представляют собой новую форму массовости.

В глобальном виртуальном пространстве распространяются элементы массовой популярной культуры. Эти элементы легко вписываются в контекст локальных национальных культур. Происходит ли при этом истинный диалог культур? Происходит ли глубинное знакомство с духовными богатствами народов? Галоян считает, что межкультурное взаимодействие на глобальном уровне страдает поверхностностью, фрагментарностью. Происходит имитация и тиражирование высоких образцов культуры. Знание народов друг о друге остается на уровне стереотипных представлений.

Элементы глобальной массовой культуры нарушают целостность национальных культур, укорененных в традиции. Возникает ситуация соперничества смыслов и ценностей. Национальные культуры испытывают угрозу и вынуждены мобилизовываться. Как ответная реакция происходит поиск оснований собственной идентичности. Возрождение исторических культурных ценностей, осознание необходимости их сохранения. Таковы основные тенденции культурной глобализации, по мнению Галояна.

Глобализация затрагивает в первую очередь материальную сторону человеческой жизнедеятельности стандартизируя образ жизни народов и стран по всей планете. По мнению Гуссейнова в духовной сфере глобализация привнесла все усугубляющееся размежевание и в этом главное противоречие современной эпохи.

Информационно-технологического единства явно недостаточно для повышения уровня общечеловеческой сплоченности. Глобализация ведет к культурному изоляционизму. Диалог культур единственный путь к духовно-нравственному сплочению народов. Речь о формировании глобального этоса. Глобальный этос означает сформировавшийся в процессе совместного существования, ценностно обусловленный общественный нрав. Внутренним этико-культурным установкам необходимо придать внешнюю форму в виде конкретной символики, закреплённых международных норм поведения.

Глобализация в сфере экономики, политики, коммуникации на самом деле создает площадки для межкультурного общения. На этих площадках (транснациональные корпорации, Интернет, международные институты) устанавливаются глобальные формы общения, позволяющие людям разных культур вести единое существование. Глобальная культура возникает сама по себе. Оказавшись в коммуникативной ситуации, где отсутствуют традиционные разделительные линии как государство, национальность, религия люди ведут себя более сдержанно и уважительно чем обычно.

Глобальный этос уже в своих зачаточных формах присутствует в опыте международных взаимодействий. Важно отметить, что глобальный этос не исключает национальные этосы. Культурные последствия глобализации не обязательно должны быть негативными. Глобальный этос это новый этико-культурный стандарт общественных нравов общий для всех народов, совершенно не исключая их различий, культурного плюрализма. Для формирования полноценного глобального этоса одной лишь коммуникативной целесообразности недостаточно. Требуется еще выработка смыслов, дающих направление будущего развития мира.

Чумаков говорит о существовании универсального единства мирового сообщества. Речь не о том, что существует в мировом сообществе некое всеобщее единообразие или оно может наступить в будущем. Такая перспектива означала бы действительный конец истории. Универсальное единство мирового сообщества проистекает из «общечеловеческих культурных и цивилизационных оснований» [2, р. 421]. Природа глобализации заключается в установлении и поддержании сбалансированных международных отношений. Все что характеризует глобализацию – транснациональные корпорации, международные организации, Интернет и пр. содействует интегративным процессам, формированию единого общепланетарного мышления.

Общепланетарное мышление можно назвать отражением глобальной культурно-цивилизационной целостности. По форме самосознание людей может быть локальным,

региональным или глобальным. По содержанию оно включает духовные и материальные ценности культуры общества, к которому они принадлежат. Глобальное или общепланетарное мышление проявляет себя в терминах межкультурного диалога. Заставляя задуматься о коэволюции различных культурно-цивилизационных систем, ойкумен входящих в состав единой мировой социосистемы. Высокотехнологичные средства и новейшие формы коммуникации способствуют межкультурному диалогу. «сознание все большего числа людей становится интерактивным, оказывая влияние и на их традиционное культурное и цивилизационное самосознание, направляя его в сторону признания и соблюдения общечеловеческих ценностей» [2, р. 420].

По мнению Чумакова культура – явление по природе своей противоречивое. В диалоге культур изначально присутствует напряжение. Две противоположные тенденции: стремление к интеграции с одной стороны и желание защитить свою самобытность с другой создают указанное напряжение. Глобализация обострила существовавшие прежде в межкультурном взаимодействии противоречия, вывела их на иной качественный уровень. В условиях современного мира диалог единственная форма выживания [3].

Миронов считает, что коммуникация превращается в стержень современной культуры, но при этом ценность общения падает. Поскольку общение строиться по принципу познания наиболее совпадающих смысловых структур. Нет напряжения, связанного с необходимостью отстаивать свою идентичность, которое присутствует в диалоге культур.

Трансформация современной культуры под воздействием информационных технологий происходит по пути разрушения локальных культур. «в условиях огромных коммуникационных возможностей, как это ни странно, диалог скорее разрушается и превращается в глобальный монолог» [4, р. 32]. Термином трансформация Миронов обозначает такое изменение системы, когда в ней под влиянием чужеродных элементов запускается процесс саморазрушения. При этом сохраняется внешняя целостность системы или видимость целостности.

Национальные культуры укоренены в конкретном социокультурном пространстве. В глобальном виртуальном коммуникационном пространстве, где отсутствует понятие территориальных границ диалог культур приобретает специфическое бытие.

Прокудин и Толстикова изучали перспективы диалога культур в виртуальном пространстве. Под всеобъемлющим влиянием информационных технологий происходит трансформация культуры. Физическое бытие имеет свою ипостась в виртуальном пространстве. Интернет приобрел статус отдельного социокультурного коммуникативного пространства, где сталкиваются и взаимодействуют культуры.

В виртуальных сообществах имеют место энтропийные процессы, связанные с размыванием культурных границ, утратой идентичности, переориентацией на другие ценностные установки. Социальные сети одновременно с этим могут использоваться как эффективный инструмент консолидации, защиты культурного ядра отдельных сообществ независимо от их физического местонахождения.

Тезис о том, что социальные сети способствуют строительству мирных взаимоотношений показали Yifat Mor, Yiftach Ron and Ifat Maoz в своей статье [5]. В ней анализируется роль Facebook в конфликте между израильскими евреями и палестинцами. Граждане Израиля палестинского происхождения создали группу в Facebook под названием “Tweeting Arabs”, позволившую обмениваться мыслями и надеждами представителям конфликтующих сторон. Опубликованные в этой группе посты вызвали активный отклик со стороны аудитории в виде перепостов, комментариев и лайков. Было выявлено что наибольшее количество лайков набирали те посты, которые призывали к миролюбию.

Внедрение цифровых технологий вывело интегративные процессы во всех сферах общества на общепланетарный уровень. Согласно Моисееву, объединение коммуникационных связей посредством интернет технологий формирует коллективный разум. Осознание общепланетарным сообществом этого факта, наличие схожих



представлений о том, что такое «Мы», и какового наше положение в мире, логически за собой выводит вопрос об общих целях развития.

Что же такое коллективный разум или интеллект? Коллективный интеллект означает некое коллективное знание, а также технологию хранения и передачи этого знания. Коллективный интеллект – продукт эволюции природы. Физиологически мозг человека сформировался уже 30-40 тыс. лет назад, с тех времен его сверх возможности определял коллективный интеллект. Коллективный интеллект обнаруживает тенденцию ко все возрастающему развитию. На заре истории человечества он имел преимущественно локальный характер. Современные средства связи вывели коллективный интеллект на общепланетарный уровень.

К мировому сообществу уже пришло осознание того, что существуют глобальные проблемы, решение которых уже не под силу отдельным странам. Коллективный интеллект в планетарном масштабе — это уже не стихийное явление. Он стал объектом целенаправленного воздействия в целях сохранения современной цивилизации. Разработка стратегии коллективных действий в решении глобальных проблем – определяющее направление деятельности человека, ставшего могущественным фактором эволюции биосферы. На современном этапе мирового исторического развития «Коллективный Разум становится не только опорой развития вида *Homo sapiens*, но и объектом целенаправленных усилий по его совершенствованию» [6, p. 177].

#### Список литературы:

- [1] У. Бек, Что такое глобализация? Ошибки глобализма – ответы на глобализацию, М: Прогресс-Традиция, 2001.
- [2] А. Н. Чумаков, Метафизика глобализации. Культурно-цивилизационный контекст, 2 ред., М: Проспект, 2016, p. 496.
- [3] А. N. Chumakov, «Culture in the Global World and Opportunities for Dialogue,» SYNTHESES PHILOSOPHICA, т. 2, № 62, pp. 413-422, 2016.
- [4] В. В. Миронов , Трансформация культуры в пространстве глобальной коммуникации, СПб: СПбГУП, 2019, p. 60.
- [5] Y. Mor, Y. Ron и I. Maoz, «“Likes” for Peace: Can Facebook Promote Dialogue in the Israeli–Palestinian Conflict?,» Media and Communication, т. 4, № 1, pp. 15-26, 2016.
- [6] Н. Н. Моисеев, Избранные труды. В 2-х томах. Междисциплинарные исследования глобальных проблем. Публицистика и общественные проблемы., т. 2, М.: Тайдекс Ко, 2003, p. 264.

## ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО ДОКУМЕНТАЛЬНОГО КИНО

**Курмашева Жанана Абдугаппаровна,**  
магистр искусствоведческих наук,  
Преподаватель КазНАИ им.Т. Жургенова  
ajumai@mail.ru.

**Annotation.** The article "Features of the development of Kazakh documentary cinema" examines in detail the origin of Kazakh cinema and its formation to the modern period. The paper contains the names of filmmakers and the films they worked on. These films played an important role in the development of Kazakh cinema and influenced its fate. From simple fixation to artistic organization, from agitation to free thought – such a path was passed by Kazakh filmmakers to the modern period, and the article acquaints the reader with this path.

**Keywords:** Kazakh cinematography, chronicle, documentary film, Soviet era, trend.

"Балансирование документального фильма между жизнью и искусством – вот причина его эстетической феноменальности. Соединение образа и прообраза в одном лице, совмещение типа и прототипа. Такое уникальное обстоятельство не может не ставить перед документалистом уникальные художественные задачи". [Луныков, 1998: 107]

Казахское киноискусство рождалось не постепенными поисками и толчками, оно рождалось в тот момент, когда основные вехи киноискусства уже были пройдены и освоены; уже были открыты звук и цвет, уже были развиты другие виды искусства. Казахское кино

возникло и проходило этапы своего становления не самостоятельно, в этом ему способствовали русские кинематографисты. В этот период казахское кино имело две тенденции своего развития: пассивная фиксация материала и художественная его организация. Но все фильмы несли в себе идеологический характер и выполняли государственные "задания": освещались успехи страны, шла агитация и просвещение зрителей.

Первый документальный фильм о Казахстане – "Годовщина существования КАССР", снятый в 1925 году. Этот фильм стал отправной точкой для появления фильмов о Советской власти, о жизни казахов. Стали работать кинопередвижки, демонстрировавшие документальные пропагандистские фильмы.

В 1929 году при Всероссийском тресте "Востокфильм" в Алма-Ате была образована первая киностудия. Хроникерами киностудии снимались культурные и хозяйственные события жизни страны, а также праздничные демонстрации. Были выпущены короткометражные документальные фильмы: "Кооперация в аулах", "Новая столица" (об Алма-Ате), "Кзыл Аскер", "На джайляу" и два киноочерка о ходе строительства Турксиба. В 1929 году вышли хроникальные фильмы-очерки "Алма-Ата и ее окрестности", "Прибытие первого поезда в Алма-Ату", "Школы ликбеза". В этом же году на экраны выходит полнометражный фильм "Строительство Турксиба" (реж. В.А. Тюрин), который стал важной вехой в истории развития казахского кино.

Эти документальные фильмы сняты достаточно примитивными средствами кино: общие планы с одной точки, однообразные растянутые куски, логическая последовательность кадров. Но тем не менее, это не умаляет важности данных фильмов, так как в них запечатлена советская эпоха, время наших предшественников и лучших умов казахской интеллигенции. Жизнь, снятая тогда, сегодня для современного поколения – история.

Надо сказать, что деятели искусства советской эпохи были не только запечатлены в фильмах того времени, но и принимали в развитии казахского кинематографа непосредственное участие. Среди ярких и самоотверженных двигателей казахского кино был Ильяс Жансугуров, говоривший о важности национальной кинематографии в своих выступлениях, а затем стал руководителем сценарного отдела Алма-Атинского производственного отделения треста "Востоккино".

Сабит Муканов так же принимал свое участие в создании фильмов, консультируя кинематографистов по сценариям фильмов "Песни степей" и "Джут", что чрезвычайно помогло в воссоздании на экране быта и обычаев казахского народа.

Мухтар Ауэзов, Габит Мусрепов, Абдильда Тажибаев, Шахмет Хусаинов с Владимиром Абызовым – авторы сценариев ко многим казахским художественным фильмам.

Если брать историю влияния религии и культуру казахов, то она формировалась на принципах толерантности, веротерпимости и уважительного отношения к религиозным догмам и нормам традиционных религиозных конфессий. При этом каждой исторической эпохе соответствует собственные принципы и видение данного влияния, но при этом есть обобщающий фактор, который объединяет все исторические эпохи. Данный аспект можно определить, как веру в духов предков, которая имеет начало со времён появления первого родоплеменного союза на территории Казахстана – Сакского государства. В этом контексте «Турсун Хафизович Габитов утверждает следующее: «В древней истории преобладали генотеистические верования. Генотипической религиозной системой называется общность характерных для родоплеменной общины представлений и верований, обожествляющих предков-родоначальников и принимающих их за решающую силу во всех сферах общественной жизни. Центральный образ генотипической веры – аруах (дух предка). До сегодняшнего дня казахи поминают аруахов наравне с Богом: «О аруах, о Боже, поддержи, сохрани от бед!» [2]. Данный факт, подтверждает то, что наш народ являлся веротерпимым, так как основным стержнем духовной веры являлось вера в духов предков и почитание их памяти. Соответственно религиозные конфессии которые поддерживали данный аспект, получили широкую поддержку и смогли распространить своё влияние на территории Казахстана. Такой тезис подтверждается также в словах Чокана Валиханова. В своих трудах он высказал следующее: «В критические моменты жизни казахи поминают имена своих предков, считая, что любая удача случается с благословения аруахов» [3]. Но данный аспект можно определить из расчёта того, что оно встречается в каждый исторический этап нашей страны и его истории.

Для более полного анализа вопроса рассматриваемого по теме, мы условно поделили историю страны условно на несколько этапов, в котором отражается собственный аспект влияния на формирование культуры. Данные этапы будут указаны в таблице №1

История Казахстана до 8 века нашей эры
История Казахстана до начала 20 века нашей эры
История Казахстана 1917-1991

**Таблица №1.** исторические этапы влияния религии на культуру на территории Казахстана

Из данной таблицы можно определить, что на первом этапе шло активное влияние первых религиозных конфессий на развитие культуры, которые распространялись на территории Казахстана. В тот момент распространение получили тенгрианство, зороастризм, минтраизм и многие другие. Именно в данный отрезок времени была заложена вера в духов предков, силу очищающего огня и многие другие проявления культуры казахов в бытовых вопросах. По мнению Орынбекова М.С. «именно в данный исторический период были заложены принцип уважительного отношения людям проживающим на территории Казахстана, что отразится положительно отразится на будущее страны» [3].


Второй этап связан с проникновением ислама на территорию Казахстана и соответственно активным влиянием мусульманских традиций на формирование культуры казахов. Этот исторический этап самый продолжительный и занимает большой отрезок в истории. Именно на данном этапе была сформирована казахская нация, а именно во второй половине XV века Жанибеком и Кереем.

Также в этот период территория страны оказалась под управлением империи монголов, а в последующем в рамках улусов Джучи и Чагатай. Данный исторический факт в некоторой степени притормозил распространение ислама на начальном этапе, но после именно в нём данная религия получила широкое распространение и поддержку. Именно с конца данного исторического этапа культура казахов стала развиваться в контексте с активным влиянием мусульманской культуры в общем и религиозных догм ислама в частности. Но при этом традиции заложенные на первом этапе сохранились и сохраняются до сих пор в контексте проявления культурных традиций в бытовых вопросах общественной жизни. И конечно нельзя не отметить период колонизации нашей страны Российской империей, что конечно не отразилось сильно на влиянии религии на формирование культуры, но все же данный исторический факт повлиял на культуру народа в общем и способствовал более интенсивному формированию казахского народа.

Заключительный этап данного анализа, является момент, когда Казахстан входил в состав СССР. Попытка построения атеистического общества сыграл свою роль на формирование культуры казахов. Также немаловажным фактором является проникновение традиций других культур народов СССР, в частности России в развитие культуры нашей страны.

В целом основываясь на кратком анализе вышеописанных эпох, то можно сказать, что религия сыграла и играет значительную роль на формирование культуры Казахо́в. При этом исламские традиции в синтезе с бытовыми традициями доисламских верований, а также принцип толерантности и веротерпимости стали элементами культуры Казахстана в целом. При этом наша страна не является исключением, а наоборот развивается в контексте со многими странами мирового сообщества. Во многих странах религия и её догмы являются неотъемлемой частью культуры. Примером может являться «Республика Корея, где 60% населения являются атеистами, но при этом они практически все соблюдают религиозные обряды, так как это часть национальной культуры» [4].

В конце данной статьи мы приведём итоги небольшого опроса, где обучающиеся ЕНУ имени Л.Н. Гумилёва ответили на вопрос «Как вы считаете, религия сильно повлияла на формирование культуры Казахо́в».



**Диаграмма №1.** Ответ на вопрос «Как вы считаете, религия сильно повлияла на формирование культуры Казахо́в»

В рамках проведённого анализа были получены следующие результаты: 25% опрошенных считают, религия активно влияет на культуру, 55% считают, что лишь частично и остальные либо не знают либо считают, что религия никак не влияет на культуру Казахо́в. Из данного опроса можно определить, что более половины респондентов считают, религия влияет на культуру, но при этом она проявляется во многом лишь на бытовых вопросах общества, такие как рождение, свадьба похороны и так далее. В повседневной жизни мы особо это не ощущаем, во многом благодаря интенсивному ритму жизни и конечно активных процессов глобализации влияющие на формирование культуры общества в целом не только в нашей стране, но и в мировом сообществе в целом.

#### Список литературы:

1. Габитов Т.Х. Теория и история казахской культуры. // Алматы: Лантар Трейд, 2022. – 308 с.
2. Габитов Т.Х. Казахи: опыт культурологического анализа // Saarbrücken: 2012- Germany LAP LAMBERT. – 18 п.л.
3. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013, 204 стр.
4. Аймухамбетов Т.Т. Творческий отчёт о стажировке в Республике Корея (г. Сеул) в университете Донгук и Соганг // Современное образование в школе, колледже и вузе/ Республиканский научно-методический журнал. – Алматы: ЖК «Литера-НМИ», №6 2016. – 56 с.

## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ

**Жанбатыр Амангелді Сапабекұлы,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті  
философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер  
кафедрасының аға оқытушысы,  
гуманитарлық пәндер магистрі.  
Қызылорда қ., Қазақстан. zhanbatyr68@gmail.com

Лингвомәдениеттану ғылымының әдіснамасы негізінде тіл мен мәдениеттің өзара тығыз байланысы, тілді мәдениетті танудың құралы, кез-келген этностың мәдениеті тілінде бейнеленуі жайлы терең түсінік-таным жатыр. Осыған орай, лингвомәдениеттанудың нысаны ретінде сөзжасам деңгейінен бастап, коммуникация актілері, әлемнің аксиологиялық бейнесін қамтып, мәтін – дискурстық деңгеймен аяқталатын орасан көп тілдік және коммуникативтік бірліктер бола алады.

Лингвомәдениеттанулық талдау әдістерінің құрылымдық тұрғыдан жіктелген нақты жүйесін қазақстандық ғалым Г.М. Алимжанова өзінің «Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека» (2010) атты еңбегінде ұсынды. Аталған зерттеуге сүйене отырып, қазіргі таңда лингвомәдениеттанулық талдауда пайдаланылатын келесідей әдістерді атауға болады:

1. Салғастырмалы – функционалды әдіс: салыстырылып отырған екі тіл арасындағы айырмашылықтарды тауып, лингвомәдениеттанулық бірліктердің қолданысы деңгейінде сол айырмашылықтарды анықтауға бағытталған.

2. Семиотикалық жүйелі-құрылымдық әдіс тек қана құбылыстардың әмбебап байланыстарын ғана емес, сонымен қатар, сол құбылыстардың бөліктері арасындағы заңды байланыстарды, яғни олардың құрылымдық ұйымдасуы мен семантикасын анықтау арқылы да тіл және мәдениет фактілерін ескере отырып, жүйелі түрде сипаттаудан тұрады.

3. Ресей лингвомәдениеттанушысы В.В. Воробьев ұсынған семантикалық лингвомәдениеттанулық өріс әдісі әртүрлі жүйелерге жататын тілдердің материалдары негізінде сан алуан лингвомәдениеттанулық бірліктерді зерттеуде кеңінен қолданылады, себебі аталған өріс әдісі «тілде бейнеленетін мәдени құндылықтардың пайда болуы, қабылдануы және бағалануы нысандарын қамтиды». [1,112]

4. Далалық этнография әдістері ғылыми білім өзегі болатын зерттеу материалдарын жинақтауға бағытталған:

а) сауалнама – зерттеуші мен респонденттің әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесуіне негізделген этнографиялық және этноәлеуметтік зерттеулердегі алғашқы ақпаратты жинау әдістерінің бірі;

5. Эксперименттік әдіс дегеніміз эксперимент жасаушының ғылыми болжамын тексеруге бағытталған, құбылыстар арасындағы байланысты тауып өлшеу үшін қажетті және жеткілікті шарттар жасау үдерісіндегі зерттеу әдісі. Лингвомәдениеттануда аталған әдістің бірнеше нұсқалары қолданылады.

6. Сұхбат алу әдісі – сұхбат алушы мен респонденттің тікелей мақсатты сұхбаттасуы нәтижесінде алынған алғашқы ақпарат алу әдісі. Зерттеудің алғашқы кезеңдерінде мәселені нақтылау және зерттеу бағдарламасын жасауда, сарапшылар мен мамандардан сауал алғанда қолданылады.

7. Сипаттамалы әдіс әртүрлі тілдік жүйелерге жататын тілдер материалдары негізінде тілдегі мәдени фактілерді, лингвомәдениеттанулық бірліктерді жүйелі тұрғыдан суреттеп, сипаттауға мүмкіндік береді. Таксономиялық сипаттау тілдік бірліктерді және олардың арасындағы байланыстарды топтастыруға көмектеседі; динамикалық сипаттау дұрыс тілдік айтылымдарды туындататын барлық ережелерді сипаттаудан тұрады.

8. Дистрибутивтік әдіс мәтіндегі кейбір тілдік бірліктердің қолданылуына кірігетін

мәнмәтіннің дистрибуцияларын зерттеуге негізделген. [2, 80]

Дербес ғылыми зерттеулер әдістері негізінде лингвомәдениеттану ғылымында лингвомәдениеттанулық талдаудың көптеген түрлері қалыптасуда.

Зерттеушілер арасында біршама кең тараған әдіс – концептуалды әдіс. Бұл әдіс концептілерді анықтауға, оларды узус пен мәтінде лексикалық репрезентация құралдарының концептуалды бірлігі негізінде модельдеуге және концептілерді этностың әлемнің концептуалды бейнесінің бірліктері ретінде зерттеуге бағытталған. Әдістің мақсаты-мәдени маңызы бар концептілердің парадигмасын анықтау және олардың концептосферасын сипаттау.

Лингвомәдениеттануда американ этнолингвистері У.Гудинаф пен Ф.Лаунсбери ұсынған компонентті талдау да кең таралған. Бұл әдістің мәнін былайша сипаттауға болады: белгілі бір тіл бірліктері мен тіл категорияларының жиынтығынан сәйкес белгілердің аз-кем шоғырын таңдау арқылы кейбір тіл бірліктері мен категорияларының өзара ерекшеленуін немесе олардың әртүрлі топтарға бірлесуін зерттеуге болады. [3,184]

Соңғы уақыттары танымал бола бастаған тағы бір әдіс – фреймдік талдау әдісі. Бұл әдіс лингвомәдениеттанулық зерттеудің ең айқын ерекшеліктерін танып-білуге өз септігін тигізеді. Сөйлеу актілерінің әртүрлі тілдердегі фреймдік құрылымын зерттеу лингвистикалық прагматика тұрғысынан жаңа ғылыми ізденістерге кең жол ашады.

Ғылым көкжиегінде дамып келе жатқан дискурстік талдау мәтін лингвистикасы, стилистика, психоллингвистика, семиотика, философия сияқты ғылымдармен байланысы бар пәнаралық әдіс болып есептеледі.

Сонымен, аталған лингвомәдениеттанулық әдістерді талдау барысында мынадай қорытынды жасауға болады. Лингвомәдениеттануда таза лингвистикалық әдістермен қатар, мәдениеттанулық, психологиялық және әлеуметтанулық әдістер де қолданылады. Барлық әдістер танымдық мақсаттарына сай бір-бірімен қабыса отырып, ең күрделі нысан – тіл және мәдениеттің өзара қатынасын зерттеп-тануға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Воробьев В.В. Лингвокультурология: теория и методы / В.В. Воробьев. – М.: Издательство Российского университета дружбы народов, 2006. – С.112.
2. Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека / Г.М. Алимжанова. – Алматы, 2010. – С.18.
3. Хроленко А.Т. Основы лингвокультурологии / Учебное пособие под ред. В.Д. Бондалетов. – М.: Флинта: Наука, 2009. – 5 издание. – С.184.

## **SOCIO-CULTURAL AND LEGAL FOUNDATIONS OF TOLERANCE IN A MULTICULTURAL SOCIETY**

**Аюпова З.К.**

Казахский национальный аграрный  
исследовательский университет, г.Алматы, Казахстан  
[zaure567@yandex.ru](mailto:zaure567@yandex.ru)

**Кусаинов Д.У.**

Казахский национальный педагогический  
университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан  
[daur958@mail.ru](mailto:daur958@mail.ru)

**Аннотация.** Глобальные социо-культурные процессы и идеологические изменения, произошедшие в мире в последние годы, трансформировали пространство мировой политики из биполярного в многополюсное, полицивилизационное. Геополитические процессы выводят на мировую арену новых глобальных игроков- региональные союзы, военно-политические блоки и транснациональные корпорации. Вектор первоочередных задач в современных условиях в ведущих странах, пытающихся использовать потенциал вестернизации для достижения идеала в лице сильного национального государства, не совпадает с

процессами и интересами, протекающими в западных сообществах. В этих условиях идеологическая составляющая, влияние на внутренние дела и культурные процессы суверенных государств, особенно мультикультурные отношения, становится, очень актуальной. Поэтому необходимо регулировать политико-правовые основы соблюдения свободы совести и вероисповедания граждан страны, а также традиции, обычаи и культурный код титульной нации нашего государства, и проводить работу по профилактике межкультурных столкновений. Нужно формировать в обществе толерантное отношение к культуре и обычаям всех братских этносов, проживающих в нашей стране.

**Ключевые слова:** поликультурное общество, мультикультурализм, культурологические основы толерантности, казахская культура, обычаи и традиции.

**Annotation.** Global socio-cultural processes and ideological changes that have taken place in the world in recent years have transformed the space of world politics from bipolar to multipolar, polycivilizational. Geopolitical processes are bringing new global players to the world stage – regional alliances, military-political blocs and transnational corporations. The vector of priority tasks in modern conditions in the leading countries trying to use the potential of Westernization to achieve the ideal in the person of a strong national state does not coincide with the processes and interests taking place in Western communities. In these conditions, the ideological component, the influence on the internal affairs and cultural processes of sovereign states, especially multicultural relations, becomes very relevant. Therefore, it is necessary to regulate the political and legal basis for the observance of freedom of conscience and religion of citizens of the country, as well as the traditions, customs and cultural code of the titular nation of our state, and to work on the prevention of intercultural clashes. It is necessary to form a tolerant attitude in society towards the culture and customs of all fraternal ethnic groups living in our country.

**Keywords:** multicultural society, multiculturalism, cultural foundations of tolerance, Kazakh culture, customs and traditions.

The horizon of an individual's existence in the modern world is characterized by many vectors along which conflicts develop: socio-political, socio-economic, socio-psychological, ethical, professional, aesthetic, communicative, environmental. We believe that the tension of personal existence in the multi-conflict horizon is relieved both on the basis of the actualization of cultural, socio-moral traditions embedded in the mental experience of large and influential societies, and with the help of intentions characteristic of mass culture, allowing to carry out stabilizing actions, the result of which is the implicit formation of tolerance as a socio-cultural and personal mode.

The central figure of modern culture seems to us to be a young man, influenced and unstable in his choice, painfully sensitive and rudely reacting to contact with the world. A man of the masses, striving for isolation, aggressive and defenseless at the same time. According to social scientists, individualization and socialization of personality act as two organically related sides of its development (“individualization is a specific form of socialization, and socialization is the deep content of the process of individualization”). But in a situation of totalitarian pressure on the individual, individual existence was carried out rather contrary to the fact of socialization – and itself this problem became one of the most important meanings of the works of this period; the individualization of the personality of the creators was very active, although it was most often manifested indirectly.

Tolerance is an integral part of conflict competence. Tolerance to conflict is understood as the ability to withstand various kinds of life difficulties without losing their social adaptation. It is based on the ability of a person to adequately assess the real situation with on the one hand, and the possibility of foreseeing a way out of the situation – on the other. Tolerance also covers all aspects of conflict competence, for example, an adequate assessment of oneself and a partner in a conflict situation, effective communication, etc. Tolerance contributes to successful formation of the ability to build constructive relationships.

Tolerance of a particular person can manifest itself in different ways in different situations. Tolerance as a personal factor, including the intentions of the subject, his values and personal meanings, affects the determination of behavior in conflict. People are able to act contrary to circumstances, to remain themselves even under strong external pressure, to transform the situation at will. The problem of determining behavior in conflict is being actively studied, but an unambiguous solution has not yet been found.

The complexity of the study of tolerance in modern science is due to the methodological diversity of approaches to determining the essence of this phenomenon, the multidimensional manifestations of tolerance in modern society and the lack of ideas about the origins of

tolerance/intolerance in ontogenesis. Most often, tolerance (from the English “tolerance”) is defined as a willingness to recognize, accept the behavior, beliefs and views of other people that differ from their own, as a conscious accepting the other’s position, which is different from one’s own. This interpretation allows us to consider tolerance as a phenomenon of individual consciousness and apply the methodology of the cultural historical approach to the analysis of psychological mechanisms, factors and conditions of the genesis of tolerance in childhood (L.S. Vygotsky, A.N. Leontiev, A.R. Luria, L.I. Bozhovich, A.V. Zaporozhets, etc.).

The basic quality in the structure of a person’s conflict competence is the subjective locus of control as an indicator of the regulatory component of this competence. A person’s choice of the optimal type of reaction in a conflict is determined by the degree of development of her creativity. The main psychological mechanisms that ensure the relationship between personality traits and the optimal type of response in conflict are the mechanisms of functional dynamism, reciprocity, psychological conformity.

The essence of tolerance, first of all, is that it is the quality of the culture of every society, every citizen (moral, legal, political), regardless of gender, age, profession or ethnicity. Tolerance manifests itself in many different forms: personal, public and state. The fundamental requirements of a tolerant culture are the free preference of each society, citizen, social group for freely chosen moral, ideological, political and other social orientations be supported by a tolerant, non-aggressively conflictual, respectful attitude towards similar elections of other social actors. That is why understanding the habits, feelings, and a behavior of other people is a necessary condition for tolerance.

In the era of globalization and the construction of an open society and strengthening the national security, the religious factor will largely determine the domestic political agenda of Kazakhstan in the coming years. Therefore, the Kazakh authorities are forced to continue to pursue an active state policy in the sphere of interaction with religious associations [1]. The Parliament of our republic has adopted in October 2011 the Law “On Religious Activities and Religious Associations”.

This law was an important step in the settlement of the relations between all representatives of various religions and confessions on the territory of our country. At the same time, the registration of the religious associations also exposed the negative aspects of the religious life of a part of the population. In particular, in our country, the number of citizens, who oppose themselves to the established foundations in a secular society, has increased [2]. Moreover, extreme forms of aggression and religious radicalism a certain part of the youth in the ranks of the terrorist organization “Igil” have begun to manifest themselves, which together threatens the security of the citizens and the stability of the state as a whole.

The problems of freedom of conscience and religion are one of the important constitutional principles of the secular state like our country. By the way, our country has created all the legal conditions for this. At the same time, it is the duty of the state to regulate public relations in this area, taking into account international norms and approaches. The relevance of this problem is also noted by the Speaker of the Senate of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, M.S. Ashimbayev: “Today, the authorized bodies face an important task, without infringing on the rights of the citizens to freedom of conscience, to build an effective system for the prevention of the religious intolerance and religious extremism”. As we can see, this situation in the religious sphere has largely occurred as a result of the external impact on our country of the purposeful work of international radical religious centers. Kazakh society should formulate an effective system of prevention and preventive actions against the religious radicalism and extremism.

Agency for Religious Affairs was opened in order the regulation of the relations between the state and religious associations. Later it was transformed into the Ministry of Information and Public Development. Actually, the agency has conducted an examination of 4344 religious books and other information books. Quite negative conclusion was made in 148 cases, and currently a religious examination is being conducted on 1923 religious books. Negative opinion has made 17 of

the 618 statutes of the religious associations” [3 Zagrebina, I.V., Pchelintsev, A.V., Elbakyan, E.S., 2019: 21].

Prior to the adoption of this law, Kazakhstan’s lawyers made a great job. First of all, the legal status of the subject of law was determined. The legal status of the subject of law is a category that is the subject of research, first of all, of the theory of state and law. In the scientific literature, the most developed theoretical issues related to the legal status of the individual.

As for the legal status of the religious associations, its content and elements are poorly studied in the legal literature. Although there are some works that mention the combination “legal status (position) of the religious associations”, however, they do not provide a theoretical analysis of the content of the legal status of these associations, do not distinguish the elements, its structure, consider only a part of the legal categories that characterize the legal status of the religious associations and at the same time highlight issues that are not directly related to this legal status. So, S.O. Chaliapin, revealing the legal status of the religious organizations, considers the latter as the participants in various sectorial legal relations, without examining other legal categories that characterize the legal status [4 Shalyapin, S.O., 2014: 153].

He, speaking about the legal status of the religious association, has limited to define the concept and features of the latter. Yu.M. Antonyan in his scientific work, in the chapter on the legal status of the religious associations, focuses on the identification of the concepts and types of the religious associations, the order of their legalization, without specifically analyzing the content and elements of the legal status of religious associations [5 Yu.M. Antonyan, 2005: 7].

There are many opinions on issues related to the legal status of the legal entities, its content and elements. However, we believe, with all the variety of available points of view about the structure and specific content of this concept, all the authors are united in the fact that the legal status of the subject of law is the legal expression of the actual position that the citizen or organization occupies in the system of the public relations, regulated by law.

Domestic legal scholars, who study the legal status of the specific subjects of law, consider rights and obligations as the main element, and also include in the legal status such elements as the principles of organization and activity of collective entities, guarantees of the rights and obligations of the individuals and organizations, and other elements (for example, citizenship, legitimate interests).

In our article, we are trying to research the legal status in of the rights and obligations of the religious associations. We have analyzed the legal personality of the religious associations, enshrined in the law on the principles of the activities of the religious associations, guarantees of their rights in various legal relations. It is necessary to consider the issues related to the relations between the state bodies and the religious associations. The analysis will contribute to the disclosure of the actual position of the religious associations in the public relations, regulated by law, which is expressed in the category of the legal status. We are sure that it is impossible to comprehensively characterize the legal status by limiting the consideration of only rights and obligations.

The rights granted to the religious associations can also be classified on other grounds: depending on the branch of law in the field of civil, administrative, financial, labor, land law or other branches of law.

Many of the obligations of the religious associations, in contrast to the rights, are not provided in the legislation on freedom of the religion and religious associations; but in the legal acts, regulating the public relations in other various spheres of the activity, in which religious associations are the participants: the obligation to ensure the preservation of the historical and cultural monuments, the obligation to pay taxes, the obligation to effectively use the land, etc.

Religious associations, as well as other subjects of law, exercise their rights and obligations in the legal relations, in which they become participants upon the occurrence of certain legal facts. In the legal literature, there are different points of view on the question of the relationship between the concepts of “subject of law” and “subject of legal relations”. A number of authors believe that it is impossible to confuse these concepts; that the concept of “subject of law” is broader, since the



activity of the subject of law is not limited to the framework of the legal relations and is quite possible to implement the right outside the legal relationship. Other scholars consider it more correct to use a single concept of the subject of law, common to all persons and organizations, covering both those who are endowed with the legal capacity, and others, who are the participants in a particular legal relationship.

Thus, in the Republic of Kazakhstan, the tolerant relations between faiths are preserved and ensured not only by the intercultural relations, but they are also supported by the political and legal basis of the state.

#### References

1. Message of the President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev to the People of Kazakhstan, dated September 1, 2020 “Kazakhstan in a new reality: time for action” // <https://primeminister.kz/ru/address/01092020> (In Russian) (accessed: 15.04.2021).
2. Law of the Republic of Kazakhstan, dated October 11, 2011 No. 483-IV “On Religious Activities and Religious Associations” // <https://online.zakon.kz> (In Russian) (accessed: 15.04.2021).
3. Zagrebina, I.V., Pchelintsev, A.V., Elbakyan, E.S. (2019). Religiovedcheskaya ekspertiza. Uchebnik dlya bakalavriata i magistratury. M.: Izdatel'stvo YUrajt. 449 p. [Religious studies expertise. Textbook for Bachelor's and Master's degrees] // <https://urait.ru/book/religiovedcheskaya-ekspertiza-434232> (In Russian) (accessed: 15.04.2021).
4. Shalyapin, S.O. (2014). Sravnitel'no-pravovaya klassifikaciya sovremennyh modelej gosudarstvenno-konfessional'nyh otnoshenij // Vestnik Rossijskogo Universiteta Druzhy Narodov. Seriya: yuridicheskie nauki. No.2. P.153-170 [Comparative legal classification of modern models of state-confessional relations] (In Russian).
5. Etno-religioznyj terrorism (Pod red. YU.M.Antonyana) (2005). [Ethno-religious terrorism]. M. (In Russian).

## КӘСІПКЕРЛІК МӘДЕНИЕТТІҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ СИПАТТАРЫ

**Әбдіраманова Айгүл Темірханқызы,**  
философия ғылымдарының кандидаты,  
қауым. профессор Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университеті  
Қызылорда қ., Қазақстан

**Annotation.** The article analyzes the peculiarities of the formation and contradictions of entrepreneurial culture in the country. The historical and theoretical significance of the Kazakh traditional and modern market economic practice is summarized.

Кәсіпкерлік мәдениет – бұл жалпыадамзаттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ұлттық мәдени құндылықтардағы трансформациялық процестерді терең түсіну үшін рухани мәдениет пен нарықтық құндылықтарға негізделген өркениеттің арақатынастарын айқындап алу қажет. Қазақстандық зерттеуші Д.М. Оспанова өз мақаласында өтпелі кезеңдегі қоғам мәдениетінің құрылымын талдайды. Ол мәдениеттегі нарықтық қатынастар тұрғысынан алғанда әрбір қоғамның үш мәдени қабатын айқындайды. Біріншіден, бұл – ұлттың кәсіптік мәдениеті. Ол өзінің жазбаша сипатымен ерекшеленеді және оның классикалық түрлері (әдебиет пен өнердің түрлері) бұқаралық тұрпатта болмағандықтан, нарықтық құндылықтар оған жат болып келеді. Екіншіден, бұл ұлттың халықтың мәдениеті. Ол әдетте халықтың әдет-ғұпынан, салт-дәстүрінен, жалпы адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен аңғарылады. Ал қазіргі қоғамда үстемдік етіп отырған мәдениеттің үшінші қабаты – бұл индустриалдық қоғамға тән «бұқаралық мәдениет» немесе «шоу-мәдениет». Соңғысының ерекшелігі онда барлығы сатылатын және сатып алынатын нарықтық сипатымен және ол үшін барлық тәсілдер қолданылатын тартымдылығымен түсіндіріледі. Сондықтан мұнда мәдениеттің құндылықтары натуралданады.

Осыған орай тек жалпы классикалық мәдениет пен модернистік мәдениеттің, жалпы мәдениет пен сауданың ғана емес, ұлттық мәдениет пен кәсіпкерлік мәдениеттің арақатынастарындағы қайшылық туындайды. Отандық мәдениетті терең зерттеуші ғалым С.Т. Темірбеков мәдениет пен өркениеттің арақатынастарын талдай отырып ұлттық

мәдениеттің құндылықтарының терең трансформациясына назар аударады [1]. Оның пікірінше, ұлттық мәдениет адамды адамдандыру мақсатындағы рухани формада ертеден пайда болған дәстүрлі мәдениет ретінде сипаттайды. Ол барлық кейінгі кеңестік елдердің ұлттық мәдениеттері үшін дамудың екі-ақ жолы барын айтады: біріншісі, шексіз либералды монетаризмді іске асыру арқылы бүкіл қоғамдық өмірді қатаң американдандырудың салдарынан ұлттық мәдениеттің күйреуі және кез-келген реформалардан терең ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асырып, батыстың прогрессивтік құндылықтарын ұлттық мәдениеттің жатырына жатқызу арқылы замана көшіне ілесу.

Осыған байланысты, дәстүрлі қазақ қоғамында кәсіпкерлік болды ма, егер болған жағдайда оның қайнар көздері қайда жатыр деген сұрақтарға жауап берудің реті келеді. Бұл жерде санада нарықтық құндылықтық бағдарға қарсы тұратын қазақтардың (сол сияқты орыстардың, якуттардың және өзбек, армян, грузиндерден өзге ТМД-ң өзге де кейбір халықтарының) кәсіпкерлік қызметке, сауда мен бизнеске, өсімқорлыққа деген генетикалық қабілетсіздігі туралы пікір еске түседі. Нарықтық капиталистік тәжірибенің жоқтығы мен қоғамдық бөліністің басымдылығы (тауар-ақша қатынастарынан гөрі натуралдық шаруашылықтың басымдылығы) алға тартылады. Мұны ұлт пен этнос арақатынасы мәселесімен де байланыстыруға болады. С.Т. Темірбековтің пікірінше, “қазақтардың басым көпшілігі аграрлы халық қатарына жатады, олар рушылдық, трайбалистік қатынастарды жоюға жағдай жасайтын индустриалды қалалық мәдениеттің қазанында қайнаудан өткен жоқ, нарықтық өркениет тәжірибесі жоқтың қасы. Технологиялық менталитет қалыптаспаған. Демек, қазақтардың ұлттық консолидациялану процесі әлі де жалғасуда” [2]. Бұл пікірлердің астарында шындық жатқаны мәлім. Өйткені қазақтардың дәстүрлі рухани және материалдық мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, рәміздері, әлеуметтік ұйымдасуы мен дүниетанымы, жалпы алғанда, қазақ халқының ментальдық ерекшелігі көшпелі өмір тәртібінің негізінде құралады. Бұл жерде қазақтарда отырықшылық басым ба әлде көшпенділік пе, ирандық тек басым ба, әлде тұрандық тек басым ба деген пікірталастың ғылымда бар екендігін ескерген жөн. Дегенмен ерте ортағасырларда ислам әлемімен тығыз қатынаста болған түркі өркениеті тұсында отырықшылық пен қала мәдениеті басым болғанымен, кейінгі моңғол дәуірі мен Қазақ хандығы кезінде көшпенділіктің шаруашылық өмірдегі үстемдігін ешкім жоққа шығара алмайды. Археологиялық-антропологиялық деректер де қазақ даласының үш мың жыл бойына евразиялық номадизмнің эпицентрі болып келгенін және сондай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамында ұрпақтар арасында сақталып келген тарихи-мирастық сабақтастық (диахронды-вертикалды) осы өмір сүру үрдісінің (көшпенділіктің) автохтондығы мен гомогендігін растайды.

Сонымен бірге, өмірде томаға-тұйық, оқшау, “таза” көшпенділіктің кездеспейтіні де белгілі. Көшпелі шаруашылық-мәдени тип қазақтарда ХХ ғасырға дейін жетекші шаруашылық тәсілі болып келгенімен, белгілі мәдениет зерттеушісі Т.Х. Ғабитовтың пікірінше, “дәстүрлі мәдениеттің архетипінде келесі – оазистік-дихандық тип көшпенділікпен қатар синхронды түрде дамыды” [3].

Көшпенділік қазақ халқының дүниетанымынан, оның менталитетінен берік орын алған және ол отырықшы халықтың дүниетанымымен сай келе бермейді. Көшпелі өмір сүру тәртібі отырықшыларға қарағанда мүлде өзгеше түсініктер мен құндылықтарды, өзге салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қалыптастырады. Көшпелі ментальдықта бәрі ағады, бәрі өзгереді... Уақыт пен Кеңістік көшпенділер үшін мүлде басқа мәнге ие. Отырықшы адам болмысының фундаментальды өлшемі түрінде көрінетін тарихтың көшпенді үшін мағынасы жоқ, оның орнын мифтер мен аңыздар алмастырады [4]. Көшпенді қазақтардың бойындағы этноцентризм олардың көрші отырықшы халықтар мен әлеуметтік топтарға (көшке ере алмай жұртта қалып қойғандар – жатақтарға) менсінбей қарауынан көрінеді және сонысымен өз мәдениетіндегі көшпенділік архетиптің басымдылығы тағы да дәлелденеді. Халық бойындағы мұндай көңіл-күйді ұлы Абай аңғарып, өзінің “Қара сөздерінде” мысал келтіріп жазады. “Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе күлуші еді: еңенді ұрайын кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп қамыс артқан, бұтадан

қорыққан, көз-көргенде “әке-үке” десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан “сарт-сұрт деген осы деп”. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: “түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе шаршап, жаяу жүрсе демін алады, ноғай дегенше ноқай десенізші, түкке ыңғайы келмейтұғын солдат ноғай, қашқын ноғай, “бақәлшік” (ұсақ саудагер, бакалейщик А.Ә.) ноғай деп”. Орысқа да күлуші еді: “ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, “ұзын құлақты тауып бер депті”-деп” [5].

Көпшілік менталитетте шаруашылық тәсілін алмастыруға теріс баға берілген. Мысалы, “жатақ” деп өмірде табысқа жете алмаған аутсайдерді айтқан. Көпшілік мәдени типтің күйзелісі қоғамда пауперлену тудырып, бұрынғы “ынтымақтастыққа негізделген адамдық тәртіпті” (Ф. Хайек) шайқалған. Табиғи биоценоздың тұтастығының бұзылуы адамның қауымдасуға да теріс әсерін тигізеді. “Шаруа көшсе байыды” деген сөз де отырықшылықтан гөрі көшпенділіктің басымдылығын алға тартады.

Біз үлгі ретінде алып отырған шаруашылық-мәдени тип Алтайдан Карпатқа дейін созылып жатқан Ұлы дала деп аталатын кеңістікке қатысты. Оның негізгі территориясы Орталық Азия болып саналады. Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік-экономикалық формацияның, “атты көшпелі өркениеттің” (М. Әуезов, С. Ақатай) немесе “далалық өркениеттің” (А. Қасымжанов) өн бойында осы территорияны мекендеген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтардың бірі – қазақтар. Сондықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің архетипі – көшпенділік. Еуроорталықтық әдебиетте көшпенділерді мәдениеттен жұрдай “варварларға” теңеп, егіншілік пен бау-бақшаны жалмап жеп қоятын шегірткелермен салыстырса, ал кейбір авторлар олардың адамзаттық тарихтағы алатын орнын ерекше бағалайды. Мысалы, көшпенділер – кеңістіктегі “мәдени катализаторлар” (А. Вебер), “тарихтың ыдырау қамшысы” (В.О. Ключевский), “Тарихи қажеттіліктің арбакештері” (А. Сейдімбек), “тарихтың өн бойында қозғалатын ферменттер, тарихи қозғалыс пен дамудың органдары мен құралдары” (Г.Д. Гачев).

Қазақ қоғамы туралы еуроорталықтық түсініктің, бұл қоғамды ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми зерттеле бастаған соң ғана сына бастағанын айта кеткен жөн. Сол замандағы зерттеушілердің ішіндегі ірі тұлғалардың бірі, ұзақ уақыт бойы Орталық Азияда өмір сүріп, еңбек еткен неміс түркологы В.Радлов алғашқылардың бірі болып қазақы көшпелі қоғамның жетілмегендігі, тағы және арамтамақтығы жөніндегі жаңсақ, көшірме, еліктеме түсініктерге қарсы шықты. Радлов бұл туралы: “Біз бұл жерде отырықшы халықтардың мәдениетіне пара-пар қарсы тұрған өркениеттің сатысымен істес болып отырмыз... Қазақ қоғамында үстемдік етіп отырған анархия емес, тек өзін ғана тән, біздікінен өзгеше және барынша реттелген мәдени қатынастар” деп жазды.

Бұл жерде көшпелі қазақ қоғамын тұйық, оқшау, жабық жүйе ретінде қарастырудан аулақ болу керек. Қазақстан мәдениеті әлемдік өркениет пен жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде өзіндік табиғи-ландшафттық жағдайда – ерте кезден Батыс пен Шығыс мәдениеттерін байланыстырып келген Еуразияның орталық территориясындағы өлы дала ареалында қалыптасты. Орталық Азияның халықтары мен ертедегі тайпаларының палеолит, қола дәуірлерінен бастап мәдени дәстүрлері ғаламдық жалпыадамзаттық заңдылықтардың динамикасы ағымындағы социомәдени процестерді бастаң кешіріп, номадизмге тән көшпелі мал шаруашылығының ықпалымен қалыптасты. Кейінірек толық құралып біткен жергілікті, төл (автохтонды) дәстүрлер әртүрлі шекаралас, жапсарлас жатқан халықтар мен елдердің мәдени ықпалын бойына сіңіре отырып, қазіргі мәдениеттанымдық, теориялық тұрғыдағы зерттеулерді талап ететіндей күрделі және біртұтас феномен – дәстүрлі этномәдениетті дүниеге әкелді.

Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғамда кәсіпкерліктің көріністері мүлде болған жоқ деген оймен келісуге болмайды. Мысалы, қазақтардың ертеден бір-бірімен “мал-жан аман ба?” деп амандасатындығы белгілі. Бұл жерде “мал” сөзі тек төрт түліктің жалпы атауы ғана емес, онан да кең ұғымды білдіретінін ескеру керек. Бұл терминнің мән-мағынасын халықты

байлық пен дәулетті молайтуға шақырған ұлы Абайдың мыңа бір өлең шумағынан пайымдауға болады:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,  
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.

Сондай – ақ, ұлы ақынның, “есектің артын жу да, мал тап” деген императивінен кәсіпкерлікті насихаттаудың иісі аңқып тұр. Абай еркін сауданы адамдардың барлық қанағаттарын өтейтін, қажеттілігіне керекті тауарлармен қамтамасыз ететін айрықша фактор ретінде таниды. Еркін саудасыз нарық жоқ, яғни ілгері даму бәсең, рухани сана басқа елдің мәдениетімен кәсіптік жаңалықтарынан неғұрлым арта қалатынығын айтады. Абай өзінің «Базарға қарап тұрсам, әркім барар» деген өлеңінде аталмыш ойларын былайша қорытады:

Базарға қарап тұрсам, әркім барар,  
Іздегені не болса сол табылар.  
Біреу астық алады, біреу маржан,  
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.  
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,  
Сомалап ақшасына соны алар.  
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,  
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.

Көпшілік “капитал” деген сөзді қазақ тіліне аударма алмай әлек болып жүр. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне ислам өркениетінің ықпалын ескере отырып, араб тілінен біздің лексиконға еніп кеткен “мал” терминін “капиталдың” эквиваленті ретінде қолдануға болады. Араб тілінен “мал” сөзі “меншік”, “капитал” деп аударылады. Меншік, мүлік ретіндегі “мал” (көпше түрде-амвал) отырықшы арабтарда “ақшаны”, “игілікті” білдірсе, ал бедуиндерде “түйе”, “мал” (түлік, жануар) дегенді білдіреді. Ортағасырлық авторлардың түсіндіруінше мал төрт категорияға бөлінеді: “мылқау” (аса бағалы материалдар мен ақша), “сөйлейтін” (құлдар мен түліктер), тауарлар және жылжымайтын мүлік. Өзінің тар мағынасында мал – қаржы, ақшалай құралдар. Қаржы мен салықтар туралы трактаттар – Китаб ал-амвал деп аталады. Мұсылмандардың бүкіл қауымына тиесілі құралдар байт ал-мал немесе мал ал-муслимин деп айтылады. Кей жағдайларда мал салықты натуралды түрде емес, ақшалай түрде төлеуді білдіреді. Мал термині өзінің әртүрлі мағыналарында барлық мұсылман халықтарының тілдеріне енді.

Пайдамен (галла, рибх) салыстарғанда өндіріске немесе саудаға жұмсалған құралдар, сондай-ақ құрамына пайда да кіретін сату бағасымен салыстырғандағы бұйымының өзіндік құны да рас ал-мал деп аталады. Бүгінгі мағынасында рас ал-мал “капитал” ұғымымен бірдей сәйкес келеді [6].

Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығының трансформацияға ұшырауы қалыптасып келе жатқан әлемдік үрдістермен байланысты болды. Экстенсивті малшылыққа негізделген көшпелілік шаруашылық мәдени типінің қарқынды дамуы үшін жайылымдық кеңістіктің ұлғаюы қажетті еді. Алайда ХҮ-ХҮІ ғасырлардан бастап Еуропадағы мемлекеттер күшейіп әлемнің өзара жаңа бөлінісін бастады. Индустриалды қоғамға бет бұрған батыстық елдер және олардан үлгі ала бастаған Ресей территориялық экспансия саясатына көшті. Көшпелілер заманның жаңа талабына жауап бере алатын ішкі күштерін таба алмады және оларды алауыздық пен өзара тартыс ауруы әбден меңдеп алған еді. Сонда да көшпелі шаруашылық-мәдени тип дүниежүзілік мәдениетте өзіне тиісті құнды орын алады.

#### Әдебиеттер:

- 1.Оспанова Д.М. Современные проблемы развития национальной культуры // Материалы республиканской научно-теоретической конференции Отв.ред. С.Т.Темирбеков. – Алматы, 1998.
- 2.Темирбеков С.Т. Культурологические аспекты национального характера казахов // Культура Казахстана: традиции, реальности, поиски / Ответ. ред. Е.Б. Имамбек. – Алматы: РНЦПК, 1998. – С. 104-110.
- 3.Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1998. – 203-204 бб.
- 4.Нуржанов Б.Г. Культурология. Курс лекций: -Алматы: Ун-т “Қайнар”, 1994. – 128 с.
5. Абай. Қара сөз. Поэмалары. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
6. Ислам. Энциклопедический словарь. – М., 1991. -158 с.

# АНИМАЛИСТИЧЕСКИЕ СИМВОЛЫ В ДРЕВНЕЙ КУЛЬТУРЕ ДРЕВНИХ КАЗАХОВ

Кулумжанов Нуржан Еркенович

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются анималистические символы в древней культуре казахов. Анималистические символы в древней культуре казахов выражают определенный код сакральных знаний. Дан анализ некоторым анималистическим символам Великой Степи, отражающие кочевую картину мира. Были рассмотрены зоосимволы орла, беркута, вороны, лебедя, ласточки, волка.

**Ключевые слова:** зоокод, «Жеті Қазына», «көк бөрі», Самрук, орнамент.

Анималистические символы в древней культуре казахов несли определенный код знаний. Священные птицы и животные повсюду сопровождали кочевника с глубокой древности. Анималистическая вселенная Великой Степи всегда была основой номадической картины мира: она запечатлена в нашей культуре зооморфной петроглифией, зоокодом казахских традиций [Медоев, 1979: 174].

Животные и птицы сопровождают человека от древности и по сей день, и в подтверждение сказанному отметим, что животные успешно символизируют страны и их культуру, становясь неотъемлемой частью национального и культурного кода. Так, например, крылатые тулпары представляют Казахстан, ахалтекинский скакун считается символом Туркмении, белый сокол – центральный элемент герба Киргизии.

Пространством, где зоокод смог сохраниться, является декоративно-прикладное искусство, в частности традиционный орнамент. Традиционный казахский орнамент имеет не только зооморфную природу, но и объединенную форму трех составляющих: 1) геометрического; 2) зооморфного; 3) растительного. Зоокод олицетворен в многочисленных названиях, как, например, «верблюжий след», «бараньи рога», «змеиный след», «воронья лапка».

Рассмотрим символику птиц, отражающие архаичную действительность нашей культуры.

Священная птица Самрук как спаситель человека от всяких бед является важным персонажем казахской мифологии. В легенде о Ер-Тостике повествуется о том, как он спас птенцов великой священной птицы Самрук от змеи.

Орел является одним из героев мифов, легенд и ассоциируется с огнем, солнцем, властью, выражая символ мужества и плодородия. Почитаемый тотем, олицетворяет свет, покровительствующий белым шаманам. В казахских мифах Орел является повелителем Верхнего мира. В одной из легенд имеется эпизод, где спустившийся с вершины Байтерека Золотой Орел отметил Ашину как родоначальника кочевого народа [Гумилев, 1993: 497]. Когти, перья также использовались в парциальной магии как обереги.

Символика беркута соответствует символике орла. Мы думаем, что если орел выступает как некий космогонический образ, то Беркут – более земная персонификация орла. Многие казахи и сегодня считают, что беркут является духом-покровителем, и, возможно поэтому символ Беркута входит в состав «Жеті Қазына» (семь сокровищ).

Сокол, как и беркут олицетворяет Солнце, благородство, победу. У тюрков есть поверье, что Творец сотворил человека из глины, и из того, что осталось, сотворил Сокола. Образ Сокола демонстрирует важный элемент национальной идентификации Казахстана в мире, и свидетельством вышесказанного является талисман Зимней Универсиады – 2017, олицетворяющий свободу.

Нечто подобное произошло в Христианстве эпохи Реформации, когда Протестантизм осуществил не только социальную, но и психологическую революцию, спровоцировавшую последующую активность западного человека. Трудно предсказать, в каких формах подобная революция может быть реализована в Исламе, но сама по себе тема модернизация является проблемной для мусульман, стремящихся вписаться в наступившее третье тысячелетие. Надо отметить, что карабахские события стали важным индикатором в понимании психологии азербайджанцев, сформированной под непрерывным влиянием внешних сил, претендующих на господство в регионе. Важным здесь, конечно, явилось бы сравнение роли Христианства и Ислама в формировании национального самосознания, а также тех их конкретных форм, в которых эти религии господствовали в регионе.

Подобно Зороастризму, аутентичное Христианство приобрело диофизитское своеобразие в Кавказской Албании, что и стало причиной упразднения этой церкви при арабах, принявших доводы армянской монофизитской церкви о еретическом (немонотеистическом) характере албанской церкви. Книги и записи церкви были уничтожены или же захвачены армянской церковью, получившей от арабов право на албанское наследство. Христианство (в своей местной, а не последующей византийской и далее русско-православной форме), в отличие от Зороастризма, дожило до наших дней у последних недеэтнизированных албанцев – удинов, совсем недавно возродивших свою независимую церковь на территории Азербайджана.

Приход в регион Ислама ознаменовался схожими трансформационными процессами, породившими целый ряд новых направлений в этой религии. Столкновения Ислама с религиями зороастрийского толка имели в Азербайджане наиболее ожесточенный характер и продолжались достаточно долго. О значении региона для арабов свидетельствует тот факт, что руководителями военных компаний, направленных на его подчинение, были люди, занимавшие впоследствии самые высокие посты в халифате. Маздакиты, манихейцы, хуррамиты, христианские секты каждый по-своему вели борьбу за свою веру. И когда Ислам одержал свою окончательную победу, его облик преобразился чертами шиизма, исмаилизма, хуруфизма, многие его доктрины дополнились новациями идей суфийских школ самого разнообразного, в том числе и чисто оригинального регионального происхождения [3].

Азербайджан за свою историю дважды менял в качестве официальной религии суннизм на шиизм, пока последний окончательно не закрепился в XVI веке, став господствующим направлением усилиями Шаха Исмаила. Такая частая смена религиозных ориентиров весьма показательна и может быть косвенным свидетельством несколько поверхностного осознания Ислама людьми того времени. В порядке отступления отметим, что нечто схожее приключилось и с коммунизмом, чисто внешняя экзальтация от которого моментально исчезла в первый же день крушения Советского Азербайджана. Важно отметить в этой связи, что культура народа и формы его государственной жизни в Азербайджане практически всегда находились между собой в остром противоречии, что приводило к параллельному существованию двух виртуальных по отношению друг к другу миров культуры и государственности. Исключительно непреходящее безразличие, а порой и враждебность государства по отношению к народу выработали в сознании и подсознании последнего стабильные психологические механизмы отторжения власти и блокирование его инфильтрации в святая святых – личную жизнь и семью. В этом отношении сегодняшняя ситуация мало чем отличается от исторического прошлого.

Ислам – одно из системообразующих начал культуры и психологии азербайджанского народа. Когда-то до времен русского нашествия в Азербайджане существовал традиционный Ислам, подверженный испытаниям в Российской империи и особо жесткому преследованию

в СССР. После установления независимости возвращался конечно же не Ислам, а его парафраз, созревший в головах политиков, заигрывающих с религией, и религиозных деятелей, балующихся политикой. Но это в лучшем случае, в норме религия рассматривалась как ресурс, «оправдывающий» политические амбиции, как источник обогащения и, естественно, не духовного, а тем более не коллективного, а индивидуального и вполне материального.

Итак, Азербайджан представлял и представляет собой сегодня один из наиболее ярких примеров регионов – перекрёстков различных культур, религий, сфер влияния больших государств. Их следы присутствуют и в народном сознании, и в интеллектуальной, а затем и в политической рефлексии, связанной с прошлым страны, её культурой и проблемами национальной идентичности. В рамках мусульманского мира Азербайджан продолжал быть перекрёстком, полем борьбы и взаимодействия различных культур и разных направлений Ислама.

До установления советской власти и в ее первое десятилетие существования в Северном Азербайджане в этой сложной системе этно-конфессиональной ориентации принадлежность к мусульманской умме (общине) являлась главным ориентиром самоидентификации населения. Все создававшиеся национальные партии и организации должны были не просто учитывать, но и отражать этот факт в своих программных документах, часто направленных на объединение всех мусульман России в единую умму.

1-11 мая 1917 года в Москве проходил первый Всероссийский мусульманский съезд. Как и повсеместно в России в период после крушения империи, на нем решался вопрос о государственном устройстве страны. Съезд мусульман подошел к этому вопросу с двух противоположных позиций, озвученных так называемыми унитаристами, выступающими за целостность России, и федералистами, отстаивающими принципы автономии. Возможно первый и наиболее последовательный политик Азербайджана Маммед-Эмин Расулзаде, поддерживающий вторую позицию, отмечал: «..формой государственного устройства России, наиболее обеспечивающей интересы мусульманских народностей, является демократическая республика на национально-территориально-федеративных началах» [Балаев, 1998: 75]. К этому времени под влиянием бурных революционных событий в мировоззрении Расулзаде произошли решительные изменения, отразившиеся и в программе возглавляемой им партии «Мусават» («Равенство»). Так, описывая изменившееся в отрицательную сторону отношение партии к панисламизму, Расулзаде в своей работе «О пантуранизме» писал: «Исторический опыт показал, что, с одной стороны, рождая теократическо-клерикально-реакционное течение, а с другой, препятствуя появлению национальной идеологии в мусульманском мире, панисламисты препятствуют пробуждению национального самосознания этих народов, задерживают их прогресс и тем самым мешают им стать независимыми нациями. Поэтому во всех мусульманских странах надо усиливать процесс пробуждения национального самосознания, ибо первоисточником всякого прогресса, а также основой национальной независимости является только наличие осознанного национального «Я» [там же: 254].

Постепенно в рамках «исламского возрождения», программы национального устройства, а следовательно, и начала конституционализма складывается два течения. Первое – направленное на достижение культурной автономии для всех мусульман России (его возглавляли представители самого диаспорического, территориально разбросанного мусульманского народа – татар), второе – движение за федеративное переустройство России (первый шаг к достижению независимости отдельными мусульманскими народами), возглавлявшееся азербайджанцами. На этом пути панисламизм лишь переходный этап (хотя и очень важный, так как панисламизм объективно – это экуменическая девальвация конфессиональных различий, сглаживание противоречий между суннизмом и шиизмом, это первоначальная основа консолидации мусульманского общества) в эволюции азербайджанского освободительного движения. Под влиянием европейской идеи национальности эта идеология сначала развивалась, приближаясь к пантуранизму –

утверждению языковой общетюркской идентификации и идее объединения всех тюркских народов.

Совершенно естественно, что азербайджанская элита, элита колонии, должна была обращать взоры к соседним, сохранившим свою независимость, мусульманским государствам. Доминирование шиизма, даже усиливающееся во второй половине XIX века, должно было, скорее, увеличить тягу к Ирану, а не к Турции. Однако два фактора способствовали именно турецкой ориентации. Во-первых, роль языка в идеологии европейских типов национализма, по модели которых строился азербайджанский (сравни: панславизм, пангерманизм). Во-вторых, Турция была значительно более прогрессивной страной, чем Иран, более отвечающей либеральным и прогрессистским ориентациям азербайджанской интеллигенции. Между тем ориентация национализма преимущественно шиитской страны на суннитскую Турцию, очевидно, также способствовала ослаблению роли религиозного компонента в этом национализме.

Но пантуранизм сам оказался промежуточным этапом, проложившим путь к собственно азербайджанскому национализму. Постепенно складывался достаточно четкий образ идеальной цели, к которой устремлялось национально-освободительное движение, – национальное азербайджанское государство, находящееся в тесном союзе с другими тюркскими народами, прежде всего – с Турцией, но независимое, демократическое государство (иного азербайджанские националисты того времени себе не представляли), где Ислам играет роль общей основы культуры и главной религиозной организации, отделенной тем не менее от государства. Это образ западного демократического светского государства, перенесённый на азербайджанскую, мусульманскую и шиитскую почву. Вопрос без ответа заключается в том, насколько Азербайджанской Демократической Республике (1918-1920) удалось бы прижить это несколько «оранжерейное растение» на азербайджанской почве, случись стране избежать оккупации большевиками [6].

Лозунгу «Ислам, тюркизм, прогресс», однако уже во времена «отцов-основателей» этой триады – А. Гусейнзаде, М. Э. Расулзаде, А. Агаева и других – пришлось столкнуться со многими проблемами, которые редко будоражили память постсоветской национально-демократической элиты. Например, уже в начале XX века Расулзаде критиковал так называемый «романтический пантуранизм», проповедовавший идею «сбора земель», интеграции тюркских народов в единое государство, понимая ее иллюзорность в условиях сложившихся политических реалий начала XX века. Чуть позже место национально-этнической специфики в триаде (тюркизм) занял азербайджанизм, активно отстаиваемый частью национальной элиты в рамках проводимой представителями интеллигенции тюркских народов дискуссии о необходимости принятия единого унифицированного языка консолидации, в качестве которого предлагался государственный язык Турции. После обретения независимости Азербайджан (как и другие тюркоязычные республики бывшего СССР) вновь столкнулся с этим вопросом и вновь, после достаточно острых споров, поспешных революционно-принудительных шагов по «введению в жизнь тюркизма» во времена правления Народного фронта сделал выбор (причем конституционно закрепленный!) в пользу азербайджанизма. Этот выбор отчасти отражал и азербайджанскую демографическую ситуацию, при которой проживающие в республике мусульманские меньшинства (талыши, лезгины, курды, аварцы) не являются тюркскими народами. Позднее эта проблема в среде национально-демократической оппозиции, ориентированной на западные страны, фактически утратила свою остроту.

Падение АДР вскрыло горькую истину: в самой относительной лёгкости большевистского завоевания проявился разрыв между национальным сознанием элиты и, скорее, традиционалистским сознанием пассивно идущих за ней народных масс, которых элита не могла в достаточной мере сплотить и организовать под своими лозунгами. Энергия самобичеваний шиитского «шахсей-вахсея» не поддавалась трансформации во благо защиты родины и свободы. И как мусульманское сознание народных масс не поддавалось (или поддавалось, но с громадным трудом) трансформации в национальное сознание по типу



сознания европейских наций, так шиизм сопротивлялся трансформации в религию, лояльную азербайджанскому национально-демократическому государству, терпимую и являющуюся «личным делом граждан» по образцу западных христианских церквей. Более того, для клерикальных кругов Азербайджана такая перспектива представлялась самой страшной – худшей, чем перспектива подчинения чужому, пусть даже иноверческому, более того – атеистическому государству, которое последовательно во времени уничтожало всех последователей как национальной, так и конфессиональной самоидентификации азербайджанцев.

Темой отдельной статьи мог бы стать сравнительный анализ исторического развития Азербайджана и государств Центральной Азии последних двухсот лет.

#### **Литература и примечания:**

1. Так, по мнению Ф. Гаджиева, между установками Зороастризма и пришедшего позднее в Азербайджан Ислама существует глубокое противоречие, выразившееся в весьма своеобразной реакции азербайджанцев на динамику карабахских событий, к которым они не были подготовлены, в первую очередь, чисто психологически. Здесь, по мнению этого автора, деятельная позиция Зороастризма столкнулась с пассивным ожиданием, проповедуемым Исламом. Бюллетень "Ислам – постсоветское пространство". Вып. 1, Баку, 1996, с. 6.

2. Там же, с. 9.

3. Если суфийские ордена Азербайджана и организация "Чистые Братья" (X в.) – результат внешнего влияния, хотя среди последних был и выходец из Азербайджана, то низаритский исмаилизм, частично, и движение ахнев (мистическое движение городских средних слоев времен Низами Гянджеви, XII в.), близкое суфизму, сугубо азербайджанские идейные течения.

4. Балаев А. Азербайджанское национальное движение в 1917 – 1918 гг. – Баку., 1998, с. 75.

5. Там же, с. 254.

6. История Азербайджана, увы, реализовала совсем другой сценарий конституционного устройства страны. Глядя на современный Азербайджан, трудно себе представить, что каких-то 100 лет назад Ислам являлся важнейшим системообразующим элементом в структурировании и функционировании практически всех сфер духовной и практической жизни азербайджанского общества.

## **СЫР ӨҢІРІНДЕГІ МӘДЕНИ ТУРИЗМ БАҒЫТЫН ДАМЫТУДЫ ТАЛДАУ**

**Әбікенов Жарқынбек**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,

Қазақстан, Қызылорда

E-mail: Abikenovkz@gmail.com

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Сыр өңірінің мәдени туризмінің әлеуетіне талдау жасалады. Мәдени туризмді талдаудың негізгі элементі ретінде туристік тартымдылықты біртұтас «оптикалық жүйеде» баяндау қарастырылды. Қызығушылық танытылған өңірдің мета-бейнесінің тұтастығы мәтіндік баяндауды ретке келтіруден, оларды рәміздік үйлестіруден тұрады. Белгілеудің семиотикалық өлшемі метаструктуралардың конфигурациясын модельдей алады, олардың көрсетілімдері кескіндердің матрицасын көрнекілендіруге, оның элементтерін түсіндіруге, осылайша, семиотикалық тұрғыда туристік қызығушылықтың тартымды объектісіне айналдыруға мүмкіндік береді. Туристік объектілерді семиотизациялау әдісін қолдану рәміздік көріністердің өзара әрекеттесу жолдарын анықтауға, өңірдің көрнекі контурларын, «күш» өрістерінің шоғырлануы мен дисперсиялық шекараларын анықтауға, таныстыру үдерісінде туристтерге түсіндірме мүмкіндіктерін орнатуда жылдам нәтиже береді. Мұның нәтижелері Сыр өңірінің мәдени туризм саласының қалыптастыруға негіз бола алады. Қазіргі дефинициялар «мәдени брендинг», «өңір бренді», «аймақтық бренд» ұғымдарының мағынасына мәдениеттанулық тұрғыдан мән беріліп, ұғымның мазмұны түсіндірілді.

**Кілт сөздер:** мәдениет, құндылық, бренд, фактор, мәдени зерттеу.

**Annotation.** This article analyzes the potential of cultural tourism in the Kyzylorda region. Presentation of tourist attractions in a single «optical system» was considered as the main element of the analysis of cultural tourism. The integrity of the meta-image of the region of interest consists in ordering the textual narration and their symbolic coordination. The semiotic dimension of the designation can model the configuration of metastructures, their presentations allow to visualize the matrix of images, to explain its elements, and thus to turn it into an attractive object of tourist interest in a semiotic sense. The use of the method of semiotization of tourist objects gives quick results in determining the ways of interaction of symbolic views, determining the visual contours of the region, the concentration and dispersion boundaries of the «force» fields, and establishing explanatory possibilities for tourists in the process of introducing the sights. The results of this can serve as a basis for the formation of cultural tourism in the Syr region.

Modern definitions of the concepts of «cultural branding», «regional brand» are given importance from the point of view of cultural studies, and the content of the concept and its meaning are explained.

**Keywords:** culture, value, brand, factor, cultural research.

### **Кіріспе**

Саяхаттау ежелгі мәдени құбылыстардың бірі. Туристті оны кеңістігі тартып, оны түсінуге түсінуге ұмтылады. Кеңістікті жеңу деген оны түсінуге жақындауды білдіреді. Бұл нақты ландшафттар мен ұлттық құндылықтарды түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар рухани деңгей ретінде оның кеңістігіне ену. Географиялық кеңістікпен өзара әрекеттесу кезінде «адамның мәдени ойлауының маңыздылығы ашылады: нақты кеңістік семиосфераның иконикалық бейнесіне айналады, тілде кеңістікке жатпайтын мағыналар бейнеленеді, ал семиосфера өз кезегінде адамды қоршаған нақты кеңістіктік әлемді өзінің бейнесі мен ұқсастығына айналдырады» [1]. Осы өзара әрекеттесудің басқа түрлерімен салыстырғанда саяхаттау барысында кеңістікті мәдениет арқылы рәміздеу орын алады. Таңбалар тек түсіндіреді, оны сөзбен жеткізу қиын.

### **Әдістеме**

Мақаланың әдістемелік негізі Сыр өңірінің мазмұнындағы архитектуралық бірлік логикалық және тарихи талдаудың ішкі байланысын анықтаудан туындайды, мәдени рәміздерге түсіндірме беру барысында ұлттық болмыстың гомогендігі мен тұтастығына ерекше назар аударылады.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық нәтижелері мен ұсынылатын тұжырымдары мәдени туризмге қатысты прагматикалық, рәміздік, мәдени-әлеуметтік зерттеулер мәселелерінің ғылыми-теориялық негіздерін тереңдетуге және толықтыруға өз деңгейінде үлес қосады. Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын талдау арқылы жалпы қазақ дүниетанымын мәдени антропологиялық парадигма аясындағы зерттеулердің теориялық негіздері мен ұстанымдарын нақтылай түседі.

Ғылыми жұмыста аналитикалық, пәнаралық, жалпылау, сипаттау, жүйелеу, салыстыру, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты. Сонымен қатар кейбір қажетті деген мәселелерде баяндау логикасы берілді. Сыр өңірінің туристік әлеуетіне SWOT-талдау жасалды.

### **Теория**

Туризмнің тарихи-мәдени бағытын дамытуда мәдени мұраларды зерттеу, және олар туралы ақпараттық анықтамалықтар дайындап, тарату мәселесі үлкен орын алуда. Саяхаттардың мақсаты мен басты мотивациясы бойынша туризмнің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады: американдық ғалым В.Смиттің ойынша, туризмнің алты категориясы бар, олар: этникалық, мәдени, тарихи, экологиялық, рекреациялық, іскери туризм; [2].

- украиндық ғалым Н.П.Крачило, туризмнің өзгеше алты түрін ұсынған, олар: курорттық-емдік, мәдени-ойын-сауық (тарихи-мәдени, археологиялық, архитектуралық ескерткіштермен танысу мақсатындағы туристік саяхаттар), спорттық, танымдық-іскерлік, діни, кәсіптік туризм; [3].

-орыс ғалымы Н.С.Мироненконың пікірінше, туристік іс-әрекет басты мотивтері бойынша келесі төрт түрге бөлінеді деп өз еңбектерінде атап өткен, олар: емдік, сауықтыру және спорт, танымдық туризм (натуралистік, мәдени-тарихи); [4].

- орыс ғалымы В.А.Квартальнов, саяхаттау мотивтері белгілі бір деңгейде туристерді саяхат мақсаты бойынша келесі түрлерге бөлген: демалыс, бос уақыт, ойын-сауық, танымдық туризм, спорт туризм және оның салалары, қажылық, іскерлік мақсаттар, қонақ болу мақсаты. Оның ойынша, мәдени-тарихи туризмнің басты міндеті-мәдениет, ғылым және техника жетістіктерімен таныстыру, тарихи орындар мен құрылыстарға саяхаттау [5].

Өңірлік мәдени брендингті жүзеге асырудың негізі құралы мен тәсілі – мәдениет. Аймақтық мәдени брендті зерттеуші М. Каваратцистің пікірі бойынша, аймақтың имиджі мәдени өткен шағы мен аймақтың бүгінгі күнінің байланысы негізінде құрылады. Мәдени брендинг әртүрлі үш тенденцияның қосылуынан пайда болады: мәдениет, барабарлық және туризм. Мәдени туризмнің тенденциясы қазіргі кезде кең өріс алып отыр. Себебі, ол тарихи-

мәдени таныммен, сапалы демалыспен, қолайлы ойын-сауықпен, көңіл көтерумен және кірісі мол бизнеспен сабақтасады [6, б. 507].

Мәдени құндылықтарды туристік орталыққа және танымал брендке айналдыру болашақта туризмді экономиканың ең табысты салаларының бірі болуына ықпал етеді. Ежелгі қалалар мен тарихи ескерткіштері бар жерлердің табиғи ортамен үйлесімі, тарих пен мәдениет құндылықтарының брендке айналуы аймақтық және халықаралық мәдени-тарихи туризмнің кең дамуына негіз бола алады.

Брендтің мәдени символикалық негізі мәдени құндылықтар жүйесі мен тұтыну табиғатының таратылуы арқылы оның ресурсына айналады. Танымал теоретик-маркетолог К. Бове брендті тұтынушының қызметтік, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін арналған утилитарлық және символдық құндылықтардың жиынтығы ретінде түсіндіреді [7, б. 132]. Ал зерттеуші Н.Н. Александров брендтің аксиологиялық мәнін адамның негізгі төрт құндылықтары арқылы түсіндіреді: ақиқат, пайда, жақсылық, сұлулық. Бұлар Игілік ұғымымен біріктіріледі: 1) рационалды құндылықтар (ақиқат)-ақыл-ой үшін құнды заттар; 2) эстетикалық құндылықтар (сұлулық)-жан үшін құнды заттар; 3) утилитарлық құндылықтар (пайда)-тән үшін құнды заттар; 4) этикалық құндылықтар (жақсылық)-рух, жігер үшін құнды заттар [8, б. 249].

Мәдени брендингтің семиотикалық тұжырымдамасында бренд-таңба, нышан, бейне, көркемдік-эстетикалық бейнелер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Ендеше, әрбір табысты бренд адамға өнімнің түрін, түсін, пішінін, сырт келбетін, дәмі мен дыбысын ескере отырып эстетикалық ләззат сыйлауы тиіс. Сондықтан, бренд жасау үрдісінде шығармашылық топтар, дизайнерлер, режиссерлер, яғни арнайы кәсіби мамандар біріге отырып брендтің атауын, нышанын, таңбасын, белгісін, имиджін жасайды [9, б. 24].

Брендинг мәдениетпен сабақтаса отырып мәдениеттің әртүрлі құбылыстарын жетілдіреді: талғам, тілек, құндылықтар, мінез-құлық, жүріс-тұрыс нормалары, қызығушылық, яғни «семиосфераны» қалыптастырады [10, б. 128]. Брендті анықтау негізінде бірегейлік немесе сәйкестік брендтің примордиалды атрибуты ретінде әлеуметтік коммуникативтік кеңістікті қалыптастыру үрдісінде бейне және вербалды жолдау негізгі орын алатын семиотикалық таңба ретінде сипатталады [11, б. 77].

Мәдени брендингтің маңызды тұжырымдамасы брендті миф ретінде қарастыру. Әртүрлі аңыздар мен тарихи әңгімелерді, ертегілерді қолдана отырып өзінің кеңістігін кеңейтеді. Сыр өңірінің аңыздары оған ерекше келбет береді, оның осы ортамен бірегейлігін қалыптастырады. Мұндай тәсіл мәдениетті жетілдіру және мәдениет арқылы өңірді жылжытуда қолдану өте қолайлы. Бренд-имидж ерекше мифологиялық белгіні, көзқарасты қалыптастырады. Мәдени туризмнің қызметінің нәтижесінде біздің мәдени құндылықтарды тауар ретінде сатып алмайды, өңірдің имиджіне қызығып келеді. Туристтерді қанағаттандыратын және қанағаттандыратын бейне жасауға тырысқан бренд имиджін жасау барысында мифодизайн тұжырымдамасын қалыптастырды.

Мәдениеттанушы Ермаганбетова Құралай өңірлік мәдени брендингтің инновациялық құралдарын ұсынады:

1. Аймақ инвестицияға арналған тартымды объект ретінде. Әлеуетті инвестор саяси, әлеуметтік-экономикалық, географиялық, мәдени және ұйымдастырушылық-құқықтық факторлардың үйлесімдігі мен тиімдігін ескеру арқылы инвестиция жасайды.

2. Өңір бизнеске арналған орын ретінде. Бұл жағдайда қымбат емес коммуникациялық қызметтер, кездесулер мен жиындар, дөңгелек үстелдер өткізетін мәдени орындар, алдыңғы қатарлы коммуникация құралдары, тиімді ұсыныстар мен ақпараттық инфрақұрылым маңызды орын алады.

3. Өңір инновацияға арналған орын ретінде. Жоғары технологиялық өндіріс орындарын қолдау, ғылыми-өндірістік кластерлерді жасау, жоғарғы білім жүйесін және ғылыми зерттеулерді модернизациялау және инновациялық жобаларды қолдау, байқаулар ұйымдастыру тәсілі жатады.

4. Өмір сүруге жағымды мекен ретінде. Тұрғын сол аймақта өмір сүретін адам

ғана емес, ол мемлекеттің немесе аймақтың бюджетін толықтыратын салық төлеуші.

5. Өңір іскерлік іс-шаралар өткізу орны ретінде. Қазіргі кезде көптеген компанияларда іскерлік ресми кездесулерді, конференциялар мен семинарларды шетелдерде өткізу тәжірибелері жиі кездеседі. Ол үшін олар барлығына тиімді және қолайлы орын іздейді. Іскерлік кездесумен қатар халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу өзекті тәжірибеге айналды.

6. Өңір туризмге арналған тартымды және көрікті орын ретінде. Туризм жәй ғана көрікті орындарды көру үшін емес, нақты мақсатпен жүзеге асырылмайды. Қазіргі кезде туризмнің түрлері көп, осы себепті әрбір аймақ өзінің басымдылығына байланысты тартымдықты қалыптастырады.

7. Өңір жоғарғы оқу орнында оқуға қолайлы орын ретінде. Білім алушыларға қолайлы тұрмыстық жағдай жасау арқылы өңірді дәріптеу тәсілі Еуропаның көптеген елдерінде, Түркияда, Ресейде де жүзеге асырылады.

Аталған туристік өнімдер аймақтардың мәдени және экономикалық әлеуетіне, табиғи ресурстарына байланысты. Туризмді дамыту тұжырымдамасында негізгі алты туристік өнім ұсынылады: «MICE-туризм», мәдени туризм және турне, белсенді және шытырман туризм, таудағы және көлдегі демалыс, жағажай туризмі, қысқамерзімді туризм. Соның ішінде Сыр өңіріне ыңғайлы бағыттары мәдени туризм және турне аймақтардың мәдениетімен, дәстүрімен, мәдени-тарихи ескерткіштерімен, мәдени-тарихи мұраларымен таныстыру үшін арнайы экскурсия, жетекшісіз ұйымдастырылған турлар.

Мәдени туризм-бұл баратын елдің мәдениеті, мәдени ортасы, дәстүрлері мен мәдени ландшафтарымен танысуды көздейтін туризмнің бір түрі. Мәдени туризмге жергілікті халықтардың мәдениетіне қатысты іс-шараларына қатысу мен музейлерді аралау кіреді.

Өзінің классикалық қызметтерінен ауытқып, талабы мен сыны жоғары, ақпаратты технологиялар шарықтаған заманда, «Музейге келушілерді қалай көптеп тартуға болады» деген сұрақ қазірде көптеген музейлердің алдында тұрған мәселе. Жаңа мәдениет саясат тұжырымдамасына сәйкес келушілер санын арттыру мен қосымша табыс табу арқылы өз рентабельділігін арттыру біздің музейлердің де негізгі мәселесіне айналуы заман талабы. Қазір интернет арқылы кез келген адам өзіне қызықты ақпаратты жылдам ала алады. Көптеген музейлердің виртуалды сайттары арқылы оларды аралай алады. Музейдің экономикалық тұрғыдан тиімді қызмет етуі келушілердің санына байланысты.

Облыс бойынша 4 музей халыққа мәдени қызмет көрсетеді. Облыс музейлерінің қорында барлығы 139 467 экспонат бар.

Туризмнің тағы бір ерекше түрі-гастрономиялық туризм. Бұл әрбір келуші турист үшін өте маңызды. Саяхат жасаушы немесе демалуға келген турист сол елдің немесе өңірдің аймақтық және ұлттық тағамымен танысады. Гастрономиялық турист үшін ас-мәдениеттің бір түрі. Дәстүрлі ұлттық асхана елдің немесе аймақтың ерекше бірегейлігін қалыптастыратын тарихпен, дінмен, экономикамен, саясатпен, дәстүрмен, аңызбен және басқа факторлармен байланыстырылады [12, б. 45].

Кез-келген өзге мемлекеттің азаматын ұлттық тағам асханасы қызықтырады. Туристерді саяхаттап барған елдерінің ас мәзірі, жергілікті салт-дәстүрлер арқылы қалыптасқан тамақ дайындау мәдениеті өздерінің ерекшеліктерімен қызықтыра түседі. Гастрономиялық саяхаттар арқылы турист өзінің болған елі туралы көзқарасты қалыптастырады.

Қазақы тағамдардың бір ерекшелігі-дайындау тәсілі мен ұсынуда қатып қалған заңдылықтардың болмауы. Бұл ерекшелік ұлттық дәм мен қазақ мәдениетінің байлығына көз жеткізіп, оның алуантүрлілігін толық сезінуге мүмкіндік береді. Себебі дастарханамызды жайнатып тұрған әр тағам азық-түліктің қоспасы ғана емес, тұтас халықтардың мәдениетін сіңірген баға жетпес құндылық.

Ішкі туризм. Мұнда өзіміздің халықтық қымбат қасиеттеріміздің, дәстүрлеріміздің мүмкіндіктері толық есепке алынып отырмаған сияқты. «Туризм» деп адамның күнделікті тұратын орнынан басқа жерге баруын айтады. Қазақтың ұлан-ғайыр даласында арлы-берлі ағылып жүрген ағайынның бәрінде де белгілі бір дәрежеде туристік сипат бар. Олар ішкі

туристер: олар барлық қоғамдық көліктермен жүреді, қонақүйге орналасады, асханаларда, кафе, ресторандарда тамақтанады, барған жерінен базарлық алып қайтады, ел көріп, жер көріп, өзінің жанын байытады. Шын мәнінде бұл кәдімгі каучсёрфингтің дәл өзі. Бірақ, қазірше осы жүрістерден төленіп жатқан салықтар туризмнің есеп-қисабында қарастырмаған. Бұл да негізгі мәселе.

Әрине, қыдырғанның бәрін туризмге жатқыза беруге болмайтыны рас. Бірақ, адамдар тек қонақ болумен шектелмей, өңірдегі тарихи-мәдени мұрамен танысса, табиғат ескерткіштеріне барса, оны туризмге қатысты деп қарастыруға болады. Әрине бұдан қонақтық туризм ішкі туризмнің басты бір көзі екен деген түсінік тұмауға тиіс. Қонақтық туризм оның шағын бөлігі ғана бола алады. Қонақтарымызды туған өлкенің тамаша табиғатымен, тағылымды тарихымен таныстыруға ұмтылу бойымызға сіңе берсе, туризмге тікелей жатқызылмаса да мұның өзі біздің өмір салтымызға әсер етпей қоймайтыны анық.

Ішкі туризмді дамытудың көп қаржыны қажет етпейтін сенімді жолы-жалпы туризм туралы қалың жұртшылықта қалыптасқан түсінікті түзету. Туризмді тек шетке шығу деп, туристерді тек шеттен келгендер деп қарайтын қарапайым ұғымды өзгерте алсақ та біз талай нәрсеге қол жеткізер едік.

### Талдау

Сыр өңірі әлемдік өркениеттің де, қазақылықтың да үлкен қазынасы жатқан аймақтарымыздың бірі. Ұлттық салтдәстүрі мен әдет-ғұрпын, дінін барынша сақтаған, үлгі болатын санаулы аймаққа жатады.

Осы тұрғыда қарастырсақ Сыр өңірінде өте маңызды тарихи мәні бар ерекше ескерткіштер, құрылысы мен тарихымен қызықтыратын мәдени жәдігерлер аз емес. Олар бұл аймақтың өзіндік тарихын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ дәстүрін, өмір салтын, мәдениетін әлемге танытуға, туристік ресурс ретінде мәдени құндылықтар зерттеліп, туристердің жаңа туризм объектілерін немесе тарихи маңызы бар ежелгі қалалар мен қорғандарға саяхат жасауға, тарихымен танысып, зерделеуге және оларға қатысты аңыздарға көп мән беріп, қызығушылықтары артуда.

Қызылорда облысы 226 000 км<sup>2</sup>ден астам территорияны алып жатыр. Республикамыздың басқа аймақтарынан табиғаты, әлеуметтік-экономикалық және тарихи жағдайларымен ерекшеленеді. Бұл өңір географиялық тұрғыдан Тұран ойпатының шегінде, Қаратаудың батыс баурайында, Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Талай заманның дүбіріне куә болған қарт өзеннің тарихы да ежелгі Тигр, Еврат, Ніл өзендері бойында өсіп-өнген халықтардың тарихы сықылды тым тереңде. Оған сақ, ғұн өркениетінен күні бүгінге дейін сақталған тарихи-мәдени құндылықтар куә. Сырдария өзенінің жалпы ұзындығы 2200 шақырымды құраса, оның 1300 шақырымы аймағымызға тіршіліктің нәрін беріп отыр. Сондықтан біздің аймақ қай заманнан Сыр өңірі аталып келеді. Осыған орай, Сыр өңірінің мәдени туризмді дамытуға өзіндік үлесі бар екенін атап өту қажет.

Міне осы аймақтағы құндылықтар арқылы туристік тартымдылық қалыптастыру үшін мәдени туризм аймақтардың қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Территориялық рекреациялық жүйелерде табиғи және мәдени кешендер туристік тартымдылықтың ядросы болып табылады. Табиғи факторларға қарағанда, мәдени факторлар жылжымалы және жылжымайтын болуы мүмкін және өзіндік тарихи динамикасы болады. Туристердің мәдени деңгейі жоғарлаған сайын, туристік орталықтардың дамуында мәдени туризм рөлі маңыздырақ болады. Әрбір елдің мақсаты заманауи мәдени бастауларды ескере отырып, өзінің мәдени мұрасын көрсету. Егер бренд өнімдерді ұлттық мәдени мұралардың көмегімен түрлендірсе жағымды әсер қалдырады. Заманауи әлемде аймақтық имиджді жасаушылар абстракті пішіндерді, геометриялық фигураларды, ең бастысы-тұрғындардың жаһандық мәдениетінің көрсеткішінің жалғасы ретінде түрлі түсті бояуларды қолданады. Осы тәсілді қазіргі кезде барлық елдер және маркетингтік компаниялар қолданып келеді [9, 56 б].

Стратегиялық және бәсекелестік талдау аймақта туризмді дамытудың және оны басқарудың стратегиясын қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылады. Стратегиялық талдау зерттелініп отырған аумақ аясында қалыптасатын және олардың әсері туристік

кешеннің дамуына кері немесе тиімді әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды бағалауға мүмкіндік береді. SWOT-талдауды пайдалану негізінде Сыр өңіріндегі мәдени туризмді дамыту үшін ішкі және сыртқы ортаның факторлары анықталды. Олардың әсер күші және олардың қиысуы сыртқы нарықтарда аймақтық туристік өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Анықталған басымдықтар және сыртқы мүмкіндер өңірде туризмді дамытудың стратегиясы негізінде қаланады және оларды күшейтуге бағытталған шаралар тізімі арқылы жүзеге асырылады. Әлсіз жақтар және сыртқы қауіптер өңірде туризмді дамытуға шектеулер ретінде қарастырылады.

Сыр өңірі бойынша туристік тартымдылық пен беделділікті арттыру шараларын қарастыру мақсатында осы аймақтың туристік әлеуетіне жүргізілген SWOT-талдауды қарастырайық.

Өңірдің туризмнің күшті жақтарына оның көбіне ішкі туристік әлеуетін анықтайтын мынадай маңызды факторлар:

1. Сыр өңірінде 532 тарихи-археологиялық, архитектуралық ескерткіштер сақталған. Олардың 23-і әлемдік маңызы бар ерекше ескерткіштер архитектуралық, тарихи ескерткіштердің өте көп болуы;
2. Ұтымды әрі оңтайлы географиялық жағдай, темір және автокөлік жолдарының торабында орналасуы; ландшафтардың әртүрлілігі, ерекше туристік объектілердің болуы;
3. Туризм саласына инвестиция мен қаржыландыруды іске асыру мүмкіндіктері;
4. Қонақ үй және қоғамдық тамақтану қызмет-көрсету орындары желілерінің дамуы көп жағдайда туризмнің түрі мен формасын анықтайды;
5. Республикада және аймақтарды ақпараттық-туристік орталықтың, мемлекеттік және аймақтық қолдау саясатының және туризмді дамытудың стратегиялық құжаттар жүйесінің болуы.

Сыр өңірі туризмінің әлсіз жақтарына осы салада дамуды тежейтін және ішкі тосқауылдардың белгілі түрі ретіндегі факторлар:

1. Сыр өңірінде тарихи-мәдени ескерткіштердің басым бөлігі реставрация, реконструкция және регенерация сияқты шұғыл жөндеуді қажет етеді.
2. Қалалардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы әлемдік стандарттарға сай емес. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қала тұрғындарының сұраныстарын қанағаттандыра алмайды. Нашар дамыған туризм индустриясы қажетті сервисті көрсете алмайды.
3. Сыр өңірінің тарихи-мәдени орындары бойынша туристік маршруттар–қозғалысының және насихаттаудың әлсіздігі, шет елден туристерді тарту мақсатындағы жарнамалау жасау үшін өзіндік WEB-сайттарының болмауы; туристік салаға жеке капитал салымдары мен инвестициясының болмауы.
4. Қонақ үй және көңіл көтеру инфрақұрылымының және туристік санаттағы қонақ-үйлердің мерзімдік кезеңдегі жетіспеушілігі, туризм және демалыс орындарында инженерлік, көліктік және әлеуметтік-инфрақұрылымдардың жеткіліксіз деңгейде дамымаушылығы, туристер демалатын мекендерде сервис деңгейінің төмендігі, сервистердің жеткіліксіз саны мен сапасы.
5. Гастрономиялық туризм барысында дәстүрлі мейрамханалардың болмауы. Дәстүрлі тағам ұсынатын нысандардың сыртқы, ішкі интерьерлері заманауи үлгіде ұлттық колоритсіз безендірілген.

Өңірдегі туризмді дамыту және басқару мүмкіндіктеріне бүгінгі таңда пайдаланатын және жеткілікті деңгейде пайдаланбайтын әлеуетті танытатын факторлар:

1. Облыстың Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық автожолының, теміржолдың бойында орналасуы, мұнайға, газға, құрылыс заттарына бай екендігі үлкен мүмкіндік береді. Қызылорданың әсем де әлеуетті қалалардың қатарына қосылуына мүмкіндіктері тіптен жетерлік.
2. Қала аймағындағы жер ресурстары қала аумағының өсуіне қолайлы;

3. Қызылорда облысының туристік имиджіне жағымды ықпал ететін әртүрлі пиаркомпаниялар, конференциялар, шебер-кластарды өткізу, жаңа туристік объектілерді дамыту жоспарларының болуы мен оларды іске асыру, этноауылдар, ұлттық дәмханалар, тұрмыстық және техникалық қызмет көрсетудің – тиімді қызметтерінің болуы, сапалы сервисті құру, автомобильдік көлікпен туристерді тасымалдауда жол инфрақұрылымын жақсарту.

4. Білікті мамандарды, гидтарды, экскурсоводтарды, туризм инструкторларын, тарихшы экскурсоводтарды және аудармашыларды даярлау, сувенирлік өнімдерді даярлау.

5. Қызылорда облысына тән, жергілікті тұрғындар маманданған шаруашылық өнімдері сатылатын тұрақты халықаралық Шығыс базарын ашу. Мұны өңірдің маманданған шаруашылық саласын дамыту арқылы іске асыруға болады.

Сыр өңіріндегі туризм дамуының сыртқы қолайсыз факторларына және қаупіне нақты немесе әлеуетті қауіпсіздікті танытатын факторлар:

1. Сыр өңірінің дамуына қаланың сыртқы көрінісінің және архитектуралық сипатының тартымсыздығы, туризмді қамтамасыз етудегі сервис нысандарының жеткіліксіз болуы кедергі келтіреді.

2. Тарихи-мәдени ескерткіштердің бузылуы; қажетті инженерлік-коммуникациялық және сервистік нысандардың болмауы;

3. Туризмді қанағаттандыра алмайтын экономикалық құрылымның сақталуы;

4. Жергілікті тұрғындардың әлемдік туристік орталықтардағы адам ресурстарының даму деңгейіне сәйкес емес өмір сүру сапасы;

5. Туризм саласында туристік ағындар мен инвестициялық белсенділік көлемінің төмендеуі.

Жүргізілген SWOT-талдау нәтижелерін топтастыра келе, жалпы Сыр өңірінде туристік имиджді арттыратын және де туристік саланы дамытатын туризмнің туризмнің келешектік түрлерін анықтаудың ең жақсы амалы ретінде өңір имиджін қалыптастыруды атап өтуге болады.

### **Нәтиже**

Өңірлік келбетті жасауға, қызметтің қолайлылығы мен нәтижелілігін күшейтетін бірнеше көзқарастар бар. Бұл саладағы маманның жұмысы аудиторияға бағытталған коммуникация жүйесін жасау емес, керісінше аудиториямен қарым-қатынас орнатудағы саяси процедураларды өзгерту. Брендинг саласының көптеген мамандардың пікірі бойынша егер объект ел немесе халық болатын болса ұлттық брендинг қолайлы емес. Табысты өңірлік брендинг халық туралы емес, оның ішіндегі ұлтты бейнелейтін, елдің келбетін көрсететін тауарлар мен көрікті жерлерді, мәдени объектілерді брендтеу.

Креативті визуалды бейне-территориалды брендингтің қатыстылығын білдіретін символдар [9, б. 32].

Өңір бренді тартымды идеяларда, нышандарда, мәдени құндылықтарда, бейнелерде жүйелі көрініс табатын өңірлік бірегейлік. Тұтынушылық аймақты сәйкестендіретін визуалды немесе виртуалды нышандар, жағымды «фирмалық» белгілер, оның имиджі мен мәртебесін қалыптастыратын немесе бекітетін «таратылған» тауарлық марка. Бүгін өңірдің брендін жасау, дамыту және дәріптеу бұл аймақтың табысты дамуына, оның ауқаттылығы мен өркендеуінің кепілі. Маркетологтардың арасында логотип жасау бұл брендинг деген стереотип те бар, бірақ логотип жасау брендті визуаландырудың бір жағы немесе міндетті емес элементі болып саналады.

Мәдени туризмде мәдени жадыны және тарихи тәжірибенің бірегейлігін білдіретін рәміздердің арқасында саяхатшының ойында өңірдің образы салынады, ол баруды жоспарлаған аумақтың «рәміздік бейнесі» пайда болады. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, туристік ұсыныстар негізінде емес, сонымен қатар өзінің танымдық қызығушылықтары негізінде жаңа орынды таңдау барысында ол бірқатар символдармен байланыстырады, содан кейін ерекшеліктерімен танысады. Қазіргі заманғы туристтерді тұтыну, бос уақыт, технологиялық жаңашылдық

жағдайында семантикалық кеңістікті бейнелейтін рәміздер мен осы өңірге тән мәдени кодтарды жасау арқылы «басқа» мәдениетті тұтынуға шақыра аламыз.

Сонымен, аймақтық мәдени брендингті іске асыру мен мәдени брендті бағалау барысындағы коммуникация бағыттарын айтып өтейік:

1. Қарапайым жарнама түрлері (тележарнама, радиожарнама, баспа жарнамасы, сыртқы жарнамалар) кеңінен қолданылады. Себебі, жарнама өңірді туристік «тауар» ретінде таныту барысында қолданылады. Яғни, бұл – өзінше бір мәдениет. Алайда заман талабының өзгеруіне сәйкес жарнама берушілерге жаңа белес басталды. Соңғы кездері өзінің аудиториясы бар, халық пікірімен санасып, көпшілікке белгілі дәрежеде әсер ете алатындарды «әсер етушілер», яғни influencer деп бөліп қарастыру қалыпты болды. Осыған сай, әлемде Influencer Marketing деп аталатын жаңа бір түсінік қалыптасты. Көбінің сүйікті желісіне айналған YouTube те бүгінде жарнама толып тұр.

Қазіргі таңда Қызылорда облысы көлемінде жұмыс жасайтын бұқаралық ақпарат құралдарының саны 2 облыстық телеарна, 2 радио, 4 интернет сайт газет, 77 республикалық, облыстық, аудандық газеттер жұмыс істейді. Бүгінгі күні Қызылорда облысында жұмыс жасайтын БАҚ-тың тақырыптық бағыттарына жасалған талдау олардың 48,2% қоғамдық-саяси, 26,8% ақпараттық және ақпараттық-танымдық, 25% өзге де тақырыптық бағыттарда ақпарат тарататынын көрсетті.

2. PR. Қоғаммен байланыс жасау маркетингтік «микстің» мақсатты аудиториямен қарым-қатынас орнатуына бағытталған. Аймақтық брендингке де бұл тәсіл қолданылады. Қарым-қатынас және байланыс агенттері арқылы орнатылады. Пиардың ерекшелігі аймақтың барлық бәсекеге қабілетті ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. PR (Public Relations)-ұйым мен қоғам арасындағы түсіністік пен жақсы қарым-қатынастарды қалыптастыратын институт. Тауар, өнім, қызмет, сатылым туралы қоғамдық пікір қалыптастыратын үгіт-насихат жүргізу тәсілі немесе формасы. Пиар мен жарнама тығыз байланысты болғандықтан пиарды жарнамадан бөлек қарастыру қиын, десе де пиар-жарнама емес. Қазірге кезде «пиарды» көпшілігі біліп жүргенімен айыра алмайды.

3. Сатуға ынталандыру және тура маркетинг. Бұл жағдайда туроператорлар, тұрғындар «сатушы» рөлін атқарады. Сатуға ынталандырудың бірнеше жолдары бар: туристерге «жақын арадағы» жолдамаларды арзанға сату, акциялар, ал инвесторлар мен кәсіпкерлерге салықтық жеңілдіктер қызығушылық тудыруы мүмкін.

4. Жарнаманың басқа түрлері. Бұған аймақты жылжытудың барлық тәсілдері кіреді. Мысалы, өңірде кино түсіру немесе өңір туралы деректі фильм түсіру. Халықаралық, республикалық байқаулардың, спорт ойындарының, олимпиадалардың, жарыстардың, сайыстардың ұйымдастырылуы. Қызылорда облысы бойынша 171 мәдениет үйлері мен клубтары, 209 кітапхана, 14 музей, 12 архив, облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры, облыстық филармония, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы, облыстық тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі, 1 қалалық демалыс паркі – барлығы 410 мәдениет және өнер мекемелері халыққа мәдени қызмет көрсетеді. Мұнда үлкен жарнама екі жылда бір өтетін түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық өнер фестивалі. Фестивальге Түркия, Иран, Грузия, Әзербайжан, Өзбекстан, Сербия, Саха, Башқұртстан, Татарстан Қырғызстан елдерімен қатар, қазақстандық белгілі ғалымдар, өнер иелері мен шығармашылық ұжымдар қатысады. Басты ерекшелігі фестивальдің ашылу салтанаты «Достық үйі» алаңында, қорытынды жабылу шарасы Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіш кешенінде өткізіледі. Сонымен қатар, мектеп туризмін дамыту мақсатында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Sacral Tur» және қазақтың салт-дәстүрін насихаттау бағытында «Village life» жобалары жүзеге асырылуда. Өңірде алғаш рет облыстық музей тарапынан арнайы тарихи-танымдық телеэкспедициялар ұйымдастырылып, қасиетті нысандардың маңыздылығы туралы телехабарлар түсіріліп, халық назарына ұсынылды. Музей қызметкерлері «Сыр өңірінің киелі орындарына саяхат» атты жобасын жүзеге асырып келеді. Бұл жоба аясында облыстағы қасиетті нысандар



аясында өңірдің Шығыс аймағы бойынша Батыс Еуропа – Батыс Қытай автодәлізінің бойындағы бағыттар бойынша туристік саяхаттар ұйымдастырылды. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және облыстық жобалық кеңсе аясында қасиетті орындарды сандық форматқа көшіру және олар туралы әлеуметтік желі қолданушыларға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында 150 ескерткіштің 3D форматтағы интерактивті картасы қолданысқа енгізіліп, QR-код тақтайшалары орнатылды. Осылайша, Сыр өңірінің тарихи орындарымен виртуалды түрде танысуға мүмкіндік жасалды.

XXI ғасырда жастар арасында кең тараған тенденция «селфи», яғни смартфон немесе планшеттегі фотоапараттар арқылы өзін-өзі суретке түсіру, портретін жасау және оны әлеуметтік желілерге салу. Бұл тәсілді «мәдени брендингті» жүзеге асыру барысында қолдануға болады. Мысалы, белгілі бір объектінің, танымал адамның қасында тұрып «селфи» жасау және сол арқылы болған жерін немесе қасындағы танымал адамды сипаттау арқылы ол соған бейне береді. Яғни ақпарат береді. Қазіргі кезде қоғамның барлық салалары визуалдау тәсілдерін қолданатынын байқаймыз. Имидждеу мен брендтеу үрдісінде визуалдау 80%-ды құрайды. Бейне, имидж теледидар экранында, компьютер мониторында қалыптасады, оның тасымалдаушысы заттар: мысалы, киім, аймақтың түрлерін көрсететін аксессуарлар, мәдени брендтер бейнеленген заттар. «Визуалданбайтынды визуалдандыру» ұстанымының басымдылығын өңірді брендтеу саласындағы аймақтың, елдің брендін жасау қызметінде байқауға болады, оны ішкі мазмұнмен толтырады: инфрақұрылымын жетілдіру, нысандарды қайта жөндеуден өткізу, мәдени фестивальдер ұйымдастыру. Заманауи пиар-технологиялар және брендбилдерлер қазіргі қоғамның бұл тәсілін пайдаланып, визуалды қабылдау үрдісін культке айналдырады және таратады. Шетелдік тәжірибелерде бұл тәсілді мәтіндік мазмұнмен толықтырады және өте жоғарғы бағалайды [9, б. 53].

Сыр өңірінің мәдени құндылықтарын, мәдени жетістіктерін жаһандық ақпарат алмасу алаңында дәріптеу үшін тиімді құралдарды пайдалануымыз керек. Электронды қызметтің жүздеген түрін қамтитын Google да-дәл осындай платформа болып табылады. Мемлекеттер өздеріне туристер тарту, қонақтарға қолайлы жағдай жасау үшін Google компаниясына арнайы жүгінеді. Елдің электронды географиялық карталарын дамыту, қала көшелерінің 3D суреттерін интерактивті карталар мен гидтерді енгізу жобалары осылай пайда болған. Әр мемлекет мемлекеттік тілді Google-дың автоматтандырылған аударма қызметіне енгізу жұмыстарын әлі де жүргізіп келеді. Ұлттық мұражайлар, галереялар, кітапханалар мен архивтер Google Art Project жобасына тарих, мәдениет пен сәулет өнерінің ескерткіштерін енгізу үшін, сондай-ақ ұлттық кітапхана қорларын Google Books қызметіне орналастыру мақсатында бірлескен жобалар сәтті ұйымдастырылуда. Бұл Google компаниясына емес, цифрлық өркениеттен тыс қалғысы келмейтін елге қажет нәрсе.

Қазіргі кезде кеңінен насихатталған платформалардың бірі, бүкіл әлемде ерекше танымал, ай сайын 500 миллионнан астам бірегей қолданушы адам ең көп кіретін ресурс-«Уикипедия» жаһандық онлайн энциклопедиясы.

Бұл әрбір тілдік қауымдастықтың жай-күйі мен әлеуетін дәл сипаттай алатын ең ілгері дамыған лингвистикалық платформа. Бұл ресурстағы бүгінгі тілдер рейтингі 5,5 миллионға дейінгі мақаласы бар 298 тілді қамтиды. 5,5 миллионнан астам мақаласы бар ең ірі тарау – ағылшын тілінде. Тұтастай алғанда, мұндай жаһандық электронды платформада өңір туралы ақпараттар көп болуы мәдени туризмді дамытады.

Мәдениет елдің имиджі мен брендін құнарландырады. Бұл елді және оның имманентті құндылықтарын түсіну арқылы пайда болады. Мәдениет есте жеңіл сақталатын коммерциялық ұсыныстардың үйлесімді сүйемелдеушісі. Әр ұлттың мәдениетін бір бірінен айқындайтын, өзіне тән қайталанбас ерекшелігі бар. Егер оны бренспен тығыз байланыстырса, ол әсерленіп есте қалады. Мәдениеттің арқасында ел көркейіп, оған ұлттық мәртебе беріледі. Мысалы, Сыр өңірі мәдени-философиялық кеңістік ретіндегі келбетін сипаттасақ, түркі әлемінің когнитивтік моделі мәдени-рухани код ретінде таңбаланады. Сыр өңірі ұлттық-мәдени және әлеуметтік сипаты қарастырылады: біріншіден, Сыр өңірі қазақы дүниетаным мекені; екіншіден, Қорқыттың қобызы; үшіншіден, жер кіндігі Байқоңыр;

төртіншіден, шексіз рухани кеңістік; бесіншіден, жырдың елі; алтыншыдан, Арал ретінде бірін-бірі толықтырып тұрады деген мәдени брендті қосу арқылы тартымдылыққа ие болуға болады.

### **Қорытынды**

Сыр өңірінде мәдени туризм аймақтық дамудың басты турсресурсы бола алады, өйткені оның туристерді қызықтыратын маңызды сипаттамалары жеткілікті. Біз қазіргі таңда туристік мәні бар ескерткіштерімізді таныстыратын турлар құру арқылы Сыр өңіріндегі ішкі туризмді де дамытуымызға болады және мәдени-тарихи туризмнің аймақтық және халықаралық деңгейде дамуындағы қосатын үлесі бар екендігі белгілі.

Дегенмен туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Сыр өңірінің туристік нысандары туралы біліп, танысуларына мүмкіндіктер жасалмаған. Қызығушылық тудыратындай ақпарат таратылмаса, шетелдік қана емес, жергілікті азаматтардың да баруы қиын және өңіріміздің ішкі туризмі әзірге мақтанып айтарлықтай дәрежеде емес.

Қызылорда облысындағы туристік саланың жағдайы бойынша талдаулар нәтижесінде келесідей мәселелерді айқындап, туристік стратегиялық дамушылықты қалыптастырушы келешектік бағыттарды қарастыруға болады:

1. Облыс көлеміндегі құнды әрі тартымды болып саналатын экскурсиялық объектілерге апаратын автокөліктік жолдардың болмауы мен нашар жағдайы, осының салдарынан көптеген объектілер жалпы ішкі туризм үшін қол жеткізбестікті танытады.

2. Халықаралық стандартқа сай қазіргі заманғы қонақ үй кешенінің, демалыс үйлерінің, сауықтыру орындарының кемшін жағдайлары, ұсынылатын сервистік қызметтерінің төменгі сапасы.

3. Жекелеген аймақтарда жергілікті тұрғындар ішінде білікті қызмет көрсетуші қызметкерлердің болмауы: гид-аудармашылар, экскурсоводтар, жүргізушілер мен орналастыру объектілерінде қызмет көрсетушілер (қонақ үйлер мен кемпингтер).

4. Алыс тұрғылықты жерлерде сенімді ұялы байлыныс жүйесінің болмауы.

5. Ауылдық, әсіресе алыс аудандар тұрғындары туризмді дамытуға байланысты туристік маршруттарды әзірлеу мен жүргізуге қатыспайды, ешқандай экономикалық табыстылық иемденбегендіктен қызығушылық білдірмейді.

Жалпы заманауи туристің баратын өңірінің тартымдылығы рәміздердегі мәдени және тарихи әлеуетіне байланысты. Туристік сала үлкен кешенді индустрия болғандықтан, онда болып жатқан әрбір үрдіс бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, құнды тарихи-мәдени ескерткіш бола тұрып, оған баратын жолдар дұрыс болмаса, не қызмет көрсетуі тиісті деңгейде болмаса, қонақ үйлер болмаса ол жердің мүмкіндігін біз пайдалана алмаймыз. Сондықтан мәдени-кластерлерді құру бастамасы терең сараланып, икемді жоспарға сүйене отырып іске асырылуы қажет.

Бүгінгі таңда мәдени туризмді дамыту үшін алдымен, инвесторларды тарту, тарихи ежелгі қалалары бар территориялардың инфрақұрылымын, олардың ескерткіштерін, ғимараттарды модернизациялау мен жөндеу мақсатында ішкі қорларды іздеу және туризм бойынша заңнаманы реттеу керек.

Мақалада Сыр өңірінің мәдени туризмін қалыптастыру үдерісіндегі басымдықтар мен кемшіліктерді айқындау барысында заманауи ғылыми кеңістікте және мәдени-идеологиялық қызметте орын алып отырған іс-шаралар сараланды. Нәтижесінде өңірдің мәдени брендін жасайтын басымдықтар ретінде «мәдени құндылықтар» және «киелі нысандарды» зерттеу қажет деп тұжырымдаймыз. Себебі, мәдени құндылықтар өткен шақтың, ұлттық және мемлекеттік сипатты семиотикалық белгілермен, архитектуралық құрылыммен жадыда бекітіп, өңірдің мәдени имиджін қалыптастыруда маңызды орын алады. Ендеше, «Сыр өңірінің мәдени бейнесін» жеткізетін ұтымды әрі қаныққан рәміз ретінде құндылықтар ерекше мәнге ие болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Лотман Ю.М. Семиосфера. С.Петербург: «Искусство-СПБ». 2001.
2. Smith V. Hosts and Guests-University of Pennsylvania Press: Philadelphia. 1977. 280 с.
3. Крачило Н.Г. География туризма. К. Виша школа. 1987. 208с.
4. Мироненко Н.С. Рекреационная география. М. изд. Московского университета. 1981. 207 с.
5. Квартальнов В.А. Туризм: Учебник. М.Финансы и статистика. 2000. 320 с.
6. Livingstone S. Audience and publics: when cultural engagement matters for the public sphere. 2 nd ed. Intellect Books. 2005. 168 p.
7. Бове К. Современная реклама. М. Довгань. 2001. 132 с.
8. Александров Н.Н. Философские вопросы брендинга. М. Изд-во Академии Тринитаризма. 2011. 420 с.
9. Ермагамбетова Куралай Сергабыловна. Қазақстандағы мәдени брендинг: теориялар және тәжірибелер. Филос. докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайынд.дисс. Алматы. 2019. 152 б.
10. Лотман Ю. М. Внутри мыслящих миров. М. Языки русской культуры. 1996. 464 с.
11. Капферер Ж.Н. Торговые марки: испытание практикой: Новые реальности современного брендинга. М. Консалтинговая группа Имидж. 2002. 280 с.
12. Миронова М. Еда без границ. Правила вкусных путешествий. М. Альпина Паблишер. 2016. 260 с.

## ҚАЗАҚТЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Сайнанов Бағдат Ануарбекович**

Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
8D03102-Мәдениеттану мамандығы докторанты

**Бурибеков Онласыни Сейтжаппарович**

Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
8D03102-Мәдениеттану мамандығы докторанты

**Annotation:** In the course of teaching fine arts, teachers now use innovative and interactive methods in the classroom to contribute to a high-quality and interesting lesson. The concept of "innovation" first appeared in the XIX century from the study of culturologists, which means the introduction of one types of culture into the culture of another country, and this concept is still preserved in ethnography. This article will be devoted to the analysis of new teaching technologies in the visual arts.

Қазақ мәдениетінің ерекше бір бөлігі оның бейнелеу өнерінде десек қателеспейміз. Ұлттық мәдениеттің терең бастауларынан нәр алған сурет өнері қазақтың кең даласын, асқар тауларын әсем табиғатын суреттей отырып жас ұрпаққа эстетикалық талғам қалыптастыруды баға жетпес құндылыққа ие. Осы бағыт алғанды қазіргі ұстаздар қолданып жүрген педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарлаған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушылардың оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады. Оқыту үрдісін жаңашаландыру оқушылардың оқу материалын теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, жаңа педагогикалық технологиялар игерулеріне тікелей байланысты болады.

Педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Бүгінгі таңда оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі.

Педагогикалық технология оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру және оны өткізудің формасымен анықталады. Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшелігі: қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту үрдісін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқытылатын пән мазмұны мұғалім мен оқушының өзара байланыс іс-әрекеті,

оқушының ішкі даму үрдісі негізінде анықталған нақты мақсат ғана педагогикалық технология құрылымын түсіну кілті бола алады.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімнің зейінін, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Қандай сабақтың болмасын қызықты өтуі мұғалімнің үнемі ізденуіне, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдануына, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты.

Қазіргі таңда мұғалімдер инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

“Инновация” ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеуінен пайда болды, яғни, бір мәдениет түрлерін екінші елдің мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған.

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі бір категория ретінде берілмеген. Берілетін анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды. Инновацияны “Білім беру жүйесіндегі жаңалық енгізу” деп айтсақ, оның мағынасын тарылтқан болар едік.

Инновация аударғанда жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді дедік. Яғни, С. Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады.[2] Инновация ұғымын әр елде әртүрлі түсінген. Кейбір мемлекеттерде (АҚШ, Нидерланды) бұл термин кең таралған. Ал, Арабия, Жапония тәріздес мемлекеттерде кезіктіру мүмкін емес. Сондықтан әр елде бұл құбылысқа қандай көзқарас қалыптасқанын анықтау мақсатымен ғылыми-педагогикалық, техникалық, саяси әдебиеттер мен баспа беттерін зерттей келе, Ресейде, шет елдерде, ТМД елдерінде, Қазақстанда “Инновация” ұғымына көптеген анықтамалар берілгенін көреміз.

Қазіргі күні инновация деп көбінесе жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдануды айтса, сонымен бірге жаңа идеяларды, процестерді бірлікте жетілдірудің де жүйесі. Сондықтан оқыту мен тәрбиедегі жаңа технология инновациялық идеяларды енгізу, жаңарту нысаны болып табылады.

Инновация өзінің даму барысында белгілі бір өмірлік даму сатыларынан тұрады:

- жаңа идеяның пайда болуы;
- мақсат қоюшылық;
- тарату және жойылу.

Шетел мамандары оқыту технологиясының 3 кезеңі болды дейді.

I кезең: Мұғалім бірде-бір көмекші құрал-жабдықсыз ауызша оқытты.

II кезең: Мұғалім түрлі дидактикалық материалдарды пайдаланды.

III кезең: Мұғалім техникалық құралдарды қолдана бастады.

Оқыту технологиясы дидактиканың жетістіктерін педагогикалық практикаға енгізіп таратады. Оқыту технологиясы – қолданбалы дидактика.

Педагогикалық технология – дидактика мен педагогиканың практикалық жалғасы. Инновациялық технологияның негізі болып саналатын жаңа педагогикалық технологиялар көптеп саналады.

Педагог инновациялық технологияны меңгеру мақсатында іс-әрекет жасауы тиіс. Оның құрылымы:

1. Жалпы және кәсіби мәдениет.
2. Педагогикалық бағдарлылық.

3. Моральдық қасиеттер.
4. Диалектикалық қасиеттер.
5. Ерік қасиеттері.
6. Сөйлеу қабілеттері.
7. Ұйымдастырушылық.
8. Коммуникативтік.
9. Педагогикалық елестету. [3]

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғы шарты: оқытушылардың инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерген әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Мұғалім алғаш педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып, нәтижесін тексереді.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

- 1 кезең – оқып үйрену;
- 2 кезең – меңгеру;
- 3 кезең – өмірге ендіру;
- 4 кезең – дамыту.

Оқытудың жаңа инновациялық технологияларын оқыту үрдісінде жүйелі әрі бірізді, сонымен қатар сауатты қолдана білу әрбір сабақтың қызықты өтілуіне жол ашады. Оқушының шығармашылық қабілеті мен қиялы байып, креативті ойлау қабілеті дамиды және өзін-өзі бағалауы жоғарылайды.

Жалпы алғанда, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мақсатында оқытудың инновациялық технологияларын дұрыс қолдана білсе, инновациялық технологияның берері мол. Оқытудың инновациялық технологиялары оқыту үрдісін жандандырып, әрбір оқушының білімге, ғылымға деген қызығушылығын оятады. Сонымен қатар шығармашылық ойлау қабілетін дамыта отырып, қоршаған ортаға байланысты көзқарасын жаңаша қалыптастырады.

Жаңа қоғамда ұрпаққа тәрбие мен білім беруде болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі. 2004 жылдың 12 қазанында қазақстан республикасы білім саласы қызметкерлерінің III съезінде елбасы нұрсұлтан назарбаев «құрылымдық өзгерістер мұғалім кадрларын әзірлеу жүйесін оздыра отырып дамытумен қамтамасыз етілуі тиіс. Жаңа формацияның педагогы қажет. Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әрдайым саналып келгеніндей біршама емес, әлдеқайда жоғары болуы тиіс — бұл уақыт талабы» деп атап корсеткеніндей, әр баланың қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын шебер әрі іскер мұғалім даярлауға бетбұрыс жасамақшы. Жаңа қоғамда орын алып жатқан сан-салалы өзгерістер республика университеттеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарына да күрделі міндеттер жүктеліп отыр. Осындай іргелі талаптар тұрғысынан қарағанда, жоғары оқу орындарында бейнелеу өнері пәнінің студенттерге эстетикалық тәрбие берудегі рөлі ерекше. Жас ұрпақты туған елкені сүйе, әсемдікті бағалауда, талғампаздыққа тәрбиелеуде, студенттің мәдениетін қалыптастыруда, білім кокжиегін кеңейтуде бейнелеу өнері пәннің қосары ерекше [1].

Педагогикалық сөздікте батыс елдерінде XX ғасырдың 50 жылдарының аяғында, ал біздің елімізде соңғы онжылдықта қолданыла бастаған «инновация» түсінігі кейде «жаңаны енгізу», «жаңалық» түсініктерімен қосылып айтылады. Шындығында, «инновация» (латынша **inb- novus** — жаңашылдық) көптеген ғалымдар мен педагогтердің пікірінше, жаңалық енгізу» болып табылады. М. Поташник барлық түсініктерді талқылай келе: жаңалық енгізу — бұл құрал (жаңа әдіс, әдістеме, технология, оқу бағдарламасы және т. Б.), ал, «инновация» – бұл осы құралдарды игеру үрдісі» деп анықтама береді [4].

Бейнелеу өнерінің натюрморт жанры ұғымы «натюрморт» өлі, жансыз дене дегенді білдіреді. Натюрморт «өлі табиғат» немесе «өлі зат» аталғанымен, ондағы бейнеленген

заттар арқылы табиғи өмірді, заман келбетін тіпті халықтың тұрмыс тіршілігін, әдет-ғұрпын, тарихын танып білуге болады. Сурет сабағында студенттерге сурет салудың алдында нәрселердің пішінін талдай білуге үйретіп алу керек. Студенттердің кеңістіктегі заттар мен құбылыстарды бейнелеу әдіс-тәсілдері қатынастарын талдаудан бастап, көрнекіліктерді қолдану, бейнелеу кезеңдерін көрсету, нұсқа мен суретті салыстыру, өнер шығармаларын талдау әдістері жатады.

Натюрморт салуда кеңістік түсініктерін беру үшін студенттерге «горизонт сызығы», «перспектива», «заттардың перспективасы», «сызықтық перспективасы», «перспектива құбылысын бейнелеу» атты ұғымдарға талдау жасалады. Талдау жасай отырып, ұлттық сурет өнерін әлемдік мәдениет деңгейіне көшірген қылқалам шеберлерінің шығармаларымен таныстыра кетіп, оларға анализ жасап отырса. Студент ең алдымен, сурет өнері туралы оның бояу тілімен сыр айтар күрделі жанр екенін әңгімелеуден бастаған абзал. Жалпы бейнелеу өнер туындысы өмір шындығышан алынатын, ірілі-уақты оқиғалар қаз-қалпында емес, образға айналып барып, айқындалатыны, әрбір детальдың атқарар рөлінің ерекшелігі, нені меңзеп тұрғанын баяндау арқылы студентті баурап алу керек.

Натюрморт – өлі заттардың жиынтығы деген ұғымды айта отырып, стол үстіндегі заттардан тұтас біріккен сурет салу үшін алдымен оларды дұрыс орналастыруымыз керек. Қағаз бетіне заттарды орналастыру, орнын белгілеу, көру нүктесін таңдау, үйлесімділіктің бастапқы негізі болып табылады. Нұсқаның жеке бөліктері бір-бірімен байланысты болғанда ғана үйлесімділік шешімі дұрыс болады. Алдымен қағаздардың ортақ нүктесін тауып, заттардың шеткі нүктелерін анықтау керек, нұсқаның толық көрінісін көмекші сызықтар арқылы шығарып алу, нұсқадағы жалпы заттардың түстерін анықтау және көлеңке — жарығын белгілеп, нұсқаның түстерін палитраның көмегімен анықтау қажет. Сонымен қатар, студенттердің натюрмортты бояп аяқтауына мүмкіндік жасап, еңбектерін салыстыру арқылы талдау қажет және қатемен жұмыс жасау керек.

Адамның эстетикалық көзқарасының қалыптасуы дұрыс бағытпен тәрбиеленуі қашанда күрделі құбылыс. Бейнелеу өнерінде студенттердің 5-10 минут ішінде берілген тапсырманы бейнелеп болдым деуін жиі кездестіретініміз сөзсіз. Мысалыға, міне ағаш (белгі), міне үй (белгі), міне құс, осы белгілерден әрі қарай аса алмайды, өйткені оның қоры аз, ойлай, қиялдай, көркемдей білуге көмек беруіміз қажет. Ол үшін тақырыпты балаға жақын, қызықты тақырыптардан бастағанымыз дұрыс. Міндетті түрде берілген тақырыбымыздың бастамасы болуы керек.

Осындай бірнеше жаттығулар орындағаннан кейін тақырыбымызды күрделендіре түсуіміз қажет. Мысалыға, натюрмортты біріншіден қағаз бетіне дұрыс орналастыру. Орналастыру кезінде студенттер мынадай қателіктер жібереді. Біреуі қағаз бетіне өте үлкен, біреуі өте кішкене етіп орналастырып қояды. Студенттің санасына жеткізу үшін, қағаз әр салынатын бейненің тұратын үйі деп түсіндіруімізге болады. Үстінгі бөлігі төбе, астыңғы еден, екі шеті қабырға. Осындай таблицалар арқылы дұрыс таңдау жасауға болады. Мүмкін осындай тәсіл әрбір студенттің жадында қалады. Натюрмортқа сызықтар арқылы түрлі эсер беруге болады. Сызықтар графика саласына жатады. Әрине, өрбір ұстаз студенттің ойлау, қиялдау қабілетін арттыруға ойын, дәстүрлі емес сабақ түрлерін пайдалана отырып, тақырыптарын сан алуан етіп түрлендіруіне болады. Сонымен қатар, графика жайлы терең мағлұмат беру керек. Оның негізгі орындалу тәсілімен таныстыру. Алдымен, графика өнерінің қаншалықты маңызды екенін ұғындыру қажет. Графика тәсілі өр заттың көлеміне қарай штрихтаудың сан алуан түріне икемдеу қажет. Өзімен бірге салдырып, одан соң штрихтауға үйрету, онда дененің көлеміне қарай штрихтауға дағдыландыру. Заттағы көлеңкелерді және денелерді штрихтағанда, жарық, жылт, жартылай көлеңке, толық көлеңке, құлама көлеңке және көмескі жарық туралы толық мағлұматты көрнекілік арқылы түсіндіру. Алдымен, форматқа орналастыруды үйретіп салдыру. Екінші, штрихтауды ілестіріп штрихтауды үйрету. Студенттер сызықтар арқылы өз туындысына эсер бере білуін дамыту корермендердің де көңіл-күй әсерін шақыруға мүмкіндік береді. Бізді өмірімізде өзіндік ерекшеліктерімен сызықтар қоршаған-жолдар сызығы, көпірлер, бағаналар, сым тетіктер

сызығы, ағаш, есімдік сызықтары. Адам фигурасына, тағы-тағы көптеген нәрселердің келбетін сызықтар арқылы түсіреміз.

Студенттерді мүмкіндігінше, бейнелеу өнері пәніне молынан тарту қажет. Студенттерді бейнелеу өнерінің қыр-сырына үйрену үшін, бейнелеудің неше түрлі техникасының сырын ашып, оларды өз беттерімен емірде қолдана алатындай ету керек. Мысалы, жай ғана натюрмортты алайық, оқушы керіп тұрған түстерін қылқаламның көмегімен керек жеріне жағып, бейнелеп шығады дейік. Осылай 2-3 натюрморт бейнеленгеннен кейін, әлгі мұндай жұмыстан жалыға бастайды. Сондықтан осы бір ғана натюрмортты неше түрлі техникада орындауға болатындығын айтып, іс жүзінде бейнелеп көрсету. Лессировка техникасы — акварельмен салынатын техника. Ол бір түс құрғағанда үстінен екінші түсті жағу техникасы. Мөлдір акварель бояуының түстері бір-бірінің астынан көрініп тұрады. Осы натюрмортты гризайль, аппликация, мозаика техникасын пайдалана отырып инновациялық тәсілдерді көрсетсе де болады. Келесі сабақтарда коллаж түрінде бейнелесе, студенттердің ойлау қабілеттері дамып, бейнелеуге деген қызығушылық қасиеттері одан әрі дами түседі. Бояуларда жасырынған мүмкіндіктерді зерттеудің осы бір курсына бір жылға жуық уақыт кетеді. Бұл бірақ босқа кеткен уақыт емес: кімде ерік-жігер күші мен таланты жеткілікті болса, акварельмен жұмыс жасауды, жаңа технологиямен меңгеріп шығады.

Енді кез-келген басқа техникаларды қарастырсақ. Сулап салу техникасын, монотипия, үрлеп салу техникасын пейзаж салғанда үйретсе болады. Бір сарындылықтан гөрі осылай әр түрлі техника студенттерді бейнелеу өнеріне қызықтырады. Оның үстіне әр бала әрқилы. Біреулері қылқаламмен, біреулері қайшымен, біреулері тушыпен тағы біреулері шүберек қиындыларымен жұмыс істегенді жөн көреді. Сонымен қатар табиғи материалдарды: жапырақ, бұтақ, неше түрлі дәнді-дақылдар, сабан, кептірілген гүлдер, түрлі-түсті тастарды да көптеп пайдалану керек. Әр түрлі құрылыс материалдарын: әр түрлі желімдер, бояу ұнтақтарын, лактарды, обойларды бейнелеу өнерінде пайдалану да студенттерді қызықтырып қана қоймайды, сондай-ақ сол материалдарды өз беттерінен өміріне қолдана білуге үйретеді.

Көптеген студенттер шығармашылық тақырыпта жұмыс істеуді қиынсынады. Осы кезде мұғалімнің бірден-бір міндеті: балаларға дұрыс тақырып таңдау және таңдауға көмектесу. Мысалы, ауыл тақырыбына сурет салғанда мынадай мысалдар келтіріп, балаларды қызықтыруға болады. «ат-арбамен отын тасып келе жатқан балалар». Ауыл балалары сабақтан тыс уақыттарында үй шаруасымен тығыз араласып, малға қарау, отын жару, отын жинау, бақша күту т. Б. Жұмыстарды атқарады. Балалар іс-әрекеттерін көз алдарына елестетсе болды, өздері-ақ бейнелеу өнеріне қызығып, оп-оңай бейнелеп шығады. Тақырыпты таңдап, әр түрлі техникамен бейнелеуге үйренген бала, енді өз жұмысының нәтижесін белгілі дәрежеде көргісі келеді. Осы кезде олардың шығармаларынан көрме ұйымдастыру қажет. Ол үшін студенттермен бірге әр шығарманы талдап, қайсысын көрмеге қоюға болатынын келісіп шешкен жөн. Әрине, ең соңғы пікір мұғалімдікі болғаны дұрыс. Көрмені әр тақырыпқа, не болмаса әр семестр барысында ұйымдастырып отыру керек. Егер дарынды балалардың шығармалары көптеп жиналса, жеке көрмелер ұйымдастыруға болады. Мұндай жағдайда студенттердің бейнелеу өнеріне деген қызығушылық қабілеттері арта түсері анық. Міне, осылайша жұмыс бір жүйеде үзбей жүргізілетін болса, университет табалдырығынан рухани дүниесі бай, дүние танымы кең жеке тұлға қалыптасады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жіберген жолдауы. 2013 ж.
2. С. Ожегов. Энциклопедический словарь 2019, 22-е издание
3. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері” // Қазақстан мектебі. – № 1. – 2007 ж.
4. Б.М. Неманский. Методы преподавания искусства в школе.

## СУРЕТ ӨНЕРІНДЕ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТЫ КӨРСЕТУДІҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Бурибеков Онласын Сеитжаппарович**

Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
8D03102-Мәдениеттану мамандығы докторанты

**Сайнанов Багдат Ануарбекович**

Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
8D03102-Мәдениеттану мамандығы докторанты

**Annotation.** To engage in any activity, a student must understand the essence and meaning of the conceptual apparatus depending on this type of activity, as well as know the historical aspect of this problem. Almost every educated person has some idea about the original and the copy. Among artists, since the Renaissance, a copy was called a work made by other masters according to the original, made by other artists, sometimes they also made some adjustments to the original.

Ұлттық мәдениетіміздің әлемдік өнермен сабақтаса дамыған, ұлттық бет-бейнесі айқын көрінетін, ерекше дәстүрлерге ие бейнелеу өнері деп айтуымызға болады. Жас ұрпақ тәрбиелеуде оның жетістіктерін білім алушылардың түпнұсқаның көшірмеден несімен ерекшеленетіні жайлы айқын және анық түсінігі болуы керек. Бұл мәселеге белгілі еуропалық кескіндеме тарихшысы, сарапшы және мұражай қызметкері Макс Фридендер өзінің «Өнер мен білімдер туралы» атты еңбегінде нақты жауап береді. Оның келесідей ойын келтіруге болады: «Түпнұсқа әлдебір ағзасияқты, ал көшірме – механизм». Фридендердің пікірінше, түпнұсқаның басты белгісі келесілер болып табылады: «кескіндемелік идея мен форма, түпкі ой мен орындалу, тұжырымдама мен оны жүзеге асыру құралы арасындағы мінсіз үйлесім», бұлар көшіру барысында мүмкін емес, өйткені көшіруші суретші «егер ол тіпті өзінің көркемдік елестетуін басқанның өзінде, оған түпнұсқаны жасаушы пайдаланған пигменттер мен байланыстырушылар жетіспейді» .

Өз зерттеуімізді көркемдік үрдісте көшіру жұмысымен байланысты ұғымдар мен түсініктерге талдау жасаудан бастаймыз. Ұғымдық аппаратты тарихи-мәдениеттанымдық тұрғыда қарастырамыз.

Көшіру – «түпнұсқаға еліктеу» ұғымының өзі XIII ғасырдың аяғы – XIV ғасыр басында қалыптасты. Көшіру, көшірме нақ осы мағынасында Германияда (немісше Kopeiren) осы ғасырдың ортасында қолданыла бастады. Дегенмен, бұл ұғымның төп-төркінін ежелгі римдіктерден (латынша Coria- көп, байлық, молшылық) кездестіруге болады. Ежелгі римдіктер Coria – молшылық құдайын ерекше құрмет тұтты. Осы жерден атаудың іс-әрекет тегімен толық сәйкестігін байқауға болады. Көшіру – көбейту, қандай да бір бағалы заттың, біздің жағдайымызда көркемдік шығарманың санын арттыру [1].

Іс-әрекеттің осы түрінің тегін терең түсіну үшін мифология саласына терең бойлаған және мағыналық кодты сол жерден іздеген дұрыс. Сонымен, біз римдіктерде Coria молшылық құдайы екенін білдік. Молшылық мүйізінің өзі латынша cornu coriae делінеді. Молшылық мүйізі өнімділік пен байлықтың символы. Антикалық тиындарда – мемлекеттің игілігінің символы; бейнелеу өнерінде – игілік таратушы құдайдың, ең алдымен Тихенің (Фортуна) символы. Көне дәуірлерде молшылық мүйізі (байлыққа қатыстының барлығы сияқты) Өлілер патшалығымен, Аидпен байланысты болды. Молшылық мүйізі байлық құдайы Плутостың иелігінде болды. Плутостың есімі мен өлілер патшалығының билеушісі Плутоның арасындағы тілдік жақындық та кездейсоқ емес. Өзінің көне формасында ПлутосПлутосияқты Персефонамен – Өлілер патшалығының патшайымы Аидтің қызметшісімен байланысты. Элевсиндік мистерияларда Плутос пен Плутон қатар қойылады. Соңғысы сарқылмайтын жерасты байлығының иесі ретінде қарастырылды. Осы мифологиялық аңыздардың барлығы қандай да бір мағынаға ие және бір нәрсені меңзейді. Біздің нақты жағдайымызда ол көшіру жұмысының материалдық әлеммен, материалдық байлық пен игілік саласымен байланысты екенін көрсетеді [2].



Бейнелеу өнерінде көшірме – көркемдік шығарманы барлық ұсақ-түйегіне дейін сол материалда жәнәсол тасымалдаушыда нақты қайталау. Оқу көшірмесі және механикалық көшіру (контрафакция; контрэпрев; репродукция) болып бөлінеді. Контрэпрев – Франция өнеріндесуреттен белгілерді ауыстыру. Контрафакция ұғымын біздің саламызда түпнұсқаорнына ұсынылатын қолдан жасалған көшірме ретінде түсінген дұрыс. Нақтырақ айтқанда, көшіруді авторлық қайталаудан, композицияны қайталаудан, реконструкция мен репликациядан ажырата білген дұрыс.

Қосарлау (дублирование) (деблет, дубликация) (французша Doubletom double – «қос», латынша Duo – «екі», dualis – «екіжақты») – дубль, дуплет – көркемдік шығарманың екінші данасы. Мұндасондай-ақ осы ұғымдарды түсіндіруде өзінің ерекшеліктері бар: көшірмені (түпнұсқамен абсолютті бірдей) авторлық қайталау (авторлық нұсқа), реплика (өзге шеберді еркін қайталау) ерекшеленеді. Кейбір жағдайларда көшірме дегенде реминисценция, реконструкция, реновация, тіпті стилизация датүсініледі. Төменде біз осы ұғымдарға барынша толық талдау жасаймыз.

Қосарлау деп сондай-ақ, түрлі техникалық тәсілдер, мысалы, XIV-XV ғасырларда барынша күрделі реңктер алу түрлі – түсті шыныларды витраждарғаорналастыру да, кейде – металдан жасалған бұйымдарды жоспарлау техникасы – алтындау, күмістеу, металл фольганы пайдалану дааталады. Көркем шығарманы – көне шеберлердің картиналарын – консервациялау мақсатында кескіндемені ағаштан кенепке немесеескі кенептен жаңасына көшіру де қолданылады. XV-XVI ғасырларда итальяндық Қайта өрлеу дәуірінде картиналар, әдетте, ағаш тақталарғасалынды. Уақыт өте келеадгезияның – бояулар мен негіздің өзара ұстасуының нашарлығынан және бояу қабатының жарылуынан негізді бекіту қажеттілігі туады.

Кескіндемені ағаштан кенепке көшіру (фресканы кенепке көшірген сияқты) Италияда, Венецияда 1720 жылыалғаш қолданылды. Францияда XVIIIғасырдыңортасында бояу қабатын төсеммен біргеалу әдістемесі жасалды. Ол үшін беткі жағына уақытша «калька» жапсырылды. 1802 жылы мұндай операцияны Луврде жасады, яғни Рафаэльдің «Мадонна ди Фолиньи» шығармасы көшірілді. 1807 жылы Эрмитажда Джоджоненің «Юдифь» еңбегі ағаштан кенепке көшірілді [3, 8 б.].

Көшіруге белгілі бір дәрежеде жақын тағы бір ұғымға талдау жасайық, ол – репликация, реплика (французша Replique, итальянша replica, латын сөзі Replikatio- кері қозғалыс, жаңару) – пішін құрудың тәсілдерінің бірі; бұған дейінгі болған немесе әлі де бар композицияны қайталау. Көшіру немесе реставрациядан айырмашылығы репликация тәсілі шығармашылық сипатқа ие, өйткені ол детальдарды, форманың, суреттің, түстің ньюанстарын өзгертудің нұсқаларын болжайды. Өнер туындыларын көркемдік репликация жасау басқаша, түпнұсқадан жақсы материалда жүзегеасырылуы мүмкін. Көркем шығарманы авторлық репликасуретшінің жаңалықтарымен, ассоциацияларымен, аллюзияларымен, реминисценция-ларымен байытылған түпнұсқаны талдау, түсіндіру болып табылады. Барынша тар мағынасында, мысалы, кескіндемеде реплика деп меценаттың, коллекционердің немесе мұражайдың арнайы тапсырысы бойынша картинаның жетістігін авторлық қайталау аталады. Мұндай репликация механикалық репродукцияны ойлап тапқанда практикада қолданылды. Осыған байланысты шеберлердің көптеген картиналары шеберлердің өздері немесеолардың шәкірттері жасаған түрлі репликаларда болады. Көп жағдайдайлар көшірме емес, дәл реплика болды. Мұндай жағдайларда үлкен шеберлер іс жүзінде әрқашан композициялық құрылымға, бейнелерді баяндауға, шығарманың түстік-реңктік қатарына қандай да бір түзетулер, репликалар енгізді. Мұнда П.Федотовтың «Жесір әйел» шығармасын авторлық қайталауы нақты мысал болады. Мұндай жағдайларда «авторлық көшірме» ұғымы дұрысемес. Шығарманы оған ешқандай да өзгерістер енгізбей қайта жаңғырту болғанда ғанаавторлық көшірме жайлы сөз етуге болады.

Көркемдік тәжірибеде картинаның бұған дейінгі белгілі сарындарын, тақырыптары мен сюжеттерін жаңғыртудың өзге де нұсқалары бар. Біз реминисценция(латынша Reminiscentia – еске түсіру) жайлы айтып отырмыз, бұл – анық емесассоциацияға негізделген

бұлыңғыр еске түсіру. Көркем шығармашылықта реминисценция бұған дейін белгілі формальды элементтерді, сарындарды, тақырыптарды, сюжеттерді басқа үйлесімде пайдалану арқылы форма құру тәсілдерінің бірі болып табылады. Басты жаңалығы комбинацияда. Реминисценция вариация, комбинатория немесе жоғарыда қарастырған репликацияға қарағанда барынша шығармашылық сипатқа ие. Реминисценция тәсілі қарапайым ассоциация немесе аллюзиядан ең алдымен, интеллектуалдығымен және белгілі бір дәрежеде рационалистімен ерекшеленеді.

Бейнелеу өнерінде компиляция (латын сөзі *Compilation* – ұрлау, тонау) ұғымы да бар, оның мәні танымал, кейдез танымал суретшілердің сюжеттерінен, композицияларынан алып композициялар құруда. Мұндай жағдайда түрлі көркем шығармалардан үзінділер алынып, өз бетінше өңделеді.

Станоктық майлы кескіндеме туындыларын көшіру жайлысөз етеотырып, біз мағынасы ауқымды болып саналатын реставрация ұғымына тоқталмай өтеалмаймыз. Реставрация (латын сөзі – *restauratio* – қалпына келтіру деген мағынана білдіреді; *re* – «қайтадан, қайталап», *statere* – «қою, орнату») – жойылған рухани және материалдық байлықтарды жаңарту, қалпына кетіру. Біз үшін бұл ұғымның барынша тар, нақты-заттық мағынасы маңызды. Бұл мағынасында реставрация деп бүлінген немесе бұзылған өнер туындыларын қайта түзету және жаңарту арқылы бастапқы түріне қайта келтіру аталады. Реконструкция мен репликациядан айырмашылығы реставрация әдісі шығарманың немесе оның фрагменттерінің түпнұсқа негізін міндетті түрде сақтауды болжайды және оған өз бетінше толықтырулар ендіруге жол бермейді.

Ұғымдар мен негізгі түсініктерге талдау жасау өзіміз зерттеп отырған көшірудің заттың саласын жақсы түсіну үшін қажет. Біздің зерттеуіміздің пәні көшіру – көркем шығарманы барлық ұсақ-түйегіне дейін сол материалда жәнe сол тасымалдаушыда дәл қайталау болып табылады. Барынша нақтырақ айтқанда, біз станоктық майлы кескіндемені көшіруді оқу үрдісі ретінде қарастырамыз.

Диссертацияның бір бөлімінде еуропалық және еуроазиялық құрлықтардың бүкіл аумағындағы мәдени-көркемдік мұралардың орасан мол санының даму және бүгінгі күнге жетуінің көпғасырлық тарихи жолын екі Американың, Африка мен Австралияның мәдениетін назарға алмай, тек Еуразия кеңістігіне ғана тоқталып қамту мүмкін емес. Белгіленген тақырып шеңберіндесөз ету үшін әңгімепәнін нақты анықтап алу керек. Қандай болса да, өнер әрқашан түрлі ұқсастықтарды бейнелеу болған және болып қала береді. Әлемде қандай да бір қызықты, әдеттен тыс, жаңа нәрсе қашан да еліктеу нысаны болады. Көркем шығармашылықтың даму тарихы жайлы сөз етеотырып, бейнелеу өнерінің бүкіл тарихы тікелей қазіргі күнмен қызыл сызықпен байланысқандығы бойыншасалыстырмалы параллельдерді айналып өту мүмкін емес.

Көне шеберлердің мұраларын олардың жұмыстарын көшіру арқылы зерттеу ежелгі замандардан-ақ пайдаланылды. Түрлі кезеңдерде, түрлі өркениеттерде көшіру және эклектика, яғни стильдерді тікелей араластыру әрқашан ескінің негізінде жаңаның дамуына түрткі болды, оған өз бойына шумер мәдениетін ішінарасіңірген ассирия-вавилондық мәдениетті мысалға келтіруге болады. Ал шумер мәдениеті египеттік мәдениетпен астасып жатты. Египеттік мәдениет болса крит-микена, эгей, Жерорта теңізі, этрускілер мәдениетінің дамуына ықпал етті. Этрускілер эллин мәдениетінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Қайталау мен алып пайдалану осы өркениеттер мәдениеті мен параллельдері бойынша жүрді.

Бейнелеу өнері тарихында көшіру үрдісінің өзі авторлық түпнұсқаны дәлме-дәл қайталау ретінде ежелден белгілі, бүгінгі күнге ежелгі мүсін өнерінің үлгілері жеткен. Белгілі мүсіндердің көшірмелерін ежелгі дәуірде-ақ жасай бастады. Неоаттикалық мектеп – б.д.д. II ғасыр ортасы – б.д. II ғасырдың ортасы аралығындағы эллинизм дәуіріндегі грек мүсіншілерінің шартты аты осымен жайылды. Олар б.д.д. V-IV ғасырларда антикалық классиканың атақты мүсіндері мен рельефтерінің қайталамаларын және авторлық көшірмелерін жасады. Тарихи көздерден белгілі болғанындай, грек мүсіншілерді көшіру өнерінің гүлдену кезеңінде (репликация) бастапқыда мұндай көшірмелерді өндіру Атикада,

Афины қаласында шоғырланды. Кейбір мамандар бұл құбылысты мектеп емес (аз уақыт өткен соң ол Аттика шеңберінен шығып кетті), эллиндік өнердің бір ағымы деп есептейді. Рим Грекияны жаулап алғаннан кейін б.д.д. II ғасырда (б.д.д. 146ж. Коринфтің құлауы) эллин өнеріне әуестенген білімді римдіктер өздерінің сарайлары мен бақтарын осы өнер туындыларымен әсемдеуге тырысты. Дегенмен, түпнұсқа мүсіндерді көшіру (репликация) көпшілік құбылыс болған жоқ. Олжа ретінде тартып алынған мүсіндер жетіспеді, сондықтан көптеген мүсіншілер антика өнері туындыларын қайталай отырып, жаңа қожайындарының тапсырысы бойынша жұмыс істеді [4].

Б.д.д. I ғасыраяғында грек мүсіншілері Италияға барып қоныстанды, сондықтан олардың шығармаларының едәуір бөлігі Италиядағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылды. Антик өнерінің символына айналған атақты Аполлон Бельведерский ежелгі грек классикасының стиліне шалағай қатынасқа ие екендігі қызықты, өйткені ол неоаттикалық шебердің Лихаре мүсінінің қайталамасы ғана. Санкт-Петербургтегі Эрмитаждағы Венера Таврическая мүсіні деосындай. Ол классикалық пластикасымен ерекшеленеді, бірақ сонымен қатар оны маньеристикалық пропорция ерекшелейді, ол Праксительдің (б.д.д. 350 ж. шамасы) «Афродита Книльская» атты еңбегінің қайталамасы. Поликлеттің, Праксительдің, Фидияның ұлы туындылары кейінгі қайталамаларда ғанасақталды. Көп жағдайда түпнұсқамен ұқсастығы дәрежесін анықтау қиын, бұл әдеби көздер және тиындағы бейнелер арқылы жасалады. Грек классикасы дәуірінде көптеген мүсіндер қоладан құйылды. Рим тапсырыс берушілеріне жұмыс істеген көшірмешілер мәрмәрді пайдаланды, сондықтан олардың еңбектерінде түпнұсқада жоқ түрлі тіректер, сүйеулер пайда болды. Мүсіндердің көпшілігі көшірме емес, римдіктердің талғамдарын есепке ала отырып жасалған бірнеше реттік қайталама, еркін репликалар болып табылады. Кез-келген қайталамалар сияқты олар суық және маньеристикалы. Сондықтан Винкельман дәуірінен бастап антик өнерінің тарихы неоаттикалық және рим мектептерінің қайталамалары бойынша түпнұсқаларды реконструкция жасау тарихы болып табылады.

Қызығы сол, бейнелеу өнері тарихында шығарманың сыртқы келбетін ғана қайталап қоймай, көркемдік ойлаудың ерекшелігін де қайталауға болады. Заманауи өнер тарихшысы Г.И.Соколов римдіктердің этрускілерден нақты ойлауға бейімдікті бойларына сіңіргені жайлы жазады.

Вазари ерте Қайта өрлеу дәуірінде Андреа мен Николо Пизано мүсін өнерімен, соның ішінде құюмен айналыса отырып, сол уақыттың атақты адамдарының топтамаларында болған Рим түпнұсқалары арқылы мүсін өнерін дамытуға және тұтастай еліктеуге тырысқаны жайлы жазады [4, 187 б.].

XIV ғасырдың аяғында Ченнино Ченнини жасуретшілерге кеңес түрінде былай деп жазды: «Үнемі еңбек ет және рахаттан, ұлы шеберлердің қолымен жасалған, өзің таба алатын үздік шығармаларды көшіріп сал». Оқыту әдісі ретінде қолданылатын көшіру дәстүрлі болды. Микеланджело жас кезінде өзінің ұстазы Гирландайоның суреттерін және Мазаччоның фрескаларын көшіріп салды. XII-XIV ғасырларда Италияның суретшілерінің көпшілігі үйрену ретінде катакомбалық ертехристиандық кескіндемелерді фрескаларын көшірді.

Жоғары қайта өрлеу дәуірінде, Римнің басархитекторы және археологы бола отырып, Рафаэль Санти Рим үңгірлерінде қазба жұмыстарын жүргізу кезінде Христостың туылғанына дейінгі III ғасырмен біздің дәуіріміздің III ғасыр аралығындағы Рим шеберлерінің өте көп мүсін бейнелерін тапты, олар қайталаулар, яғни грек түпнұсқаларының көшірмелері еді. Көбіне грек түпнұсқалары қоладан немесе өзге де бағалы металдан (алтын, күміс) құйылса, римдік көшірмелер мәрмәрдан шебер қашалған. Рим мәдениеті запа шеккен жоқ, тек осы құндылықтарды өздеріне алу арқылы ұтты деуге болады.

Еуропаның көптеген мұражайларында, Эрмитажда, Луврда Рубенстің, Корреджоның, Леонардо да Винчидің, Гирландайоның, Андреа дель Сартоның, Рафаэльдің, Микеланджелоның суреттері сақталған. Ұлы кескіндемешілер мен сурет салушылар бола отырып,

атақ-даңқтың шыңында тұрып Рубенс үнемі Қайта өрлеу дәуірінің суретшілерін өз замандастарымен салыстырды.

87 жасында өз шәкіртінің «Шебер не үшін Джоттоның гравюрасын көшіреді?» деген сұрағына Энгр «Үйрену үшін» деп жауап беріпті.

Көркемдік тәжірибенің нақты бір түрі ретінде, көшіруді қандай да бір мектептің жалпы көркемдік білім беру үрдісінің шеңберінде қарастыру қажет. Орта ғасырларда және Қайта өрлеу дәуірінде бұл шартты түрде белгілі шеберлер айналасында құрылған мектептер болды. Осы мектептердің ортасында Қайта өрлеу дәуірінен бастап көшірме деп шәкірттер шеберлердің түпнұсқаларынан, кейде шебердің өзінің түзетуімен орындаған жұмыстар атала бастады. Бұл Рубенс мектебі, Ван Дейк мектебі, Шарден мектебі, т.т. аталды.

Мектеп шеңберінде орындалған кез-келген кескіндеме жұмысының деңгейі мен мәртебесін анықтау мүлде біржақты болмайды, сондықтан кез-келген шығармадағы сияқты дәуірдің эстетикалық идеалы, кескіндеме техникасының дамуының жалпы деңгейі ғана емес, сондай-ақ, суретшінің жеке темпераменті, өзінің шығармашылық дербестігі мен стилін, басқаша айтқанда мектебін бейнелейтін бояумен жұмыс істеу тәсілі де көрініс табады.

Көне шеберлердің бояу қабатын құрумен байланысты жұмыс тәжірибесі барынша қатал және айқын тәртіпке келтірілген болды, әрі жекелеген кескіндемешілердің дербес бейімдіктерінің көрінісалуына қарамастан, нақ осы салада дәстүрлердің сабақтастығы байқалады. Өнер саласындағы ұғымдарды түсіндіруге кіріскен теоретик-өнертанушы өлшемдерді анықтаумен байланысы қиындықтармен бетпе-бет келеді: шәкірт – шебер, шебер-шәкірт, авторлық қайталау- көшірме, немесе көшірме-авторлық түзету. Өнерде барлығы шартты болғаны соншалықты, біреуінің авторлығы мен келесісінің өзара енуін анықтау мүмкін болмайды. Нақты алынған жұмыстың сапасын анықтаумен байланысты мәселелер мен сұрақтар шеңбері пайда болады. Мысалы, қандай да бір шебердің бояу жағу сипатын оның картинасының фактурасының құрылуына талдау жасамай, бояу қабатының құрылуының қағидасын есепке алмай, осы шебердің жеке алынған шығармасының аяқталғандық немесе аяқталмағандық деңгейін есепке алмайынша зерттеуге болмайды. Өз кезегінде, шебердің мұрасын зерттеу толығымен оның стилінің ерекшеліктеріне байланысты, ал бұл стиль өз кезегінде сол дәуірге және сол дәуірдің тарихи алғышарттарына тәуелді.

Көркемдік мәдениеттің дамуымен байланысты тарихи үрдістің аясында ағарту шеберлердің барлығына қолжетімді құралымен өз кәсібін тираждаумен айналысатын көптеген мектептері пайда болды. Нәтижесінде өнер нарығында барлық уақыттарда қандай да бір мектепті көпшілікке ұсынатын өте көптеген кескіндеме туындылары пайда болды және пайда бола береді. Өнер нарығын осындай шығармалармен шамадан тыс толтыру кезінде осындай туындыларды жүйелік коллекция жасауға алғышарттар қалыптасады, ал бұл қолөнерші-суретшінің осындай топтамаларды сақтау және көбейту бойынша жұмыстарды орындауға қабілетті жаңа тобының дүниеге келуіне әкеледі. Әрі осы топтамалардың суретші-көшірмешісі және суретші-үйлестірушісі болады.

Жекелеген топтамалардың қалыптасуы сәтінен бастап ескі түпнұсқаларды «жаңарту», немесе оларды жаңадан жазылған заттармен алмастыруға деген қандай да бір қажеттілік пайда болады. Шебердің жаңа шығармасымен жұмыс істеуге кіріспес бұрын, осы жұмысты орындаушы кенепті орындау техникасы да, автордың жұмыс тәсілін де және осы тәмілдің технологиялығын да мұқият зерттеуі тиіс. Мұнда осы кәсіптің бүкіл техникасын француздық, итальяндық, белгілі бір дәрежеде голландық шеберлерден алған орыс мектебі жайлы айтуға болады. Бұл мектептердің өз стильдері бойынша қандай да бір ұқсастықтары, кейде күрт айырмашылықтары бар. Бұл білімді көшіру, қайталау кәсібімен айналысатын кез-келген суретші білуі тиіс. Бұл жұмыстың кезеңдерінің өзі өзара үйлестірілген, егер белгілі бір сәтте жұмыс бұзылса, онда ол жұмыстың соңғы нәтижесі несөзсіз әсеретеді. Қалаған сапаға қол жеткізілмейді.

Қандай да бір мектептің технологиясын игеру барысында, суретші итальяндық төсемдердің түрлі-түсті болғанын, голландықтар ағаш бетіндегі ақ төсемге, кейіннен кенепке салғанын, француздар түрлі түсті және ақ төсем бетіне жұмыс істегенін, бірақ

технологиялық тәсілдердің аздап түрленгенін білуі тиіс. Барлық мектептерде бояу жағу темперамен жасалды, оның бетіне лак жағылды. Барлық жердеаралық лессирлеу қабаттарымен қабат-қабат етіп жағу қолданылды, тек соңғы саты ерекшеленді. Голландтықтар сұйық мөлдір көлеңкемен корпусты аяқтады. Италияндықтар тегіс, түрлі-түсті лак жағып аяқтады. Француздар (Николо пуссен) – корпусты да, сұйықпен де жұмыс істей алды, ал бұл оның шығармашылығының аясын барынша кеңейтті.

Қазіргі күні кескіндемені бірізділікпен жасаудың сол тәсілдерінің кешені жойылды. Қазіргі күнгі суретші лессирлеуді сирек қолданады. Лессирлеуді картинамен жұмыстың бастапқа кезеңінде, скипидарда немесе майдаерітілген сұйық бояумен алғашқы бояу қабатын салудан бастап, пайдаланады. Яғни, қазіргі күнгі суретші лессирлеуді мүлде кездейсоқ, қандай да бір жүйесін пайдаланады деуге болады, ал көне шеберлерде лессирлеу кескіндеме үрдісінің қажетті бөлігі болып табылатын қатаң ретке келтірілген тәсіл. Мөлдір қабатпен жұмыстың бұл тәсілі қазіргі күні ұмытылған және осы кезеңге талғам жойылған, оларға деген сүйіспеншілік жойылған, сонымен бірге майлы кескіндеменің бүкіл классикалық техникасына әнген дағдылар мен теориялық білімдер де ұмыт болған.

Жұмысты жүргізудің қатаң бірізділігі бастапқыда жұмыс барысында мұқият дайындалуды қарастырды. Жұмыс дайындалған қатты қағаздан басталды, ол модульді, көлемді торда жасалды және түпнұсқаны бейнелеудің барлық элементтерін сақтай отырып калькалау әдісі арқылы немесе тікелей көшіру сәтінен бастап кенепке көшірілді. Лактер мен бояуларды пайдаланудың бірізділігі, олардың фактурасы мен сапасы да мұқият дайындалды. Түрлі көркемдік мектептерде бір ғана бояу жарамды бола берген жоқ, яғни әрқайсысының өз ерекшеліктері болды [5].

*Калькалау* әдісі негізінен ландшафты кескіндемені тираждауда пайдаланды. Қатырма қағаз бен модульді торды пайдаланып, *мұқият-көлемді әдісті* тарихи кескіндемені, топтық портреттер мен натюрмортты көшіргенде пайдаланды. Егер тапсырыс беруші өзі үшін орындалған көшіруге ешқандай шағымы болмаса, *тікелей көшіру* кескіндеменің түрлі жанрларымен жұмыс істегенде пайдаланылды, бірақ барлық жағдайда жұмысты жүргізу қағидасы кескіндеме үрдісін жүргізудің барлық сатыларын сақтай отырып жүргізілді.

Осымен біз бейнелеу өнері шығармаларын көшірудің көркемдік тәжірибесімен байланысты ұғымдық аппаратқа тарихи-мәдениеттанымдық шолу жасауымызды аяқтаймыз және келесідей қорытынды жасаймыз. Көшіру арқылы өнер туындыларын қайта жаңғырту жұмысы антик дәуірінен бастап білім беруші фактор ретінде де, өткен мен қазіргі күннің ұлы шеберлерінің жұмыстарын сақтау және көбейтуге бағытталған көркемдік-бейнелеу жұмысының ерекше түрі ретінде де белгілі бір мәнге ие болды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Алешин А.Б. История реставрации станковой масляной живописи в России. – Ленинград, Художник РСФСР, 2001.
2. Байжігітов Б.К. Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты (қазақтың дәстүрлі творчествосы мен бейнелеу өнерінің негізінде): филос.ғыл.канд.автореф. – Алматы, 1994. –24 б.
3. Барциц Р.Ч. Специальная и профессиональная подготовка художников-педагогов средствами художественной и печатной графики- эстампа. Теория и практика. -М. МПГУ: «Прометей», 2003.
4. Даниэль С.М. Искусство видеть: О творческих способностях восприятия, о языке линий красок и о воспитании зрителя. – Л.: Искусство, 1990.-223 б.

## НУМЕРОЛОГИЯНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Разбекова М.К.,

Борбасова Қарлығаш Молдағалиевнаның жетекшілігімен.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,

Алматы қ., Қазақстан. e-mail: [razbekova02@gmail.com](mailto:razbekova02@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақаланың зерттеу нысаны-нумерология ғылымы. Сондықтан бұл ғылымның пайда болып дамуына және қазіргі кезеңдегі қоғамдық санадағы рөліне баға беру мақсаты қойылды. Осы мақсатты шешу барысында әрбір санның философиялық мәні, олардың адам өмірінде алатын орны туралы зерттеушілердің көзқарастарына талдау жасалды.

**Annotation.** The object of research of the article is the science of numerology. Therefore, the goal is to assess the nascent development of this science and its role in the public consciousness at the present stage. In the course of solving this goal, an analysis of the views of researchers on the philosophical meaning of each number, its place in human life was carried out.

Эзотериктер нумерология сандар және оның біздің өмірімізге, тағдырымызға әсері туралы ежелгі ғылым деп қарастырады. Нумерология адамның туған күні мен аты-жөнінде жасырылған құпияны сандар арқылы оның мінезін анықтау және болашақты болжауды түсіндіреді. Эзотерикалық ілімдердің бір саласы ретінде нумерология астрологиямен, психологиямен, пальмологиямен және басқа болжамды ұғымдармен бір қатарда айтылады.

Адамдар ежелден бері сандарға қызығушылық танытып, оларды мистикалық нәрсе ретінде қабылдады. Сандық символизм Вавилон, Египет, Қытай сияқты ежелгі мәдениеттерге тән. Нумерологияның еврей, христиан және араб дәстүрлерінде де ерекше маңызы бар. Жалпы, Киелі кітап нумерологияның сарқылмас көзі болып табылады. Мысалы: аптаның жеті күні ретінде жаратылыстың жеті күні, Мәсіхтің 12 елшісі 12 ай деген секілді.

Қасиетті кітаптағы сандардың көптігі олардың қасиетті мағынасын іздеуге мүмкіндік береді. Сондықтан нумерологияға Иреней Лионский, Амброуз Медиоланский, Августин Аврелий және Беде Хон сияқты маңызды христиан ойшылдары қызығушылық танытты.

Нумерологтардың айтуынша, адамның тағдыр саны болады. Оны есептеу қиын емес. Туған жылы мен айын, күнін қосу жеткілікті. Мысалы, мен 2002 жылы 5 наурызда дүниеге келсем, онда біз айдың, күннің сандарын бір-біріне қосамыз.  $2+0+0+2+0+3+0+5=12=1+2=3$ , яғни, бұл адам тағдырының саны-3. Осылайша, адам тағдырдың санын анықтай алады. Бұл санның өзіндік құпиясы бар.

Нумерологиядағы 3 саны күн сәулесінің, сәттілік пен қуаныштың саны болып табылады. Егер үштік сіздің тағдырыңыздың саны болса, онда сіз әлемге оптимизммен қарайтындығыңызды, назардың орталығында болғанды ұнататындығыңызды және қиындықтардан қорықпайтындығыңызды білдіреді. 3 саны энергия ағымын білдіреді. Егер, адамның өмірлік саны 3 болса, онда ол адамдар адалдыққа, білімге деген құштарлыққа және өзін-өзі бағалауға ие. Көптеген кәсіптерде олар табысқа жетеді, өйткені олар ақылдылығымен, амбициясымен және ерекше идеяларымен ерекшеленеді. Мұндай адамдар мақсатқа жету үшін бәрін жасауға дайын.

"Үштік" санға ие адамдар жан-жақты таланттары болса да, олар бір іске назар аудара алмайды. Яғни, олар үлкен ынтамен жұмыс істей бастайды, бірақ тез қызығушылықтарын жоғалтады, өйткені олар жаңа нәрсені тезірек үйренгілері келеді. Мұндай адамдар өте белсенді және әрқашан асығыс күйде болады. Бұл әдет олардың жұмысында қиындықтар тудыруы мүмкін, өйткені олар мүмкіндігінше тезірек нәтиже алғысы келеді.

Қазіргі нумерологтар адамның шынайы табиғатын түсіну үшін оның аты мен туған күнін талдайды. Сөздерді түсіндіру үшін олар алфавиттің әр әрпіне Сан тағайындайды. Ол үшін келесі тұжырымдамалар мен әдістер қолданылады.

Пифагоризм-біздің дәуірімізге дейінгі VI-IV ғасырларда Италияның оңтүстігінде пайда болды, кейін басқа аймақтарға таралды. Пифагоризм-Кротон қаласында (Италия) Пифагор құрған одақтың мүшелері болып табылады. Әр түрлі мәдениеттерден сандар туралы мистикалық ілімдердің элементтерін ала отырып, нумерология көбінесе ежелгі грек философы мен

математигі Пифагордың ізбасарларының идеяларына негізделген. Пифагорлықтар бүкіл әлемді сандар түрінде елестетуге болады және есептеулер арқылы табиғаттың барлық құбылыстарын түсіндіруге болады деп сенді.

Изопсефия-бұл жалпы сумманы табу үшін сөз әріптерінің сандық мәндерін қосу тәсілі. Бұл термин ежелгі гректердің арифметика мен геометрияны зерттеу үшін қиыршық тастарды қолдануынан шыққан. Изопсефия-әріптер мен сөздерді сандарға аудару әдісі. Ежелгі грек алфавитінде барлық әріптер 1-ден 900-ге дейінгі сандар болды. Изопсефиямен геометрия ұғымы да байланысты. Яғни, изопсефияға кіретін әріптердің сандық мағыналарына негізделген сөздер мен сөз тіркестерін талдау геометриялық әдістерінің бірі болып табылады.

Арифмомантия-бұл сандар бойынша болашақты болжау. Бұл ұғым изопсефия ұғымымен тығыз байланысты. Оны ежелгі гректер, халдейлер (месопотамияның семит тайпалары) және каббаланың жасырын иудаизм ілімінің ізбасарлары қолданды. Математик, Уорвик университетінің профессоры Ян Стюарт қазіргі нумерология арифмомантиядан шыққан деп санайды.

Алайда, Пифагор деп аталатын әдіс әлдеқайда танымал, мұнда алфавиттің әр-әрпіне 1-ден 9-ға дейінгі сан беріледі. Бұл жүйенің көмегімен адамның күшті және әлсіз жақтарын олардың аты-жөнінің әріптерінен білуге болады, олардың әрқайсысы белгілі бір санмен байланысты. Мысалы, бірлік сандар өзімшілдік пен көшбасшылықпен, ал екілік сандар шығармашылықпен, икемділікпен және идеализммен байланысты.

Нумерологияның тиімділігін растайтын немесе жоққа шығаратын нақты зерттеулер іс жүзінде жоқ. Солардың бірі Тель-Авив университетінің физигі Гилад Диаманттың тәжірибесі деп санауға болады. Гилад Диамант өзінің эксперименті үшін кәсіби нумеролог Матти Стринберг пен 200 еріктіні шақырды. Зерттеу сандар арқылы сол адамдардың проблемаларын болжауға болатынын анықтауы керек еді. Мысалы: дислексия, дискалькулия және аутизм деген сияқты. Екі әрекеттен кейін статистикалық қателікпен шектесетін нәтиже берді (5% – дан аз). Сондықтан, Диаманттың пікірінше, нумерологиялық формулалар мен шындық арасында ешқандай байланыс жоқ.

Нумерология әдістері (мысалы, сол изопсефия) ғылыми және мифтік дүниетанымдар бір-біріне өте жақын болған алғашқы математиктермен танымал болды. Бүгінде алхимияны химиямен, астрологияны астрономиямен салыстыру ешкімнің ойына келмейді, бірақ бұл нумерология мен математикада болды. Тылсым күштерге қызығу – адам баласына тән дүние. Көбіне бұл арқылы тағдырдағы жазмышты біліп, болашақты үйрену немесе мінез-құлық ерекшелігін анықтау көзделеді. Соның бірі – қазір қоғамда кең таралып жатқан нумерология ілімі. Нумерология – табиғат болмыстарына, адамдарға сандардың жағымды немесе жағымсыз ықпал ете алатыны жайындағы мистикалық наным.

Қорытындылай келе, нумерология ілімі адам өміріне өзін тану үшін қажет деп айта аламын. Яғни, бұл ілім адамның жасырын қабілетін, мінез-құлық ерекшелігін, жан дүниенің нәнін қажетті екенін табуға көмектесетін эзотерикалық бағыт. Сонымен қатар, сандар мен олардың атауларында киелі мән бар, олар магиялық мағына мен күшке, эзотерикалық символикаға ие. Сандардың архетиптік эзотерикалық мағыналары тарихи кезеңдер өте келе біртіндеп ұмытыла бастағанымен, қазіргі қоғамда нумерологияны ғылымынан адамдар толық бас тартқан тоқтап қалған жоқ. Нумерология бұл нақты сұраққа жауап бермейді, ол тек бағыт-бағдар бере алады.

#### **Әдебиеттер:**

1. Нумерология / А. И. Кобзев (Китайская нумерология),
2. А. В. Лебедев (Нумерология в античности),
3. К. Ю. Бурмистров (еврейская нумерология),
4. О. С. Воскобойников (европейская нумерология) // Николай Кузанский — Океан . — 2013. — С. 387—389. — (Большая российская энциклопедия : [в 35 т.] / гл. ред. Ю. С. Осипов ; 2004—2017, т. 23). — ISBN 978-5-85270-360-6. <https://www.elle.ru/otnosheniya/psikho/numerologiya-dat-y-rozhdeniya-chto-chislo-sudby-govorit-o-vashem-kharaktere/>

## КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

**Жанғалиева Айнұр Рашидқызы**  
философия ғылымдарының магистрі,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің докторанты  
Қазақстан, Астана қ. e-mail: ab\_150583@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада көшпелі қазақ халқының дүниетанымындағы кеңістік пен уақыт ұғымдары қарастырылады. Бұл категориялар түрлі мысалдар арқылы нақты түсіндіріледі. Сондай-ақ көшпелі қазақ халқымыздың ұлттық пайымындағы кеңістік пен уақыт категорияларының күнделікті өмірде қолданысы айтылады. Кеңістік пен уақыт категорияларының қолданысындағы теңеу, сәйкестендіру ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, қазақ халқының көшпенді өмір сүруінің негізі ретінде кеңістік пен уақыт категорияларының алатын орны анықталады.

**Кілт сөздер:** көшпенділік, халық, жер, мекен, өмір, тарих, аңыз, мәдениет, дәстүр, кеңістік, уақыт.

**Annotation.** The article discusses the concepts of space and time in the worldview of the nomadic Kazakh people. These categories are clearly explained by various examples. It also highlights the use of the categories of space and time in everyday life in the national vision of the nomadic Kazakh people. The features of simulations and identification in the use of the categories of space and time are analyzed. In addition, the place of the categories of space and time as the basis of the nomadic life of the Kazakh people is determined.

**Keywords:** nomadism, people, land, place, life, history, legend, culture, tradition, space, time.

Қазақ халқының философиялық дүниетанымының дамуы оның өмір сүру қалпымен тығыз байланысты. Бағзы заманнан жеткен дүниетанымымызды қалыптастырған мәдениетіміз көшпелілік ұғымымен тығыз байланысты. Көш – қазақ дүниетанымының негізгі көрінісі. Кезінде көшті негізгі дәстүрге ілестірген қазақ халқы оны өмірдің сәні ретінде бағалаған. Көшті орын ауыстырғандағы негізгі мақсаты әр жерді жағалап жүру емес, өз тұрмыс мәдениетінде ерекшелік туғызып, көңіл көтерудің ерекше болмысы деп таныған.

Көшпелі дүниетаным – әлемді, қоршаған ортаны, табиғатпен бірлесіп жатататын қатынаста тығыз байланыс беретін тарихи құбылыс. Көшпелілік дегеніміз – табиғатқа бейімделу, табиғатпен тілдесу, сонымен қатар бірлесе, бауырласа, жұмыла өмір сүру салты. Көшпелі қазақ халқы өздеріне өмір сүруге қажеттіні табиғаттан тапқан. Қазақ халқы бұрынғы заманнан табиғаттың ерекшелігін, тазалығын, қасиетін үлгі тұтқан. Халқымыздың мәдениеті қолөнерден, фольклордан тұратыны анық қой. Осындай негізгі мәдени құндылықтар өсіп, дамып келе жатқан ұрпақтың сана-сезімін, көзқарасын қалыптастыруда, халықтың негізгі мәдени құндылығын сақтап қалуда үлкен міндет атқарады. Көшпелі қазақ дүниетанымында өнер мен аңыз-әпсаналар ерекше орын алады. Бұл құндылықтар адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы таралып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, өз құндылығын сақтап келеді.

Көшпелі дәстүрді негізге алып, місе көрген қазақ халқы өздерінің тіршілік болмысына негіз етіп, байланысын тауып ең алдымен уақыт пен кеңістікке қатысты таным, болмыс түсініктерін қалыптастыра білді. Өздері мекен еткен, тұрақтанған кеңістіктің барлық қадір-қасиетін танып білу, сол кеңістіктегі құбылыстарды уақытпен байланыстыра зерделеуе қалыптасу көшпелі қазақ халқы үшін өмір сүрудің негізгі кепілі болып табылды. Қазақ халқының көшпенді өмір салты кеңістікті мал бағуға қолайлы жайылымдық жерлер іздеумен байланыстырды. Сондықтан көшпенді қазақ халқы үшін кеңістік ерекше сипатқа ие болды. Дәстүрлі дүниетанымымыздың негізгі универсалийлері – кеңістік пен уақыт, бұлар сакральды орталық ұғымдар. Әр халықтың, әр ұлттың жаратылысқа деген қатынасы, дүниетанымы, көзқарасы, дүниені тану жолдары әр түрлі. Бұл дегеніміз, тек дүниені тану ғана емес, осы әлемдегі адам болмысын, оның дамуын, өзіндік тұжырымын танумен, түсінумен, әрекет етумен байланысты болады.

Жалпы кеңістікпен бірге өз байланысын тапқан мәдениет табиғат пен адамның ортасындағы ерекше үндестікті көрсететін негізгі қызмет атқарады. Көшпелі қоғамның, көшпелі қазақ халқының тіршілік етуінің көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығы болуы олардың дүниетанымына жауапты әрі шешуші әсер етті. Көшпелі қазақ мәдениетінің



ажырамас бөлігі "әлем" және "адам" түсініктерімен байланыса дамыған дүниетаным негізі болды. Табиғатты игеру және адамдардың практикалық іс-әрекетін бейнелейтін алуан түрлі дәстүрлі әдет-ғұрыптар, эпсаналар қарапайым түсініктерді тудырды. Ертедегі көшпелілер дүниетанымның негізі – көк аспан, шексіз әлем болса, сол көк аспан мен шексіз әлемнің күдіретті жаратушысы–көктегі Күн. Байырғы қазақ халқының табиғат құбылыстарын ерекше тіршілікке балағаны анық. Олардың бар жаратылыстың негізі табиғаттан таралатынын анық көргендігі тағы бар. Жер-ана, көшпелі өмір, төрт түлік мал – барлығы жинала келе қазақтардың материалдық игілігін, дүниетанымын қалыптастырып, төл мәдениетін жасап көрсете білді. Сонымен қатар көшпелі қазақ елі өнерге де немқұрайлы қарамаған. Мал шаруашылығымен қатар, ыстық мен суыққа қажетті дүниелерді жасап отырған. Кеңістік пен уақыт категориялары қазақ халқының табиғатқа, мал шаруашылығы, өнерге, т.б көрінеді. Уақыт пен кеңістікті игеру арқылы көшпелілікке тән әрі тұрмысқа қажетті алғашқы астрономиялық ғарыштық таным-түсініктер орнықты. Олар күннің суытатын, жылынатын, жаңбырдың, дауылдың болатын уақыттарын табиғаттағы, жан – жануарлардағы әрекеттерге қарап болжай білгендігі бар. Малды місе тұтқан қазақ алысқа ұзаған жерді аспанның құбылыстарына қарап жол тауып, адасушылықты артқа тастаған.

Көшпелі өмір салты жас буынға тәлім – тәрбие берудің айрықша талап – тілектерін дүниеге әкеліп, жас адамның ел – жұртқа жағымды моральдық – психологиялық нормаларын белгіледі. Көшпелі өмір тіршілігіне сай қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш, ат үстіндегі алыс сапарларды қайыспай көтеретін дала адамдары, жан-жүйесі жағынан да шыңдалған, қоғаммен үйлесімдігі, қауыммен өте жақын жан – жақты жетілген адамдар қалыптасты. Көшпелі қазақ халқында өнер туындысының өзі кеңістік пен уақыт ұғымдарымен байланыс тапқаны анық. Екі ұғымның ортақ болуына тоқталсақ, кеңістік ұғымының бар, біртұтас, шексіз болу қасиеттерімен бірге, уақыттың да тәуелсіз, үздіксіз, тәуелсіз алға бағытталған қасиеттері бар. Осындай ерекшеліктердің барлығы даламызда, өмірімізде, тіршілігімізде бар және жалғаса береді. Халқымыз үшін уақыт, жер, табиғат адамның қоршаған ортамен байланысы, кеңістік ұғымдары өте маңызды орын алған. Қазақ халқының, өз ұлтымыздың басты күн көрісі мал шаруашылығы, көшпелі өмір сүру болғандықтан дүниеге, әлемге деген көзқарасы осымен тығыз байланысты болғаны айқын. Көшпенді өмірде жерді топырақтың құнарлығына байланысты таңдаған, себебі құнарлы жердің өсімдігі де жақсы болмақ, ол мал шаруашылығымен айналысуға үлкен пайда әкелетінін білген. Табиғат пен адам арасындағы байланысты нақты түсінген дана халқымыз шегі жоқ дүние туралы ақпаратты көп білген және түсінген.

Уақыт үлкен мәнге, ауқымды мағынаға ие философиялық категориялардың бірі. Қазақ халқының, ұлтымыздың тілдік қорының негізінде кеңістік пен уақыт туралы негізгі пайымдауларды білеміз. Ата – бабаларымыздың ұшқыр ойлау жүйесінің негізінде кейінгі ұрпаққа үлкен мұра болып қалған үлгіні айтуға да, жазуға да жалықпау керек.

Көшпелі адам өзін қоршаған ортаны әлемдік кеңістікпен бірлікте қарастырып, оны өзіндік уақыттың негізгі заңдылықтарына бағындырып, көндіре білді. Қазақ халқы бүкіл ғұмырын табиғат аясында өткізген көшпелілер үшін даладағы негізгі мекен – Көк пен Жер арасындағы үлкен кеңістік. Мысалы, "Қазақтың әлем туралы түсінігінде әсерлі бейненің бірі – алып бәйтерек. Дүниежүзілік ағаш таңбасы– өрлемелік қозғалысты, Жер мен Аспанның тығыз байланысын білдіреді. Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғары және орта дүниені, сонымен қатар үшінші әлем – төменгі дүниемен байланыстыруында. Тірілер әлемі өткен көзбен, аруақтар аймағымен қатынасын үзбейді деген пікір бар. Көктеректің тамырлары жер астында орналасқан жасыл желек өмірлік ағаш күш пен қуат және нәрді төменгі дүниеден алады", – дейді белгілі философ ғалым Т.Х.Ғабитов [Ғабитов, 1998:203]. Сондықтан болар, байырғы ата-бабаларымыз өздерін қоршаған кеңістікке қатысты уақыт категориясын күн мен түн, қыс пен жаз, өмір мен өлім арасындағы сабақтастықты реттейтін өлшем ретінде қабылдаған. Сонымен қатар, көшпелі қазақ халқы уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажыратпай, алыстатпай, тұтастықта танып білуді дәстүрге

айналдырған. Уақытқа байланысты құбылыстарды кеңістік категориясында, кеңістікке қатысты құбылыстарды уақыт категориясында өрбітіп отыру көшпелілер дүниетанымынан айқын байқалады. Мысалы, халқымыз табиғатпен біртұтастықта өмір сүргендіктен, астрологиясыз да жұлдыздарды айырып, метрологиясыз да ауа райын пайымдап, алдын-ала болжап, таудың биіктігін көз қиығымен, қашықтықты өмір тәжірибесімен аңғарады.

Қазақ халқының табиғат сырын, тылсымын бағзы заман уақытынан түсініп, оларды өздерінің тұрмыс-тіршілігіне арқау қылып, қолдана білген. Атап өтсек, ауа райын болжау тәсілдері адамды таңқалдырады. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен халық өздері тұрған өлкенің табиғат ерекшеліктері мен сырын, құпиясын терең ұғынғаны соншалықты, түнде жұлдыздарға қарап жол тауып, жануарлар мен жәндіктердің, хайуанаттар мен құстардың тіршілігіне мән беріп, зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қамданып отырған. Жылдың он екі айындағы табиғат құбылысына байланысты халықтық қағидаларға қалыптасқан болжамдар мен оның атаулары және реті болған. Жыл он екі айда айналып келетін, ыстық пен суықты, қар мен жаңбырды, жел мен боранды қазақ халқы бір сөзбен "амал" деп атаған. Жылдың әр мезгіліндегі табиғат құбылыстарының өткінші, әрі тосын, аз уақытта болып өтетін өзгерісін, сонымен қатар көрінісін, оның бірнеше түрлерін айтқан. Жеті амалды құрайтын "Күннің тоқырауы", "Қарашаның қайтуы", "Үркердің батуы", "Мұздың қатуы", "Киіктің матауы", "Қыс тоқсан", "Ай тоғамы" атаулар ұлттық сандық ұғымды білдіреді.

Қазақ дүниетанымындағы кеңістік ұғымы басқа көшпенді халықтар түсінігіндегі уақытпен қатар дамыған, қозғалмалы, мобильді категория болып табылады. Өйткені қазақтардың әлемдік образы көшпенді өмір салтымен күн кешкені. Бұл қазақ халқының үнемі жолда, қозғалыста, дамуда болғандығын аңғартады. Ал, қазақтардың көшпенді өмірінің басым бөлігі кеңістікті игерумен байланысты. Олардың ішкі жан дүниесінің ұлылығы дүниені қабылдауының мағыналық тереңдігіне және аспан әлемімен біртұтас түсінікте болғанына сәйкес келеді. Бұл жағдайда қазақ халқы өзін ерекше тіршілік иесі ретінде әлемнен бөліп қарамайды, әлем ол үшін ашық, әрі кең. Мұндағы негізгі құндылық – кеңістікте еркін орналасу және еркін қозғалу. Ең жоғарғы құндылық қозғалыс, белгілі бір территорияда мәңгілік тұрақтап, шектеліп қалмау. Бұл туралы "Дүниедегі қозғалатын, өзгертін, ағыста болатындардың барлығы көшпенді қазақ халқы үшін құнды болып келді. Қазақтың ата-тегінің болмыс шындығына тікелей жақын болуы", – дейді, М.Орынбеков [Орынбеков,1996:168].

Олардың бақылайтын, қабылданатын дүниеге сезімдік тұрғыдан жақын болуы, бұл болмыспен бірігуі уақытты, кеңістікті, адамның ішкі дүниесін, тіршілік етудің негізгі бастамасын түсінуінен өз көрінісін тапты. Сондай-ақ, сапа, сан ұғымдары мал өсіру мен егіншілік процестерінде қатар қалыптасты. Бұл қазақтың ата-тегінің бірыңғай таңбалы жүйе болғандығын көрсетеді. Сондықтан көшпелі қазақ халқының біршама тіршілік болмысының табиғатпен етене араласуы, олардың артықшылығы немесе кемшілігі емес, тарихи даму барысындағы өмір сүрудің негізі ретінде қарастырған жөн. Қазақ халқы табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамай, неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен жақын болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де көбейе түсетінін түсінді. Олар табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен тіл табысу арқылы қалыпты өмір сүруге болатынын тәжірибе арқылы таныды. Сондықтан, көшпелі қазақ үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, орман-дала, табиғат құбылыстары, аспан денелерін де негізгі кейіпі бар, жаны бар ретінде қабылдаған. Мәселен, қазақтардағы мезгілдік жайылымдар жайлау, күздеу, қыстау, көктеу деп аталған. Бұл жағдайда адамдар рух, аруақ сияқты түсініктермен, тау қожайындарымен, су тасқынымен, нақтыласақ табиғат құбылыстарымен сырлас, мәндес, өмір кешті. Мезгілдік жайылымдар көшу кеңістігін талап етеді. Ол үшін қозғалысқа, шаруашылыққа ыңғайлы жиналмалы киіз үй, күш, көлік, тағам қоры, арнайы киім-кешек керек. Бұл құрамдас бөліктің кез-келгені өзінің жүзеге асырылуын талап ететін әлеуметтік кеңістікті қажет ететіні бар.

Сонымен қатар, халқымыз уақытты анықтауда да аса бай тәжірибе жинақтай алған. Жыл, ай, апта, тәулік секілді уақыт бөліністерін өздерінің шаруашылығына сай реттеп, күнделікті тұрмыс ыңғайына келтіре жобалаған. Яғни уақытты сағатпен, қашықтықты метрмен, шақырыммен өлшемесе де оларды дәл болжай білген. Ұлттық ұғымымыздағы уақыт мерзімдерінің қазіргі өлшем бірліктерінен көп айырмасы жоқ. Айталық, киім пішу, киім тігу, сырмақ жасау, тұскиіз кестелеу, құрақ құрау, ағаштан үй жасау, киіз басу және қолөнер бұйымдарын жасаудың бәрі де осы өлшемдер бойынша орындалып отырған. Ол көбінде сол өңірдегі белгілі бір өнер иесінің қарыссүйемдерімен өлшеніп отырғандықтан, тегіс, бірыңғай, бір қалыптан шыққандай көрікті әрі әдемі болып жасалған.

Сонымен қатар бұл өлшемдер уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын да бірдей білдіретін жан – жақты ұғымдар. Көшпелі қазақ уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажыратпай, тұтастықты танып түсінуді дәстүр еткен. Белгілі ғалым, этнограф А.Сейдімбектің айтуынша, қазақ тіліндегі "ұзақ" деген сөз уақыт пен кеңістікке бірдей қатысты. Бұған "ұзақ жол", "күн ұзақ", "жол ұзарту", "уақытты ұзарту", т.б. сияқты тіркестер дәлел бола алады [Сейдімбеков, 1997:325].

Қазақ халқының байырғы сенімінде адам топырақтан жаралғандықтан, мінезі де соған тартады деп тұжырымдаған. Сондықтан болар, біреулер сәтсіздікке ұшырап, қиянат көріп жатса "топырағы ауыр" адам ғой деп жатады немесе "топырағы жеңіл" екен дейді. Сондай-ақ, "туған жерден топырақ бұйырсын", "көптен топырақ бұйырса екен" деп те айтып жатады. Яғни халқымыз Жер – ана мен оның топырағын қасиет тұтқан. "Топырақты шашуға болмайды, жердің көгін жұлмайды, көк өрім талды, жалғыз ағашты кеспейік деп басына ақтық байлап, қасиет тұту" осының белгілері болса керек. "Жерден шыққан Желім батыр", "Қара жер, қақ айырыл", "Жеті қат жер", т.б. жер туралы айтылады. Қиял-ғажайыптар да осы жерді, топырақты, тауды, суды, орман-тоғай мен жаратылыс дүниесін киелі деп есептеп, құрмет тұтудан келіп шыққан. Сол себепті қазақ адамзаттың барлық тіршілік несібесі жерден деп біліп, "Көктен тілегенше, жерден тіле", "Мал – баласы, жер – анасы", "Жер жайын жорытқан біледі, мал жайын баққан біледі", "Мал байлығынан жер байлығы артық", т.б. жер туралы көптеген мақал – мәтелдер шығарған. Мысалы, "Жер байлықтың көзі, еңбеккер иесінің өзі", "Елді жер – еңісті жер, еңісті жер – жемісті жер", " Жердің тілін білсең, тілдей жерден жылдық өнім аларсың, елдің тілін білсең, елге сыйлы болып жағарсың", "Жер емген ел болады, жер қадірін білмеген елдің өмірінде ырысы кем болады".

Киелі жердің әр қарысы үшін жанын беріп, күн көріс малының қамы үшін құнарлы қоныс, шұрайлы өріс іздеп күн кешті. Сонымен қатар, бабаларымыз ғасырлар бойы өріс, қоныс туралы, мекен туралы яғни жер қыртысы, шөп құнары, мал тұқымы, мал өсірудің тәжірибелері, аспан әлемі, жұлдыздар тоғысы, жалпы шетсіз де шексіз әлем туралы аса мол білімжинаған. Жерді түзілісіне, топырағына, шөбіне қарап қоныс тандап, жұлдыздың орналасуы мен үркердің түсу, айдың тууына қарап бағыт алатын халықтық білім әлі күнге дейін зерттелу үстінде. Қазақтар өзінің ұланғайыр даласында бір ғана өлшемдер арқылы уақыт пен кеңістікті жобалап отырған. Мысалы, апталық жер, бір күндік жер секілді уақыт өлшемдері бір нүктеден екінші нүктеге дейінгі ара қашықтық қана емес, кететін уақыт мерзімін білдіреді. Сол сияқты күндік жер, күні ертең, күні кеше сияқты тіркестерді айтуға болады. Уақыт мезгілдерін анықтауда мынадай теңеулер бар: құланиек, таң сәрі, құлқын сары, таң бозара, таң біліне, шаңқай түс, тал түс, сәске түс, түс ауа, түс қайта, кеш, күн қызара, күн көтеріле, көлеңке басы ұзара, қас қарая, ымырт, күн бата, бейуақыт, ай туа, т.б. қазақы қолданыстағы тіркестер ешқандай тілде кездеспейтін теңеу сөздер. Осы тіркестер ұзақ жылдар бойы қолданыста болды, кейбіреулерін әлі күнге дейін қолданып жүрміз.

Қазақтың кеңістікке қатысты өлшем жүйелерін "ұзындық өлшемі", "уақыт өлшемі" деп екі түрге бөлуге болады. Қазақта ұзындық өлшемдеріне қатысты бір елі, бір сүйем, сынық сүйем, бір қарыс, бір қадам, бір құлаш, әудем жер, айғай жетер жер, көз көрім жер, көш жер, тай шаптырым, ат шаптырым жер сияқты ұғымдар бар. Сонымен қатар, биіктік өлшемдеріне қатысты "кісі бойы", "арқан бойы" теңеу сөздерін қолданған. Сондай-ақ, халық арасында көлемдік, аумақтық өлшемге жататын сөздер бар. Халық арасында көлемдік,

аумақтық өлшемге байланысты от орнындай, үй орнындай, бір қора қойдың орнындай, тышқан інінің аузындай, жерошақтай, даладай, есіктей, оймақтай, иненің жасуындай, түймедей, тулақтай, сырмақтай, аюдың апанындай, түйенің не шөнжіктің аузындай, т.б. деген атаулар бар.

Көшпелі қазақтың уақыт пен кеңістік туралы таным түсінігі, кең мағынасында екі түрлі категориямен көрсетіледі. Біріншісі – мифтік уақыт пен кеңістік, екіншісі – нақты уақыт пен кеңістік. Мифтік уақыт дегеніміз дүние мен тіршіліктің алғашқы жаралуына қатысты таным – түсінікпен байланысады. Бұл уақытта көп жағдайда "әлімсақ", "баяғыда", "бағзы заманда", есте жоқ ескі заманда", "ертеде", "ертеректе", т.б. деп келетін уақыт пен кеңістікке қатысты ұғымдар қолданылады. Мифтік уақыт өлшемінде сабақтастық болмайды, тек белгілі бір оқиғалық кезеңдерді ғана сәйкестендіріп отырады. Мифтік уақыттың мәні нақты өмірмен сабақтастықты байланыстыру емес, нақты уақыт өлшемінен тыс кезеңдерді айтып, дүние – тіршіліктің жаралуына қатысты таным – түсінікке жауап береді. Сондықтан да мифтік дәуір туралы айтылатын нақтылы оқиғаның өзі субъективтілігімен ерекшеленеді. Сөйте тұра өткен өмір туралы байырғы санаға элеуметтік мағына дамып отырады. Ал, нақтылық уақыт пен кеңістік категориясына ден қойғанда, көшпелі қазақтың барша таным мен түсінігі тікелей өмірлік тәжірибесімен байланысып жатады.

Қорыта айтқанда, көшпелі қазақ халқы өзге бір өркениеттер секілді Табиғат-ананы өзгертуді немесе оған үстемдік етуді мақсат етпеді. Керісінше табиғатты қасиет тұтып, онымен гармониялық үйлесімде бола білді. Яғни көшпелі бабаларымыз үшін кез-келген кеңістік киелі, зымырап өтіп бара жатқан уақыттың әрбір сәті құнды саналды. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымында уақыт пен кеңістік бір-бірінен ажыратылмай біртұтастықта қарастырылады. Бұл көшпелі өмір сүрген байырғы қазақ халқының экологиялық санасының биіктігі және уақыт пен кеңістіктуралы пайымының аса жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Көшпелілердің рухани мәдениетінің өзіндік даму ерекшеліктері бар. Ол көшпелілердің тіршілік-қарекетінің, тұрмысының ерекшеліктерінен туындайды. Айта кететін жайт, байырғы қазақ елі еңбекті сүйген, қиындыққа берілмеу, наным – сенімдері берік, сабырлық, төзімділік қасиеттерінің зор екенін көреміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998.
  2. Сейдімбеков А. Қазақ әлемі. – Алматы: «Санат», 1997.
  3. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: «Ғылым», 1996.
- Кішібеков Д. Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. – Алматы: «Наука», 1984.

## **ҒЫЛЫМ ДАМУЫНДАҒЫ ЭТНО-МӘДЕНИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ**

**Пірімбек Сүлейменов**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, саяси  
ғылымдарының кандидаты, доцент  
e-mail: [spirimbek@mail.ru](mailto:spirimbek@mail.ru)

Этномәдени зерттеулер ұлттық мәдениетті жасаушылардың ментальдық ерекшеліктерін есепке ала отырып, кез келген ұлт мәдениетінің өзіне ғана тән сипатын ашып көрсетуде қомақты табыстарға жетіп отыр. Мысалы, орыс биінің, аргентин тангосының, негр музыкасының терең ұлттық мәнін осы тамаша рухани дүниелерді өмірге келтірген халықтың ұлттық мінезін ескергенде ғана толық түсінуге мүмкіндік алған болар едік. Мәдениеттанушылардың бұл орайдағы басты мақсаты – дүниежүзілік және ұлттық деңгейдегі тарихи-мәдени процестерді тарихи шындық тұрғысынан түсіндіріп қана қоймай, оларды болжай, әрі басқара білу. Ең бастысы – мәдениеттану ғылымы мәдениеттің қайнар бұлағынан сусындай білуі қажет.

Адамзат баласы өз шешімін таппаған көптеген мәселелерге белшесінен батуы қазіргі заманға мәдениеттің көп жағдайларда өз бастауын ұмыта бастағанынан да болуы керек. Ендеше, адамзаттың мәдени жаңғыруына мәдениеттану пәнінің қосар үлесі де қомақты екенін де ескерсек, әлі де болса буыны бекімеген жас ғылым саласының болашағы зор болатындығына күмән келтіруге болмас.

Осындай әлемдік деңгейдегі этномәдени зерттеулерді Л.Гумилев еңбектерінен табамыз. Этномәдениеттік ұғымдарға тән көптеген маңызды ерекшеліктер көне дәуірден бастап қазіргі заманға дейін олардың эволюциясын зерттеу барысында қалыптасты.

Л.Н.Гумилев өзінің еңбектерінде этномәдениет динамикасының ерекше тұжырымдамасын берді. Соңғы жылдары оның теориясының түрлі аспектілері ТМД мәдениеттанушыларының ынталы зерттеуінің объектісі болып табылады. Л.Гумилев көзқарастарын салыстырмалы талдау негізінде этномәдениеттің кеңістік-уақыттық өлшемдерін бөліп шығаруға болады. Мәдениет уақытының этникалық детерминациясы әлеуметтік мәдени дамудың түрлі деңгейлерінде айқындалады. Халықтық мәдениет нысандарының нұсқаулылығы, олардың тарихи ұтқырлығы көбінесе этностардың қалыптасуында бақыланған, мәдениет қойнауларында зерттелетін синэргетикалық процестердің көтерілу, “қызу”, “шатынау” және инерция фазаларында әр этностың пайда болуымен белгіленеді. Этнос энергиясының әлсіреуі немесе көптеген буындар, сословиелер, секталар, топтамалардың өрістеуі олардың кеңістігін кемітеді. Белгілі кезеңнен бастап “...процесс кері бағытта жүреді”: Кіші жүйелерінің саны азаяды, жүйелердің энергетикалық балансы төмендейді және реликт – бір элементі қалғанша жүйенің өзі жеңілденеді немесе осы элемент те басқа жүйелердің арасында таралады”, - деп Л.Н.Гумилев жазған [1, 133 б.].

Қазақстандық этнографиялық-мәдениеттанулық зерттеулердің арасында Нұрилә Шаханованың “Қазақ дәстүрлі мәдениетінің әлемі” атты еңбегі сүбелі орын алады. Ғалым салт-дәстүрлерді қарапайым баяндаудан гөрі түсіндірмелік-рәміздік тәсілге бой ұрады.

Зерттеушінің пікірінің рәміздік белгісінде терең философиялық мағына бар. Қазақы дүниетанымның діңгегі ретінде автор “құт” ұғымын алады. Бұл ұғымды түсіндіру үдерісінде Н.Шаханова мәдениеттанулық зерттеулерде табысты қолданыс табатын компаративистік (салыстырмалық) тәсілді қолданып, “құт” категориясының қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек тілдеріндегі мағыналарын анықтайды. Көнәтүркілік сөздіктегі құт өмірлік қуат пен бақыт тілеумен теңестірілсе, Оңтүстік Сібірдің түркі халықтары құтты тіршілікке бастау беретін потенция ретінде қолданады. Мына сөз тіркестері осы ұғымның мағынасын анықтай түседі: “құтым қашты”, “құтым кетті”, “құттықтау”, “құтпан айғыр”, “бауыры құтсыз”, “құты ұшты” ж.т.б. [2, 9-18 б.]. Дәстүрлі қазақ мәдениетіне тән ұғымдарды батыстық үлгідегідей материалды немесе идеалды, адамдық немесе табиғаттық феномендерді білдірушілер деп ажырату дұрыс емес. Айталық, “құт” ұғымы киелі мен кесірлі нәрселермен тікелей байланысты және жануарларда да болуы мүмкін. Яғни, құт тек рухани құбылыстарда ғана ұяланбай, сонымен қатар синкретті түрде материалды дүниеде де әрекет ете алады.

Этнографиялық-мәдениеттанулық зерттеулердің ерекшеліктері туралы сөз қозғағанда олардың динамикасын анықтау принципіалды болып табылады. Ежелгі мәдени феноменнің қалай қалыптасқаны мен герменевтикалық түсіндірмесімен бірге осы көне архетиптердің қазіргі этномәдениеттегі көріністерін айқындау маңызды мәдениеттанулық мәселеге жатады. Айталық, қазақ ата-тектерінің бірі ғұндарда күйеуі қаза болған әйел “тұл” деп аталған және оған байланысты рәсімдер болған. Тарихшы этнограф Самат Өтенияз осыған байланысты мынадай деректер келтіреді: “Қазақ халқында осынау архаизмге айналған термин (“тұл”) әлі күнге дейін бар. Қазіргі қазақтар күйеуі өлген әйелді “тұл” деудің орнына “жесір” деп айтады. Соңғы термин жалпы жалғыздікті әйелге айтылады. Осынау тарихи термин Түркия түріктерінде жақсы сақталған, яғни әйелім өлген, әлде күйеуім өлген деудің орнына “тұлмын” деп жауап береді” [3, 43 б.].

Дәстүр жалғастығын қолөнерден жиі аңғаруға болады. Мысалы, Ш.Уәлиханов қырғыз халқында өздерінің шығу тегін бұғы анадан, яғни мүйізді бәйбішеден таралды деген миф бар

екендігін айтып өтеді. Осындай дәстүр сонау сақ-ғұн заманынан бері “аң стилі” көркем-мәдени формасында сақталып келеді.

Әлеуметтану мен мәдениеттанудың пәндік айрықшылықтарымен қатар оларда ортақ зерттеу объектісі де бар. Мұны тұтастанған гуманитарлық ғылыми пәннің туып келе жатқандығының белгісі деп санауымыз керек. Шындығына келсек, әрбір ғылым салаларының өкілдері мәдениетті өз мамандықтары тұрғысынан қарастырады. Бірақ бұл ғылымдар бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан, бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды. Олай болса әдебиетші тек таза әдебиетші болып қалмайды, өйткені ол мәдениеттануды, тарихты, психологияны игергенде ғана нағыз әдебиетші бола алады. Өз кезегінде тарихшы да, психолог та, әлеуметтанушы да сол сияқты. Антропология мен этнография адамның биологиялық белгілеріне сүйене отырып, мәдениеттану мен жаратылыстану ғылымдарын үйлесімді етсе, қоғамды жүйелі түрде қарастыратын әлеуметтану (социология) ғылымының мәдениеттанумен байланысы зор. Әлеуметтану мемлекет, таптар, топтар, сословие және одан да ұсақ қоғамдық топтарды этникалық белгілеріне қарай емес, олардың қоғамда алатын орны мен атқаратын қызметіне қарай зерттейді. Көп уақытқа дейін КСРО-да әлеуметтану марксизмге жат ғылым ретінде саналып, тарихи материализмге қарама-қарсы қойылды. Шын мәнісінде, социология мәдениеттанушыларға қоғамның әлеуметтік әр тектілігіне байланысты мәдениеттің материалдық және рухани көріністерін дұрыс түсініп, ой елегінен өткізуге көмектеседі. Бұқаралық мәдениет, ақсүйектік мәдениет, сауықтық мәдениет сияқты мәдениеттану пәнінде кездесетін ұғымдар социологиямен тығыз байланысты.

Мәдениеттану саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстарында түрлі әлеуметтік топтарға жататын адамдардың қызметі мен іс әрекеті заңдылықтарын зерттейтін әлеуметтік мәдениеттанудың деректерінің алатын орыны ерекше. Өйткені олардың мәдени іс-әрекет көріністері белгілі бір тұлғалық сарынға байланысты болғандықтан, мәдениет саласындағы зерттеу жұмыстарында бұл факторларды ескермеске болмайды. Мысалы, жер мен табиғатқа ерекше сезіммен қарайтын ауыл психологиясының өзіндік ерекшеліктерін білмей және байыбына бармай тұрып, – “шаруа мәдениеті” жайында толық түсінік ала алмаймыз [4, 16 б.].

Осы жөнінде қазақтың этникалық мәдениетіне қатысты еңбегінде Б.Сапаралы мынадай түйінді пікір айтады: “Қай-қай этнос болмасын ақпараттық, дерекнамалық, хабар-ошарлық байланыс жүйесінен кіндігін үзіп кете алмайды. Ақпарат дегенде бұл жерде күнделікті адам өмірінен алынатын хабар-дерек айтылып тұрған жоқ. Ақпарат этнос өміріндегі әлеуметтік институттардың, ғасырлар бойы сабақтаса дамыған салт-дәстүрлердің жиынтық мән-мағынасын білдіреді. Ақпаратты кең ауқымында түсіндірер болсақ, халықтың қадым заманнан бері жинаған бай рухани тәжірибе-тағлымы деп те зерделеп өтуімізге болады.

Ақпараттық беріліс – этностың биологиялық және әлеуметтік өмір сүруінің негізгі бітімі. Ақпарат – әлеуметтік институттар (салт, дәстүр, әдет, ғұрып, ырым, қоғамдық тіршіліктің байырғы қағидалары, дәстүрлі қалыптары мен ұстындары, т.т.), қоғамдық салт-саналардың көріністері, яғни рухани мәдениеттің құрылымдары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады”[5, 8 б.].

Қазақстанда әлеуметтік мәдениеттанудың кейбір мәселелері осы мамандыққа жақын тақырыпта қорғалған А.Мұқатаеваның (Қазақтың әлеуметтік мәдениетінің қалыптасуы), Р. Құл-Мұхамедтің (Қазақ әлеуметтік мәдениетінің құндылықтары), Б.Сатершиновтың (Қазақ әлеуметтік мәдениетіндегі дәстүр мен жаңашылдық) еңбектері маңызды. Соңғы мәдениеттанушы “Сорос қорының” қолдауымен “Қазақстан мәдениетінің тарихы мен теориясының кейбір мәселелері” атты монографиялық еңбегін жариялады. Зерттеуші батыстық мәдени экспанцияның әлеуметтік жақтарына үлкен көңіл бөледі: “Кейінгі зерттеулерде империализмнің әр түрлі салалардағы әрекетіне сай, оның бес формасы анықталады: экономикалық, саяси, әскери, коммуникациялық және мәдени. Дәстүрлі қоғамдарға қатысты мәдени экспанцияның төмендегідей сипаттамалары болуы мүмкін:

- батыстық қоғамға тән өмір сүру тәртібі мен тұтынушылық бағдарды көшіру;

- өзге мәдениеттермен салыстырғанда ерекше және универсалды деп батыстық мәдениетті орнықтыру;
- мәдени байланыстар жолымен саяси мақсаттарға жетуге ұмтылу;
- орталықтан периферияға қарай біржақты ақпараттар ағымы, әсіресе көңіл көтеру индустриясы мен коммуникация салаларында;
- батыстық бағдар ұстануды, бекітуге әлеуметтік-мәдени элитаны қалыптастыру”.

Қазақстан бүгінгі ғаламдану дәуіріне аяқ басар тұста глобализация желеуімен кіріп жатқан діндік, ділдік азғындауға ұшырататын көптеген мәдени өркениеттер шырмауында қалып отыр. Әлеуметтік құрылымдағы, дүниетанымдағы, демек, мәдениеттегі берекесіздік – жас мемлекеттің жаңа іргетасы қаланып жатқан кезге тән құбылыс. Бүгінгі таңда басқа да мемлекеттер сияқты мәдени өркениеттің аясындағы ұлт дәстүріне негізделген жолмен немесе бұқаралық мәдениеттер үрдісімен жүру сондай-ақ, өзге мәдениеттерге ұқсамайтын ұлттық төл мәдениеттің өзегінен бүгінгі өмір ағымына сай мәдениет үлгісін қалыптастыру жолын таңдау да жан-жағына қарай бастаған тәуелсіз елдің бірден-бір стратегиялық құралы болады.

Осы дағдарысты мәдени ахуалдық қалыбын оң үдерістерге қарай бұру үшін мынадай міндеттер қойылған:

- "ұлттық менталитетті бүлдіріп, салтымыз бен дінімізді, тілімізді бұзатын жат ағымдар мен дүбара мәдени-тұрмыстық агрессияға тосқауыл қою, барын залалсыздандыру;
- ұлттық психология, жалпы ұлттық "атмосфераны" зерделей келіп, саяси мәдениетті дамытудың және оны жүзеге асырудың механизмін жасау;
- сыртқы ықпалды мәдени экспанциядан сақтанудың тактикасын жасау;
- экономикалық құрылым, қаржыландыру көздерін анықтау;
- мәдениет саласындағы кадр мәселесі;
- "Мәдениет туралы" Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- қоғамдық пікір қалыптастыру, мақсатқа жетудің стратегиялық жоспарына негізделген кезеңдік бағдарламаларын ұсыну;
- мәдени шаралар мен мәдениет ошақтарына тұрақты көмек көрсетіп отырған бизнес орталықтары мен жекелеген фирмалардың салық көлемін азайту немесе біржола жою" [6].

Қазіргі қазақстандық мәдениетте екі субмәдениет (қазақ тілді және орыс тілді) бар екендігі белгілі. Осыған қатысты қазақ тілді субмәдениеттануда "қазақтандыруды" әсірелеп көрсететін ағым да бар.

Бүгінде мәдениет – бұл тек қана танымдық мәнге ие ғылыми түсінік немесе ғылыми термин ғана емес, сонымен бірге қазіргі тарихи дамуда қоғам өмірінің барлық деңгейінде іс жүзінде таралуды талап ететін нақты мәселе. Мәдениет тұтас адамзат қоғамының қызмет ету аумағын, оның материалдық және рухани формасын қамтиды. Қоғамның моральдық стандарттарын жетілдіру, мәдени-ақпараттық кеңістікте туындайтын мәдениетке қарсы (немесе жалған мәдени) құбылыстарды ығыстыру үшін мәдениеттің шектегіш-реттеуіш тетіктерін жандандыру ләзім. Қазіргі ғылым бойынша мәдениет ең алдымен бүкіл қоғамдық организмнің рухани ұйымдастырушысы ретінде, оң идеялар мен құндылықтарды көркем шығармашылық арқылы тұлғалаушы және таратушы ретінде нақ сол мәдениет бүгінгі уақытта адамның өмірдегі өз орнын еркін таңдауы мен орнығуы үшін жағдайлар жасау жолымен, тарихи маңызды міндеттерді шешу үшін халықты психологиялық жұмылдыруға көмектесуі тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда мәдениет адамдардың әлеуметтік масылдық таптаурындарын, моральдық енжарлығын, пессимизм және ұлттық нигилизм, шығармашылық селқостығын жою үшін берік әлеуметтік базаға (негізге) айналуы тиіс.

Жоғарыдағы мәдени бағдарламаны сараптағанда мынадай бір ой туындайды. ХХІ ғасыр табалдырығында болашағынан үміт күттіретін мәдениет пен оның теориясы партикулярлық ұстанымдарға сүйенбеуі қажет. Тек ашық, сұхбатқа икемді, басқалармен үйлесімді этномәдениет қана заман талаптарына сай бола алады. Болашақ мәдениеттанулық

зерттеулер мен жобалар қазақ мәдениетінің бірегейлігімен қоса, оның диалогтық аймағын да зерделеуі қажет. Ал осыған дейінгі мәдени ықпалдарды сылып тастап, "тап-таза қазақшылықты" уағыздау "тәлібшілдіктің" бір көрінісі болар. "Таза беттен бастап, батыстық үлгімен жүре берейік" деу де қазақ мәдениетінің жасампаздық потенциясы күмән келтіру. ХІХ ғасырда Батыс үстемдік етсе, ХХ ғасыр капитализм мен социализмнің текетіресі түрінде болды, ал ХХІ ғасырда ахуал өзгерейін деп тұр. Әлем сахнасына С.Хантингтон жіктеген басқа да суперөркеніеттер шығайын деп тұр. Бұл да мәдениеттанулық талдауды қажет ететін мәселеге жатады.

Болашақ мәдениеттанулық зерттеулердің бағдарларына қайта оралсақ, онда ғылыми әдебиет пен БАҚ-да көптеген жобаларды, тұжырымдамалырды, ұсыныстарды, сыни сараптаманы кездестіруге болады.

Саяси мәдениеттануда мәдени саясаттың төрт моделі туралы айтылады. Американдық модельде мемлекет мәдени саясатпен тікелей айналыспайды. Мәдениетті ынталандыру және қаржыландыру ісімен негізінен жеке спонсорлар, фондылар мен муниципалитет айналысады.

Екінші – орталықсыздандырылған үлгіде "Мәдениет министрлігі" деген жоқ және мәдени басқару үдерісі жергілікті ұжымдарға бекітілген (мысалы Еуропада).

Солтүстік еуропалық модельде мемлекет өз ықпалын мәдени қайраткерлердің қоғамдық ұжымдары арқылы жүзеге асырады. Мемлекеттік қаржыны еркін шығармашылық бірлестіктері өздері бөліп алады. Бұл жүйеде мәдени сарапшылардың рөлі жоғары болады. Төртінші модель мықты әкімшілік жүйесіне сүйенеді және орталық шешуші рөл атқарады. Бұл модель, Г.Шалабаеваның ойынша, қазіргі Қазақстандағы мәдени ахуалға сәйкес келеді. Тек мемлекет өзінің мәдени саясатында шенеуніктердің емес, керісінші арнаулық шығармашылық топтардың, мамандардың және сарапшылардың шешіміне сүйенуі қажет [7, 373 б.].

Әрине, әр елдің саяси-мәдени жағдайы әр түрлі және оны мәдени саясат жүргізгенде ескеру қажет. Бірақ, әлемдік өркениеттің жаңа талаптарынан да тыс қалған дұрыс емес.

Жоғары дамыған елдерде, сондай-ақ, еуропалық елдерде мәдениет саласы мен өнерді бюджеттік қаржыландыруды қолдау бірден-бір басты мақсат болып табылмайды. Сондай-ақ, осы мемлекеттерде жалпы ұлттық маңызы бар мәдени ұйымдар мен құндылықтар үшін жұмсалатын шығынның – 75%-ін жергілікті және аумақтық бюджеттер берсе, орталық бюджеттен жалпыұлттық маңыздағы (театр, музей, кітапхана т.б.) басты мәдениет ұйымдарын қолдауға жалпы шығынның – 25%-ін бөледі. Яғни бізде жергілікті және аумақтық қаржыландыру мен басқару жүйесі дамымағандықтан орталықтан басқару бойынша қаржыландыру жалпы көлемдегі мәдениет саласына бөлінеді. Бұл мәдениетті қолдауда нақтасыздық пен ауытқуларға әкелуі мүмкін. Негізгі мәселе – мәдени инфрақұрылымдардың пәрменді жүйесін қалыптастыру. Мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институтының мамандары пікірі бойынша, ел мәдениетіне ықпал.

Мәдени дамудың саяси аспектілері: Саяси мәдениетке ықпал ететін жүйе – елдің потенциалды мәдени инфрақұрылымы болып табылады. Бұған өзара байланысты мемлекеттік және қоғамдық құрылымдық механизмдер, мәдениет сферасындағы (нормативтік-құқықтық ережелерге негізделген) мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар, ресурстар, дотациялар, кадрлар дайындау жүйесі, мәдени жобаларды қаржымен қамтамасыз етуге құрылған мекемелер және т.б. жатады. Осы құрылымдарды жетілдіру мен мәдениет ошақтарын қалыптастыру үшін төмендегі мәселелер қаралуы керек:

- мемлекеттік мәдени құрылымдарды басқару мекемелерін қайта ұйымдастыру (жергілікті немесе аудандық, облыстық, республикалық);
- мәдени құндылықтар мен шығармашылық өнерлерін қолдау қорын құру, олардың іскерлік мүмкіндігі мен қабілетінің дамуына серпін беру;
- мәдени-тарихи мұраларды қалпына келтіру арқылы, туристік, демалыс орындарын ашу және нығайту;
- жоғары өндірістік кәсіпорындар мен бизнес орталықтарынан мәдени мұраларды дамыту қорына қаржылай көмек бөлдірудің белгілі бір бағытын ұсыну;



□ қала мен ауыл мәдениетін көркейту үшін жергілікті басқару органдары мен мәдени орталықтарға белгілі бір мақсаттағы жалпы облыстардағы мәдениет ошақтарына шаққанда жеткілікті дәрежеде емес. Мәселен, Қазақстанда мәдениет саласын қаржыландыру негізінен мемлекеттік бюджетке сүйенеді. Қазақстан Республикасы мәдениет саласы бойынша жалпы бюджеттің 1 пайызын, соңғы жылдардағы мәліметтер бойынша 3 пайызын жұмсаса, АҚШ жалпы бюджет қаржысының 8,5 пайызын, Жапония 6,5 пайызын бөледі [6, 20 б.].

**Әдебиеттер:**

1. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – Л.: ЛГУ, 1990. – 528 с.
2. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы: Қазақстан, 1998.- 184 с.
3. Өтенияз С. Аттила. Ғылыми зерттеу. – Алматы.: Арыс, 2000. – 214 б.
4. Баймухамбетов Ж. Провинциальная этокритика или топология самоидентификации // Тамыр. –1999. – Вып. 1. – 67-68 с.
5. Қазақстан Республикасы мәдени дамуының тұжырымдамасы. – Алматы: 5 Сапаралы Б. Адалбақан. – Алматы: Өнер, 1992.- 384 б.
6. ҚӨМЗИ, 2002. — 20 б.
7. Шалабаева Г. Постигание культуры: мировоззренческие парадигмы и исторические реалии Казахстана. – Алматы; Ақыл кітабы, 2001. – 420с.

Третья глава служит читателю пояснением того, каким же по качествам характера и нраву должен быть настоящий мусульманин. Нравы и умыслы, которые могут быть в человеке, бывают двух видов. Первый — благие, а второй — дурные. «Дурные нравы, о которых сказано в аятах и хадисах, бывают шестидесяти видов. Описать всех их в этой маленькой книге не представляется возможным, но говорят, что все они исходят от семи основных нравов. Мы расскажем только об этих семи видах. Арабские названия этих семи

следующие: первое – куфр (неверие); второе – бид`ат (нововведения в религии); третье – кубр (гордыня); четвертое – рия (показуха); пятое – хасад (зависть); шестое – бухль (жадность); седьмое – исаф (расточительство). Их называют ахляку аз-замима. В противовес этому благих нравов бывает семьдесят три. Они так же исходят и семи главных основ. Их называют ахляку хамида» [12, с. 37].

В четвёртой главе Алтынсариным приведены переводы и транскрипция фраз различных молитв с арабского языка. Для него превыше всего было понимание соотечественниками религии в чистом виде.

Работа И.Алтынсарина «Основы мусульманства» является своего рода путеводителем в исламе для всех желающих. В ней чувствуется искреннее стремление автор помочь своим землякам. В книге написано о моральной, духовной подготовке для практики религии; описаны категорий деяний (фард, ваджиб, макрух, харам, халяль). Также Алтынсарин дал смысловое значение сур и дуа на казахском языке. Этот труд заметно повлиял на развитие религиозной грамотности среди населения, а также на распространения ислама среди казахов.

Все эти факторы, рассмотренные подробно, несомненно, оказали влияние на творческое становление великой личности – Ибрая Алтынсарина. Все эти уникальные аспекты, слившись воедино, породили уникальный синтез черт, которые были присущи просветителю казахских степей. Безусловно, что без особенного детства, юношества и взрослой жизни Алтынсарин не стал бы Алтынсариным; именно по этой причине изучение аспектов его становления является неотъемлемой частью исследования всей жизни и деятельности учителя. Уникальным в подходе Ибрая Алтынсарина следует считать его ярое желание получить синкретическое сочетание современной (на тот момент) научности, казахской идентичности и моральных устоев ислама.

#### Список литературы:

1. Алтынсарин, И. Собр. соч. в 3-х томах. – Алма-Ата, 1975 г.
2. Кузембаев А., Абил Е. История Республики Казахстан. Алматы. 1999г.
3. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). — В пяти томах. — Том 3. — Алматы: Атамұра, 2000г.
4. Алтынсарин, И. Собр. Соч. в 3-х томах: Т.2. – Алма-Ата, 1975 г.
5. Дербисалин, А.О литературном наследии И.Алтынсарина [Текст]/А.О. Дербисалин //Сборник статей о казахской литературе. – Алма-Ата, 1977г.
6. Ситдыков, А.С. Педагогические идеи и просветительская деятельность И. Алтынсарина – Алма-Ата: Мектеп, 1968 г.
7. <https://martebe.kz/lichnost-i-mirovozzrenie-ibyraya-istoki-formirovaniya-vydajushhejsja-lichnosti/>
8. Ильминский Н. Воспоминания об И. А. Алтынсарине. Казань, 1891г.
9. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 томах. Т. 3. — Алматы «Атамұра» 2010г.
10. Джумагулов, К.Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа [Текст]/К.Т. Джумагулов. – Алма-Ата. – 1984г.
11. Ильминский Н. Воспоминания об И. А. Алтынсарине. Казань, 1891г.
12. Ибрай (Ибрахим) Алтынсарин – Основы мусульманства (Шариат-уль-Ислам). Павлодар, 2013г.

## ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

Сембаева Гүлнар Мәлікқызы,  
ҚазҰУ Философия кафедрасының доценті,  
философия ғылымының кандидаты

**Annotation.** The aim and task of this research is to make complex analysis of understanding the meaning of life which makes nucleus of world outlook of Kazakh eccentric poet-Mukagali Makataev on the basis of research of philosophy-theoretical condition of his creative heritage.

**Keywords:** Poetic worldview, national philosophy, being, poet, national consciousness.

Сөз өнеріндегі даналық көрінісі ретіндегі философия тек дүниетаным мен методологияны ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар ұлттық мәдениетіміздің өзіндік

болмысын, санасын, рухани құндылығын құрастырып бере алады. Осыған орай ұлттық философиямыздың бұрынғы құндылықтарын жаңа заманға сай етіп тұжырымдау тәуелсіз еліміздің рухани мәдениетін жоғарылата әрі байыта түседі. Өз ұлтымыздың ұлттық философиясы дамымаған жағдайда нағыз пісіп-жетілген толыққанды мәдениет туралы тұжырым жасаудың қажеті шамалы. Қазіргі Қазақстандық қоғам үшін бұрынғы маркстік философия дүниетанымдық бағыт-бағдар бола алмайтындығы түсінікті. Ал қазіргі жаһанданған қоғам үшін ұлттық құндылықтарды жоғалтпай, оны болашақ ұрпақ игілігі үшін сақтап қалу ең басты мақсат. Ол үшін сонау атамыз қазақтан жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлеріміз бен халқымыздың бай рухани мұрасын келешек ұрпаққа жаңартып, жаңғыртып отыруымыз қажет. Бай рухани мұра дегенде біз халқымыздың ұлттық ойлау мұрасы мен рухани ойлау құндылықтарын сарқылмас бай қазына ретінде қарастыра аламыз. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, халықтың қамын ойлап, халықпен бірге мұнайып, халықпен бірге қуанған, халықтың шындығын жасырмай жария қылған қазақтың ақындары болған. Соның ішінде біздің қарастыратынымыз – ақиық ақын Мұқағали Мақатаев.

М.Мақатаев шығармашылығын тереңдеп зерттейтін болсақ, нағыз дүниетанымдық тұжырымдарды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды табатынымыз анық. Мұқағали шығармашылығындағы күнделікті тіршілік, өмірдің бояулары ақын дүниетанымының түпнегізі. Оның өлеңдерінің ойға жетелеп, қиялға қанат бітіретіні де сондықтан. Мұнда алып-ұшқан романтикамен қатар нақты болмыс та бар. Сондықтан болар ақын Мұқағалидан ойшыл Мұқағалиды бөліп қарастыру мүмкін емес. Зерттеушілердің түйіндеуіне сүйенетін болсақ, қазақ философиясы батыстық үлгілерден өзгеше даналық өрісінде, бірінші қатарда – поэзия мен фольклорда өрістеген екен. М.С. Орынбековтың тұжырымы бойынша, XV-XVIII ғасырлардың арасында ақын-жыраулар шығармашылығында қазақ дүниетанымының рационалистік емес, көркем және дидактикалық мәтіндерге енген ерекше философиясы қалыптасқан. [Орынбеков,1993:16-24] Яғни, қазақ философиясының қалыптасуына ақындар шығармашылығы да өз әсерін тигізді деуге негіз бар. Себебі, философияның әдебиетпен, өнермен бірге өсіп, біте қайнасып жататынын ақын-жыраулар шығармашылығы айқын дәлелдейді. Мұқағали ақын да бұған өз үлесін қосты.

Философия мен әдебиетті көбінесе теориялық және шығармашылық ойлау байланыстырады. Мұндағы негізгі мәселе философия мен шығармашылықтың байланыстылығында. Орыс жазушысы А.П.Чехов былай деген екен: «Ғылыми әдіске ұмтылушылар үшін, яғни құдай сирек талант – ғылыми ойлау өнерін берушілер үшін тек бір ғана жол бар, ол – шығармашылық философиясы». [Подкопаева,1989:87] Суреткерлердің әр кезеңде жасаған ең көркем туындыларын бір ортаға жинап оларды бір-біріне сәйкестендіріп тұрған және олардың құндылығын көрсетіп тұрған мәселені шынайы етеді. Өйткені осы ортақ нәрсені кез-келген шығармадан алып тастайтын болсақ, көркем туынды өз көркін, құндылығын жоғалтады. Чеховтың айтуы бойынша кез келген талантты шығарманың өзіне тән фәлсафасы болады. Ал, шығармашылық философиясы барлық шынайы шығармашылық иелерін және олардың туындыларын бір-біріне жақындастырады.

Мұқағали ақынның дүниетанымы туралы жүйелі пікір айтудан бұрын ақын кім, қашан өмір сүрді, қандай ортадан шықты, ол тіршілік еткен уақыттың тарихи ерекшеліктері неде?- деген заңды сұрақтар туындайды. Ақынның отбасы, әке-шешесі, шыққан ортасы туралы мәдениеттанушы ғалымдар жан-жақты мәлімет береді. Әрине, философиялық талдау үшін бұл қажет негіз, дегенмен ақынның ойлау ерекшелігін, не нәрсеге көбірек көңіл аударғанын анықтау үшін, ең алдымен, ол өмір сүрген уақыт, тарихи кезең мен кеңістік, заман тынысын, халықтың даму үрдісін, ерекшелігін білу аса маңызды.

С.Ақатаев былай дейді: «Мұқағали өзі қалай жазды, не турасында жазды, не турасында жазды, солай өмір сүргені де белгілі. Басқаша айтқанда Мұқағали поэзиясының басты кейіпкері – ақынның өз басы, тұла бойы». [Ақатаев,1984:4] Әрине, философиялық талдау үшін ақын шығармаларын саралау қажет негіз, дегенмен ақынның ойлау ерекшелігін, қызығушылықтарын анықтау үшін, ең алдымен, ол өмір сүрген тарихи уақыт пен кеңістік, заман тынысын, халықтың даму, қалыптасу үрдісін, ерекшеліктерін білгеніміз аса маңызды.

Шындығында солай, ақын шығармаларын оқи отырып, оның өзі өмір сүрген кезеңнің саяси-әлеуметтік, мәдени, рухани үрдістерінің басты белгілерінің сол шығармаларға арқау болғанын байқаймыз. Ал енді осы қоғамдық дамудағы бағытқа сәйкес келетін өмір философиясы болды десек те артық айтпаймыз. Олардың барлығы Мұқағали шығармашылығының мағына-мәндік негізін құрайды. Дүниетанымының әмбебаптығы, жан-жақтылығы осы негізгі бағдардан өрістейді.

Қоғамдық-саяси өмір түсінігі өте кең көлемдегі мәселелерді қамтитын болғандықтан, оны белгілі-бір жорамалданған мәліметтермен шектеу мүмкін емес. Өйткені, қоғамның әртүрлі қырларын түсінуде ойшыл, ақын, ғалым өзінен бұрын өмір сүрген ойшылдардың, қайраткерлердің, қарапайым халықтың шығармашылығынан нәр алады, осының негізінде ерекше бір көрініс тауып отырады. Ал шығармашылық мәселесіне келетін болсақ, ол әрқашан өзгеріп, дамып, күрделеніп отыратын құбылыс. Сондықтан тарихи шындықты неғұрлым тереңірек танып білу барысында әртүрлі мәселелердің сан қырларымен көрініс табуы таңқаларлық нәрсе емес.

Өз рухани өмірінде адам өзін еркін құбылыс ретінде таниды: ол өзі қалағанындай өмір сүріп, өз өмірін белгілі бір мақсатқа бағыттап, одан өзіне қажетті нәрселерді ала алады. Бірақ тыныш әрі бақытты өмір сүру үшін, қайғы мен қасіретті өзінше, ерекше сезіну үшін, адам өзі таңдаған жолдың ең дұрыс жол екендігіне сенуі қажет. Мұқағали Мақатаев өз заманының төл туындысы-тұлғасы ретінде қоғамның мәдени өмірін бойына сіңіру барысында халқының өміріне терең үңіле білген адам. Ақын өмір сүрген уақыт адам жанын уайым мен қайғыға салған кезеңдердің бірі еді. Соғыс салған жара жазыла қоймай, ел-жұрттың басынан ауыртпашылық кетпеген заман болатын. Сол уақытта пайда болған уайым ақын жүрегінен орын алып, ол дами келіп пәлсафалық мағына тауып, ақын өмірінің мақсатын анықтап берді. Ақын үшін кез-келген адамда екі түрлі әлем өмір сүреді: біріншісі, рухани (еркін) және екіншісі, материалды (тәуелді), бұл дегеніміз ішкі әлем және қоғамдық өмір.

Жалпы өзіміз куә болып отырғандай ойшыл-ақынның қоғамдық ойлары мен саяси-әлеуметтік көзқарастарын қалыптастырып ықпал еткен тарихи-әлеуметтік орта төңірегінде сөз еттік. Соғыс, соғыстан кейінгі кездегі қазақ қоғамындағы шиеленіскен әлеуметтік мәселелер, саяси қайшылықтар, кеңес өкіметінің қыспағы т.б. мәселелер М.Мақатаевтың қоғамдық-саяси көзқарастарын қалыптастыруда ерекше орын алды. Осы кезде ұлтының әлеуметтік жағдайының жақсаруын мұрат еткен, елінің өркениетті қоғам болуын қалаған «қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық интеллигенция» араласа бастайды. Елінің елдігін, азаттығын батырлары қолдарына қару алып қорғаса, қазақтың зиялы қауымы халқының санасына оқуды, білім алуды уағыздаса, М.Мақатаев сияқты ақындар халқының рухани мәдениетінің жетілуін аңсап, өз ұстанымдарын ұсынды.

«Қоғамдық сана қашанда қоғамдық болмыстың бейнесі, соның туындысы». [Кішібеков,1994:132] Ал жеке сана әрқашанда белгілі бір қоғамның даму дәрежесіне сәйкес келеді. Кез-келген жеке адам белгілі бір қоғамда өмір сүретін болғандықтан оның санасы да қоғамдық болады. Қазақ халқының санасына үстемдік етіп тұрған коммунистік идеалдардың мақсаты өздеріне тиімді қоғамдық пікірді, саясатты, құқықтық, моральдық, идеологиялық принциптерді халықтың санасына сіңіруге бар күшін салғаны белгілі. Қазіргі зерттеушілер Кеңес өкіметінің отаршыл саясаты мақсатының үш түрлі бағытта іске асырылғанын нақты айтып жүр. Біз де осы пікірді қолдай отырып, оны нақтылауды дұрыс көрдік. Олар:

1. Қазақ жеріне келімсектерді қоныстандыру саясатын жүргізу арқылы оның жерін тартып алып, түпкілікті меңгеру.

2. Рухани сағын сындыру үшін коммунистік идеалдарды халық санасына сіңдіру арқылы орыстандыру, немесе социалистік құндылықтармен уландыру. Діннің орнына атеизмді таратып, адамның ішкі жан-дүниесін тұрлаусыздандыру.

3. Жүздік құрылымдарды уағыздап, қоғамда алауыздықты туғызып, қазақтарды бір-бірімен жауластыру арқылы оларды билеп-төстеу. Бұл қағида «Бөлшекте де – билей бер» деген бұрыннан келе жатқан принципті басшылыққа алды.

Соғыс кезінде және одан кейінгі қазақ қоғамының болмысын дәл және терең бейнелеген көрнекті ақын-жазушыларымыздың шығармалары халықтың ұлттық санасын оятуға арналған көркем туындылар болды. Ол заңдылық та, себебі кез-келген саяси-әлеуметтік өзгеріс халық бұқарасының бірлігі зиялыларсыз болған емес. Үлкен әлеуметтік өзгерістер кезінде зиялылар белсенділік көрсетіп жүріп жатқан процесстерді терең түсініп, ұлттық сананы адамзаттық мәдениет деңгейіне көтеру үшін жан салмай күресті. Ұлы қайраткер Мұстафа Шоқайдың тілімен айтқанда «... белгілі бір мұрат-мақсаттардың төңірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп атауға болады». [Қасымжанов,1996:111] Бұл жолда М.Мақатаев та өз күшін аяп қалған жоқ. Қазақ халқының ұлттық санасын оятып, кеңес өкіметінің отарлық саясатының астарын ашу, сөйтіп қазақ қоғамын бодандықтан алып шығу мақстаныда М.Мақатаев шығармаларында астарлы сөзді қолданды. М.Мақатаев «халқының арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтарын мадақтап, өзінің өлеңдері арқылы халықтың сөзін сөйлеп, мүддесін қорғап», қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуына, ұлттық сана-сезімінің оянуына үлкен әсер етті.

Халықтың ұлттық сана-сезімінің өсуі, ұлттық әлеуметтік прогрестің басты үрдісі болып табылады. Ұлттық сананың жалпыадамзаттық мәдениет деңгейіне көтерілуінің бірден-бір құралы ағартушылық екенін, білім мен ғылымсыз қоғамның алға ілгерілеу мүмкіндігі аз екенін жақсы түсінген М.Мақатаев сол жолда ерен еңбек етті.

Ақын өмір сүрген қоғам, оның биографиясы туралы өзінен артық ешкім айта алмас. XX ғасырдың екінші жартысында республика партия ұйымы мен Үкіметін басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа, яғни Қазақстанның жан-жақты нығайып, өркениетті елдер қатарына қосылуына үлкен үлес қосқан ірі мемлекет және қоғам қайраткеріне жолдаған ақынның хаты өз өміріне жасалған талдау іспетті. «Біз майдан шебінде болмасақ та, сол жаралы жылдардың тақсіретін жұртпен бірге тартқанымыз аян. Ұжымшар даласы мені мен тұрғыластарымның нағыз мектебі болды. Ыңыршағы айналған аттар мен өгіздер жеккен соқа айдап, тұқым сеуіп, масақ теріп, шөп шаптық біз. Содан кейін ғана партаға отырып, бізді қалай болса солай оқытты». [Мақатаев, 2006:20-23] Осылай ақын өзі өмір сүрген көрінісін суреттей отырып хат жазды. Бірақ талай тіршілік сергелдеңін сөз еткен хат бағытталған адамның қолына жете алмады. Оның себебі неде екендігі бізге жұмбақ. Айтсын деп ақиқатты тіл берілген дегендей, ақын қоғам өміріндегі ақиқатты еш бүкпестен, жасырмастан ашық айтқан. Нағыз ақын деп Мұқағалиды айтсақ артық болмас.

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсетілген философиялық ұғымдардың көпшілігі М.Мақатаев шығармашылығында кездесетін мәселелер болғандықтан, ақын шығармашылығын дүниетанымдық негізді зерттеуге тырыстық. Ақын поэзиялық тұрғыда жазғанымен оның негізгі ой-қиялы, идеялары философиялық негіздерге жақын болып келетіндігіне көз жеткіздік.

#### **Әдебиеттер:**

1. Орынбеков М. Қазақ философиясына кіріспе//ҚР ҰҒА хабарлары. Алматы, 1993. №3. -16-24 бб.
2. Подкопаева И.А. Мироззрение А.П. Чехова. М., 1989. -154 с.
3. Ақатаев С. Сом құбылыс//Лениншіл жас. -1984.-12 қыркүйек.
4. Кішібеков Д. Философия. Алматы, Атамұра-Қазақстан, 1994.-132 б.
5. Қасымжанов А.Х. Ұлы даланың зиялылары. Алматы, Қазақ университеті. 1996 ж. -111 б.
6. Мақатаев М. Ажал алдында тұрғандаймын// Мұқағали журналы, тамыз 2006, №7 -20-23 бб.



## ӨРКЕНИЕТТІ ДАМУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Қожан А.Ә.

Тайженбетова А.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанттары

**Аңдатпа.** Өркениет дегеніміздің өзі мәдениетті, яғни адамзаттың гүлденуін, оның өндірісі, экономикалық тұрмыс ахуал, мәдени өмірі дәуірден дәуірге қанаттана түсіп, өркендеп өсуін білдіреді. Осыған байланысты мақалада “өркениет”, “мәдениет” дегендеріміз нені білдіреді, олардың өзара байланыстылығын қалай анықтаған жөн. Өркениеттік дамуға, яғни оның жоғары өрлеуін айқындау үшін өркениеттің мазмұнын салыстырып жіктеп – жіктеп көрсету үшін қандай амал – тәсілдерді философиялық, герменевтикалық түсіндірмелерді қолданған жөн, мәдени даму қоғамның жеке адам кемелденуін айқындайды. Міне, осы сұрақтар төңірегінде ой иірімдері жүйеленген.

**Кілт сөздер:** өркениет, мәдениет, салт, даму, кемелдену.

**Annotation.** Civilization itself is a culture, that is, the prosperity of mankind, its production, the state of economic life, cultural life and prosperity from epoch to epoch. In this regard, the article discusses what “civilization”, “culture” means, how to determine their interconnectedness. To determine the civilizational development, i.e. It is advisable to use philosophical, hermeneutic explanations of what approaches should be used to compare and classify the content of civilization, cultural development determines the personal perfection of society. That's where the mental twists around these issues are systematized.

**Keywords:** civilization, culture, customs, development, maturity.

Өркениет (цивилизация) қоғамның сапалық даму барысын көрсетеді. Өркениет ұғымы қоғамның жабайылық (варварлық) дәуірден әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа деңгейін көрсетуге қолданылады.

Өркениеттену дегеніміз – ол қоғам табиғатының күрделеніп әрі жіктеле тусуі; тиімділігінің артуы; ғылымның материалы – өндіріс саласына тереңдей барлық саласының құқықтық. Талаптарға сәйкестенуі; өзара қарым-қатынастарға, мінез-құлықтарға гуманистік құндылықтардың сіңісуі.

Өркениет (лат. *civilis* – азаматтық) – бұл қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. Ілгері жылжу, өрлеу жетістігі жаңа заманғы философиялық тұжырымдамаларда өркениет ұғымы бүкіл дүниежүзі тарихи процеске талдау жасау тұрғысынан түсіндіріледі. Француз ағартушылары парасат пен әділеттілікке негізделген қоғамды өркениеттік қоғам деп атап сол арқылы тұтастықты, қоғамдық үйлесімділікті қамтамасыз ететін факторлардың маңызын атап көрсетті. Ал Кантта, мәдениет Н.Я. Данилевскийдің, Шпенглердің тұжырымдамаларда өркениет ұғымы мәдениет ұғымына қарсы қойылады. Мысалы Шпенглердің органикалық-өмірлік құбылыстардың шыңы ретіндегі мәдениетті техникалық – механикалық элементтердің жиынтығы түріндегі өркениетке қарсы қояды. Осыған байланысты өркениетті олар қоғамның құлдырауы мен құрып кетуінің көрсеткіші ретінде қарастырады. Тойнби өркениетті зерттеу объектісі ретіндегі тарихтың бөліп қаралатын белгілі бір кезеңі деп қорытты. Бір өркениеттің басқасынан шектеулі әрбір кезеңнің өзіндік даралығын анықтайды. Осы заманғы социологияда (Л. Уайт және т.б.) өркениет негізгі үш компонент: техника, әлеуметтік ұйым және философия арқылы қоғамның «ішкі» ұйымдасуы, негізделуі көзқарасы тұрғысынан қаралады, бұл орайда техника қалған компоненттерді айқындайды. Марксизмде өркениет қалыптасуы тарихи тұрғыда сословиелер мен таптардың арасында қайшылықтардың пайда болуымен, еңбек бөлінісінің тереңдеуімен таптық қатынастардың мәнісін білдіретін заңдардың шығуымен байланыстырыла қарастырылады [Алтаев Ж.: 2000, 76].

Дей тұрғанмен өмір дамуы, өркениеттік жаңа модельдердің пайда болуы өзіне дейінгі өркениеттік даму сатыларын терістей отырып солардың тұғырлым негізінде жаңа өркениетті жобалардың жүзеге асылуына жол ашады.

Осыдан болар В. Хоросттың түсіндірмесі бойынша, өткен ғасырда О. Шпенглер, А. Дж. Тойнби және басқалар ұсынған өркениеттік жобаларда қазіргі заманның қабылдай қойғысы жоқ. Өркениеттік дамудың жаңа парадигмасы жасалуын талап етіп отыр.

Айталық, Е. Ханнингтон қоғамның өркениетті және мәдениетті дамуын айқындайтын негізгі факторлардың ішінен географиялық климаттық, биологиялық, демографиялық, физиологиялық т.б факторларды қарастырады. Мұндай ұсыныстар жетіп артылады.

Алайда өркениетті классификациялаудың бірегей өлшемдері мен ұстанымдары әлі күнге дейін жасалған жоқ. Соңғы кездері өркениетті бір аймақта тұратын халықтардың тарихи тағдырластығы, олардың арасындағы ұзақта тығыз мәдени байланыс нәтижесінде әлеуметтік ұйымдасуы мен реттелудің – заңдық және саяси жүйелерде, шаруашылық түрлері формаларында, дін, философия, ғылым, білім жүйесі, көркем шығармада – этноаралық жергілікті қауымдастық деген анықтама кеңінен тарап отыр. Өркениет категориясы мәдени типтерді зерттеу немесе мәдени-тарихи типологияны жасауда қолданылады. Сондй – ақ өркениет типтерін шығыстық және батыстық деп бөледі, «глобальды өркениет» және «техногендік өркениет» ұғымдары жұмыс істейді. Мәдениеттанушылар өркениетті «мәдениет» ұғымымен салыстыра қарастырады

Себебі мәдениет өркениетті дамудың өзені, мазмұндамасы. Мәдениет (латын. *Cultura* – өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс – әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. Мәдениет адам жасаған «екінші табиғат». Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым – қатынасы. Ол – өзара қарым – қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады. Мәдениет әр түрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады. Мысалы: аң аулау, еңбек құралдарын жасау, от жану, тамақ пісіру, киіну, жарасымды өмір сүру, екінші біреуге ұнау, ортамен қатынаста болу, т.б. Бұл талап – тілектер қоғамдық прогреске, өрлеуге тікелей байланыста, әр қоғамдық кезеңде жаңа талап – тілектер пайда болады, өндіріс құралдары дамиды. Мәселен, бір кездерде жазба әдебиеті болмады соның нәтижесінде фольклор қалыптасты, кейініректе білімнің қалыптасып, жазудың шығуы жаңа талап қойды. Бүкіл құндылықты, мифті жазып қалдыру талабы пайда болды. Информатика дамыды, оларды микрофон, магнитофон, компьютерге түсіру арқылы мәңгі ету қажеттігі туды. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтік құрылымдардың, жеке адамның тілегіне, талабына сәйкес қалыптасты. Қоғамда адам тілегінен тыс мәдениет қалыптаспайды. Мәдениет-әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты [Ғабитов Т.Х.: 1997, 26].

Адам, оның қызметімен өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Бірақ материалдық және рухани мәдениетті бір – бірінен ажырата білу қажет. Мәдениет материалдық және рухани: бірі – материалдық өндірістің екіншісі – рухани өндірістің өнімі деп қаралады. Себебі материалдық және рухани мәдениеттің өнімдері еңбек құралдары және көркем шығармалар әр түрлі мақсатта пайдаланылады. Олай болса материалдық және рухани мәдениеттің қызметтік ерекшеліктері бар екен. Сонымен қатар бұл екеуі – материалдық жете рухани мәдениет тұтастыққа ие. Материалдық мәдениетті мәдениетке айналдырған адамның идеясы мен білімі, ал рухани мәдениеттің өнімі материалдық нысанда болады. Соның нәтижесінде ол объектіге айналуы мүмкін және қоғамдық өмірдің факторы болып қалады. Сондықтан мәдениетті материалдық және рухани демей – ақ тұтас бірлікте алып қарауға да болады. Мәселе бұларды ажыратуда емес, бүкіл қоғамның дамуына сәйкес, органикалық бірлігін мойындауда. Өміршең мәдениет қоғамдық адамнан ажыратылмайды, адам мәдениет субъектісі. Оның адамдық сапасы тілді игерудің нәтижесі, қоғамдық өмір суретін құндылықтарға, әдет – ғұрыпқа ену, осы мәдениетке тән іс – әрекеттің дағдысын бойына сіңіруі. Мәдениет адамдықтың өлшемі, ол адамның қоғамдық мән есебінде дамуын

сипаттайды. Сондықтан мәдениет адаммен тікелей қатынаста өмір сүреді. Ол қатынастың – мәні мынада, адам бұрыннан жасалып келген мәдениетті бойына сініреді, қабылдайды, өзінің болашақ қызметінің алғышартына айналдырады. Сөйтіп өз білімін, икемін, қабілетін дамыта отырып, өзінің мәдениетті, адамдық мәнін жасайды. Материалдық мәдениетсіз рухани мәдениет қалыптаспайды. Мысалы, радио, теледидар, компьютер, түрлі ғимараттар, мұражайлар сияқты түрлі материалдық игіліктер арқылы рухани мәдениет таралды. Би, он айту, жыр жырлау құралсыз іске асырылмайды. Ел мәдениеті неге байланысты? Олар театрларға, басқа да мәдени ошақтарға, сән – салтанатты, барлық жағдайы бар демалыс орындарына, т.б. байланысты. Оларды игілікке пайдалана білу де мәдениеттің бір саласы. Сөйтіп, материалдық және рухани мәдениет тікелей байланысты екен. Одан шығатын қорытынды, мәдениет – қоғамның материалдық және рухани байлығының жиынтығы.

Сонымен мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді. Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары

- мәдени әрекет,
- мәдени орта,
- мәдени игіліктер мен қажеттіліктер
- мәдени ұйымдар мен ұжымдар.

Бұлардың арасында ең түбегейлісі – мәдени әрекет. Әрекеттену – жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс – қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді. Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап-мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерді бөліп қарастырады. Осылардың қатарына біз мынандай адамдық қажеттіліктерді жатқызамыз: өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірден өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылыққа талпыныс, альтруизм, гумандылық және тағы басқалары. Мәдени орта ұғымы мәдениеттің коммуникациялық (қатынастық) табиғатымен тығыз байланысты. Мәдени орта заттық – материалдық, әлеуметтік ұйымдар мен ұжымдардан, рухани қызмет орындарынан тұрады. Оларға техника мен құрал – жабдықтардың даму деңгейі, тұрмыстық мәдени дәрежесі, адамдардың білімділігі, кәсіптік шәберлігі, рухани мәдениетті сақтау және насихаттау ұйымдары (мұрағаттар, мұражайлар, кітапханалар, клубтар және тағы басқалар) жатады [Ғабитов Т.Х.: 2003, 132].

Жоғарыда өзектелгендермен қатар адам баласының мәдени дамуында салт – дәстүрлер, жөн – жорағылар да шешуші рөл ойнайды.

Салт – дәстүрлер жөн – жорағылар терең өмірлік ұстанымның, ғасырлар бойы жинақталған тәжірбиенің скрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі болып табылады.

Кез-келген ұлттық мәдениеттің негізі мен дінін адамгершілік ұстанымдарын, дүниетанымын діни сенімдер құрайды.

Өйткені ұлттық, немесе дүниежүзілік діндерде адам мен қоғамның құдіреттілігіне басты назар аударылады.

Ал кешегі тотемитарлық кеңестік жүйе ұлттық мәдениеттерді құрту мақсатында дінді "апиын" деп атап совет адамын діннен аластату бағытын ұстанды.

Адам және мәдениет мәселесін терендете түсетін тағы бір жайт адамның қабілеттілігіне, жан-жақтылығына, шексіздігіне байланысты. Американдық ғалым К. Поппер айтқандай, адам бірдей үш дүниеге: физикалық, ментальдық (психикалық) және идеалдыққа жатады. Сонда мәдениет осылардың қайсысымен көбірек анықталады деген заңды сұрақ туады. Егер біз мәдениетті тек материалдық және рухани бөліктерге бөлудің қарадүрсін шеңберінен шыға алсақ, онда мәдениеттің өзінің ішкі мағынасында идеалды екендігіне

көзіміз жетеді. Себебі, адамды қоршаған заттар, дүние – бұл мәдениеттің сыртқы көрінісі ғана, оның мәні – руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруда жатыр. Мәдениеттің ішкі мәні қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардың өзіндік санасында, парасаттылық сезімдерінде, рухани ізденістерінде айқындалады [Шпенглер О.: 1992, 87].

Ж. П. Сартрлық көсемсөзді қайталасақ, адам әлемге еркін жіберілген, ол еріктілік жазасына кесілген. Осы сипатта мәдениеттің құпиясы – адамдағы «Мендік». Одан сыртқа ерекше бір нұр – азаттық, жауапкершілік, адамгершілік сәулесі нұр шашып тұр. Мәдениетте адам ғажап биік деңгейге көтеріледі. Мәдениет дегеніміз менің өмірім, менен бөлінген, мен өлгеннен кейін де тірі болатын менің шығармашылығым.

Ғасырлар – адамның мәдени дамуының куәсі. Бірақ осы алға қарай жылжу Жер – Анаға әр уақытта жайлы бола бермеді. Адам қоршаған ортаны өзіне ыңғайлы тұраққа айналдыруға тырысты, алайда осы белсенділік көп жағдайда табиғатты күйзелтіп, құлдыратып жіберді.

Мәдениет пен табиғатты қарама-қарсы қоюдың бір түрі – адамның табиғи анти мәдениеттілігі жөніндегі ілімдер болды. Мысалы, (киниктер, Фридрих Ницше). Контрмәдениет ХХ ғасыр туындысы бұқаралық мәдениеттегі руханилықтың затқа, тауарға айналуына қарсы қозғалыс сипатында болды. Мәдениет пен табиғатты – ұштастыруға тырысатын ілім – мәдени антропология. Оның негізін салушылардың бірі – Э. Уилсон.

Әрине аталған ілімдер табиғи – биологиялық заңдылықтарды тым әсірелеп жібереді, айткенмен оның қисыны бар сияқты. Өйткені, ХХ ғасыр мәдениет пен табиғат дилеммасының адам тағдыры үшін қауіпті екендігін көрсетіп, заман талабына сәйкес экологиялық мәдениет ілімін тудырды. Адамдық шовинизмді тежейтін бұл ілімнің негізі есебінде мынадай идеяларды атап өткен жөн:

1. Академик В.И. Вернадскийдің Ноосфера (парасатты орта) туралы ілімі;
2. Рим клубының экологиялық тұжырымдары;
3. Тейяр де Шарденнің адам жөніндегі гуманистік эволюциялық теориясы;

4. Өнер туындылары, шығармашылық туындылар жалпы батыстық өркениетпен шығыстық өркениет арасындағы айырмашылық мынадан да байқалады. Шығыстық мәдениет табиғатпен етене, бір деседе болады. Ал, батыстық мәдениет тұрпайылау, табиғатқа үстемдік еткенді ұнатады.

Қоғам – әлемнің бір бөлігі, белгілі бір мақсаттарды іске асыру жолында әрекет етіп жатқан субъектілердің (тұлғалардың, топтардың, этностардың, мемлекеттердің) байланыс нысандары. Яғни, қоғам ұғымындағы негізгі мәселе – адам және оның ұйымдасу нысандары, бұл ретте қоғамды зерттейтін басты ілімді әлеуметтану деп атайды. Ал мәдениет осы тұрғыдағы қоғамның белгілі бір қасиеті, көрінісі, сипаты мазмұнында қолданылады. Осыған дейін қарастырылған ұғымдарды негізге алып, қоғамдағы мәдениеттің төмендегідей қызметтерін айқындау мүмкіндігі бар.

Мәдениеттің басты міндеті адамды өнегелі тұлға етіп қалыптастыру қызметі. Бұл мәдениеттің қоғамдағы басқа қызметтерін бойына жинақтайтын және оның негізгі мазмұнымен тікелей байланысты нышан. Егер біз адамды әлде құдай, әлде табиғат, әлде еңбек жаратты деген пікірталастардан сәл көтерілсек, адам мәдениетті, ал мәдениет адамды қалыптастырғанына көзіміз жетеді. «Жеке адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамның туындысы, төл перзенті» Маугли – көркем бейне. Жануарлар арасында кездейсоқ өскен адам мәдениеттік қасиеттерден жұрдай болады [Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А.: 2002, 131].

Адамға ең қиыны – адам болу. Ал оның негізгі шарттарының бірі ретінде ізгілік пен зұлымдық, ақиқат пен жалғандық, әділеттілік пен өктемдік, бодандық пен азаттық, сұлулық пен ұсқынсыздық арасындағы адамның таңдауын аламыз. Соның нәтижесінде жеке тұлғада өзіндік сана тұрақталады, ол озық мәдениет үлгілерін өз бойына сіңіреді. Жалпы алғанда, мәдениеттің алға басуы дегеніміз дүниежүзілік тарихтың адам үшін, оның мүдделері мен өзіндік мақсаттары бағытында толыққанды ашылуы болып табылады.

Мәдениеттің келесі қызметі оның жалғастық, мұрагерлік міндеті. Мәдениеттің бұл қызметі бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін бүкіл адамдық өмір тәсілдерінің өзіндік

ерекшеліктеріне қатысты. Ақпараттық (информациялық) беріліс әлеуметтік жүйеде биологиялық тұқым қуалаушылықтан өзгеше жүреді. Шын мәнісінде қоғамда ұрпақтар жалғастығы мәдени мұраларды игеру, қабылдау және оны шығармашылықпен дамыту арқылы жүзеге асады. Мәдени ақпараттар – салт – дәстүр, әдет – ғұрып, рәсім – рәміз, діл мен тіл, дін және өнер, білім т.б. руханилықтың белгілі бір деңгейін меңгерудің нәтижесінде мәдениет субъектісінің өзіндік санасының жанды буынына айналады [Хантингтон С.: 2009, 227].

Демек өркениет дегеніміздің өзі адамның, қоғамның мәдениеті өмір сүруге ұмтылысы. Адами тұрғыдан кемелденуі. Қоғамның жаңа, берекелі, молшылықты заманда өмір сүруге талаптануы. Сол үшін өндірісі мен мәдени өңірін кемелдендіре отырып ілгері жылжуы, дамуы, гүлденіп өркендеуі.

Жоғарыда талданған мәселемен қатар өркениетті заманға ұмтылыс, мемлекетті басқару, қызметтік реттеуді, коммуникативтік қарым-қатынастың қызметті, ұлтаралық татулық пен дінаралық түсіністікті, тіл, т.с.с қызметтерді реттеуді талап етеді.

**Әдебиеттер:**

1. Алтаев Ж. Философия және мәдениеттану. – А: 2000 – 236 б.
2. Ғабитов, Т.Х. Кеңістік пен уақыт аясындағы өркениет [Мәтін]: автореферат / Т.Х. Ғабитов. – Алматы, 1997. – 43 б.
3. Ғабитов Т. Мәдениеттану негіздері [Мәтін] : оқулық / Т. Ғабитов, М. Өмірбекова. – Алматы: Зият, 2003. – 240 б.
4. Шпенглер О. Закат Европы. — М.: Мысль, 1982. — С. 122.
5. Мәдениеттану [Мәтін] : оқулық / Т. Ғабитов, Ж. Мүтәліпов, А. Құлсариева. – М. : Раритет, 2002. – 408 б.
6. Хантингтон С. Столкновение цивилизации. – М.: Издательство АСТ, 2009. – 603 с.

# МАЗМҰНЫ

## ҚҰТТЫҚТАУ ХАТТАР

<i>Саясат Нұрбек</i> .....	4
<i>Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы</i> .....	5
<i>Сейдуманов Серік Тұрарұлы</i> .....	6
<i>Жамғырбек Бокошов</i> .....	7
<i>Құрманбаев Қ.</i> .....	8
<i>Молдағалиев Бауыржан</i> .....	9
<i>Шермухамедова Н.А.</i> .....	10
<i>Али Сеидабас оғлу Абасов</i> .....	11
<i>Билалов М.И.</i> .....	14
<i>Бегентаев М.М.</i> .....	15
<i>Сатыбалды А.</i> .....	16
<i>Темірбекова Ж.А.</i> .....	17
<i>Калиев А.А.</i> .....	18
<i>Кемербай Р.</i> .....	19
<i>Мейрбаев Б.Б.</i> .....	20
<i>Құранбек Ә.А.</i> .....	21

## 1 СЕКЦИЯ

### ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

<i>Алтаев Ж.А., Қазиева Ж.Н.</i> ТҮРКІ-ИСЛАМ ӨРКЕНИЕТІНІҢ СӨНБЕС ШЫРАҒЫ .....	22
<i>Телебаев Ф.Т.</i> ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ БІРЛІГІ: ИДЕЯ ЖӘНЕ ІСКЕ АСУЫ.....	25
<i>Шарипова Э.К., Ақматова Г.Э.</i> ПОНЯТИЕ «ЭСТЕТИЧЕСКИЙ ВКУС» – ОСНОВНАЯ КАТЕГОРИЯ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ .....	31
<i>Вильданова Г.Б.</i> О ВАЖНОСТИ ИНТЕГРАЦИИ В РЕШЕНИИ ФИЛОСОФСКИХ, СОЦИАЛЬНЫХ И ДУХОВНЫХ ПРОБЛЕМ СОВРЕМЕННОГО ЧЕЛОВЕКА .....	34
<i>Билалов М.И.</i> РЕГИОНАЛЬНАЯ ФИЛОСОФИЯ: НАЦИОНАЛЬНЫЙ И ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЙ СТАТУС.....	39
<i>Бокошов Ж.</i> ЧЕТВЕРИЦА ХАЙДЕГГЕРА И НЕКОТОРЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ ТЮРКСКОЙ ОНТОЛОГИИ.....	43
<i>Байтенова Н.Ж., Жорабек Ж.</i> ИСЛАМИЗМ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ПОСТИСЛАМИСТІК ДИСКУРСЫ .....	48
<i>Гахраманова К.Н.</i> КОНЦЕПЦИЯ ДУХА И СОЗНАНИЯ АЛЬ-ФАРАБИ.....	51
<i>Нұрдубаева А.Р.</i> ПРОСТРАНСТВЕННОСТЬ СЕМИПОКОЛЕННОЙ ЭКЗОГАМНОЙ СИСТЕМЫ «ЖЕТИ АТА» КАК ОСНОВА ГИПЕРСФЕРЫ В ТРАДИЦИОННЫХ ПРЕДСТАВЛЕНИЯХ КАЗАХОВ.....	56
<i>Бегалиева Н.Т.</i> ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОРНЫ .....	59
<i>Нигметова А.Т., Батищев Т.</i> КАЗАХСТАН И ТУРЦИЯ: ЕДИНСТВО ФИЛОСОФИИ И КУЛЬТУРЫ ТЮРКСКОГО МИРА.....	62
<i>Иманбаев А. А.</i> ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫЕ ЦЕННОСТИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ М. Х. ДУЛАТИ «ТАРИХ-И- РАШИДИ» .....	67

<i>Қуаньшбаева А.Қ.</i> ТҮРКІЛЕРДЕН БАСТАУ АЛҒАН ДАЛА ӨРКЕНИЕТИ .....	73
<i>Рыскиева А., Аташ Б.</i> ТҮРІК РУХАНИЛЫҒЫНДАҒЫ ТӘҢІРШІЛДІК ИДЕЯСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ БАҒДАРЛАРЫ.....	76
<i>Төрбаев О.Ә., Садықов Д.К.</i> ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯСЫ.....	84
<i>Йигитоглу Назмия Агали</i> ФИЛОСОФИЯ МОРАЛИ В ЭСТЕТИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДАХ ЮСУФА БАЛАСАҒУНСКОГО И НИЗАМИ ГЯНДЖЕВИ («КУТАДГУ БИЛИГ» И «ЛЕЙЛИ И МЕДЖНУН») .....	88

**2 СЕКЦИЯ**  
**ҰЛТТЫҚ САНА МЕН БІРЕГЕЙЛІКТІ НЕГІЗДЕУДЕГІ**  
**ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ РӨЛІ**

<i>Байтенова Н.Ж., Камалова Ф.Б., Қантарбаева Ж.О.</i> ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ РӨЛІ.....	93
<i>Сатершинов Б.М.</i> ТАРИХИ ӨЗІНДІК САНА ЖӘНЕ РУХАНИЛЫҚ.....	96
<i>Мямешева Г.Х.</i> ЗНАНИЕ СТЕПНОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ И НАЦИОНАЛЬНОЕ САМОСОЗНАНИЕ .....	101
<i>Қусаинов Д., Абдуразақова Г.</i> ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ҰЛТТЫҚ САНА МЕН БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТРУДЫҢ ІРГЕТАСЫ.....	106
<i>Тунгатова У.А., Сеитнұр А.Б.</i> «БИХЕВИОРИЗМ» ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	111
<i>Тілебалды А., Утебаева Д.С.</i> ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ ФАЛУНГУННИҢ КӨРНІСІ .....	116
<i>Мадалиева Ж.Қ., Мадалиев Т.П.,</i> ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ: ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ АРНАСЫНДА.....	119
<i>Шадинова Г.А., Көлеген Г.Б.</i> ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРЫН АЛУЫ.....	123
<i>Жиренова А.Т., Корпетанова С.Т.</i> ИДЕЯ ГУМАНИЗМА В ФИЛОСОФИИ КАЗАХСКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ КАК ОСНОВА КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И САМОСОЗНАНИЯ .....	127

**3 СЕКЦИЯ**  
**ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ**  
**ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

<i>Мырзалы С.Қ.</i> ТАУ ТҮЛҒА ҒАЛЫМ, МӘДЕНИЕТТАНУШЫ ТҮРСЫН ХАФИЗҰЛЫ ҒАБИТОВ .....	132
<i>Құрманалиева А.Д., Исмагамбетова З.Н.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ.....	135
<i>Құранбек Ә.А., Қошқарбаев Е.Е.</i> ТҮРСЫН ҒАБИТОВ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ.....	138
<i>Раев Д.С.</i> ҚАЗАҚ БІЛЕРІ САЯСИ ФИЛОСОФИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ .....	141
<i>Молтобарова К.И.</i> РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІН ІЗГІЛЕНДІРУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ .....	149

<i>Кемелова К.Ш.</i>	
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫ ЕМЕС – РУХАНИ МҰРАСЫ (САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ, АЙТЫЛУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ ФОРМАЛАРЫ).....	154
<i>Иманбаева Ж. М., Рамазанова А. Х.</i>	
ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ДИАЛОГА КУЛЬТУР В ГЛОБАЛИЗИРУЮЩЕМСЯ МИРЕ .....	157
<i>Қурмашева Ж.А.</i>	
ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО ДОКУМЕНТАЛЬНОГО КИНО.....	160
<i>Nuralina B.A., Sembayeva M.M.</i>	
REGUIATORY TACTICS OF THE EAST AND THE WEST IN THE ARENA OF POLITICAL CONFLICTS .....	167
<i>Конурова А.</i>	
ОСОБЕННОСТИ ХРИСТИАНСТВА В КАЗАХСТАНЕ.....	174
<i>Балапашев Б.С.</i>	
ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....	179
<i>Аймухамбетов Т.Т., Калемшиарив Б.</i>	
ВЛИЯНИЕ РЕЛИГИИ НА ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ .....	184
<i>Жанбатыр А.С.</i>	
ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ .....	187
<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i>	
SOCIO-CULTURAL AND LEGAL FOUNDATIONS OF TOLERANCE IN A MULTICULTURAL SOCIETY .....	188
<i>Әбдіраманова А.Т.</i>	
КӘСПКЕРЛІК МӘДЕНИЕТТІҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ СИПАТТАРЫ .....	192
<i>Құлмұжанов Н.Е.</i>	
АНИМАЛИСТИЧЕСКИЕ СИМВОЛЫ В ДРЕВНЕЙ КУЛЬТУРЕ ДРЕВНИХ КАЗАХОВ .....	196
<i>Ризабек С., Тунгатова У.А.</i>	
ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ.....	199
<i>Байгожина А.</i>	
ОПЫТ ВИЗУАЛИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ В СОВРЕМЕННОМ НЕИГРОВОМ КИНО КАЗАХСТАНА.....	201
<i>Бияздықова К.А., Саурбаева Р.С.</i>	
РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТАНЫМНЫҢ ӨЛШЕМІ .	205
<i>Ержан З.</i>	
ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ XX ВЕКА В СВЕТЕ НОВЕЙШИХ СОЦИО-ГУМАНИТАРНЫХ КОНЦЕПЦИЙ .....	208
<i>Чистякова В.Е.</i>	
РЕЛИГИЯ В МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	210
<i>Балтабаева А.Т., Адышева Н.К.</i>	
ГЛОБАЛИЗМ И ДИАЛЕКТИКА МОДЕРНИЗАЦИИ.....	213

#### 4 СЕКЦИЯ

#### ТҮРКІТАНУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: МӘДЕНИ-АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ РАКУРСТАРЫ

<i>Абасов Али Сеидабас оглу</i>	
АЗЕРБАЙДЖАН НА ПЕРЕКРЕСТКЕ РЕЛИГИЙ, КУЛЬТУР И ПОЛИТИКИ.....	219
<i>Әбікенов Ж.</i>	
СЫР ӨҢІРІНДЕГІ МӘДЕНИ ТУРИЗМ БАҒЫТЫН ДАМЫТУДЫ ТАЛДАУ.....	224
<i>Сайнанов Б.А., Бурибеков О.С.</i>	
ҚАЗАҚТЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ....	234
<i>Бурибеков О.С., Сайнанов Б.А.</i>	
СУРЕТ ӨНЕРІНДЕ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТЫ КӨРСЕТУДІҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	239
<i>Разбекова М.К., Борбасова Қ.М.</i>	
НУМЕРОЛОГИЯНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ .....	245



<i>Жанғалиева А.Р.</i>	
КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ .....	247
<i>Сүлейменов П.</i>	
ҒЫЛЫМ ДАМУЫНДАҒЫ ЭТНО-МӘДЕНИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ.....	251
<i>Нигметова А.Т., Сердалиева А.</i>	
ФИЛОСОФИЯ ЭПОСА КОРКЫТ КАК ТАЛИСМАН ТЮРКСКОГО МИРА.....	256
<i>Нарымбаев Қ.Д.</i>	
КҮНДЕЛІКТІ МӘДЕНИЕТТЕГІ УАҚЫТ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	261
<i>Рахметова А.А.</i>	
ТВОРЧЕСКОЕ СТАНОВЛЕНИЕ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА: УНИКАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ .....	264
<i>Сембаева Г.М.</i>	
ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АҚЫНДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ .....	268
<i>Қожан А. Ә., Тайженбетова А.Б.</i>	
ӨРКЕНИЕТТІ ДАМУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ.....	272

Ғылыми басылым

Философия ғылымдарының докторы, профессор  
 Ғабитов Тұрсын Хафизұлының 75 жылдығына арналған  
 «ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ  
 ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ»  
 атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
 МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

*Алматы, Қазақстан, 25 қараша 2022 жыл*

Мақалалар авторлық редакциямен шығарылды

ИБ№ 14948

Басуға 28.03.2023 жылы қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8.  
 Көлемі 23,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 563.

Таралымы 30 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
 «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
 «Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.